ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ,
АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ ИНСТИТУТЫ

Ұрпаққа ұлағат

Ғылыми жинақ

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары,
тарихи және әдеби зерттеулер

Қарағанды
2018

Репозиторий КарГУ

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3Каз
Ұ70

Баспаға академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған

Жалпы редакциясын басқарған

Еркін Қинаятұлы Көбеев, заң ғылымдарының докторы, профессор

Бас редакторы

Рымбек Мұратұлы Жұмашев, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редакторы

Мұхаммадғали Ілиясұлы Әбдуов, филология ғылымдарының докторы, профессор

Жинақты құрастырушылар

I, II тарауды дайындағандар: **Мұхаммадғали Ілиясұлы Әбдуов**, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Нәзилә Әбдуова**, PhD докторант; **Назерке Елшібекова**, магистр;
III, IV тарауды дайындағандар: **Жансая Жанғазыұлы Жарылғапов**, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұхаммадғали Ілиясұлы Әбдуов**, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Бектұрсын Қалиев**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
V, VI тарауды дайындағандар: **Рымбек Мұратұлы Жұмашев**, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қанат Садуақасұлы Өскенбаев**, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент; **Салауат Қамшыбайұлы Кентбек**, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Пікір жазғандар

Айтхожин Қабдулсамих Көшекұлы, заң ғылымдарының докторы, професор;
Артықбаев Жамбыл Омарұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
Айтбаева Бақыт Манатқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ұ70 **Ұрпаққа ұлағат**: ғылыми жинақ (Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары, тарихи және әдеби зерттеулер). — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. — 308 бет.

ISBN 978-9965-07-783-8

Жинақта XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырда өмір сүрген танымал тұлға, өз заманының озық қайраткері Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары мен сол заманның тарихы сабақтастырыла зерттеліп берілген. Сондай-ақ, жырау шығармаларының әдеби көркемдік сипаты жан-жақты талданған. Еңбек жыраудың өмірі мен туындыларына арналған көлемді де күрделі зерттеу болып табылады.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3Каз

ISBN 978-9965-07-783-8

© **Қарағанды мемлекеттік университеті, 2018**

Репозиторий КарГУ

Құрметті оқырман!

Елбасы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталған бағдарламалы мақаласында ұлттық рухани құндылықтарға баса назар аударып, бағалай білу керектігін айрықша атап айтқан болатын. Осы аса маңызды бағдарды басшылыққа ала отырып дайындалған, сіздерге ұсынылып отырған бұл ғылыми жинақ, өз заманының заңғар тұлғасы, көрнекті қоғам қайраткері Бұқар жырау Қалқаманұлының 350 жылдық мерейтойына арналған арнайы еңбек болып табылады.

Қазақ халқы алуан тарихи оқиғаларды басынан кешірген ел. Заманның сан қилы ауыртпалығы басына түскен шақта «алды жалын, арты мұз» болып тығырыққа тірелген кезде осы Бұқар бабамыз тәрізді көптің қамын ойлаған керемет кемеңгерлер ғана қараңғыда жол тауып, туған елін аман-есен алып шығып отырған. Олай болса, ондай тұғырлы тұлғалардың баға жетпес маңызды да мәнді мұралары бүгінгі ұрпаққа аманат. Ой талқысына сала отырып оқу, астарын ашып, тылсым дүниесін танып білу, мағынасына үңіліп, өзегін айқындау қажетті деп саналатын міндеттердің бірі болмақ.

Репозиторий КарГУ

Жыраудың шығармалары бүгінгі таңға толық деңгейде жеткен деп кесіп айтуға әсте болмайды. Қайта, керісінше, мұраларының бір бөлшегі ғана жеткен десек қисынға келеді. Оның себебін Бұқартанушы ғалымдар айтқан болатын.

Десек те, біз қолымыздағы бар дүниелеріне қарай отырып, сол заманның ағымын, дәуірдің келбетін, халық қайраткерлерінің тұғырын, елдің дәстүрін, салтын, тарихи құбылыстар мен оқиғалар ширімін аңғаруға мүмкіндік аламыз.

XVII-XVIII ғасыр қазақ тарихындағы ауыр кезең болып саналады. Жоңғар шапқыншылығы елді есеңгіретіп, адам төзгісіз азапқа әкелді. Көпшілік ата-анасынан, бауырларынан, туған-туыстарынан, балаларынан айрылды. «Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,өз елінен айрылған жаман екен, екі көзге мөлтілдеп жас келеді...» деген заман келді. Міне, осындай ел басына төнген қара түнектен құтылуға ұмтылғанда Бұқарлар бастаған топ қол басқарған. Көрегендік пен кемеңгерліктің ұштасқан тәсілінің арқасында бірлігі мен тірлігін сақтап қалды.

Репозиторий КарГУ

Ендеше, елге сіңірген еңбегінің нәтижесінде тұғыры биік тұлғаға айналған Бұқар жырау Қалқаманұлының бар мұрасын бүгінгі ұрпаққа, яғни Егеменді еліміздің аясындағы еркіндікті бағалай білген ұрпаққа ұсынуды жөн деп санадық.

Бабалар мұрасын бағалай білген қауымға сәттілік тілеймін!!!

Ерлан Жақанұлы Қошанов,
Қарағанды облысының әкімі

Репозиторий КарГУ



Репозиторий КарГУ



Репозиторий КарГУ

Абыз жырау — аңыз жырау мұрасы

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арнайы қолдауымен өмірге келген «Мәдени мұра» бағдарламасы қаншама ұлттық құндылықтардың халықпен, бүгінгі ұрпақпен қауышуына тікелей жол ашып бергендігі баршаға мәлім. Сондай-ақ, рухани құндылықтарды тұрақты түрде зерттеп, зерделеу керектігін көрсетті. Ел үшін де, жер үшін де маңызды болып саналатын мұралардың бірі — сөз шеберлерінің шығармалары екендігі белгілі. Ал, ақын-жыраулар мұрасының біздің заманымызға ауыздан-ауызға көшіп жеткендігі айқын мәселе. Нәтижесінде көптеген өнер адамдарының елегінен өтіп, өңделген, өзгерген, тіпті бір туындының бірнеше нұсқалары да пайда болған. Кейбір жекелеген үндес, мәндес жолдар бірнеше ақын-жыраулардың шығармаларында кездесе беретіндігі де бар. Әрине, ауыздан-ауызға көшіп жеткен мұралардың барлығы дерлік толық нұсқасымен қолға түсті деп кесіп айтуға болмайды. Шығармалардың бір парасы ұмыт болса, екінші бөлігі ел ішінде әлі де болса сақталып қалуы әбден мүмкін.

Сондықтан, тың мұраларды сақтап қалуы үшін тұрақты түрде іздену жұмысын жүргізу қажет. Осы тұрғыдан келгенде академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдар ұжымы көптеген ғылыми бағыттар бойынша, жас талапкерлерді жұмылдыра отырып жан-жақты еңбек етіп келе жатқандығы анық. Қазба жұмысының нәтижесінде қол жеткізген жетістіктерін былай қойғанда, әдеби-мәдени саласындағы табыстары да өте мол. Атап айтқанда, үстіміздегі жылы өз заманында елі мен жерін жау қолынан қорғаған, ел ішінде есімі аңызға айналған Жидебай батыр туралы маңызды мәліметтерге толы жинақ шығарды. Жаз айында белгілі қоғам қайраткері, ғалым М.Жолдасбековтің «Егемен Қазақстан» газетіне «Жидебай батырдың 300 жылдығы атаусыз қалуға тиіс емес» деген мақаласы жарияланған болатын. Міне, университет ғалымдары осы

Репозиторий КарГУ

көтерілген маңызды мәселені іліп әкетіп, тарихи тұрғыдан да, танымдық тұрғыдан да мәні бар құнды еңбекті өмірге әкелді.

Университет ғалымдарының мұрағатында әлі де талай тұшымды дүниелердің жатқандығы анық. Осы орайда біздің байқаған тағы да бір мәселеміз мынадай. 1990 жылы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың филология факультетінің 2 курс студенттері оқытушылар Қ.З.Сембиев пен М.И.Әбдуовтің жетекшілігімен Павлодар облысының Баянауыл және Май аудандарын фольклорлық практика бағдарламасы бойынша аралап, ауыз әдебиеті туындыларын жинаған екен. Сол сапардың барысында танымалы тұлға Бұқар жыраудың төрт толғауын Май ауданында тұратын бір ауыл ақсақалынан М.И.Әбдуов жазып алыпты. Екі толғаудың біреуі 24 жолдан, екіншісі 19 жолдан тұрса, соңғы екеуі аяқталмаған, толық емес 10 және 11 жолдан тұрады. Үш толғау Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Малқара, Баян, Сеңкібай, Жидебай, Дербісалы т.б. халық батырларының ерлігін баяндаудан тұрса, төртінші толғау заман, өмір, жаратылыс жайындағы философиялық ой-тұжырымдарынан тұрады. Әрине, мәндес, мағыналас жолдардың бірнеше туындыларда кездесе беретіндігі, ауыздан-ауызға көшіп жеткен мұраларға тән үйреншікті құбылыс.

Бұл төрт толғауда жыраудың өзге толғауларында кездесетін:

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерде көл бар.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде ел бар, -

немесе,

Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінің кірі бар,
Ежелгі дос жау болмас,
Ортақ мұңы, сыры бар, —

деген тәрізді жыр жолдары шамалы өзгерістермен қайталанып берілген.

Бұқар жырау соңына өшпестей мұра қалдырған, ірі тарихи тұлға. XVII-XVIII ғасырдағы қазақ тарихына қатысты зерттемелер

Репозиторий КарГУ

жазылғанда жыраудың шығармаларына тоқталмай өту мүмкін емес. Есімі әркез Абылайханмен, Төле, Қазбек, Әйтеке билермен, Қабанбай, Бөгенбай батырлармен қатар аталады. Жоңғар шапқыншылығы кезінде ел бірлігіне, ынтымақты болуына үлкен үлес қосып, қазақ хандығының сақталып қалуына айрықша еңбек сіңірген. Оның толғауларындағы айтылған бірде қатты, бірде тәтті сөздер ел қамын ойлаудан туған. Мәселен:

Садыр қайда барасың,
Сарысуды көбелеп?
Арғымақпен жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп, —

деген жолдар өткір болғанымен, толғаудың тарихынан жыраудың ел бірлігі үшін аянбай кіріскендігін аңғарамыз. Немесе:

Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз.
Хан Абылай атандың,
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.

Мадақтау мағынасындағы өлеңнің де түйіні үш жүздің баласын ынтымақты болуға шақырып тұр. Сонымен қатар, жыраудың шығармаларында нақылға, өсиетке құралған толғаулар да баршылық.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдары осы жинақты шығаруға байланысты айтарлықтай зерттеулер мен ізденістер жүргізді. Нәтижесінде Бұқар жыраудың бұрын жарыққа шықпаған шығармаларын тапты. Атап айтқанда, «Жөн білер адам болса», «Түнеріп келген дұшпанның», «Қалданның бетін қайырдың», «Ойхой, дүние ойлансам» және тағы басқалары. Бұл дүниелерді Қазақстан республикасы Ғылым Академиясының сирек кездесетін қолжазбалар қорынан кездестірді. Сондай-ақ, ел аузынан алынған аңыздық негіздегі әңгімелерді де жинақтап енгізді. Бұл кітаптың маңыздылығын арттырып тұр десек артық айтқандық болмас.

Репозиторий КарГУ

Үстіміздегі жылы Бұқар жырау Қалқаманұлы туғанына 350 жыл толып отыр. Осыған орай аудан жұртшылығы болып, жыраудың мерейтойын өткізуге түрлі шаралар арқылы ат салысуда. Бақсақ, жырау жайында біраз дүниелер жарыққа шыққан сыңайлы. Атап айтқанда шағын көлемді шығармалар жинағы, энциклопедия, заманы туралы тарихи еңбек, ой-пікірлер мен мақалалар жинағы тағысын тағылар. Оның үстіне топтама өлеңдері түрлі кітаптарға да енгізілген. Дегенмен, осы айтылған мәселелердің басын қосып, топтастырылған жеке жинақ жарыққа шықпаған екен. Сондай-ақ, қазіргі көзқарас тұрғысынан талданған туындыларын да көре алмадық, тарихи тұрғыдан да айқындалған ақиқат аясында айтыла қойған жоқ. Түбірлей келгенде жыраудың мерейтойы қарсаңында сүбелі дүниені шығару мәселесі өзінен-өзі сұранып тұр.




Репозиторий КарГУ



Репозиторий КарГУ

Бірінші бөлім

БІРІНШІ ТІЛЕК ТІЛЕҢІЗ



Репозиторий КарГУ

* * * * *

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның,
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкүлсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз,
Төрте төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз,
Біреу қаза қалмасқа.

* * * * *

Репозиторий КарГУ

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақталған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қиыр шартарап
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа.
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз,
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз,

Репозиторий КарГУ

Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Даусы құдай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Қылығымен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

* * *

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.
Берем деген құтылмас,
Берік байлаған шешілмес.
Қазулы жолдар көмілмес,
Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда,
Кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес.

* * *

Айтар болсаң Алланы айт,
Таңертең азан шақырған,
Дауысы сұлу молланы айт.
Өз жынысының ішінде
Дауысы ащы тырнаны айт.
Тауық жүнді таз тырна
Тақыршық жерге қонбас па,
Таралып жүні қалмас па.
Ақ сұңқар құстың баласы
Ұяда алтау болмас па.
Ұяда алтау болғанмен,
Оның ішінде біреу-ақ алғыр болмас па.
Алғырының белгісі
Ұзақтан жемді ілмес пе.

Репозиторий КарГУ

Бірге туған ұялас
Бізге сауға демес пе.
Өзі аштан өлсе де,
Айырып жемін бермес пе.
Сүйтіп жүрген кезінде,
Алғырынан айырылса,
Қанатты түптен қайрылса,
Құс жаманы жапалақ
Оған да қор болмас па.
Аламзаттың баласы
Атадан алтау тумас па.
Атадан алтау туғанмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па.
Арыстанның барында
Жорғасы болса мінісіп,
Торқасы болса киісіп,
Толғамалы қамшы алып,
Толғайда толғай дәурен сүрмес пе.
Сүйтіп жүрген кезінде,
Арыстаннан айрылса,
Қанатты түптен қайрылса,
Ел ішіне жау келсе,
Өтініп оны ала алмай,
Алдына келген жақсының
Қадірін оның біле алмай,
Қадыр-құрмет қыла алмай,
Артында қалған жамандар
Бас-басына тозбас па ?!

* * *

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң.
Құбылып тұрған бәйшешек
Қурай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон

Репозиторий КарГУ

Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай
Мортық болар бүлген соң.
Төрде отырған қарт бабаң
Төресін жаңылар малдан соң.
Төркіндеген бикешің
Тіркеусіз о да қайтар малдан соң.
Доңғалақ арба жүре алмас,
Екі арысы сынған соң.
Жігіт жақсы бола алмас,
Алғаны жаман болған соң.
Қос, қос орда, қос орда
Қоспақ өркеш сары атан
Қом жасамас майдан соң.
Төсі аршынды сұлудың
Сілкіп төсек салмас малдан соң.
Байдың ұлы көрпелдес
Шұбалаңқы тартады,
Айдап жүрген малдан соң.
Үлдемен басын ораған,
Семсермен шашын тараған,
Қиғаштап қасын қараған,
Күлгенде күрек тісі қақсиған,
Қынай белін буынған,
Ол не болар ерден соң.

* * *

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас демеңіз.
Айнала ішсе азайып,
Көл суалмас демеңіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас демеңіз.
Жарлыны жарлы демеңіз,
Жарлы байға тең келіп,

Репозиторий КарГУ

Жайлауға жарыса көшпес демеңіз.
Жалғызды жалғыз демеңіз,
Жалғыз көпке теңеліп,
Бір жаһанда соғысып,
Кегін алмас демеңіз.
Құландар ойнар қу тақыр
Қурай бітпес демеңіз.
Қурай бітпес құба жон
Құлан жортпас демеңіз.
Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас демеңіз.
Қулық туған құлаша
Құрсақтанбас демеңіз.
Қу таяқты кедейге
Дәулет бітпес демеңіз.

* * *

Ақсаңнан биік тау болмас,
Бауырынан қашқан күзен көрінбес.
Ақшам батпай түн шықпас,
Ажал жетпей жан шықпас.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етекті кессе жең болмас.
Қараша торғай қаз болмас,
Шағала келмей жаз болмас,
Шаңқан болмай боз болмас,
Іштен қыңыр туғанды
Тезге салсаң түзелмес.
Қара қойдың терісін
Сабындап жусаң ағармас.
Қалған көңіл табылмас,
Өзіңнен тумай ұл болмас.
Сатып алмай құл болмас.
Құм жиылып тас болмас,

Репозиторий КарГУ

Құл жиылып бас болмас.
Екі жақсы дос болмас,
Дос болса түбі бос болмас.

* * *

Ежелгі дос жау болмас, –
Шірне үстінде хаты бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,–
Көңілінде кір, даты бар.
Ежелгі дос жау болмас, –
Айтысқан оның серті бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,–
Көңілінде тұтқыр керті бар.

* * *

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетірер.
Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірер.
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетірер.

* * *

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер.
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер.
Жаманмен жолдас болмаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айырылмасқа серт етер.
Ит жүгіртіп, құс салсаң,

Репозиторий КарГУ

Киген тоның түлкі етер.
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бүлк етер.

* * *

Көкте бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас не пайда.
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес не пайда.
Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда.
Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда.
Ерге дәулет бітпесе,
Шүлдірлеген қызыл тілден не пайда.
Мал араға түспесе,
Құр айтқаннан не пайда.
Байдан қайыр кеткен соң,
Мал да кетер не пайда.

* * *

Алыстан қызыл көрінсе,
Манат емей немене.
Көтеріліп ұшқан соң ,
Қанат емей немене.
Екі жақсы бас қосса,
Санат емей немене.
Қамшылатып жүгірген,
Шабан емей немене.
Айтқан сөзге түспеген,
Жаман емей немене.
Сұрағанда бермеген,
Сараң емей немене.
Кісі ақысын көп жеген,

Репозиторий КарГУ

Арам емей немене.
Іштегі сыр Аллаға мағлұм,
Сыртындағы қулығы,
Амал емей немене.
Сусағанда берген су
Шекер емей немене.
Ынжымсызге біткен мал,
Бекер емей немене.

* * *

Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар.
Есіл көзден нұр тайса,
Бір көруге зар болар.
Батпақты сайға су түссе,
Атың арып келгенде,
Өткел бермес кешерге.
Қайырсыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде,
Саумал бермес ішерге.
Жаман болса алғаның,
Ынжымсызлі туған есіл ер,
Киім пішсе ол қатын,
Жағасы кетер көнтиіп,
Етегі кетер салпиып,
Үлгі болмас пішерге.

* * *

Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп.

Репозиторий КарГУ

* * *

Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз.
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз.
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас.
Жаман қатын алғаның, -
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Оңды жауып қата алмай,
Жалғанда қор болғаның.
Таудан аққан тас бұлақ
Тасыса құяр теңізге.
Қанша малы көп болса,
Бай қуанар егізге.
Жаманнан жақсы туса,
Жақсыдан жаман туса,
Тартпай қалмас негізге.

* * *

Мырзалық қонаққа пайда,
малға қас,
Батырлық жолдасқа пайда,
жанға қас.
Өтірік сөз о дағы пайда,
иманға қас,
Өткір пышақ қолға пайда,
қынға қас.

* * *

Репозиторий КарГУ

Асқар таудың өлгені, –
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені, –
Ай мен күннің өлгені, –
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені, –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені, –
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді.

* * *

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нүрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат!
Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жаныңа қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңіл қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да,
Үмітін қоймас адамзат!

* * *

Қорғанды шаһар қаласын
Қазақ білмес, сарт білер.
Төс айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер.

Репозиторий КарГУ

Ер жігіттің қадірін
Ағайын білмес, жат білер.
Қойға қошқар құт болса,
Қозы құрттан өлмейді.
Қой бітерде қотаншы ит
Бөріге қой бермейді.
Ауылда адам бар болса,
Ауыл ала болмайды.
Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды.
Үлгісіз сөз болмайды,
Матасыз бөз болмайды.
Сөз ұғарлық ер болса,
Айтылмас шын сөз болмайды.
Алтындай асыл сөзінді
Қадіріне жетіп бағалап,
Тыңдайтын ер кез болмайды.

* * *

Биік тауға жарасар,
Ығынан тиген панасы.
Терең сайға жарасар,
Тобылғылы саласы.
Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға жарасар,
Тілеуқорлық айласы.
Бәйбішеге жарасар,
Еміздіктеген сабасы.
Келіншекке жарасар,
Емшектегі баласы.
Қыз он беске келгенде,

Репозиторий КарГУ

Шашынан көп жаласы.
Бұл жалғанда бір жаман,
Ағайынның аласы.

* * *

Арту-арту бел келсе,
Атан өрлер бүгіліп.
Алыстан қара, шаң көрсе,
Тұлпар шабар тігіліп.
Ел шетіне жау келсе,
Ерлер шығар түріліп.
Тентекпен ел бүлінсе,
Билер шешер жүгіртіп.

* * *

Көктен бұлт сөгілсе,
Күркіреп жаумай не пайда?
Қара көзден жас шықса,
Қамықпасаң не пайда?
Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда?
Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда?
Ерге дәулет бітпесе,
Қызыл тілден не пайда ?
Мал араға жүрмесе,
Құр айтқаннан не пайда?
Байға қайыр бітпесе,
Малынан келер не пайда?
Өзіңе еркіндік бермесе,
Азат бастан не пайда ?
Шын қуанып күлмесе,
Ыржиюдан не пайда?
Өзге алып еліңді
Билегеннен не пайда?

Репозиторий КарГУ

* * *

Шашырап жатқан қандар көп,
Шашау жатқан малдар көп.
Қайсыбірін айтайын,
Айта берсем сөздер көп.
Үй артында төбешік
Ерттеулі тұрған ат болар.
Қариясы кімнің бар болса,
Жазулы тұрған хат болар.
Өзіңнен туған жас бала
Саудагердей сарт болар.
Өзіңмен бірге туысқан
Алаштан бетер жат болар.
Сыйынған пірің сарт болар,
Бір құдайға шет болар.

* * *

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз.
Судан суға шүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар,
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз.
Байсалды үйге түсіңіз,
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін.
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.
Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұрылып ұшар жаз күні.
Боз мойынды, сұр үйрек
Көлге қонар жаз күні.
Боз мойынды, сұр үйрек

Репозиторий КарГУ

Көлге қонар жаз күні.
Көкаланы жаратып,
Көк дабылды байлатып,
Байлар ұғлы шоралар
Көл жағалар жаз күні.
Байлар қызы бишектер
Қол бұлғайды-ау жаз күні.
Қымызсыз жиын-той болса,
Қызығы жоқ-ты жаз күні.
Қызыл турам ет болса,
Қызғаныш болар аз күні.
Мал бергенің болмаса,
Пайдасы жоқ-ты аз күні.

* * *

Көк көгершін, көгершін,
Көк кептер ұшар жем үшін.
Көк ала қалқан жамылып,
Ерлер жортар мал үшін.
Тең, тең үшін, тең үшін,
Терек кестім сал үшін,
Теңіз кештім мал үшін,
Қатардан қалдым кім үшін,
(...) саба үшін ,
Жиынға барып қорландым,
Тең-құрбымнан кем үшін,
Аллаға қарай зарландым.
Төрде тұрған (...)
Сілкіп ала байландым.
Еділдің арғы жағын
Алты ай жүріп айландым...
Салпы ерінді жылқы үшін .
Естектен құла-алалы көп жылқы
Айдап алдым бермеген.

Репозиторий КарГУ

Жылқы иесі келмеген,
Келсе дағы бермек жоқ...
Алладан хұқым келмей өлмек жоқ.

* * *

Бұл кісі жылқымен
Бірге бір ат берсін,
Майы бар екі
Жылғы құр ат берсін.
Берсе ренжімей берсін,
Ренжитін болса егер,
Астымдағы көкшолаққа
Құұдайым қуат берсін.
Өзінде жоқ болса
Батырларынан сұрап берсін,
Аузында тісі жоқ
Қартаң болып жүрмесін.
Барған кісінің шылбырын үзер
Тарпаң болып жүрмесін.
Қыландығы базардың
Шаңқан бөзіндей болсын,
Сұлулығы төренің
Өзіндей болсын,
Жүрісі Бұқар жыраудың
Сөзіндей болсын!

* * *

Балалық он жасыңыз,
Балғын өскен құрақтай.
Жиырма деген деген жасыңыз,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз,
Жарда ойнаған лақтай.
Қырық деген жасыңыз,

Репозиторий КарГУ

Ерттеулі тұрған құр аттай.
Елу деген жасыңыз,
Ол да бір үлкен бел екен.
Алпыс деген жасыңыз,
Қайғы, мұңды шөл екен.
Жетпіс деген жасыңыз,
Жетім қалған күн екен.
Сексен деген жасыңыз,
Қараңғы тұман түн екен.
Тоқсан деген жасыңыз,
Ажалға таяу маң екен.

* * *

Мінген атың арыса,
Көз көрім жер мұң болар,
Қара көзден нұр тайса,
Бір көруің зар болар.
Жаман сайға су түссе,
Өткел бермес өтуге.
Қайырымсызға мал бітсе,
Сусын бермес ешкімге.
Жаман болса алғаның,
Күнің қараң кешерде.
Қымбатты есіл бір басың
Еңкейіп кетер кеселге.

* * *

Өлең – сөздің данасы,
Шындықтың шырақ анасы.
Жаныңның жайлы панасы,
Ойыңның өткір санасы.
Шын жолында сөйлесең,
Басыңа келер пәлесі.

Репозиторий КарГУ

Сонда да басыңды име сен,
Жазылар өлең жарасы.
Шығаннан шығар шыққанның,
Жабылар саған жаласы.
Ондайдың сөзін тыңдасаң,
Ескі даудың шаласы.
Өтірікті шын қылған
Күндестіктің хәласы.
Ақылыңа көнбейтін
Арам ойы шарасы.
Айтқаныңа жүрмейтін
Көңіліңе бүккен аласы.
Өлең ойлап есіме
Түседі қазақ данасы.
Ауыл маңын мал жесе,
Ауыл сәнін кетірер.
Елдің ішін дау жесе,
Елдің сәнін кетірер.
Көрші аралас өтпесе,
Көңілдің көркін кетірер.
Абысын тату өтпесе,
Ағайын сәнін кетірер.
Ағайын тату өтпесе,
Ұлыстың сәнін кетірер.
Бірін бірі кешпесе,
Ең соңында өштесіп,
Қарайып қаны кектесіп,
Бірін бірі өлтірер.

* * *

Алтын, күміс байда бар,
Сақтаған орап бүлдемен.
Құйрығы бітеу қойда бар,
Қысы, жазы борланған.
Жүйрік жарау атта бар,

Репозиторий КарГУ

Бәйгені жылда қоймаған.
Қиыла қарап жымиған,
Бұралған бикеш тағы бар,
Назына жаның тоймаған.
Өмірдің сырлы жағы бар,
Ойыңды бөліп қоймаған.
Адамзаттың бағы бар,
Тірлігінде тойлаған.
Өлеңде менің хақым бар,
Қанағат қылмай ойлаған.
Ойланыңдар, жарандар,
Сөзіме бір толғанған.
Бұл күнімде орным тар,
Елім үшін тарманған.
Шөлде суға болдым зар,
Түтегім түтеп зарланғам.
Бұл тірліктен алдым зар,
Жаным түңіліп жалғаннан.
жалдан кім қалған бар,
Өтті күнім қарманған.
Қалмас қайнар азайып,
Аққан дария суалмас.
Қалмақтан алдың бір зайып,
Сүйгеніңді жоғалтпас.
Абылайымсың алқатқан,
Отының болсын жантақтан.
Қатының болсын қалмақтан,
Қосының болсын қазақтан.
Сегіз қиыр шартарап,
Төрт құбылаң түгел боп,
Төріңде отыр, салмақтан.
Он екі айда жаз келер,
Көктемде қаз келер.
Айтып-айтпай не керек,
Дәуреніңіз аз келер.
Сондай заман жеткенде,

Репозиторий КарГУ

Шаңырағың күл болар.
Еліңе қауіп төнгенде,
Ата ұрпағың құл болар.
Қараларың қас болар,
Қаскөйлерің бас болар.
Орыстар келер ғалым боп,
Әулиедей көрінер.
Боптары болар сазандай,
Кітабы болар қазандай...
Ақыретке барғанда,
Ақсүйекті қор тұтқан,
Қараны одан зор тұтқан,
Орыстарды пір тұтқан,
Сорлы болған қазағым,
Тартарсың солардан жазаңды-ай!

* * *

Әкелі бала жаужүрек,
Әкесіз бала сужүрек.
Жиын болса бара алмас,
Барғанмен орын ала алмас.
Екі көзі жаудырап,
Тұлымшағы салбырап,
Күнінде соның
Не болғанын біле алмас,
Шайнағаным күмән-ді.
Әкелі бала жаужүрек,
Жиын болса барады,
Жиын болса барады,
Барса орын алады.
Бітірер сенің дауыңды,
Қайтарар қаскөй жауыңды,
Күнінде тастан өтер жебесі.

* * *

Репозиторий КарГУ

Кәрілік шіркін не қылмас,
Аяғың қалар басылмай.
Қолыңа таяқ ұстатар,
Бүгілер белің жазылмай.
Келіндерің келгенде,
Аузың қалар ашылмай.
Уақыттың ісі қиын-ақ,
Кәрілік әбден жеткен соң,
Айтып-айтпай не керек,
Мезгіліміз жеткен соң.
Кеудедегі жалын-өрт
Су құйылып өшкен соң.
Жастық дәурен, жалын мәрт
Басымыздан көшкен соң.
Айтуға бәрін әлім жоқ,
Уақытым менің өткен соң.
Кәрілік шіркін не қылмас,
Мезгіліміз жеткен соң.
Қатты тағам шайнарға
Мен пақыр тіс бар ма?
Арыстан ем айбарлы,
Бұл күнде қауқар, күш бар ма?
Кәрілік шіркін не қылмас,
Мезгіліміз жеткен соң.

* * *



Репозиторий КарГУ

Ей, айташы, Алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт.
Төрт шарияр Мұстафа
Мұсқап ашқан ғаламды айт.
Тәңірім сөзі бұрқанды айт,
Кәлим Алла құранды айт.
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт.
Жамандыққа жақсылық
Көктемеген Еділді айт.
Қара қылды қақ жарған
Наушаруандай әділді айт.
Арсы менен Күрсіні айт,
Лаухы менен Кәләмды айт.
Құдыретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт.
Ақтан сия танытқан
Дәуіт пенен қаламды айт.
Сөйлеу үшін жаратқан
Сөз анасы сәлемді айт.
Тірілікте сыйласқан
Ата менен анаңды айт.
Адам үшін жаратқан
Қызықты нәубет баланды айт.
Өлгеннен соң жер жұтқан
Қараң қалған денеңді айт.

* * *

Хақтың үйі мешіт-ті,
Ақты құдай шешіпті.
Арамызда төкпенің
Уыз үйін кесіпті.
Ибраһим Халил жасады,
Тәңірім үйі Кебені.

Репозиторий КарГУ

Батырлар үшін жаратқан
Берен сауыт, жебені.
Сыйлай бергіл көнені,
Сыйламаған күң қылар
Өзін тапқан енені.
Ибраһим Халил жасады
Тәңірім үйі мешітті.
Құдайды білмес бинамаз
Құдайынан кешіпті.
Құдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,
Құдай тағалам өзі берер несіпті.
Ұрғашының жақсысы
Әб жыландай есіліп,
Боз жорғадай бұлғаңы,
Қырға шықсам көрер деп,
Пана тұтар жылғаны.
Ұрғашының жаманы
Өсек-дүкен құрған,
Құдайының ұрғаны.
Өсек пенен ғайбатты
Зина менен ұрлықтан
Бұрынғы өткен жақсылар
Онан да жаман десіпті.

* * *

Күллі әлемді қаратқан,
Ең алдымен Алланы айт.
Бойыңа жан таратқан
Аты жақсы тәңірді айт.
Төрт шәдияр Мұстафа
Кітап ашқан ғалымды айт.
Мұхамметтің аяты,
Алла сөзі құранды айт.

Репозиторий КарГУ

Пайғамбардың сүндеті
Бес уақытқы намазды айт.
Тәңірім салса аузыңа
Жан жолдасың иманды айт.
Жамандыққа жақсылық
Еткен таза арыңды айт.
Қара қылды қақ жарған
Наушәруандай әділді айт.
Арзы менен қаламды айт,
Лауқа менен қаламды айт.
Құдіретімен жаралған ,
Он сегіз мың ғаламды айт.
Ақтан сия танытқан,
Дәуіт пенен қаламды айт.
Сөйлеу үшін жаратқан,
Сөз анасы сәлемді айт.
Тірліктегі сыйласқан,
Ата менен ананды айт.
Адам үшін жарасқан,
Қызықты нәубет баланды айт.
Өлгеннен соң жер жұтқан,
Қаранғы қалар денеңді айт.

* * *

Он сегіз мың ғаламды жаратқан,
Айтар болсаң Алланы айт.
Кемелді етіп санатпен,
Саулық берген тәңірді айт.
Аузыңа иман үйірткен,
Ғалиассалам Мұхаммедті айт.
Мұсылман болсаң алдымен,
Іншаллаһи бисмілані айт.
Таңертең азан шақырған,
Дауысы сұлу молданы айт.
Өз жынысының ішінде

Репозиторий КарГУ

Дауысы ащы тырнаны айт.
Тауық жүнді таз тырна
Тақыршақ жерге өонбас па?
Таралып жүні қалмас па?
Ақ сұңқар құстың баласы
Ұяда алтау тумас па?
Солардың да ішінен
Біреуі ғана алғыр болмас па?
Алғырының белгісі,-
Ұзақтан жемді ілмес пе?
Бірге туған ұялас
Бірге сауға жемес пе?

* * *

Ханымыз отыр аһ ұрып,
Халқыңыз отыр бас ұрып.
Сабаны әкел ордаға,
Құран оқыт молдаға.
Ханның сөзі түзік деп,
Орынсыз сөзді жолдама.
Бұрынғы өткен бәрі өлді,
Қарсы болма Аллаға.
Төле, Қазыбек кісіміз,
Жақсы, жаман кішіміз,
Бұл сөзіме түсіңіз,
Дәміңізді ішіңіз,
Риза болсаң құдайға,
Түзелер сонда ісіңіз.

* * *

Ақтың үйі Мешінде,
Аққа құдай кешімді.
Арамзаның қулығы
Таппайды еш кесімді.

Репозиторий КарГУ

Алла жақтаған зар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.
Иланһим Халел жасаған
Тәңірім үйі Кебені.
Ерлер үшін жасаған
Садақ, сауыт, жебені.
Сол себепті, жарандар...

* * *



Репозиторий КарГУ

Абылай ханның қасында,
Бұқарекең жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды,
Бұқарекең деген кәріңіз.
Соғыссаң кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті,
Ғазіретті Ғалі шеріңіз.
Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние
Өтпей қалмас демеңіз.
Мұсылман болсаң кетіңіз,
Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз.
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделібайсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын, бала қамы үшін,
Солай таман жетіңіз..
Менің жасым тоқсан үш,
Мұнан да былай сөйлеуім,
Маған да болар ауыр күш.
Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал, ерегіс.
Бұ қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Ағаш үйде кәпір бар,
Көрісерсің содан теперіш.
Пұсырманның баласы,
Сірә бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз.
Қалған елді тастаңыз,
Бөтен елмен үйір боп,

Репозиторий КарГУ

Іргеңізді қоспаңыз.
Кәпір алмас демеңіз,
Наны қатты жемеңіз.
Зәбірі қатты бұл кәпір
Алмай қоймас демеңіз!

* * *

Көкшетаудан салдырған,
Қара үңгір жолдары.
Шабан таудан жиылып,
Бес сан болды қолдары.
Өзің қонған Көкшетау
Кәпір қала салды, ойла!
Жарқайың деген жерлерге
Шашылып шеті барды, ойла!
Атбасар мен Қалқұтан
Балығы тәтті су еді,
Өзен бойын шандып ап,
Сүзекісін салды, ойла!
Қаркаралы деген тауларға
Қарқарасын шанышты, ойла!
Бетеге мен көденің
Берекесі қашты, ойла!
Ұлытау, шеті Созақтан,
Берекелі жерлерден
Көкорай шалғын көре алмай,
Шұбылып қазақ кетті, ойла!
Нұрадан бар Ақмола,
Есілде бар Қараөткел,
Екі өткелдің аузынан
Қараөткелді салды, ойла!
Баянаула, Қызылтау
Оны да кәпір алды, ойла!
Шұршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жұбаптас,
Ортасында ұйлығып,

Репозиторий КарГУ

Кетпейін десе жері тар,
Кетейін десе алды-артын
Қоршап алған кәпір бар.
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы қазақ қалды, ойла!

* * *

Әй, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрікүмән-ай.
Баспақ-тана жиылып,
Фани болған заман-ай.
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай.
Азаматың құлапты,
Жұрт талық болған заман-ай.
Арғымақтың жалы жоқ,
Жабылар жалыменен теңелер.
Жақсылардың малы жоқ,
Жамандар малыменен теңелер.
Арғымақ жалсыз, ер малсыз,
Алланың аманат қойған нәрсесі
Қай күні алары болжалсыз.

* * *

Бағаналы орда қонған орда,
Байсал орда қонған жұрт.
Қара түлкі, қармалжын
Қастаспай киген жұрт.
Ақ сары атан аспалап,
Ел жайлауға шыққан жұрт.

Репозиторий КарГУ

Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты ұққан жұрт.
Бас-аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт.
Байтөбенің маңқылдап,
Байсал тауып үрген жұрт.
Туырлығың қара кес,
Тура, тура болған жұрт.
Тоқтың келсе саспаған,
Шоралар сауымын ішіп тауыспады,
Ағар бұлақ сүтті жұрт.
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған жұрт.
Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт.
Мамырап ел болып,
Байсалды жайлау табылды,
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.
Ханым берген қамқа тон
Жырау киіп кеткен жұрт.
Інкарлар алшаңдап,
Атпен тойға келген жұрт.
Көріп туған көкше тай
Көре астында ат болған жұрт.
Көлеңкелі (...)
Көпке қоныс берген жұрт.
Көбең байлар семіріп,
Көк баһары болған жұрт.
Көңілдестер би болып,
Көпке кеңес айтқан жұрт.

* * *

Ай, заман-ай, заман-ай,
Басты мына тұман-ай,

Репозиторий КарГУ

Істің бәрі күмән-ай,
Баспақ, тана жиылып,
Пәни болған заман-ай!
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған, заман-ай!
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен, заман-ай!
Азаматын құлатып,
Ел талыққан, заман-ай!
Арғымақтың жалы жоқ,
Жабылар жалымен теңелген,
Жақсылардың малы жоқ,
Жамандар малымен теңелген,
Мына заман қай заман,
Толқып жалсыз, ер малсыз,
Алланың аманаты болған жан
Қалай алар болжалсыз,
Толғандырған, заман-ай!
Шашырап жатқан қандар көп,
Шашылып жатқан малдар көп,
Қайсыбірін айтарсың,
Айта берсең сөздер көп.
Үй алдында төбешік
Ерттеулі тұрған ат болар.
Көпті көрген қария
Жазулы жатқан хат болар.
Өзіңнен туған бел бала
Саудагердей сарт болар.
Өзіңмен бірге туысқан
Алаштан бетер жат болар.
Сиынған пірін саудалар,
Бір құдайға шет болар.
Өтерменен кетер ме
Жарлы-жақыбай байғұстар?
Байдың малын көтерме,
Тайып кетсе табаның,

Репозиторий КарГУ

Өлтіріп алсаң пәлесін
Төлеуге шашың жетер ме?
Аздың да ісі бітер ме,
Көптің де ісі жетер ме?
Көп ішінде бір жалғыз
Қанша сөйлеп отырсаң,
Ұқпасқа сөзің өтер ме?

* * *

Сәлем бір сөздің анасы,
Ғалек алған данасы.
Шығанақтан шырқайды,
О біреудің танасы.
Оның сөзін таңдасаң,
Баяғы айтқан жаласы.
Өтірікті шын қылған
Ол Алланың қызыл көзді пәлесі.
Айтқаныңа көнбесе,
Айдауыңа жүрмесе,
Көңілінде болған аласы.
Бәрімізді сұрасаң,
Қотанбайдың баласы.
Арғындардың сабасы,
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болғай дұғасы.

* * *

Бұқарекең біз келдік,
Ақан , Төбет байларға.
Бесті берсең семіз бер,
Жаздай Бұқар жайларға.
Бермеймін деп атама,
Асауыңды матама.
Шылбырынан берік тартсам,

Репозиторий КарГУ

Шамырқанып шамданып,
Шалқасынан жата ма?!
Алпыстағы Бұқардың
Сілесі құрып қата ма?!
Құлдарың мен күңдерің
Мерекеге бата ма?!
Келіп едім өзіңнің
Түнеуігі айтқан сөзіңе.
Тіпті разы болмаймын,
Керегенің басында
Екі қары бөзіңе.
Бермей қалсаң осы жол,
Жолықпаймын деп ойлама,
Жортуылды ердің кезіне!

* * *

Өтермеден кетер ме,
Жарлымын деп байғұстар
Байдың малын күтер ме.
Тайып кетсе табаның
Шашыңды берсең жетер ме.
Аздың ісі бітер ме,
Көптің де ісі жетер ме.
Көп ішінде бір жалғыз
Сөйлеп те сөзі өтер ме?!

* * *

Шүршіт келем деген сөз бар-ды,
Көктен түскен төрт кітап,
Енжіл атты кәмәлда.
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір кетер ақтарып,
Көмулі көрден денеңді.

Репозиторий КарГУ

Шүршіт келсе Сырға көш,
Ішетұғын суы бар.
Келіп сізді қамайды,
Үйтүндік пен беленді.
Баяғыдай еркін деп,
Сарыарқада қалмаңыз,
Сірә ғана шер енді.
Шүршіт келсе жарамас,
Ай-түйіңе қарамас.
Сай суындай сарқырап,
Қалай көшіп барасың.
Найман жатыр өрінде,
Қырғыз жатыр шөлінде,
Атың жатыр белінде,
Түйең жатыр өленде,
Он сан Алаш билігі
Хан Абылай төренде.

* * *

Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер.
Айтып айтпай немене
Заманымыз аз келер.
Сол заманың келгенде,
Ата – бабаң қол берген,
Қожаларын қас көрер.
Ноғайларды ғалым деп,
Әулиедей көрерсің.
Ноғайлардың байлары болар сазандай,
Сәлдесі болар қазандай.
Ақыртеке барғанда,
Ақ сүйекті қор тұтқан,
Қараны онан зор тұтқан,
Ноғайларды пір тұтқан,
Татарсың сонда жазыңды-ай!

Репозиторий КарГУ

* * *

Ақ сары атан еспелі,
Ел жайлауға шыққан жұрт.
Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт.
Мамырасып, бай болып,
Байсал тауып жорытқан жұрт.
Хан жарлығын алмады,
Ханға тізгін салмады.
Баяғыдай баршындап,
Бір ауызды болмады,
Қас тұрпайды болған жұрт.

* * *

Садыр, қайда барасың,
Сарысуды көбелеп?
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымақпен жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің
Ақ сойылмен төпелеп.
Арғымағым барында
Жарысқалы келгенмін.
Азаматым барында
Алысқалы келгенмін.
Жақсы болсаң сенімен
Табысқалы келгенмін.
Жаман болсаң шаншысып,
Шабысқалы келгенмін.
Сен танымай кетіп барасың,
Мен арғын деген арыспын,
Азуы керек қарыспын.
Сен бұзау терісі шөншіксің,

Репозиторий КарГУ

Мен өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа.
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қонарсың,
Жарты лашық тігерсің,
Аузыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер.
Бұл қылығың қоймасаң,
Сонау кеудедегі
Дулығадай бас кетер!

* * *

Жиырма деген жасыңыз,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз,
Жарға ойнаған лақтай.
Қырық деген жасыңыз,
Ерттеп қойған құр аттай.
Елу деген жасыңыз,
О да бір көшкен ел екен,
Алпыс деген жасыңыз,
Қараңғы тұман түн екен.
Тоқсан деген жасыңда
Ажалдан басқа жоқ екен!

* * *

Атам болған жиырма бес,
Қызықты күнде қыздырған,

Репозиторий КарГУ

Асуды талқан бұздырған,
Қызды ауылды көргенде,
Бұлаңдатқан жиырма бес.
Төстен қашқан түлкідей
Сылаңдатқан жиырма бес.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес.
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлуды құшқан жиырма бес.
Іздесең де табылмас,
Кәрілік шіркін не қылмас.
Аяғыңды баса алмай,
Келін-бала келгенде,
Ауызыңды аша алмай,
Уақыттың ісі қиын-ды.
Уақытымыз жеткен соң,
Айтып-айтпай немене,
Мезгіліміз өткен соң.
Жайнап тұрған қызыл шоқ
Су құйылып өшкен соң.
Жайнап жүрген заманым,
Басымнан бүйтіп көшкен соң.
Уақытым жоқ, не айтайын,
Уақытым менің өткен соң.
Уақытымның өткені,
Мезгілімнің жеткені,
Қатты тамақ шайнарға
Мен пақырда тіс бар ма?
Арыстандай ақыруға
Бәдәнімде күш бар ма?

* * *

Көшер едің көш бастап,
Көшкеніңде қиғаштап.
Қатар-қатар нар тіркеп,

Репозиторий КарГУ

Қалы кілем жаптырып.
Қайрақ қалса тастатпай,
Алып келді таптырып.
Қыздарыңа қызыл ала тон кигізіп,
Қырмызыға малдырып,
Көшке жорға мінеді,
Жол үстінде салдырып.
Бәйбішелер келеді көш алдында,
Жалғыз-жалғыз бастырып,
Көшінің айдынына састырып.
Жолаушыны тоқтатып,
Шаба кірсем сары аяқ,
Құйып берді мас қылып.
Жолаушыны өрге, қырға қаңғыртып,
Жолаушы айта барар.
Тәшкен базарың зор екен,
Дәулеті оның шу екен.
Су тілесе бал беріп.
Сарты екен бәйбіше
Қалдияға жұртына,
Өрнекті екен бәйбіше.
Зәуре мен Батбадай,
Келбетті екен бәйбіше!

* * *

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп.
Сендер қашсаң, мен қойман,
Арғымақпен жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күнше себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің
Ақ сойылмен сабалап.
Мен арғын деген арыспын,
Азуы алты қарыспын.

Репозиторий КарГУ

Сен бұзау терісі шөншіксің,
Мен өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында бітіссең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Өзің кетерсің бір жаққа,
Көш соңынан салпақтап,
Есің кетер сол шақта.
Жар басына қамалып,
Жарты лашық тігерсің.
Аузыңдағы асың кетер,
Көздеріңе жасың келер,
Бұл қылығыңды қоймасаң,
Сонау кеудеңдегі қалқайған
Дулығалы басың кетер.

* * *

Жарандарым, қойсаң дес,
Өлеңді өмір тудырған.
Бір кезім бар көп елес,
Көліме із қалдырған.
Дауыл болған жиырма бес,
Далбасамен қаңғыртқан.
Батыр болған жиырма бес,
Беті қайтпай танытқан.
Бура болған жиырма бес,
Қызықты шақты қыздырған.
Арам болған жиырма бес,
Асау-талқан бұздырған.
Қызды ауылды көргенде,
Бұлаңдатқан жиырма бес.
Төскейде жортқан түлкідей
Сылаң қаққан жиырма бес.

Репозиторий КарГУ

Арқырата кісінетіп,
Айғыр мінген жиырма бес.
Күрек тісін қақситып,
Сұлуды құшқан жиырма бес.
Бұлбұл боп ұшты көзімнен,
Іздедесем де табылмас.
Өкінтіп өткен оңдырмай,
Ойымдасың, жиырма бес!

* * *

Асқар ата іспетті,
Ел жайлауынан көшкен жұрт.
Зар илеп баспай өксікті
Ауыр күнді кешкен жұрт.
Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт.
Сабыр етпей сандалып,
Сайда көшіп жортқан жұрт.
Ханына тізгін бермеген,
Орысқа ырғын болған жұрт.
Ханның ойын білмеген,
Жауынан таланып қалған жұрт.
Қиюы кетіп сенделген,
Тоз-тоз болған біздің жұрт.
Ақ табан болып шұбырған,
Ата қонысынан ауған жұрт.
Бір ауызды болмаған,
Тозуды тоқтан біздің жұрт.
Бұқарды мұнша жылатқан,
Сайғақты саясыз біздің жұрт.
Сендер үшін толғатқам,
Өзіңнен өзің безбе, жұрт!

* * *

Репозиторий КарГУ

Ал, тілімді алмасаң,
Ей, Абылай, Абылай!
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға
Қызметші болып тұр едің,
Сен қай жерде жүріп жетіктің?
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің.
Сен жиырма жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Дәулет құсы қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа.
Бақ үйіне түнедің,
Алыстан тоят тіледің,
Қылышыңды тасқа біледің.
Алмаған жауың қоймадың ,
Алғанменен тоймадың,
Несібеңді елден тіледің.
Сен қанжығалы Бөгембай,
Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қашан жауға тіредің?
Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атанды білмес құл едің,
Атаңнан тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің,
Қай жеріңде төре едің?
Қаршы менен Құзарда
Жалаң аяқ жар кешіп,

Репозиторий КарГУ

Бөз тоқыған сарт едің.
Шешенді және сұрасаң,
Қай алтынның буы еді,
Оны да мен білуші ем.
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүріп күнелткен күң еді.
Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан.
Он сан Алаш баласын
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып және өргізіп,
Жұмсапбір тұрсың қолыңнан.
Ақтан болды-ау күніңіз,
Арсы менен Күрсіге
Дау-таласты үніңіз.
Өзің болған күніңде,
Бір көшке сыймайды
Азаткерде құлыңыз.
Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Күнінде мендей жырлайтын,
Тоқсан үште қария
Енді саған табылмас!

* * *

Ей, Абылай, Абылай,
Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан.

Репозиторий КарГУ

Қатын алсаң қарадан,
Алды кетпес баладан,
Арты кетпес жаладан.
Қатын алма төреден,
Еркегі болар жау жанды,
Ұрғашысы ер жанды.
Төре берер ұл туса,
Аузы кетпес парадан.
Мал жинасан қойдан жи,
Майы кетпес шарадан.
Ит жинасаң сырттан жи,
Қойды бермес қорадан.
Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жорадан.
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан.
Ағар дария су кешпес,
Қалмақтан алсаң mаһи бір зайып,
Сүйегіңді жоғалтпас.
Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан.
Қосының болсын қазақтан,
Сегіз қиыр шартарап,
Төрт құбылаңды түгел ғып,
Төріңде жатып салмақтан.

* * *

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады?
Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды
Сұрамасаң не етеді?
Сұраған соң айтпасам,

Репозиторий КарГУ

Кісілігім кетеді.
Енді айтайын тыңдасаң,
Маған қаһар қылмасаң.
Қарағай судан қашып,
Шөлге біткен бір дарақ.
Шортан суға шыдамсыз
Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Күн батыстан бір дұспан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты поп.
Күн шығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ.
Осы сынды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір
Жаяулап келер жұртыңа.
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды.
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды.
Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан.
Тексізді төрге шығарып,
Басыңа ол күн туғанда,
Теңдік тимес қолыңнан.
Бұл айтқан сөз, Абылай,
Болмай қалмас артыңнан,
Естісең міне қартыңнан.

Репозиторий КарГУ

* * *

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатайбек,
Шапырашты Наурызбай,
Құдайменде, Жидебайы қасында,
Бақ-дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсық қожа, Мәмбет бар.
Қасқараудан Молдабай,
Қатарда жақсы қалдырмай,
Есенқұл батыр ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.
Қалдан ханды қашырып,
Шеп салған жерін бұздырып,
Ұрысты қатты қыздырып,
Қасым ханның шешесін
Хан Абылай алған-ды...
Жабы деген қалмаққа
Тырнағын қатты батырды.
Бұзылып қалмақ кеткен соң,
Өңкей батыр жиыл деп,
Хан Абылай шақырды.
Бір төбеге жиылды,
Құм төбедей үйілді.
Бөліске олжа түссін деп,
Хан Абылай бұйырды.

* * *

Репозиторий КарГУ

Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз
Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрадың.
Жетәм менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.
Арманыі бар ма, хан ием,
Мәртебелі төбеге
Жауыңды алып жайладың.
Жеті күн кіріп ұрысқа
Өлімге басты байладың.
Айтар сөзім осы дүр,
Ақылың бар хан едің,
Мұның түбін ойлағын.

* * *

Құбылып тұрған бәйшешек,
Қурай болар солғанда.
Ақиық бүркіт төмендер,
Екі қанат талғанда.
Сөге көрме, Абылай,
Мен пақырда сын бар ма?
Уақытым мұндай болғанда.
Уақытым кетті басымнан,
Хан Абылай атанып,
Жайнап шықтың жасыңнан.
Мейманасың толғанда,
Уақытыңыз болғанда,
Қарашың қашар қасыңнан.
Ханның жақсы болмағы
Қарашының елдігі.

Репозиторий КарГУ

Қараша халқы сыйласа,
Алтыннан болар белдігі.
Жақсы жігіт ұл туса,
Патшадан болмас кемдігі.
Айтсам сөзім таусылмас,
Тоқталсын сөзім ендігі.

* * *

Әй, Абылай, сен он бір жасыңда,
Әншейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде ,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің...
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің.
Жиырма жасқа келгенде,
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақты берді басңа,
Тақты берді астыңа.
Отыз жасқа келгенде,
Дүниедей кең едің.
Отыз бес жасқа келгенде,
Қара судың бетінде
Сығылып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтынды тонның жеңі едің.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезеңге теңедің.
Елу бес жасқа келіпсің,

Репозиторий КарГУ

Елу бес жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың.
Жаман болсаң,
Маужырап барып соларсың.
Алпыс бес жасқа келгенде,
Әрбір атқа қонарсың.
Жұмсасаң бала тіл алмас,
Қатының қарсы шауып ұялмас,
Әр нешік күнің сол болар.
Еңкейіп орақ орарға,
Тоңқайып масақ терерге...
Жетпіс жасқа келгенде,
Жетпіс деген жел екен,
Шала ауырып пір екен...
Жетпіс бес жасқа келгенде,
Жылуы болмас қойынның,
Қаруы болмас сойылдың,
Өлмесең де жойылдың,
Әр атаққа қойылдың.
Сексен деген сор екен,
Шындап ұрған пері екен.
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзді алар,
Ауыздығы сөзді алар,
Бойындағы әлді алар,
Бетіңдегі нұрды алар,
Бойыңдағы шырды алар,
Аузыңдағы тісті алар,
Бетіңдегі түсті алар,
Қолыңдағы істі алар,
Өлмегенде нең қалар?!
Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен,
Қарғиын десең екі жағы ор екен.
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне

Репозиторий КарГУ

Түбі жоқ терең көл екен.
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен!

* * *

Ай, айтамын, айтамын,
Мінген атың айтамын.
Құлынды емген, тайда емген,
Құнанында арда емген.
Дөненінде үйреткен,
Жібектен арқан сүйреткен.
Бестісінде белі күшті болсын деп,
Бес байталға салдырған.
Алтысында аттай мұрнын танатқан,
Жетісінде жетіп құлан шалдырған.
Сегізінде серке сакн деп атанған,
Тоғызында тола семірген,
Онында оқ жыландай қарғыған,
Ойнай басқан аяқтым,
От орындай тұяқтым,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым.
Сауырсын кере жараған,
Кекілін қыздай тараған,
Тостаған көзді торыны
Топ тарқамай мінсене,
Еліннің қамын жесене.
Есіліп кеңес айтсана,
Айта да айта кетсін жұртына.
Мұздар да мұздар қатсын мұртыңа.
Еш келмеді қыртыңа,
Кең Абылай, кең аям,
Шұбар ағаш құба жон

Репозиторий КарГУ

Мекен еткен шөлде аям,
Телі менен тентегің
Иіліп алдыңа келді, аям!

* * *

Ай, Абылай, Абылай
Жеңбеген жауың қалмады-ау,
Алмаған жерің аз қалды-ау.
Бетке алсаң әсте қоймадың,
Алсаң тағы тоймадың,
Несібеңді елен ойладың.
Атаңды білмес құл едің,
Атп-тегіңді сұраса,
Арқар ұранды жат едің?!
Жұлдызың туды оңыңнан,
Жан біткен еді соңыңнан.
Он сан Алаш баласын
Жусатып қойдай өргіздің,
Жұмсап жүрсің қолыңнан.
Ай, Абылай, Абылай,
Он бір ғана жасыңда,
Әншейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Әбілмәмбет төренің
Арқада жүріп қаңғырып,
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді-ау,
«Сабалақ» атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында,
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақыт қонды басыңа,
Тақыт келді астыңа.
Отызға әбден келгенде,

Репозиторий КарГУ

Кең дүниеге кенелдің.
Отыз беске келгенде,
Қара судың бетінде
Соқтығып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтын тонға жең болдың.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің бар баласын
Бастап өзің келдің де,
Аттарының бастарын
Бір кезеңге тіредің.
Алпыс жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң маужырап,
Жүнжіп барып соларсың.
Алпыс беске келгенде,
Әрбір атқа қонарсың.
Жұмсасаң балаң тіл алмай,
Қатының қарсы шабар ұялмай,
Көрген күнің сол болар.
Жетпіс жасқа келгенде,
Жаңылып сөзден қаларсың.
Жетпіс толған жел екен,
Шала ауырғанмен тең екен.
Жетпіс беске келгенде,
Жылуы болмас қойыңнан
Қауқары болмас сойылыңның,
Селкілдеп тірі жүрерсің.
Қатардан шығып аулақтап,
Жан құлазып қаларсың.
Сақал-шашың желкілдеп,
Мүжіліп әбден боларсың.
Әудем жерге жүре алмай,
Біреуге жүк боларсың.

Репозиторий КарГУ

Өлмесеі де жойылдың,
Арөатаққа қойылдың.
Сексен деген сор екен,
Шындап ұрған пері екен.
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзіңді алар,
Аузыңдағы сөзіңді алар,
Бойыңдағы әліңді алар,
Бетіңдегі нұрыңды алар,
Тәніңдегі шырынды алар,
Саудыратып тісіңді алар,
Өлмегенде не қалар?!
Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен.
Қарғиын десең ұмытылып,
Екі жағың ор екен.
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне
Түпсіз терең көл екен,
Елсіз жатқан шөл екен,
Келмейтұғын неме екен.

* * *

Абылай ханның асында,
Бұқарекең жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды!
Зарын қосып жырлайды,
Соғыспа деп жырлайды,
Бұқар деген кәріңіз!
Соғыспен кетер сәніңіз,
Жауластық жолды сүймеңіз.
Мынау жалған сұм дүние
Өтпейді менен демеңіз.
Сырдарияның суынан

Репозиторий КарГУ

Кесіп әрі өтіңіз.
Үш жыл малды тусытып,
Жиделібайсын жетіңіз.
Шұрайлы жердің ұйығы, -
Адамы жүзге келмей өлмеген,
Малы екі рет төлдеген,
Ел-жұртыңның қамы үшін,
Солай таман кетіңіз.
Менің жасым тоқсан үш,
Мұнан былай сөйлеуім
Маған болар әлі күш.
Өліп қалатын тай үшін,
Иен қалатын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал, ерегес.
Егер тілімді алмасаң,
Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен ағаш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет төренің
Қызметінде тұр едің.
Қалтылдап жүріп күнелткен,
Үйсіндегі Төле бидің
Түйесін баққан құл едің.
Сен жиырма беске келген соң,
Бақ қонды да басыңа,
Алтын тақтың үстінде
Ақ сұңқардай түледің.
Дәулет бітіп басыңа,
Қызыр келді қасыңа,
Бейішке нақ түнедің.
Алыстан тоят тіледің,
ылышыңды тасқа біледің,
Алмасаң жауыңды қоймадың,
Алсаң да әсте тоймадың,
Ырыздықиты елден ойладың.

Репозиторий КарГУ

Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай,
Тоқымы кеппес ұры едің.
Түн жастанып жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қашан жауға тіредің?
Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды ұқпас ұл едің.
Қарсы менен құзарда
Жалаңаяқ жар кешкен,
Бөз тоқыған сарт едің.
Ата тегіңді сұраса,
Арқар ұранды жат едің,
Қай түріңмен төре едің?
Шешеңді және сұраса,
Қай алтынның буы едің?
Оны да мен білуші ем,
Түрікпеннің жерінде,
Қашып жүріп күнелткен
Мәскенің қара күңі едің.
Жұлдызың туды оңыңнан,
Жан біткен ерді соңыңнан,
Ақ жол тапты күніңіз.
Арсы менен күрзіге
Тайталасты үніңіз.
Өзің болған күніңде
Жер – жиһанға сыймайды,
Азат болған құлыңыз.
Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазыға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген
Еліңе жаулық сағынба!

Репозиторий КарГУ

Күнінде мендей жырлайтын,
Мініңді айтып сынайтын,
Тоқсан үштегі қария
Ендігәрі саған табылмас!

* * *

Құбылып тұрған бәйшешек,
Қурай болар солған соң.
Қыран бүркіт төмендер,
Қос топшысы талған соң.
Сөге көрме, Абылай,
Мен пақырда сын бар ма?
Уақыт мынау жеткен соң!
Уақытым кетті басымнан,
Жылдарменен таласып.
Жайнап шықтың жасыңнан,
Хан Абылай атанып.
Малмен ісің болғанда,
Уақытыңыз толғанда,
Қарашаның қашар қасыңнан.
Ханның жақсы болмағы, -
Қарашаның елдігі.
Қараша халқың сыйласа,
Алтыннан болар белдігі.
Жақсы әйел ұл туса,
Патшадан болмас кемдігі.
Аталы сөзім таусылмас,
Өзің ұқ артын ендігі.

* * *

Рулының оғы қалса табылар,
Жалғыздың тартатұғын
Жағы қалса табылмас.
Әкелі бала жау жүрек,

Репозиторий КарГУ

Әкесіз бала сұм жүрек,
Жиын болса бара алмас,
Барғанмен орын ала алмас.
Екі көзі жәудіреп,
Тұлымшағы салбырап,
Күнінде соның не болғанын білмеймін.
Әкелі бала жау жүрек ,
Жиын болса барады,
Барса орын алады.
Бітірер сенің дауыңды,
Қайтарар сенің жауыңды,
Күнінде тастан өтер жебесі.

* * *

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады,
Қандыра жауап айтпасам,
Халқым не деп айтады?
Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды
Сұрамасаң не етеді?
Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді.
Енді айтайын тыңдасаң,
Маған қаһар қылма сен.
Қарағай судан қашықтап,
Шөлге біткен бір дарақ.
Шортан шөлге шыдамсыз
Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақыр да шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты боп.

Репозиторий КарГУ

Күншығысқа қарайды,
Шашын ылғи тарайды.
Құдайды білер діні жоқ,
Жамандыққа міні жоқ.
Осы сынды бір кәпір.
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды.
Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан.
Бұл айтқаным, Абылай,
Болмай қоймас артыңнан.
Тексізді төрге шығарып,
Істетер сұмдықты ұйғарып.
Асан сөзі осылай,
Бүгін үшін ah ұрған.
Жауабыма қандың ба,
Естіп болып қартыңнан!

* * *



Репозиторий КарГУ

Қазақтың ханы Абылай,
Ақиықты аспанға
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың қамал қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгембай!
Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған.
Қазақ деген халқынан,
Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгембай!
Бұтақты мүйіз бұғысы,
Саласында жайылған.
Мылтық аткан мергені
Киігін қойдай қайырған.
Құланы құлындай тулаған,
Түлкісі иттей шулаған.
Қыс қыстайтын жеріңді
Сол сықылды тау қылған,
Батырың өтті Бөгембай!
Асу салған тас бұзып,
Тарбағатай белінен .
Қол қондырған қос тігіп,
Борлы деген көлінен.
Қалмақты шапқан шулатып,
Ақшәулінің өрінен.
Қоныс қылған найманға
Бәрін қуып жерінен,
Батырың өтті Бөгембай!
Қаракерей Қабанбай,

Репозиторий КарГУ

Қанжығалы Бөгембай,
Қаздауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Ормандай көп орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей төре сұңқарға.
Бәйгелі жерде бақ болған
Сіздей жүйрік тұлпарға.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Келмей тұр аузым айтарға,
Батырың өтті Бөгембай!
Өкпе қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін,
Қайырлы болсын халқыңа,
Сабыр қыл, ойлап келмесін
Қарияң келіп жырлап тұр,
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгембай!

* * *

Қазақтың ханы Абылай,
Абылай ханым, бұл қалай?
Ақиықты аспанға
Ұшпастай қып тастады.
Құлағанға бір қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті, Бөгенбай!
Қиядан қиқу төгілсе,
Атының басын тартпаған,
Қисапсыз жау көрінсе,
Түршігіп беті қайтпаған.

Репозиторий КарГУ

Қазақ атты халқыңнан,
Батыр шыққан даңқыңнан,
Қарсыласқан қайрылып,
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгенбай!
Бұтақты мүйіз бұғысы
Саласында жайылған,
Мылтық атқан мергенің
Киігін қойдай қайырған.
Құланы құлындай тулаған,
Түлкісі иттей шулаған.
Қыс қыстайтын жеріңді
Аң етімен тау қылған,
Батырың өтті Бөгенбай!
Асу салған тас бұзып,
Тарбағатай белінен,
Қол қондырған қос тігіп,
Бөрлі деген көлінен.
Қалмақты шапқан шулатып,
Ақшәулінің өрінен.
Қоныс қылған найманға
Бәрін қуып жерінен,
Батырың өтті Бөгенбай!
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақ ұлы Жәнібек,
Ормандай көп орта жүз,
Содан шыққан төрт терек,
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей төре сұңқарға.
Бәйгелі жерде бақ болған,
Сіздей жүйрік тұлпарға.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Келмей тұр аузым айтарға,
Батырың өтті Бөгенбай!

Репозиторий КарГУ

Өкпе қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін
Қазақтың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін,
Қайырлы болсын халқыңа.
Сабыр қыл, ойла келмесін,
Тағдырдың керемет келтесін.
Сорғалатып көз жасын,
Қарияң келіп жылап тұр,
Егіліп кеттік ер үшін.
Бүгіліп кетті бел де шын,
Жоқтау айтып тұрмыз тек,
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгенбай!

* * *

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен жаның-ай!

* * *

Күпшек санды күреңді,
Тәбияға жаратқан.
Қырық сан қара қалмақты
Жарлығына қаратқан.
Айбалтасын алтынменен булатқан.
Алафасын арттырып,
Арпалап атты қуантқан.
Лабашы деген бір еліні
Антыменен улатқан.
Ераншы мен Серенді
Тозғындатып шулатқан,

Репозиторий КарГУ

Беріштесін жұрт үстінен дулатқан.
Еңсесі биік боз орда
Салтанатқа орнатқан.
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңырағын торлатқан.
Үшбу ердан бек (дарун),
Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп,
Мыс табаққа толтырған.
Қазағын қалайыдан қақтырып,
Тоқпағын сом алтыннан соқтырып,
Нықара күміс шаптырып,
Былғары саба пістіріп,
Шыны аяқпен іштірген.
Орындаған оймыштап,
Ою нақыш салдырған,
Сандығын сары алтынға малдырған.
Көшсе қырқын арта алмас,
Қырық мың атан тарта алмас.
Қызыл аяқ мал жиып,
Қалижесін алдырған.
Алғын шығын арқалап,
Бетіне бедер қамқа салдырған.
Туырлығың қара кес,
Толылы бір түңлігің,
Ұшығадан ұстатқан.
Байтағың байып мал беріп,
Байрақты жерге қыстатқан.
Ғаділдігін Наушеруан
Ғаділге жеткерген,
Жомартлығын Хатымтай
Жомарттан өткерген.
Күнде мехман күзетіп,
Кесекіліп ет берген.
Имандының ісіне қарап бет берген,
Бір құдайдың дидарын

Репозиторий КарГУ

Сен көрмесең, кім көрер,
Табандасқан дұшпанға
Күнінде қылыш шауып өткерген.

* * *

Қарт белдерім үзіліп,
Кемсеңдедім егіліп,
Есіме түсіп баяғым.
Жалыным өшіп сөнгенде,
Тоқсанға жасым келгенде,
Басуға келмес аяғым.
Арқам күнге күйгенде,
Табаным жере тигенде,
Ырғайдан алған таяғым.
Айналайын, Қабанбай,
Кіретін жауға тайсалмай,
Жау келгенде жарағым.
Ақсынып елге дау келсе,
Түрулі көктеп жау келсе,
Басындырмас пырағым.
Мың жылқыны суарған,
Төскейдегі бұлағым.
Бүгін түсте естідім,
«Қабанбай ауру» дегенді.
Құлазып көңілім қобалжып,
Жетімсіреп жыладым.
Арғыннан айттым жүз кісі,
Найманнан айттым жүз кісі,
Үйсіннен айттым жүз кісі,
Үш жүз кісі болар ма?
Айналайын, Қабанбай,
Құрбаныңа атағам,
Қара мойын бір лағың.
Бұл дүниенің қарты едің,
Әулиенің арты едің,

Репозиторий КарГУ

Батырлардың мәрті едің,
Айналайын, Қабанбай,
Қайда болар тұрағың?

* * *

Бірі етек, бірі жең болған,
Ежелден саған ел болған,
Орта жүзден кісің жоқ.
Найзасының ұшы алтын,
Кіші жүзден кісің жоқ.
Енді бұған қарап тұрғаннан
Басқа қылар ісің жоқ.

* * *

Кеше қара қалмақ бүлінді,
Бүлінгеннің белгісі:
Бұрқан-тарқан болысты.
Уағыдадан азысты,
Буыршындай тіздесті,
Жамандықты іздесті,
Бірін бірі күндесті.
Жаулаған ханын қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас.
Ханын қалмақ жаулаған,
Сөйткен қалмақ оңбаған.
Сол қалмақтың жұртынан
Үшқарқара, Көктөбе
Иттей ұлып қалмаған.
Заманақыр болғанда,
Қара темір ат болады,
Оқығаның хат болады,
Туысқаның жат болады,
«Ғаділет» деген заң шығып,
Табаның тайса сот болады.

Репозиторий КарГУ

Қонысың Сарыарқаны орыс алар,
Шұбырып қара топырақ өріс алар.
Ақшаның ірісі кетіп, ұсағы қалар.
Терінің былғарысы кетіп,
Сірісі қалар.
Адамнан еммат, ыхлас, ұят кетіп,
Ақыры «бер, бер» деген сөзі қалар.
Мұнан соң Абылайым,
Қилы қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың заманы тәмәм болар.
Ол күнде қарындастан қайырым кетер,
Қатыныңнан күшің,
Балаңнан мейірім кетер.
Ұлы-қызың орысқа бодан болып,
Қайран елім, есіл жұртым
Сонда не етер?!
Абылаймысың алқатқан,
Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан,
Қосының болсын қазақтан!
Сегіз қиыр шартарап,
Төрт құбылаң түгел боп,
Төрінде отыр, салмақтан.
Он екі айда жаз келер,
Көктемде қаз келер,
Айтып-айтпай не керек,
Дәуреніңіз аз болар,
Сондай заман келгенде,
Шаңырағың күл болар,
Еліңе қауіп төнгенде,
Ата ұрпағың құл болар.
Қараларың қас болар,
Қаскөйлерің бас болар,
Орыстар келер ғалым боп,

Репозиторий КарГУ

Әулиедей көрінер.
Боптары болар сазандай,
Кітабы болар қазандай.
Ақіретке барғанда,
Ақсүйекті қор тұтқан,
Қараны одан зор тұтқан,
Орыстарды пір тұтқан,
Сорлы болған қазағым,
Тартарсың солардан жазаңды-ай!

* * *



Репозиторий КарГУ



Репозиторий КарГУ

Екінші бөлім

ОЙХОЙ ДҮНИЕ ОЙЛАНСАМ



Репозиторий КарГУ

* * * * *

Ойхой дүние ойлансам,
Замана соққан жел болар.
Өмірдің жолы бұралаң,
Асуда асу бел болар
Ашудың соңы өкініш,
Дауылдың соңы сел болар.
Ағайынның арасы,
Бірлікте болса ел болар.
Татулы туыс зор болар.
Кетеуі кеткен кер болар.

* * * * *

Репозиторий КарГУ

Жөн білер адам болса,
Қол бастау қиын емес
Шабатын жерде елі бар.
Жер білер адам болса,
Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерде көлі бар.
Тіл білер адам болса,
Сөз бастау қиын емес,
Шешетін жерде түйін бар.
Жақсылыққа сыйың бар,
Жамандыққа тыйым бар.

* * *

Түнеріп келген дұшпанның,
Түндігін тілген ерлерім.
Шүйіліп келген дұшпанның
Кіндігін тілген ерлерім.
Басынып келген дұшпанның,
Балтырын үзген ерлерім.
Ағындап келген дұшпанның,
Алқымын үзген ерлерім.
Түксүйіп келген дұшпанның,
Тақымын кесім еткен ерлерім.
Қағынып келген дұшпанның,
Қатынын жесір еткен ерлерім.
Тұтқиыл дұшпан тап келсе,
Жолын тауып шешім еткен ерлерім.
Қабанбайың қаһарлы,
Бөгенбайың бекемді,
Шапырашты Наурызбайың тағы бар.
Осы үшеуі тұрғанда
Маңдайымның бағы бар.
Сеңкібайың сергек тұр.
Жәнібегің жауына

Репозиторий КарГУ

Жекпе-жекке кел деп тұр.
Жидебайың жарқылдап
Кезегімді бер деп тұр.
Малқараң бар бір төбе,
Шойбек, Мәмбет ерлеп тұр.

* * *

Қалданның бетін қайырдың,
Қалмақтың жағын айырдың.
Сөзіне енді құлақ сал,
Бұқардай айтқыш шайырдың.
Ежелгі дұшпан ел болмас.
Көңілінде кірі бар.
Ежелгі дос жау болмас,
Түбегейлі сыры бар.
Батырларға қарасам,
Бірі алып, бірі нар.
Жар астында жау жатыр.
Төбе астында ұры бар.
Сақтанбасаң болмайды.
Айтқанымды ұғып ал.

* * *

Ойхой дүние ойлансам,
Замана соққан жел болар.
Өмірдің жолы бұралаң,
Асуда асу бел болар
Ашудың соңы өкініш,
Дауылдың соңы сел болар.
Ағайынның арасы,
Бірлікте болса ел болар.
Татулы туыс зор болар.
Кетеуі кеткен кер болар.
Ақылдан аулақ іс қылсаң,

Репозиторий КарГУ

Арамза аққан тер болар.
Алауыз болса ағайын,
Жақсының жаны шер болар.

* * *

Күрзімен жауды басқа ұрған,
Қалмақтың ханын састырған,
Жаралы дұшпан басшысын,
Ат тұяғына бастырған.
Осындай игі ісімен,
Сарқылмас мол күшімен,
Қожаберген ұстазым,
Қырды жауды күпсінген.
Қалмақты қуып қашырған,
Қытайға қарай асырған.
Дүнгенді де құтқарған,
Қарақұрым масылдан.
Ұстазымды шынында,
Жау болған жоқ басынған.
Бата алған Бұқармын,
Қожаберген асылдан.
Жалаулы найза, қобызды,
Домбырасын қолға алған,
Қамалға шабар алдында,
Шығарып өлең толғаған.
Жырын сүйген баршасы,
Болмаса кейбір оңбаған.
Алла, аруақ жебеу боп,
Жорықта жолын оңдаған.
Қиын-қыстау кезеңде,
Намысын қозғап өлеңмен,
Қожаберген ұстазым,
Қалың қолға дем берген.
Қоржынға сақтап дәрісін,
Жаралы жанды емдеген.

Репозиторий КарГУ

Фарсының шайын сусынға,
Қайнатып бөлек демдеген.
Жүз дұшпанды майданда,
Бір кісідей көрмеген.
Жолбарыстай шұбарым,
Ілгері шауып өрлеген.
Айбарынан жау қашқан,
Есінен қалмақ адасқан.
Ұрандап жауға тигенде,
Жарқылдап қолда алдаспан.
Ақжолды сардар Қожа-екең,
Дұшпаннан айыл жимаған.
Ерлігі көп ұстазды,
Мұсылман түгел сыйлаған.
Шаңқобызын Қожа-екең,
Жосаменен сырлаған.
«Елім-ай» деп ат қойып,
Ән мен күйін шығарған.
Жұрттың мұңын ұғасың,
Тыңдағанда солардан.
«Ер Көкше» мен «Ер Қосай» -
Ұстазымның жыры еді,
Қозғағаны сардардың –
Халайықтың мұңы еді.
Ақындардың ағасы,
Болғаны да шын еді.
Ел қорғаудың жолына,
Бар өмірін жұмсады.
Ордабасы Қожа-екең,
Жауды мықтап тұсады.
Өсиет айт деп сұрасаң,
Бұқар деген ағаңнан,
Үлгі алыңдар, балалар,
Қожаберген бабаңнан»
Қазақ, ноғай, татар мен,
Қарақалпақ – бәрі де,

Репозиторий КарГУ

Ақыл сұрап көп барған,
Қожаберген кәріңе.
Разы болып оралған,
Қожаберген данадан,
Төрелік айтқан ұстазым,
Асып кетпей қанадан.
Ел арасын бүтіндеп,
Қазы болды тұсында.
Ордабасы шағында,
Қамалды бұзды құлшына.
Екі атқосшы, екі ұлы,
Қаза тапқан майданда.
Қорғауды бұзған Қожа-екең,
Қалмақтар қанат жайғанда.
Жауға шапқан қарт батыр,
Алмақ боп кегін ұлдардың.
Найзамен шаншып талайын,
Қанын төккен сұмдардың.

* * *

Қожаберген ғаділ ер,
Қадірін білген қалың ел.
Бөгенбайдай батырға,
Билігін берген, ардагер.
Баласы да інісі,
Қоджа-екеңнің бар еді.
Соларға бермей орынын,
Арғынға берген жан еді.
Бөгенбайдан кем емес,
Дәстем салдың бектігі.
Асып түсер тура айтсам,
Жаратылыс тектігі.
Інім деп бұрмай Дәстемге,
Басшы бол деп әскерге.
Бөгенбайды сайлаған,

Репозиторий КарГУ

Лайық ер деп көсемге.
Әди деген баласы
Қожа-екеңнің – сері еді.
Інілерім, ұлдарым,
Өкпелеп жүрер деместен.
Бөгең ерді ұсынды,
Ойлантуға келместен.
Алдымызда Бөгенбай –
Жасы үлкен аға еді.
Арғын-қыпшақ еліне
Жаңа шыққан жаға еді.
Бөгенбайды өкшелеп,
Арғыннан шыққан Бұқармын.
Ақындыққа келгенде,
Жыраудың көбін ұтармын.

* * *

Қанды жорық Олжабай,
Болат тіреу ордам-ай...
Қолды баста, тез аттан,
Ту көтеріп үш жақтан.
Ер кіндігін шабақта,
Нөсер төгіп садақтан.
Болат қару тарланым,
Арыстандай арланым,
Сен тіріде құламас,
Сарыала туы орданың.
Жаудың қолын жеңгенде,
Ел шетінен енгенде.
Іште қан боп жататын
Елге бүлік салмағын.
Елші жүрсе араға,
Жеңілді деп санама.
Өзіңді тым-ақ зор тұтып,
Өзгені малға санама.

Репозиторий КарГУ

(Алатулы Олжабай)
Бағындырар күш болса,
Алдыңа салар іс болса.
Тынымын тіле екі елдің,
Әдеті сол шын ердің.

* * *

Төрт шадиар Мұстафа,
Кітап ашқан ғалымды айт.
Алла сөзі – құранды айт.
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт.
Қара қылды қақ жарған,
Наушеруандай әділді айт.
Арсы менен күрсіні айт.
Құдіретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт.
Ақтан сия оқытқан,
Дәуіт пенен қаламды айт.

* * *

Батырлар Қалмаққа жорыққа аттану үшін Аблайдың үлкен баласын Жаныбайды, 12 жасар, жорыққа қосып бірге аттануын сұрайды, сол жаумен естіртуге таласыпты. Ұлы жүздің баласы мен естіртемін, мен үлкенмін дейді, Кізі жүздің баласы мен естіртемін қара шаңырақ менде деді, сонда орта жүздің Жәнібек батыр былай деді: «бірің үлкендік пен ағалықты алдың, бірің кішілік пен қара шаңырақты алдың көлденең келген мен естіртемін» дейді.

Бұл үшеуі таласып тоқтамаған соң Бұқар жырауға барады. Бұқар жырау Жәнібекке: «Жолыңның себебін айт!», - дейді. Сонда Жәнібек:

Алты мойын кептер бас,
Ол нені көтереді?

Бұқар:

Ол жүгенді көтереді.

Репозиторий КарГУ

Жәнібек:

Сұлу құйрық жаялық
Ол нені көтереді?

Бұқар:

Ол құйысқанды көтереді.

Жәнібек:

Он екі омыртқа орта бел
Ол нені көтереді?

Бұқар:

Тоғыз қабат торғауыт сауыты бар үстінде
Ертоқымды, ерді көтереді.

Жәнібек:

Аузыңа дуа дарыған
Бұқар жырау сен едің,
Шілтеңдермен сөйлескен
Атақты батыр мен едім
Қай батырдан кем едім?!
Мені кімге теңедің?

Бұқар жырау ырза болып, жолды Жәнібекке береді. Жәнібек келіп сөйлейді Аблайға.

Айды бұлыт құрсайды,
Ай ауғанға ұқсайды.
Күнді бұлыт құрсайды,
Күн ауғанға ұсайды.
Жарқ-жарқ еткен жарағы,
Жапанға біткен терегі,
Бұл сөзімізді естіген жоқ
Аблай ханның құлағы
Алладан бұйрық болған соң
Қолыңыздан өткіздің
Хан тақсырдың шырағы.

* * *

Байды құдай атарда,
Барымта ұрлық бастайды,

Репозиторий КарГУ

Қызды құдай атарда
Д.... бас жағына жастайды.
Биді құдай ұрарда
Парадан қорқып қашпайды,
Байталды Құдай ұрарда
Мінбей құлын тастайды,
Жақсыны құдай ұрарда
Нашарды ұрып жасқайды.

* * *

Адамның оңбағаны,
Өлгенмен құрдас болады,
Бәйбішенің оңбағаны,
Салт бойдақпен жолдас болады,
Қыздың оңбағаны,
Малшыменен ойнас болады,
Ұлдың оңбағаны,
Ұрыменен сырлас болады.
Сөзің ұзын болсын десеі,
Өтірігіңді айта бер,
Қолым ұзын болсын десең,
Сараң болмай қайта бер!
Қадірім көп болсын десең,
Өзімшіл болып шалжыйма!
Жолдасты шашып мал жыйма!
Малды шашып жолдас жый.

* * *

Бір кездерде Бұқар мен Үмбетей дос болып жүрген күндерінде, Бұқарды Үмбетей үш қабат қонаққа шақырған екен. Ол кездерде төртінші қабат шақыруға қам қылайық деп әйеліне айтқанда келісім бермепті.

Өйткені, біз үш қабат шақырғанда, ол бір қабат шақырмады, несіне шақыра береміз, деген екен.

Репозиторий КарГУ

Бұл хабарды Бұқар естіп, ол да дұрыс деп, Үмбетейді қонаққа шақырады. Бұқар болса Үмбетейдің ақындығын байқайын деп әйеліне өтініш жасайды. Әйелі өтірік ауырып, Үмбетей келгенде төсектен тұрмай жатып алады. Ол әйелдің пиғылын Үмбетей біліп, тоқтамай жүріп кетіге дайындалып, аттанып бара жатып Үмбетейдің айтқан сөзі:

Үй сыртында Қаратау,
Панасы жоқ болса да
Ол шіркіннің несі тау?
Кетеген болса түйең жау,
Тебеген болса биең жау,
Ұрысқақ болса ұлың жау,
Керіскек болса келінің жау.
Үйіңдегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең,
Қойыңдағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең.
Қас сорлының қатыны
Күндіз ауру түнде сау,
Шақырып дәм бермейтін
Мен не ғылдым япырым-ау!

* * *

-Түнде түс көрдім, - дейді Абылай, - табытта жатыр екенмін. Басыма ілінген үш жүздің жалауын үш тобыр жұрт жұлып әкеткелі тұр. Табытымның бір бүйірінде арыстан, екінші бүйірінде айдаһар отыр. Аяқ жағымда – бір топ үрім-бұтағым. Уәлиден тараған бір үрім-бұтағым маған құран оқып жатыр. Қасымнан өрбіген бір тентегім қолына қанжарын ұстап мені қорғап тұр. Ал, мен өліп жатсам да, екі бүйірімде отырған арыстан мен айдаһарға кезек қарап, мыналардан қалай құтыламын деп жанталасудамын. Осы түсімді жорып берші, Бұқар аға? – дейді қатты толу үстінде отырған хан.

Бұқар біраз тұнжырап отырады да, біраздан соң:

- Түс жору түлкі аулаумен тең – кейде ізіне дәл түсесің, кейде шет кетесің, сөйтсе де жорып көрейін.

Репозиторий КарГУ

- Сөйлеңіз, Көмекей әулие! – дейді Абылай.

- Қырыққа келмей табытта жатсаң, - өмірің ұзақ болады екен. Басыңа жалау тігіліп, үш бірдей топ таласып жатса, үш жүзге бірдей хан болады екенсің. Бірақ, хан атына ие болғанмен, халқыңа ие бола алмайды екенсің. Сен өлген күні үшеуі үш жаққа ыдырап кетеді екен. Табытта жатып екі бүйіріңдегі арыстан мен айдаһардан қалай қашып құтылам деп ойласаң, өле-өлгенше еліңнің екі бүйірінде тұрған екі мемлекетке жалтақтаумен өтеді екенсің. Ал, аяқ жағыңда тұрған үрім-бұтағыңның ішінен бірі құран оқып, бірі қанжар қайраса, Уәлидің ұрпағынан тараған бір тұқымның атын қағазда, ал Қасымнан шыққан бір ұрпағың атын майданда қалдырады екен, - депті.

- Сонда мен өзім қайда қаламын? – депті Абылай.

Оған жырау: - Басыңа үш жалау босқа тігілді ме? Ісіңді ел ұнатса, үш жүздің жүрегінде қаласың, - деген екен.

* * *

Әйгілі батыр, сөзге жүйрік Жәнібек Қошқарұлы Бұқар жырауға сәлем бере келіп:

-Ұшқыр құс, жүйрік ат, мақтаншақ жігіт, сүріншек ат жидым. Қару алып, батырлық қылайын ба, үлгі алып билік құрайын ба?

«Ауылыңда кәрің болса жазулы тұрған хат болар, үй артында төбешік, ерттеп қойған ат болар» - деуші едіңіз, сізден ақыл сұрай келдім, - депті.

Сонда жырау:

Жал құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас.
Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Ит жүгіртіп, құс салсаң,
Киген тоның түлкі етер.
Айтар ақылым осы, - деген екен.

Репозиторий КарГУ

* * *

Қазақ жұртына, қазақ жеріне жоңғар-қалмақтар маза бермеген, олардың жасаған жәбірлі ел есінен кетпестей болған, әлі ұмытпай келеміз. Қалмақтың азабы әбден өтіп, кек қайнаған шақта Бұқар жыраудың айтқан екен деген мынадай бір сөзі бар:

Бұқар сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
-Сәлем бердім көбіңе,
Қасқа-жайсаң, бегіңе.
Қалмақ қонды жеріңе,
Қырғын салды еліңе.
Тұлымдыңды тұл қылды,
Айдарлыңды құл қылды.
Солқылдаған мырзаңды,
Табанға салып жүн қылды.
Бектерім, оны білдің бе?
Қыраулы қыста айдаған,
Топырлатып байлаған,
Қазаныңды алған қайнаған,
Қонысыңнан аударып,
Жер-суыңнан қаңғыртып,
Қырылып жонда аңыраған.
Кекті қашан аласың?
Тірімісің, бектер, өлдің бе,
Сәлем бердім бәріңе!
Оң болсын сапар датқалар,
Молдалардан хат қалар,
Ұсталардан дат қалар,
Білімі мол білгірлер,
Өсиетті ұғып жатқа алар.
Өзінен кіші кейінге,
Ғақлия сөйлеп мақтанар,
Халықтан асқан данаға,
Өресі жетпей сұқтанар,
Өсиет білмес бұқпалар.

Репозиторий КарГУ

Бояманың белгісі –
Көрініп тұрып жоқ болар,
Күйіп, жанып шоқ болар,
Шын білгірдің белгісі
Ойында болар ел ісі.
Жамандық пенен жақсылық
Басынан бәрін атқарар.
Шын батырдың белгісі –
Ажалсыздан құтқарар.
Зарлап келген елің бар,
Жаудан қалған жерің бар,
Төрдегің түгел жиналдың.
Үйде қалған кімің бар?
«Абылай менен Жәнібек
Жасанған жауға ерлер бар,
Оларың қашан аттанар?
Ордамыз еді Түркістан –
Қожа Ахметтің қаласы.
Қоныс еді, жаз жайлау –
Сыр мен Шу, Сарысу жағасы.
Елге би-құт деген бар,
Батыр – деген панасы.
Меңгеріп бәрін басқарған,
Ерлерін ертіп қасқарған,
Қия шың өрлеп тастардан,
Ер-Тәуке еді – елдің жағасы.
Зардабын шүршіт, қырда орыс,
Ашылып еді арасы.
Үзіліп еді қарасы.
Көк майса, тарлау, бетеге,
Тауларымның дарасы.
Жайқалған орман тамылжып,
Таласқан көкше ағашы
Алатау мен Қаратау –
Қазақтың болған панасы.
Қалдан-Шерен қалмақтың –

Репозиторий КарГУ

Осы еді жері аласы.
Қоныс қылды жеріңді,
Күңірентіп қуды еліңді,
Салып назар қарашы.
Қысты күн қаңтар, көк мұзда,
Жонда қалды баласы.
Жөніңді білдір, бектерім,
Аттанып қашан барасың?
Басшы болған алдында:
Есім ханнан – Ескі жол,
Қасым ханнан – Қасқа жол,
Және де көп басқа жол,
Тауды тіліп, тас жарған,
Бар емес пе аспа жол.
Адастырар еліңді,
Оққа жығар еріңді
Жалғыз аяқ қашпа жол.
Барса келмес сықылды.
Серік болмас өмірі,
Ұзамайды қысқа мол.
Тебінгі термен шіріген
Терлігі маймен еріген.
Ерлердің салған соқпағы –
Осы берік – ұста жол!
Толғамалы көк сүңгі
Төгілдіріп шапшақ ұстамай,
Жеке келген жауларын
Шабақша қағып тастамай,
Ерлік атың шығар ма?
Ыңыранып жауың қақсамай,
Қозы жауырын сар садақ
Тартып шіреп оқ салмай.
Жеңілгеннің белгісі –
Шырмалған торды шешкені.
Шын шебердің белгісі –
Тапшыны жалғап пішкені.

Репозиторий КарГУ

Шын батырдың белгісі –
Самсаған қол – сары жау,
Қан болып аттан түскені.
Найзагердің белгісі –
Қағысқанда майданда
Жаудың аттан ұшқаны.
Қылышкердің белгісі –
Қоян-қолтық жолатпай,
Далита жарып кескені,
Садақкердің белгісі –
Тоғыз қабат ақ сауыт,
Тоқсан торлы аймауыт,
Үскідей өтіп тескені,
Мен тоқтаттым сөзімді,
Тапсырдым хаққа өзіңді,
Аман қылсын жолыңды.
Қақпасын дұшпан қолыңды,
Бастан өтер бұл заман.
Болжаусыз шіркін көшпелі!

* * *

Он екі қазық әр түндік,
Шауып шықтым белеңге.
Тау суындай сарқырап,
(Найман) жатыр өренде.
Он сан қазақ тізгіні
Ер Абылай төремде.
Шүршіт деген ел бар-ды
Келер деген келмеді.
Шүршіт келсе сыртқары
Жылқың жатсын белеңде.
Қойың жатсын белеңде.
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт келсе бір
Жаһан қоймай қуалап,

Репозиторий КарГУ

Алып кетер ғалемді.
Шүршіт жатыр арқада,
Барын көлдің басында,
Егін салып қасында.
Ақылы жоқ сол қазақ
Атын саты кәпірге.
Ылау атын мінген соң,
Күнін, түнін бір етіп,
Бір күн жетер сол кәпір.
Жаушылққа шығар ол,
Елшілікке барар ол,
Түрі момын болар ол.
Құлан қайда семірсе,
Жүнін сонда төгер ол.
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт келсе бір
Қабырғаңды күйретіп,
Жон арқаңды сөгер ол.

* * *

Атам қазақ болғалы,
Үдере көшіп қонғалы,
Қоныстанып, тұрақтап,
Іргелі орда болмады.
Үш жүз болып құралмай
Бір орда боп тұра алмай,
Сарыарқаны шарлады,
Шөлде жортқан құландай.
Шығыстан Манғұл жабысты,
Аяққа басты намысты,
Қызық қарын жас бала,
Еңкейген қарт ата-ана.
Қысымы күшті қорлықтан,
Озбыр-өкім зорлықтан,
Қан жылады, зәр ішті,

Репозиторий КарГУ

Сырдан ауып келгенде,
Ел тыйыштық көргенде –
Орта жүз бас қосып,
Іргені белден көмгенде,
Шүршіт қалмақ жау болды,
Таласы Аула тау болды,
Ерді өлтіріп, малды алып,
Арада бітпес дау болды.
Елдің ері жиналды,
Ел үшін жаны қиналды,
Қанды кекті қайтарып,
Қанмен жауы силанды.
Ел үшін қанын төккені –
Адамдық серіне жеткені.
Ел үшін құрбан болғаны –
Ер туысы ақталып,
Ел аузында сақталып,
Таңға жарық шолпан боп,
Елден туған Солтан боп,
Мәңгі-бақи тұрғаны.
Кешегі батыр Жасыбай,
Көкше шақпақ тасындай
Суы қатты сомболат
Өмірі өтті жасымай.
Жылағаннан не пайда?
Өлімге жоқ түк айла.
Дәм таусылып, дем бітсе.
Аялына қарай ма?
Әзелде жазу осылай.
Тоқтат мені Абылай!
Қайғыменен қарымай,
Жортуылда ер өліп
Елің отыр жарымай.
Қайратты бол, қажымай
Тақта отырып азымай
Болар істің қамын қыл!

Репозиторий КарГУ

Жадырап шілде жазындай.
Тоқта менің ерлерім!
Жау аса алмас белдерім
Ердің қанын қанмен жу,
Сендер едің сенгенім.
Жолдарың болар жорықта.
Тыю болар зорлыққа
Өзі тиген өкінбес
Күш жұмсасақ қорлыққа.
Қойдан қоңыр ел едік
Силасқан елге кең едік
Ел мен жерім аманда
Таусылмас қазына кен едік.
Қазақ – қалмақ туыстас
Кірме емес, тең едік.
Көрші ел болып қоныстас
«Жауласпаспыз» деп едік.
Ол сөзде қалмақ тұрмады,
Үнемі зорлық қылғаны,
Талай батыр ерлерім
Елдің болды құрбаны.
Кінә жоқ, бізде жазық жоқ,
Зорлықта тұрақ, қызық жоқ,
Өкпелемес Ежен хан
Өзі керек көзімен
Айныған байлау сөзінен.
Момын елді күйдірме,
Ханы тартсын жазасын.
Ел щаруасын бүлдірме,
Қайтар бір азасын.
«Ер екен» - деп қарасын,
Хан мен байды шауып ал.
«Ел екен» - деп санасын!
Бас-басыңа батырлар,
Арнап міндет артамын.
Ата-аналық ақым бар,

Репозиторий КарГУ

Алдарыңа тартамын.
Ел туғызып өсірді,
Сендердей батыр арланын.
Қорға, жаудан еліңді,
Панасы сендер арқаның.
Қара қабан Бөгенбай,
Қайтпас жаудан кек алмай.
Ерім өлді арманда
Сапарынан келе алмай.
Сен туған соң кегімді,
Жат жауынан алғамын.
Байырлатып елімді,
Төріне орда салғанмын.
Қалмақ қолын қиратқан,
Жасыбайдан қалғанын.
Аула тауды босатсаң,
Ердің құнын алғаның.
Хан ордасын құлатсаң,
Тұтанар өшіп жанғаның,
Елге сауға сұратсаң,
Өлімге өктей бармағын.
Келісетін сөз болса,
Бітер сәті кез болса,
Жеңемін деп желігіп,
Ашулы күшке елігіп,
Қарысып, қатып қалмағын.
Хан әскерін жеңсең де,
Ел шетіне енгенде
Іште қан боп қататын,
Көрге бірге жататын,
Елге бүлік салмағын.
Елші жүрсе араға,
Жеңілді деп санама.
Өзіңді тым-ақ зор тұтып,
Өзгені малға балама.
Бағындырар күш болса,

Репозиторий КарГУ

Алдыңа салар іс болса,
Тынымын тілң екі елдің,
Әдеті сол шын ердің.
Өлген қайтып келмейді,
Төгілген тұтас толмайды,
Өткен іске қарама!
Төлебай, Жаман батырлар
Бұл соғыста мақұлдар,
Ерді өлтіріп, ел шапқан,
Жауға аяздай сақылдар.
Ер Шотана, Аңсары,
Құралып тұр бастары.
Сан майданда қиналған,
Сайдың көкше тастары.
Құрбы-құрдас жастары,
Елдің болат астары.
Шотана айғай салғанда
Бұзылған жаудың жапсары.
Табылпадай ерім бар,
Ордалы байтақ елім бар,
Бал өзені тулаған,
Мал кіндігі жерім бар.
Соны қорғап бағыңдар,
Жауға қарсы барыңдар.
Кеткен жерді қайтарып,
Ежен ханнан алыңдар.
Жабыла дабыл ұрыңдар,
Қомданыңдар, тұрыңдар.
Бет күйдірген айбатпен,
Тас үгетін қайратпен,
Жау әскерін қырыңдар!
Төс айылдың басқанын,
Иесі білмес, ат білер.
Ер жігіттің қадірін,
Ағайын білмес, жат білер.
Жорық жолы болуын,

Репозиторий КарГУ

Қария білмес, сәт білер.
Ердің күші асуын,
Қайрат білмес, бақ білер.
Өлімнің ерте-кештігін,
Бір жаратқан хақ білер.
Тәуекелге бел байла,
Хабар тарат маңайға,
Құрбандық шал, Абылай!
Қанды соғыс оңай ма?
Елдің болат ерлері,
Қару қайрат даярла,
Ердің алып күштері
Жыр боп жетер талайға
Ердің қанын алуға,
Елдің кегін алуға.

* * *

Түркі халықтарының құрамына жататын қазақтар мен башқұрт ежелден іргелес, көшпелі өмір кешіп, қарым-қатынаста болғаны белгілі. Осындай туыстас екі елдің шынайы байланысын Бұқар жырау мен Башқұрттың Байлық шешенінің айтысы да аңғартады. Бұл айтыстың тексті Опе (Уфа) қаласында башқұрт тілінде шығатын «Ағеділ» журналының 1970 жылғы 7-санында басылған.

Байық Байназарұлы 1710 жылы Башқұртстанның қазіргі Үшалы ауданында дүниеге келіп, бір ғасырдан аса ғұмыр кешкен. Башқұртстанның тарих және әдебиет институтының ғалымы Нұр Зарипұлының айтуы бойынша Байық шешен Бұқар жыраумен XVIII ғасырдың орта кезінде айтысқан болуы керек. Байық тапқыр, өлең шығаратын әрі шешендік қабілеті бар, сонымен бірге асқан шебер күйші адам болған. Ол 1770 жылдардың басында башқұрттың әйгілі батыры Салауат Жолайұлына арнап өлең шығарған. 1812 жылы Наполеонды жеңіп, елге оралған әскерлерді қарсы алып, оларға өзінің шығарған «Байық» атты күйін орындап берген.

Байық ақынның Бұқар жыраумен кездесу себебі былай болыпты.

Репозиторий КарГУ

Байықтың інісі Тайып Башқұрттың Азыналы деген ауқатты адамның қызымен өзара жасырын түрде көңіл қосып, қазақ еліне қашады. Осы жағдайға байланысты Байық та қазақ даласына кетуге мәжбүр болады. Сонда Бұқар жыраудың Байық шешенмен кездесіп қалып, оған мысқылды түрде жұмбақтап айтқаны:

-Естек болдың, бар болдың,
Кең далада зар болдың.
Өзіңе жұмбақ айтайын,
Тапсаң ұлым етейін,
Таппасаң құлым етейін:
Күндіз қойды күтерсің,
Кешке жүнді түтерсің,
Ұйқым қалды демессің,
Күндіз дамыл етерсің.
Кең далада қос ағаш,
Қос ағаштың қос басы
Бар екен ел қасқасы.
Тұрған бейне тақырға
Ала бөтен қақ емес,
Ай мен күндей екеуі –
Жалғыз-жалқы тақ емес.

Бұқар жыраудың бұл жұмбақты жырын Байық ақын былай шешеді:

-Кең далам деп айтқаның-
Елінен қашқан бұл естек
Мақтасын деп күткенің
Мен де көрген жер екен,
Сен де білген жер екен.
Ағаш, тасы су болып,
Жабу жапқан нар қылған,
Жатаған тау сазарып,
Ағаштары қуарып,
Төбе-төбе құм болған,
Емшегінен сүт тамбас,
Шөлдеген жұтым су таппас
Дала дегенің – сол екен.
Үрке қашып қасқырдан,

Репозиторий КарГУ

Өз ботасын қорғаған
Аруана боздаған
Өзге мұңы болмаған,
Мүлгіп жатқан шөл екен.
Жартастағы бүркітің,
Тұлпар мінген жігітің
Алмастырған бір бүтін –
Түйе үстінде жалбаңдап,
Құлақшыны салпаңдап, -
Қазақ деген ер екен.
Қос ағашым дегенің –
Қан далада қос ылаш
Қазағыңды кептірген
Кең далада қос ағаш –
Қос ағаштың қос басы,
Тап алаштың қасқасы –
Бір қазанға қос антын
Салып бірге қайнатқан,
Тоқалдай күйеу сайлатқан
Абылай сұлтан хан екен.


Сонан соң қазақ билері қолға түсіру үшін Байықты іздете бастапты. «Елге айдар, жүрекке қанжар болғысы келеді екен»,-деп оның көзін құртуға ұйғарыпты. Ал, Байық болса қашып, Оралына қайтып кетіпті.

Байық шешеннің қазақ даласына келіп, Бұқар жыраумен дидарласқаны тарихи шындық болғанына күмән келтіруге болмайды. Бұқар жырау бабамыздың бізге белгісіз Байық шешенге айтқан жұмбақты жырын бүгінгі күнге жеткізген башқұрт бауырларға үлкен рахметімізді айтамыз. Алайда, айтылмыш айтыстағы Бұқар жыраудың кейбір сөздері башқұрт халқының аузында түп нұсқасында сақталды деп айту қиын. Кейбір сөздердің башқұрт ұғымына лайықтап өзгеруі де ықтимал. Қалай дегенмен Бұқар жырау мен Байық шешеннің біздің елең еткізген айтысын оқырман қауымның назарына ұсынуды жөн көрдім.

Репозиторий КарГУ




Репозиторий КарГУ




Бұқар жырау толғауы. Қолжазба. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 506 папка. Тапсырушы Қазан қаласының тұрғыны М.Г.Будайли

Репозиторий КарГУ



Бұқар жырау толғауы. Қолжазба. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 506 папка. Тапсырушы Қазан қаласының тұрғыны М.Г.Будайли

Репозиторий КарГУ



16

Жанына қылыш ұрсада,
Жалжырап көңіл қайғыда
Жарақаттың кәзі тұрсада –
Үміттің қоймас адамзат!

(көңіл

Бұқар сөзі х)

Байғұс құдай атады
Бақсыға ұрық бастайды;
Жезтұс құдай атады
Зәмбәлә шешің бас жағына жасайды.


Иісі құдай ұрады
Тарадан қорқып қайтпайды;
Байтақта құдай ұрады
Ішінбей құлан тастайды;
Жақсыны құдай ұрады
Жамандар ұрып жасайды.

Адамның онбағаны,
Әйелмен құрдас болады;

Бұқар жырау 334 (Қолжазба)


Репозиторий КарГУ

Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 632 папка.




Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 632 папка.

Репозиторий КарГУ




Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 632 папка.

Репозиторий КарГУ




Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 632 папка.

Репозиторий КарГУ




Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 632 папка.

Репозиторий КарГУ




Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 632 папка.

Репозиторий КарГУ




Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 632 папка.

Репозиторий КарГУ




М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған материалдардан

Репозиторий КарГУ



Репозиторий КарГУ

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған материалдардан




Сегізбаев Масғұттың тапсырған материалдарынан. ҚР БҒМ ҰҒА қолжазба қорынан алынған. 552 папка.

Репозиторий КарГУ

Үшінші бөлім

ҒАЛЫМДАР ЖЫРАУ ХАҚЫНДА



Репозиторий КарГУ

* * * * *

Бұқар жыраудың толғаулары үлкен
ойлар мен жалпы адамзаттық мәңгілік
құндылықтарды нақылдай тұжырымды,
әсерлі етіп айтумен ғана емес,
тарихи оқиғалардың жалпы бағытын,
жекелеген қайраткерлердің қазақтың
азаттық күресіндегі орнын дәл бағалап,
күмәнсіз куәлік беруімен де ерекшеленеді...

Р.Бердібаев

* * * * *

Репозиторий КарГУ

Бұхар жырау мұрасы

Орта жүз арғындағы төртуыл Қаржас Алтынторыдан шыққан Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау атанған қария тоқсан үш жасында Абылай ханның алдында жыр толғаған. Өз заманындағы жандар бұл кісіні көиекей әулие деседі екен. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен. Сол Бұқарекең Абылай ханға айтқан екен: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім. Еңсегей бойлы Ер Есім ханға да жолдас болдым. Сен оның түстігіне де жарамайсың» - деп. Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса, Бұқарекеңді алдырып, жұлдызың оң ба деп, Айды, Күннің сәтін сұрайды екен. Сәде көріп беріңіз дейді екен. Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып пәлен жаққа қарай шабынды десе, сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Жоқ, сарыбура келгеннен туыңның түбінде шөгіп, мойнын жерге жабыстырып, жатып алды десе, аттанбайды екен.

Жалғыз бұтақты терек еткен құдайым, тамшылап аққан бұлақты теңіз еткен құдайым, - деген Асанқайғы былайша толғапты:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың дәурені тамам болар.
О күндер қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,
Қайран есіл ел-жұртым сонда нетер?

Абылай хан бір мерекеде ат үстінде тұрып, осы сөздің шешуін Бұхарекеңнен сұраған екен: «Асан қайғының қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дегені не тантық, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан барып шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой,» - деп. Сонда Бұхарекең қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып көзіне жас алып: «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді!» - деп жыр толғапты.

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады.
Қайғылы мұндай хабарды,
Сұрамасаң нетеді?
Сұраған соң айтпасам,

Репозиторий КарГУ

Кісілігім кетеді.
Енді айтайын тыңдасаң,
Айтты деп қаһар қылмасаң.
Қарағай судан қашып,
Шөлге біткен бір дарақ.
Шортан суға шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас – деп,
Қарағайға шықпас – деп!

Абылай хан ажал жастығына басын қойғанда Бұхар айтқан екен:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жықы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрмандық қылсам,
Сонда да қалар ма екен қайран жаның-ай, -

дегенде Абылай хан:

- Тоқта, тоқта, бұлай десең мен діннен шығамын, сен жалғаншы боласың. Қанша жыл өмір сүргенмен, қазақты билеп төстегенмен қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бұл – бір. Ақ боз аттың құнын ер құны болсын деп кесім кестіргенім жоқ, мұнымен – екі. Мылтығын құралайдың көзінен өткізетұғын мергеннің құнын екі ердің құны болсын деп, етікшінің құнын қатын құнымен бір бәс қылып, жарты құн дегізіп, кесім кестіргенім жоқ. Осы үш арман сүйегіммен бірге көріме түсті, - деген екен.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

* * *

Бұқар жырау

Бүгінгі мәселе Бұқар жыраудың өмір тарихына, яғни туған жылы, дүниеге келген жері және өлген жылы, дүниеден өткен жері туралы болғандықтан, рсы аталған бір ғана мәселе төңірегінде сөз қозғамақпыз.

Биыл (1993ж.) атақты жыраудың туғанына 325 жыл толады деп жазылып жүр. Олай болса, жырау 1668 жылы дүниеге келген болады ғой. Алдымен осы мәселені анықтап, ашып алу үшін Бұқар жайында жазылған, баспасөз жүзінде жарияланған мағлұматтардан жыраудың өмір тарихына байланысты мәлімет беретіндеріне ғана қысқаша шолу дасаймыз.

Репозиторий КарГУ

Мәшһүр Жүсіптің төрт томдық «Мес» деп аталатын қолжзбасының бірінші томында Бұқар туралы: «Абылай ханның заманында Төртуыл, Қаржас, Алтынторы Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен. Заманындағы сыншылар ол кісіні «Көмекей әулие» дейді екен. Көмекейі бүлклдеп сөйлейді де отырады екен. Қара сөз жоқ аузынан шыққан сөзінің бәрі жырлаумен шығады екен» - дейді (759 бет).

Мәшһүр Жүсіп Бұқардың өмір жайында осыдан басқа мағлұмат бермейді.

Сәкен Сейфуллин «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931) атты кітабында жыраудың оншақты толғау жырын, бір-екі әңгімесін жариялап, және аз да болса, жыраудың өміріне байланысты, баспасөз жүзінде тұңғыш рет мәлімет береді.: (Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршысы, шешен, ақылсышы болған. Бұқар жыраудың руы Арғын (Арғынның Сүйіндігі). Осы күні Бұқар жыраудың моласы Баянаулада, Далба тауының ішінде» - дейді (84 бет). Жыраудың туған жері, жылы және өлген жылы туралы еш нәрсе айтылмайды.

1930 жылдардан бастап Бұқар орта мектептердің, жоғары оқу орындарының бағдарламасына кіргізілді.

Қажым Жұмалиев 8 – класқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында (1941), Бұқардың туған уақыты – 1693 жыл, өлген уақыты – 1787 жыл деп көрсетеді және «Бұқар жырау Баянауылда туып, Далба тауында өлген. Моласы Далба тауының ішінде»- дейді. Сәкен: «Осы күні Бұқар жырау моласы Баянаулда туған шығар деп ойлаған болуы керек.

Ал, Бұқар 1693 жылы туып, 1787 жылы өлді дегенде Қ.Жумалиевтің келтіретін дәлелі: « ...Бұқар өзінің «Ей, Абылай!» деген өлеңінде:

Ей, Абылай, Абылай,
Сені мен тұңғыш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет хандарға
Қызметші болып тұр едің, - дейді.

Осы өлеңінде ол Абылайды 11 жасынан бастап, ең ақырғы өміріне дейін білетін адам болып сөйлейді. Бұқардың осы өлеңіне қарағанда оның жасыв ол кезде 95-те болса керек:

Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен...-дейді.
Егер Абылайдан оны үлкен десек,

Репозиторий КарГУ

Абылай 81-жылы (1781 ж.Қ.М.) өлсе, Бұқар өз аузынан Абылайды 11 жасынан білемін деп отырса, онда Абылай өлген кезде Бұқардың 95-те болуы таң қаларлық нәрсе мес», -дейді. («Қазақ әдебиеті» 8 класқа арналған оқулық, 1941, 168 бет). Бұқар 1693 жылы туған, Абылай 1787 жылы өлген деп отырып, «Абылай өлген кезде Бұқар 95-те деу қалай болады ?! Бұқар 95-те емес 88-де болу керек қой (1781-1693=88), және Бұқарды 1787 жылы өлген деген сөздің дәлелі жоқ».

Қ.Жұмалиевтің оқулығынан бір жыл кейін 1942 жылы шыққан: «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабында Сәбит Мұқанов:

« Бұқар жыраудың нақ қай жылы туып, қай жылы өлгенін тарих әлі білмейді, бірақ, жасаған ғасыры белгілі – XVIII ғасыр, Абылай ханның тұсы», - дейді (13 бет). Және Сәбит Мұқанов Бұқардың туған, өлген жерін атамайды. Тек қана: «Оның ұрпақтары қазір Павлодар облысының Баянауыл ауданында тұрады», - дейді.

Сөйтіп 1941 жылы шыққан, 8 класқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулық кітабында: Бұқар 1693 жылы туып, 1787 өлген және Баянаулда туған деген дүдәмәл мағлұмат 1967 жылға дейін, 26 жыл бойы бір кітаптан бір кітапқа көшіп келді.

1963 жылы шыққан «Қобыз сарыны» атты белгілі монографиясында Мұхтар Мағауин былай деп жазады: «Қазір Бұқардың туған өлген жылдары 1963-1787 деп көрсетіоіп жүр. Ал бұл ойжотамен, солай шағар-ау деген долбармен алына салған сан. Бұқар 1693 жылы туды деудің ешбір қисынға келмейтінін дәлелдеу онша қиынға түспейді: ол үшін ақылдылықтың да, алғырлықтың да қажеті жоқ.

Абылайға арнаған толғауларының бірінде Бұқар:

Күнінде мендей жырлайтын

Тоқсан үште қария

Енді де саған табылмас, - дейді.

Бұл сөздер Абылай өлген 1781 жылдың өзінде-ақ айтылды дейікші. 1781-ден 93-ті алыңыз, сонда 1688 қалады. Яғни, Бұқар қазіргі көрсетіліп жүрген 1693-тен 5 жыл бұрын туған болып шығады», - дейді (78-бет). Олай болса, Бұқар 1688 жылы туған болып отыр. Бірақ Мұхтар өзінше дәлелденген осы пікіріне тұрақтай алмайды.

Енді барып Бұқарды 1688 жылы туды деген пікірін өзгертіп, 20 жылға шегіндіреді. Олай ету үшін Бұқардың тағы басқа бір жырын мысалға алып, былай дейді: "Жы«ау өзінің Абылайға айтқан толғауларының бірінде ханның жас кезіндегі өмір жолын шола келе:

Елу жасқа келгенде,

Үш жүздің атының басын

Бір кезеңге тіредің.

Репозиторий КарГУ

Елу бес жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң маужырап барып соларсың, - дейді. Яғни бұл сөздер айтылған кезде Абылай елуден жаңа асқан, елу бір – елу екілерде. Демек, толғау 1763 жылдар шамасында туған». « Аталмыш толғаудан Бұқардың өз жасы жөнінен де дерек аламыз. Жырау елу бестен арғы жастар туралы толғана келіп, тоқсан беске тоқтайды да, өз басының мұңын шағып кетеді:

Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен...
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен.

Тоқсан бесті мүлде істен алғысыз етеді, бұл жасқа келіп қажеті жоқ екен дейді. Яғни толғау тайтылған сәтте оның авторы тоқсан бес жаста. Олай болса, Бұқар жыраудың 1668 жылдар шамасында туғандығын көреміз» - дейді. («Қобыз сарыны», 70-80 бет).

М.Мағауин Бұқардың туған, өлген жылдарын анықтауды мақаст етіп, зерттеу жүргізгенде, қолында нақтылы тарихтық мағлұмат, деректер болмағандықтан жыраудың өлең-жыр, толғауларына сүйеніп, жорамал жасау (гипотеза) әдісін қолданған. Бұқар тура өзі туралы айтқан:

Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді саған табылмасы.

Не болмаса « менің жасым тоқсан үш, мұнан былай сөйлеуім маған да болар ауыр күш», - дейтін сөздеріне сүйеніп, жыраудың туған жылын анықтауға талаптану дұрыс деп білеміз. Бірақ, осы «тоқсан үште қария» дегенді Бұқар қай кезде айтты? Оны дәлелдеу қиын. Мағауин: «Бұл сөздер Абылай өлген 1781 жылдың өзінде-ақ айтылды дейікші» деп дәлелдемек болады. Бұл, сүйенер басқа дерек болмағандықтан амалсыздықтан айтылған, ойжоталау, жадағай жорамал ғана. Дегенмен бұрынғы зерттеушілердің Бұқар 1693 жылы туған деген ешбір негізсіз пікірлеріне қарағанда, Мағауинның Бұқарды 1688 жылы туған деп ғылыми жорамал жасауы тарихи шындықтан аса алшақ кете қоймайды. Ал енді Мағауин осы айтқан бір пікіріне тұрақтамай, Бұқардың тағы бір өлеңіне үңіліп, зерттеп барып, 1668 жылы туған деген қорытындыға келеді. Бұндай қорытынды жасау үшін келтіретін дәлелі Бұқардың Абылайға айтқан толғауларының бірі екенін жоғарыда айттық. Ол толғау жырын Бұқар: «Ай, Абылай, сен он бір жасында әншейін – ақ ұл едің» - деп бастап, Абылайдың басынан кешкен өмір кезеңдерін сөз етеді. Он бес жасқа келгенде, жиырма беске келгенде, отыз беске

Репозиторий КарГУ

келгенде, қырық жасқа келгенде, қырық беске келгенде деп Абылайдың осы айтылған жастарында басында нендей уақиғалар өткізгенін, не істегенін баяндайды. Мағауин ұзақ жырдың жоғарыда келтірген алты жолын мысалға келтіріп, «бұл сөздер айтылған кезде Абылай елуден жаңа асқан, елу бір, елу екілерде. Демек, толғау 1763 жылдар шамасында туған», - деген қорытындыға келеді. Бірақ, жыр Абыладың елу бес жасқа келгенде қандай күйде болатынын айтумен аяқталмайды. Жасы ұлғайған сайын адамның қандай халде болғанын толғайды. «Елу бес жасқа келгенде» - дегеннен әрі: алпыс бес жасқа, жетпіс бес жасқа, сексен, сексен бес жасқа келгенде не күйге ұшырайтынын айта келіп, «тоқсан бес деген тор екен...келмейтұғын неме екен», - деп барып толғау аяқталады. Толғаудың осы соңғы сөздерін Бұқар өзі туралы айтқан деп білген Мағауин, «толғау айтылған сәтте оның авторы тоқсан бес жаста» деген қорытынды жасайды.

Бұқардың Абылайға арнап айтылған бұл жыры жыраудың (Бұқардың) туған жылын анықтауға дәлел бола алмайды деп білеміз.

Адамның өмір жасына арнап өлең-жыр шығарып айту, ақын, жыраулар шығармашылығына тән, ежелден келе жатқан дәстүр. Ақындар адамның албырт бозбала кезін, жалынды жастық дәуренін, жігерлі жігіттік шағын орта жасқа-жер ортасына келген кезін, жасы ұлғайып, қайрат қайта бастаған кезін, жасы жетіп қартайған шақтағы кәрілік жеңіп қаусаған, өмірдің ақырғы кезеңіне дейінгі өмір сапарын сыпаттап жыр етіп толғайды. Ондай өлең – жыр ақынның жеке өз басына ғана арналып айтылған болып қалмайды, жалпы адамның өмірі, тағдыры туралы терең тебіреніп, толғанудан туады. Сондықтан ақын, жыраулардың адамның өмір кезеңдерін сипаттайтын шығармалары олардың туған, өлген жылдарын анықтау үшін нақтылы раихи дерек бола алмайды. Мысал келтірейік, ең алдымен Бұқардың өзінен келтірейік: Жырау тағы бір толғауында:

Жиырма деген жасыңыз,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деге жасыңыз,
Жарға ойнаған лақтай.
Қырық деген жасыңыз,
Ерттеп қойған құр аттай.
Елу деген жасыңыз,
О да бір көшкен ел екен.
Алпыс деген жасыңыз,
Қайғылы-мұңды күн екн.
Сексен деген жасыңыз,
Қараңғы тұман түн екен.

Репозиторий КарГУ

Тоқсан деген жасында,

Ажалдан басқа жоқ екен»,-

дейді. («Алдаспан». XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармалар жинағы. Алматы, 1970 ж., 152-153 беттер).

Осы өлеңіне қарап, Бұқарды 90 жасында өлген дей аламыз ба?

Шал ақын Құлекеұлы 1748 жылы туып, 1819 жылы, 71 жасында өлген екен. Шал ақынның да, жоғарыда мысалға келтірілген Бұқар толғауына ұқсас жыры бар. Оның «Он бестегі жасым-ай» - деп басталатын өлеңі: «Сексен жасқа келгенде қазулы тұрған көр екен, тоқсан жасқа келгенде, өлімнен басқа жоқ екен» - деп аяқталады. («Алдаспан». 1970 ж.46, 236 беттер). Осы өлеңіне қарап, Шал ақынды тоқсан жасында өлген екен дей аламыз ба?

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы туып, 1871 жылы, 69 жасында өлген екен. Дулаттың да: «Он бес деген жас қайда, жарға ойнаған лақтай» - деп басталатын жыры: «жүз, сірә, мені қоймассың, қараңғы көрге құлатпай» - деп аяқталады. Осы өлеңіне қарап, Дулаттың жасын анықтауға бола ма? Әрине, болмайды.

Сүйінбай ақынның қартайған шағында айтқан өлеңі С.Сейфуллиннің «Ескі әдебиет нұсқалары» атты кітабында басылған (1931 ж. 117-118 беттер). «Шіркін кәрілік келді ғой кезіменен» деп бастап, «ақын боп жиырмамдай желдей болым(- дей келіп. «Сексен асып, тоқсанға келгеннен соң, ақ үрпік балапандай секілдендім», « Сексеннен тоқсан жасқа келгенімді, қарғаның жетімдігіндей бүріп алды», - деп ұзақ өлеңнің әрбір кезеңінде, тоқсан жасқа келген шағын қайталап отырады. Осы өлңні бойынша Сүйінбайдың қанша жасқа келгенін анықтауға бола ма? Өлеңіне қарасақ ақын тоқсан жасқа келіп отырған сияқты. Тарих кітаптарында Сүйінбайдың 1827 жылы туып, 1895 жылы, 68 жасында өлгенін жазады. (« Қазақ ССР тарихы», 1 том, 1957, 394 бет – «История Казахской ССР», в пяти томах, том III, 1979 г. 208 стр).

Ақын, жыраулардың соның ішінде Бұқар жыраудың да, даманың өмір жасы туралы айтқан өлеңдерінің бәрі бірдей олардың туған, өлген жылдарын анықтау мәселесінде нақтылы тарихи дерек бола алмайды.

Бұқардың өлген уақыты 1781 жылы дегендегі М.Мағауинның келтіретін дәлелі қайсы? Ол былай дейді: «1781 жылы Абылай өлгенде Бұқар әлі тірі: жырау ханды азалап, өзінің ең көркем туындыоарының бірі – « Күпшек санды күреңді – Тәбиаға жаратқан» - деп басталатын жоқтау жырын шығарды». Бұқардың Абылайдан соңғы өмірі жайында ешқандай дерек жоқ, 113 жасқа келіп қаусап отырған жыраудың өзі де көп ұзамай ажал жастығына бас қойса керек.

Репозиторий КарГУ

...Жоғарыда келтірілген кейбір жактілердің негізінде біз Бұқар жырау Қалқаманұлы 1668 жылдар шамасында туып, бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылдың шамасында өлген деп есептейміз» (Мұхтар Мағауин, «Қобыз сарыны», 80-81 беттер). М.Мағауин кітабында Бұқардың туған жерін атамайды. «Бұқар сүйегі қазір Баяналда, Далба тауларының ішінде» - дегенді ғана айтады. «Бұқар өмірі қақында біздің білеріміз тым тапшы. Жыраудың туған, өлген жылдары жайында да нақты деректер жоқ. Оның қанша жасаған адам екені де белгісіз» - деп, Бұқардың өмірін зрттеу ісінің қиындығын ашық айта отырып, Мағауин сол қиындықтан қашпай, ғылыми батылдық жасап, тарихи шындықты анықтаудың жолын іздеп, зерттеу ісінде әдебиетшілерге ой салатын еңбек еткен.

Ешбір ғалым мәселенің түйінін бір сәтте шешіп тастай алмайды. Мәселені қоя білудің, шешімін ізденудің жолын, ғылыми бағытта, дұрыс бастай білудің өзі де ғалымның ғалымдығын ақан аңғарта алады.

Енді, Бұқардың дүниеге келген жері туралы, яғни: «Бұқар Қалқаманұды қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып-өскен» - деген мәселеге келейік.

Бұқардың «Әз Тәуке ханның баласы өлгенде» - алғаш жариялануы. Әдебиет институтының қолжазбаларынан. Баспаға әзірлеген – м.Мағауин» - делінген. Және М.Мағауин «Қобыз сарыны» монографиясында: «Біздің қолымыздағы Бұқарға қатысты ең ескі деректердің бірі Тәуке ханның атымен байланысты. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Ьұқардың Тәуке тұсында-ақ ортадағы белді би, батагөй ақсақалдардың бірі болғандығы аңғарылады» - (78 бет) – дейді. Бұл берілген малұмат тарихи шындыққа қайшы келмейді. Және Тәукеге айтқан толғау-жыры жыраудың басқа өлендерімен салыстырып, пайымдап қарағанда, Бұқар аузынан шыққандығы күдік тудырмайды деп білеміз. Тәукенің 1680 жылдан 1718 жылға дейін, яғни 38 жыл хан болғаны тарихта жазылған. Тәукенің хан болып отырған дәуірінің соңғы 10-15 жылдар шамасында Бұқардың жігіт ағасы болып, ел басқару ісіне араласып, сөз өнерінің өрен жүйрігінің бірі болып, атағы шыға бастаған кезі болады. Өз замандасы Үмбетей жыраудың Бұқар туралы айтқан жырында:

...Бұлбұл құстай сайрадың,
Топты көрсең жайнадың.
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың.
Таукенің болып жаршысы,
Халқының болып заршысы,

Репозиторий КарГУ

Белді бекем байладың...-

деген сөздерінен де Бұқардың Тәуке хан заманының өзінде, елге әйгілі жырау болғаны байқалады. Сондықтан біз де М.Мағауиннің Бұқар Тәуке тұсында-ақ ортадағы белді би болды деген пікіріне қосыламыз.

Ал енді, Бұқар XVIII ғасырдың басында Тәуке ханның ордасында болса, Тәукенің ордасы қай жерде болған еді? Бұл тарихта айқын мәселе, «Қазақ ССР тарихы» кітабынан қысқа ғана мағлұмат келтірейік: «Түркістан маңындағы Тәуке ханның ордасын бұл кезде «әскери адамдардың қоныстары» айнала қоршап отырған еді. 1710 жылы жауға қарсы қалай төтеп беру мәселесін талқылау үшін Қарақұм маңында барлық қазақ жүздерінің өкілдері бас қосты»- - деп жазылған («Қазақ ССР тарихы», 1 том, 1957 ж., 248 бет). Олай болса, Бұқардың алғашқы жыр толғап, жырау аты шыға бастаған жері – Тәуке ханның ордасы, Түркістан маңында екенін көреміз.

Бұқар Абылайға арнап жырында: «Ай, Абылай, Абылай, мені мен көргенде, тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің. Әбілмәмбет патшаға қызметкер болып тұр едің, жалпақтап жүріп күнелтіп, Үйсін Төле билердің түйесін баққан құл едің...» десе, жас бала Абылайды да Түркістан жағында көрген. Әбілмәмбет ханның ордасы да Түркістан маңында екен, Ұлы жүз Үйсін Төле бидің мекені де сол жақта – Оңтүстік Қазақстан жері екені де, тарихтан хабары бар адамның бәріне де аян нәрсе.

Бұқардың өлең-жырларынан оның жүрген жері: «Түркістан маңы Оңтүстік Қазақстан, Сырдария өзенінің өлкесі екенін, басынан кешкен уақиғаларының көбі осы аталған жерлерде өткенін көреміз. Жыраудың шығармаларының бір де бірінен «Баянауыл» деген сөзді кездестіре алмаймыз. «Керей қайда барасың?» - деген өлеңінде: «Керей қайда барасың, Сырдың бойын көбелеп...» дейді ғой. Сонда Бұқар анау Баянауылдан аттанып, сонау Сыр бойында Керейді қуып жеткен екен дей аламыз ба? Осы айтылғандарды пайымдап, ой елегінен өткізіп, ақыл таразысына тартып көрсек, «Бұқар жырау қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туып-өскен» - деген сөз тарихи шындыққа жанаспайды, адамды нандыра алмайды.

Енді Бұқар жыраудың туған, өскен жерін, дүниеге келген, дүниеден көшкен жылдарын анықтауға тарихи дерек боларлық, әлі зерттеу объектісіне кірмеген, мағлұматтарды келтіреміз. Ең алдымен зерттеу объектіс ретінде қарастыратын мағлұмат, деректердің тарихын, қысқаша болса да баяндауымыз қажет болады.

Біздің қолымызда Бұқар жыраудың өмір тарихын баяндайтын қолжазба бар. Ол қолжазбадағы мағлұматтардың түпкі негізі, тарихта

Репозиторий КарГУ

белгілі, Бапан бидің айтып қалдырған шежіре сөзінен басталады. Бапан би Қанжығалы Бөгенбай батырдың тұқымынан. Бөгенбай батырдың Баяу деген бәйбішесінен: Тұраналды, Тұрымбет деген балалары болған (Бөгенбйдың Қамырқан, Лаба дейтін әйелдерінен туған балалары аз да емес). Тұраналыдан туған Бапан би – Бөгенбай батырдың немересі болады. Бапанның баласы, әйгілі Сақұлақ шешен (Сақұлақ туралы Қазақ Совет Энциклопедиясының 9-тарауында жазылған). Бапаннан қалған тарихи әңгімені, өлең-жырларды сақтап, кейінгі ұрпақтарына жеткізген, оның мұрагері – Сақұлақ шешен (1800-1888). Сақұлақтың жеті баласының бірі – Ералы. Бұл кісі де шешен, шежіре әрі ақын, ескіше сауатты адам болған. Сақұлақтан қалған сөздерді, өлең-жырларды қағаз бетіне түсірген – осы Ералы. Бұл кісі өзі де ел аузынан тарихи аңыз әңгіме, үлгілі сөз жинап жазып, тарихта белгілі адамдар дайында да көп мағлұмат, деректер қалдырған. Шоқан еңбектерінде (бірінші том), әдебиет тарихында аталатын Абылайдың атақты бас батырларының бірі-Қанжығалы Жантай батыр туралы Ералы жазып қалдырған поэма да бар. Сәкен Сейфуллин Ералыны жақсы білген. Ералы бірталай жазбаларын Сәкенге тапсырған. Ералының бір әңгімесін, С.Сейфуллин: «Ералы ақсақал сөзі»-деп атап, 1936 жылы «Әдебиет майданы» журналының бірінші санында бастырған.

Ералы 1846 жылы туған, 1932 жылы, 86 жасында, Семей қаласында дүниеден қайтты.

Ералыдан қалған қолжазба мұра , оның баласы Тұрсынбайдың қолында сақталып келді. Тұрсынбай Ералиев, филология ғылымының кандидаты,доцент, көп жыл Семей пединститутында оқытушы болды. Тұрсынбай 1982 жылы туған адам. 1972 жылы , 80 жасында , Семей қаласында дүниеден қайтты.

Тұрсынбай көзі тірісінде : «Ералы қарттың қолжазба жинағынан тәбәрік»-деп жазып, маған бергендерінің ішінде: Бұқар жыраудың өмірбаяны Абылай мен Бұқар , Ақтабан шұбырындыдан кейін Орта жүз руларының Арқаға ауып келіп , қоныстану тарихы. Тобықты мен Қанжығалы арасында болған үлкен бір дауға Бұқардың билік айтуы, Үмбетей жыраудың Бұқардың асында айтқан жыры, «Жантай батыр» поэмасы, тағы басқа материалдар бар. Осы айтылғандардың ішінде Бұқардың өмір тарихын толығырақ баяндайтын: «Бұқар жыраудың асында, зиратының басында отырып, Үмбетей жыраудың жырлағаны», - деп аталатын ұзақ жыр. Жыр былай басталады:

Асқар тауды құлатып,
Тоқсан екі жасында,
Арыстанды сұлатып,

Репозиторий КарГУ

Отырмыз біз басында.
Өткір тілі жоғалған,
Тұрсақ та тосып қасында.
Зияпатын жіберген,
Хан Абылай асына.
Үйірлеп жылқы айдатқан,
Сойылсын деп басына.
Шыдап қалай тұрайын,
Егіліп мен жылайын,
Зарым шықсын есімнен.
Біраз енді жырлайын,
Түсіріп еске өмірін,
Қауымға баян қылайын...

Жырдың осы бастамасының өзінен Бұқар жыраудың тоқсан екі жасында өлгенін және оның асы берілген кезде Абылай ханның тірі екенін көреміз.Үмбетей жырау жырын осылай бастап келіп, Бұқардың өмір тарихын баяндайды:

Туған жерің Жиделі-Байсын екен,
Елібай деп атаған Бұқар маңы.
Атыңды Бұқар қойған сол себептен
Мәлім ғой ол қазақтың ескі заңы.
Соғыста қалмақ жеңіп,босып келген,
Белгісіз келген жанның қанша саны.
Бастап келген Қалқаман – сенің әкең,
Батырды қарсы алыпты Бұқар ханы.
Екі жылда еліне қайтарыпты.
Босатып, Ембі,Зайсан екі араны.
Онда сенің бір жасар бала күнің,
Қазақта Әз – Тәукенің хан заманы, -

деп, Бұқардың қай жерде, қандай жағдайда, қай уақытта дүниеге келгенін , оған «Бұқар» деп ат қосу себебіне дейін баяндап береді.

Үмбетейдің осы жырындағы айтылғандарды «Қазақ ССР тарихы» кітабында (1 том, 1957) жазылған уақиғалармен салыстырып көрейік. Тарихта былай деп жазылған : «XVII ғасырдың 80 – ші жылдарында жоңғар феодалдарының қазақ жерлеріне жорықтары бұрынғыдан бетер зор көлемде қайтадан қозды. Жоңғар феодалдары Оңтүстік Қазақстандағы және Сырдария бойындағы сауда қалаларын , сонымен қатар е маңызды керуен жолдары өтетін территорияны да басып алуға тырысты. Халдан (1671-1699) деген жоңғар хуантайшысы 1681 – 1685 жылдары Оңтүстік Қазақстанға бірнеше рет шабуыл жасады, Сайрам қаласын алып, қиратып кетті. Бай аудандар тып-типыл

Репозиторий КарГУ

болды» (248 бет). Олай болса, Әз-Тәуке хан кезінде (1680-1718), қалмақ феодалдарының қазақты ойсырата жеңіп, бостырып жіберген уақыты-1685 жыл. Үмбетей жырында айтылған, қалмақтан жеңіліп қашқан қазақтың бір бөлегінің , Қалқаман батыр (Бұқардың әкесі) бастап барып, Бұқар ханын паналайтын кезі де 1685 жыл деуімізге болады. Және Үмбетей жырын бастағанда: "Асқар тауды құлатып тоқсан екі жасында" дейді. Яғни Бұқардың 92 жасында өлгенін айтады. Олай болса, Бұқар жыраудың 1685 жылы туғаны да дұрыс болып шығады.

Үмбетей жырау Бұқардың қай жерде,қай елде туғанын баяндап бергеннен кейін , оның балалық , жастық шағын суреттей келіп , ақындық өнерімен халыққа әйгілі болып танылып, Тәуке ханның жаршысы, халқының қамқоры болғанын жырлайды:

Тілің шықпай жасында,
Бала болдың сен мылқау.
Бір алуан жан десетін,
Іштей туған кем сырқау.
Сырқат па әлде мінез бе?
Мұны қиын жобалау.
Дәл он екі жасында
Бақыт қонды басыңа:
Тілің шықты сөйледің,
Қолдан қолға тимедің.
Төре,қара қасында,
Бұлбұл құстай сайрадың,
Топты көрсең жайнадың.
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бұлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың.
Тәукенің болып жаршысы,
Халқыңның болып заршысы.
Белді бекем байладың,-дейді.

Үмбетей жырау жырындағы Бұқардың балалық шағы жайындағы айтқандары Ералы қолжазбасында да жазылған: «Бұқар жас кезінде мылқау бала екен, тілі он жасына келгенде шығыпты деп айтысады. Тексеріп келгендегі анығы ол нағыз мылқау емес, көрініске аңқау, салбыр аңдалғандай, қиял билеп өз бетімен жүретін бір алуан сынды адам сияқты көрінеді. Сондықтан, жұрт оны «мылқау бала» деп атайтын болса керек. Он екі жасында , мылқау бала жай тілі шыққанның үстіне , өз жанынан суырып салып айтатын жыршы болып , сайрай бастапты. Содан жұрт қолдан қолға тигізбей , ойын-сауығына алып жүретін болып,жігіт ағасы кезінде жырау аты шығыпты деседі. Бұл-

Репозиторий КарГУ

оның өнерінің (ақындық қызметінің) басталған кезі болады, яғни он екі жасынан ақындығы басталады» - деп жазады Ералы ақсақал.

Ал енді Үмбетей жырындағы : «Тәукенің болып жаршысы , халқыңның болып заршысы, белді бекем байладың», - деген сөздеріне келетін болсақ,бұл мағлұматтардың тарихқа қайшы келетін жері жоқ. Тәукенің хан болған кезі – 1680-1718 жылдар екені тарихта аян. Бұқардың жырау атағы жігіт ағасы болған кезінде, яғни 25-30 жастарында шықса, онда 1710-1715 жылдар шамасы болады. Ол жылдар Тәуке хан тірі. Үмбетей жыры былай аяқталады:

Өткіздің тоғыз ханды толғауменен ,
Шештің талай түйінді болжауменен.
Іс болса қиын-қыстау сен сайыстың,
Қылыш қып қызыл тілді қорғауменен.
Армансыз тоқсан екі келген жасың,
Арманы ел-жұртыңның-Әзіл басың.
Сұрағанмен бермес-ті,
Жылағанмен келмес-ті.
Айттым сәлем еліңнен,
Сарыарқадай жеріңнен,
Жатсаң да шірімейтін
Асыл Тасым!

Үмбетей: «Өткіздің тоғыз ханды толғауменен» десе, бұл да тарихи шындық. Бұқар, Әз – Тәукеден бастап онан соңғы қазақ хандары:
«Қайып,Болат,Сәмеке,Әбілмәмбет,Күшік,Әбілхайыр,Барақ,Абылайлардың ақылшысы, кеменгер биі болған».

Үмбетей (1694-1786)-Бұқардың әрі замандасы,әрі тілектес-ниеттес ең жақын досы болған адам. Ақындық өнерде Бұқармен теңдес. XVIII ғасырдағы ең атақты, ірі жыраулардың бірі. Ол өзі көрген, басынан кешкен тарихи уақиғаларды жерінге жеткізе,шыншылдықпен жырлайтын шежіре жырау. Оның бұл қасиетін Бөгенбай батырды (1680-1775) жоқтау және батырдың дүниеден қайтқанын Абылайға емтірту жырларынан айқын анық көреміз. Үмбетейдің ақындық өнерінің ерекше қасиеттерін суреттеп Шahкәрімнің арнайы өлең жазғаны белгілі.Қара бұжыр Қанжығалы Үмбетей жырауды Мағжан да ерекше мадақтап:

Әрі ақын , әрі батыр Қарабұжыр,
Айтатын өрлеп барып аспанға сыр, - дейді
ғой. («Батыр Баян»).

Сондықтан Қанжығалы Ералы Сақұлақ ұлының қолжазбасында сақталған, «Бұқар жыраудың асында, зиратының басында отырып, Үмбетей жыраудың жырлағаны», - деп аталатын

Репозиторий КарГУ

жыры – Бұқардың дүниеге келген жерін, туған,өлген жылын анықтау мәселесінде қазіргі қолда бар бірден бір нанымды мағлұмат, тарихтық дерек деп білеміз.

Осы айтылғандарды қорыта келгенде, Бұқар жыраудың дүниеге келген жері , Бұқар қаласының маңы (Бұқара қаласы – қазіргі Өзбекстандағы Бұқара облысының орталығы) болады. Өскен ортасы , көп уақыт өмір сүрген жері – Оңтүстік Қазақстан.

Ал,Бұқардың өлген жері туралы,әуелде (1931) Сәкен Сейфуллиннің: «Бұқар жыраудың моласы Баянаулада, Далба тауының ішінде»-дегені тарихи шындық.

Бұқардың Оңтүстік Қазақстан жағынан, Баянауыл жаққа келген кезі, Ақтабан шұбырындыдан кейін. VVIII ғасырдың 50-60 жылдары сияқты. Олай дейтініміз Абылайдың да Есіл, Нұра, Ертіс өзендерінің өлкесі сияқты шұрайлы жерлерді алып, иемденіп, ірге тебе бпстауы осы жылдар екендігі «Қазақ ССР тарихында» айтылған:

«XVIII ғасырдың 50-60 жылдарында Абылай сұлтан , оның балалары мен туыстары Есілдің , Тобылдың,Нұраның,Ертістің және басқа да өзендердің бойындағы жақсы қыстауларды басып алды»,деп жазылған. («Қазақ ССР тарихы», 1 том , 271 бет). Абылай ел басқарып атағы шыққан кезден бастап,Бұқар өле-өлгенше оның ордасында болғаны белгілі. Абылайдың ордасы Көкшетауда Бурабай көлінің маңында , ханның Қызылағашы деп аталатын жерде болған. Бұқардың өз руының қонысы – Баянаула , өз ауылының мекені – Далба тауы.

Енді Бұқар өмірінің ақырғы кезеңі туралы Ералы ақсақалдың жазбасынан келтірейік. «Бұқардың соңғы өміріне келсек, ол кісі Абылай ханнан бұрын өлген, бірақ, арасы көп алыс емес... Бұқар Абылайдан бұрын өлді дейтініміз : Бұқар қартайып маужыраған соң, ордадан мүлде кетіп, өз ауылына келіпті. Тоқсан жастан асып, жағы түсіп өлуге айналыпты. «Бұқар нашар жатыр, ол дүниелік болуға айналды», - деген Абылайға хабар жетіпті. Мұны естіген соң Абылай соғысқа мінетін белгілі жүйрігіне мініп, Бұқармен қоштасып қалуға аттаныпты. Жүйрігінің ұшқырлығымен,Көкшетаудан шыққан күні Далбадағы Бұқардың үйіне жетіпті. Абылай келгенде,Бұқар жағы түсіп, қалжырап жатыр екен. Келгенін естіп,біреуге орамалмен жағын таңғызып, Абылайға қаратқызыпты, сонда:

Бас ауырды, жан қорықты, түсті пікір,
Хан иемді көрсеткен бұған шүкір
Ауыздыға жол бермен деген басым,
Тісім түсіп қалыпты,тілім бүкір, - деп өлеңмен
Амандасқан екен,-дейді ескі қарттар», - деп жазады Ералы ақсақал.

Репозиторий КарГУ

Үмбетей жыраудың жырындағы Бұқардың өмір тарихы туралы баяндалған мағлұматтарды тарихи деректермен салыстырып зерттеу нәтижесінде саятын қорытынды пікір.

Бұқар жыраудың туған уақыты -1685 жыл болады. Үмбетей: «Асқар тауды құлатып, тоқсан екі жасында»,-деп, яғни Бұқар 92 жасында қайтыс болды десе,оның 1685 жылы туғаны және 1777 жылы өлгені дәлелдене түседі: (1685+92=1777).

Ақын, жыраулардың туған, өскен жерін, өмір сүрген ортасын, дүниеге келген, дүниеден көшкен уақытын, қысқасы, өмір тарихын жақсы білмей тұрып, олардың шығармалары туралы дұрыс пікір айту қиын, тіпті мүмкін емес деуге болады.

Қайым Мұхаметханұлы
1993ж.

* * *

Бұқар жырау Қалқаманұлы

Қай зерттеуші болсын Бұқар жыраудың өмірбаянын жазғанда, негізінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мәліметтеріне сүйенетін тәрізді. Бірақ Мәшһүрдің өзі, көбінесе ел аузында жүрген аңызды жинағаны көрініп тұр. Мысалы, ол Бұқар жөнінде былай деп жазады: «Өз заманындағы жандар бұл кісіні «көмекей әулие» деседі екен. Қара сөз білмейді, тек сөйлесе, көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен». Өрен жүйрік, ақпа ақындардың бойынан кереметтей жойқын күшті іздеу ежелден келе жатқан дәстүр десе де болғандай (Мұрат ақын туралы да аңыз бар). Қалай да барға там-тұмдап жеткен аз ғана деректерге жүгінбеске шара жоқ.

Сөйтіп, Бұқар жыраудың өмірі, жасаған ортасы, алған тәрбиесі, ақындық алғашқы жолы жөінінде мәліметтер жөнді сақталмаған. Жалпылама түрде келіп жеткені: жыраудың әкесі Қалқаман арғынның бір тармағына жататын Қаржас ішіндегі алтын торыдан шыққан батыр деседі. Бұқар Баянауылда туып, сол жерде дүние салған, моласы Далба тауында. Абылай хан таққа отырған кезде, Бұқар ел арасына атағы жайылған ақын, дуалы ауыз би, орта жасқа келіп қалған егде адам болса керек. Сол Абылай ханға арнаған толғауларының кейбірінде Бұқар өзінің кәрі екендігін баса айтуы да мұны дәлелдей түседі.

Бұқардың қай тапқа жататынын сөз еткенде әртүрлі жорамалдар айтылып жүр. Бірде оны Орта жүздің «жуан бер руы арғын ішінен шыққан анық үстем тап адамы болды» (Мұқтар Әуезов) деп кесіп айтса,

Репозиторий КарГУ

тағы бір сәтте Сәбит Мұқанов жыраудың өз басы кедей екендігіне мынадай бірер дәлел келтіреді: Бұқар жыраудың шаруа күйі кедей болған сияқты. Ол туралы мынадай сөз бар: Бұқардың Ақан, Төбет дейтін бай ағайындары болады, Бұқар олардан ат майын сұрайды. Сараң байлар ат бергісі келмей: «Пәлен қоныста келерсің» деп қашыртқы салады. Бұқар жырау шақыртқан жерге де барады. Сараң бай оған уәделі атын бермей, «жейде ғып киерсің» деп екі қара бөз береді. Бұқар жырау бөзді алмай, былай деп өлең айтады:

Бұқар екең біз келдік.
Ақан, Төбет байларға.
Бесті берсең, семіз бер
Жаздай Бұқар жайлауға.

Бермеймін деп атама,
Асауыңды матама.
Шылбырынан берік тартсам,
Шымырқанып, шамданып,
Шалқасынан жата ма ?
Алпыстағы Бұқардың
Сілесі құрып қата ма?
Құлдарың мен күндерің
Мерекеге бата ма?
Келіп едім өзіңе,
Түнеугі айтқан сөзіңе.
Тіпті разы болмаймын,
Керегенің басында
Екі қара бөзіңе.
Бермей қалсаң осы жол
Жолықпаймын деп ойлама
Жортуылшы ердің кезіне.

Бір жиында орынды сөйлегені үшін Абылай хан Бұқар жырауға өз тобынан бір ат беруге бұйырады. Ханның жасауылы атты әкелмек боп жылқыға аттанғалы жатқанда Бұқар жырау:

Бұл кісі жылқымен бірге бір ат берсін,
Майы бар екі жылғы құр ат берсін.
Берсе ренжімей берсін.
Ренжитін болса егер, астымдағы
Көк шолаққа құдайым қуат берсін!
Өзінде жоқ болса, батырларынан сұрап берсін!
Аузында тісі жоқ қартаң болып жүрмесін!
Барған кісінің шылбырын үзер, тарпаң болып жүрмесін!

Репозиторий КарГУ

Қыландаған базардың шаңқан бөзіндей болсын!
Сұлулығы төренің өзіндей болсын!
Жүрісі Бұқар жыраудың сөзіндей болсын! –
депті.

Ақын-жазушының шыққан ортасы, шаруа жайы оның көзқарасына, идеялық бағытына белгілі дәрежеде әсер еткенмен, барлық тетік тек осында ғана деп шешсек, мұнымыз бір жақты және теріс түсінік болар еді. Өйткені, жалғыз тап сойылын соққаны, немесе, мүлде керісінше, феодалдық ортадан шыққан кемеңгер қайраткердің бұқара халық мұңын мұңдаған тарихқа беймәлім емес. Ендеше, Бұқар жырауды көк шолақ ат мінгеніне қарап бағаламай, оның қалдырған асыл мұрасына лайық танығанымыз жөн болар.

Бұқар жыраудың негізгі саналып келген шығармаларын талдауға көшпес бұрын, оның есіміне тікелей, кейде жанама байланысы бар үш толғауға арнайы тоқтауды мақұл көрдік. Олардың екеуі («Абылай туралы жыр», «образец причитанный») Ш.Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының бірінші кітабында жарияланған, ал үшіншісі – Асан қайғы айтыпты-мыс деген жұмбақ өлеңді Бұқар жыраудың шешуі.

«Абылай туралы жыр» жөнінде түрліше жорамалдар жасауға келетін секілді. Ең алдымен, бұл жырды кімнің шығарғанын кесіп айту өте қиын, ал мазмұнына қарағанда ол Абылай ханның қырғыздарға шабуыл жасағанын кейін туған тәрізді, шамасы кесек толғаудан қалған үзінділер болуы да ықтимал. Ал оның түр-сипатына келсек, ескі батырлар эпосының әсері айқын білініп тұр. Сонымен бірге бұл жырдың аз да болсын тілінде ерекшеліктер бар. Мұндағы айрықша тағы бір қасиет: айтушы жырау Абылайды бірыңғай мадақтай бермей, оның осал жақтарын, қысылтаяң кезеңде кімдерге арқа сүйейтінін ашып көрсеткен, кей сәтте қырғыз батырларына іш тартатынын да жасырмаған.

Сөйтіп, бұл ұзақ толғау бірнеше үзіндіден құралған. Ең әуелі шағын кіріспеден кейін қырғыз батырлары Есенғұл мен Садырдың семіз найманды, әсіресе қоңыратты шауып алғандығы баян етіледі. Мұны көрген 15 жасар Жауғаштыны ыза буып, шыдай алмай жылап жібереді де, Садырдан қайтсе де кек алуға серт береді. Ол Арқадағы Абылай ханды іздеп барып, одан көмек сұрамақшы болады. Ақыры «төрт кісіні басшы алып, бес кісіні қосшы алып» Абылайға келген шағында хан одан: «Жолдар болсын Жауғашжан», - деп жайша сұрайды. Сонда жас бала Абылай ханға былайша жауап береді.

Хан Абылай, тақсыр хан.
Тәңірі берсе, мол болсын.
Қырда қуыс шұңқырдан
Семіз найман шабылды,

Репозиторий КарГУ

Соның ішінде менің
Қоңыратым жаман шабылды...

Осылайша зарлана келе Жауғаш бала өзінің құрбы-құрдастарынан айрылып, оларды қатты сағынғандығын айтады.

Хан Абылай:

- Ай, Жауғашым, Жауғашым,
Сен бара тұр, бара тұр!
Сүмбіле тусын жылтиып,
Ат семірсін құнтиып.
Мен Садырға қылайын,
Баяғыдай болайын,
Тана бергей құдайым...

деп оны жұбатады. Бұдан әрі Абылайдың балаға берген уәдесін бұзбай, «жүз қойға алған құлаша атты» жаратып, Ұлы жүз бен Кіші жүзден , әсіресе уақ және керейден қалың қол жинағанын сипаттаған кезде ескі жырлауларша толғап кетеді:

Көк бөрідей желді хан,
Ителгідей ілді хан,
Қаршығадай қақты хан,
Тұрымтайдай қонды хан,
Тоқал терек түбінде
Аттанып кеңес сүрді хан...

Қысқасы, Абылай хан қалың қолмен осы сапарында «Баяу жатқан қырғызды» шауып алады. Бірақ, Абылайдың жорығы мұнымен тынбайды, ол қырғыз батырларынан хауіптеніп ынтымақ іздейді де, жас Жауғашты Садырға елші ретінде жібереді:

- Ай Жауғашым, Жауғашым!
Оң қолымда лашын,
Сол қолымда Жауғашым...
...Мінгенде аты кері еді.
Есенгұл мен Ер Садыр
Қырғызда даңқы бір шыққан ер еді.
Бар Садырға бара гөр:
Жауласпаймын Садырмен.
Елдесейін Садырмен.
Таластының бойы тар жайлау,
Таласа барып жайлайық.
Кеңістің бойы кең жайлау,
Кеңесе барып жайлайық,
Қазы менен қартаны
Қия кесіп шайнайық...

Репозиторий КарГУ

Абылай ханның бұл тілегін Садыр қабылдамайды, ондағы дәлелі кәрі Абылай бір емес, елімді үш рет шапты, онымен де қоймай:

Бір қылмады мың қылды, Қоқы!
Жабағымды жүн қылды,
Жас қайысымды іи қылды,
Онымен тынбады, Қоқы...

...Қан қылмай шешсін киімді,
Бөлек, бөлек етермін,
Боздай жыртып өтермін,
Дулығасын киермін,
Еңкесіне мінермін...
...Елімді шапқан со құлдың
Сүйегі (нің) үстіне
Мұнара қылып үйермін.

Осындай ауызша айтыстың аяғы тағы да ұрысқа айналып, бұл жолы да Абылай хан жеңіспен оралады.

Ұзақ жырдың соңында қырғыздың атақты батыры Әтеке жырықтың өлімін жоқтаған қызының жыры жеке берілген. Ол өзінің қайғы үстінде ашынған сезімін білдіргенде соғысты бастаған Абылай мен Садырды бірдей кінәлайды. Садыр қамысқа тығылғаннан әкем жау қолынан қаза тапты деп бір түйсе, Абылайды да ащы сөзбен әшкере етеді:

Ішіп қанға тоймады,
Абылай деген қас айғыр
Ежелгі кәрі кегін қоймады.

Тұтастай алғанда бұл жыр жөнінде не айтуға болар еді? Ең алдымен бұл шығарманың авторы қазақ жырауы екенінде ешбір күмән жоқ. Оны бір жағы:

Мен бір жырды жырлайын,
Жырласам нені жырлайын?
Ертеде өткен Абылай
Ханымды жырлайын.
Онымен қоймайын,
Оның атысқан жауын жырлайын... –

деп басталатын толғаудың кіріспе жолдарынан бір көрсек, сонымен бірге осы жырдың өн бойындағы Абылай хан мен оның төңірегіндегілерге ақынның іштей тартып отыратын жылы көзқарасынан да айқын аңғарамыз. Ал тексте кездесетін бірен-саран кірме сөздерге қарап, бұл шығарманы қазақ пен қырғыз тілінде орындалған деп жеңіл қорытынды жасауға болмайды, өйткені жалғыз

Репозиторий КарГУ

«қоқы» деген сөз болмаса, қалғандары («кіші», «біркай», «яман», «баш», «қамыш», «каш») кітаби тілдің әсерімен өзгеріліп кетуі мүмкін ғой. Жыр бастан-аяқ дерлік қазақтың ауыз әдебиеті дәстүрінде орындалған, оқта-текте ұшырасатын диалогтар (Абылай мен Жауғаштың, Жауғаш пен Садырдың) болмаса, негізінде баяндау түрі басымырақ, кейде халық поэзиясында қалыптасқан шумақтарды ұтымды жақтары: қазақ пен қырғыз жауынгерлерін, олардың ұтымды жақтары: қазақ пен қырғыз жауынгерлерін, олардың айқас үстіндегі қимыл-әрекеттерін реалистік тұрғыдан көрсетуге тырысқан, сонымен қатар, қайталап айтсақ, Абылай ханның жеке басын бірыңғай дәріптей бермеген, қайта оны көп жағдайда қазақтың сол кездегі белгілі рулары мен атақты батырларына кіріптар етіп қойған. Бұл жерде ашық айтатын бір нәрсе, жыр Абылай жорығынан көп кейін туғаны анық, демек Бұқар жыраудың бұған ешбір қатысы жоқ.

Жоғарыда аталған Ш.Ш.Уәлиханов шығармалары жинағының бірінші томында Абылай өліміне арналған тағы бір толғау жарияланған. Әлкей Марғұланның сол томның түсіндірмесіндегі келтірген мәліметтеріне қарағанда, бұл өлеңнің авторы Бұқар жырау екенінде ешбір күмән жоқ. Сондықтан да бұл нұсқаның біз үшін елеулі маңызы бар. Ең алдымен ол осыдан 120 жыл шамасы бұрын (1855 жыл) қағаз бетіне түскен, демек өзінің алғашқы қалпында дерлік сақталып жеткен, ендеше бұл арқылы қарт жыраудың сөз өрнегін, лексика байлығын, ақындық мәнерін аз да болсын айыра білуімізге мүмкіндік туады. Әйтсе де бұл өлеңді жеке-дара талдауды лайық таппай, оны Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған көптеген жыр-толғауларының қатарында бірге сөз етуді мақұл көрдік. Бұдан былай бұл жоқтау Бұқардың жинағына оның өз шығармасы ретінде енетін болады.

Қарт жыраудың бізге мәлім шығармаларының ішінде оқшауырақ тұрған бір толғау бар. Ол – бір кезде Асан қайғының айтқан сөзін кейін Абылайдың сұрауы бойынша Бұқар жыраудың шешуі. Бұл турасында Мәшһүр Жүсіп Көпеев былайша жазды:

Асан қайғы сөзі:
Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман озып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлы-қызың орысқа бодам болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер?!

Репозиторий КарГУ

Абылай хан бір мерекеде ат үстінде тұрып Бұқарекеңнен сұраған екен: «Асан қайғының «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дегені не тантық? Суда жүрген шортан тауда біткен қарағайдың басына қайдан барып шығады, миға қонбайтын сөз ғой», - депті.

Сонда Бұқарекеңнің қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып:

- Ай, хан-ай, бұл сөзді сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді:

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қалады.
Қандыра жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады?
Қайғылы мұндай хабарды
Сұрамасаң нетеді...
Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді.
Енді айтайын тыңдасаң,
Айтты деп қаһар қылмасаң.
Судан қашып қарағай –
Шөлге біткен бір дарақ,
Суға шортан шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп...

Осылайша толғау түрінде бастап, негізгі айтатынына көшкенде алысты болжағандай тебіренеді де, қазақ жеріне төнетін қауіптерді өтеді: бір кезде ен даланы жайлап, еркін өскен елдің ендігі күні қараң, халі мүшкіл болғалы тұрғанын айтып, қорқыта үрейлендіре түседі. Ақырында:

Бұл айтқан сөз, Абылай,
Болмай қалмас артыңнан.
Естісең мына қартыңнан... –

деп сөзін тауысқанда Абылай хан ауыр күрсініп сұрағанына пұшайман болыпты... Бізге жеткен түрі осы. Халқының болашағын ойлап, Асан қайғы желмаясына мініп, қолайлы қоныс іздей тұрса да, ол кезде қазақ даласына тікелей төнген қауіптің нышаны осы толғауда көрсетілген күйге жеткен бе еді? Жоқ. Алайда, көршілес бай өлкеге ертеден көзін тіккен орыс патшалығы өзінің отаршылдық саясатын жеделірек жүргізуге енді ғана ширақ кірісе бастаған болатын-ды.

Ендеше, Асан қайғы аузына жұмбақ сөз салып, оны Абылай хан алдында Бұқар жырауға шештіруде нендей астар бар? Біздің

Репозиторий КарГУ

жорамалдауымызша, Асан қайғы айтыпты деген жұмбақ сөзді Бұқар жырауға шештірудің түп себебі орыс пен қазақ халықтары арасындағы экономикалық, мәдениеттік игі қарым-қатынастардың күшейе түсетіндігіне қарсылық білдірген сол кездегі қазақ қоғамының ішіндегі кертартпа күштің ықпалынан екендігінде сөз жоқ. Бұл жерде феодалшыл ақын-жыраулар халық арасына есімі аңыз боп тараған Асан қайғы мен Абылай тұсындағы ең көрнекті ақын Бұқардың беделдерін өз мүддесіне пайдаланып отыр. Әйтпесе, басқа жыр-толғауларының көпшілігінде мұндай сарынға жол бермей, оқта-текте болсын Абылай ханды орыс мемлекетімен достыққа шақырып, қашан да өз еліне тыныштық, береке тілейтін қамқоршы қарт, неге екені белгісіз, біз сөз етіп отырған өлеңінде орысқа деген қарсылық ойларын ашықтан-ашық ақтарып салады да, өзінің қатты қынжылғанын, болашақтан мүлдем түңілгенін асырмайды. Сонда не болып шығады? Әлде Абылай жөніндегі Бұқар жыраудың басқа толғаулары күдікті ме, әлде мына шешіп отырған жұмбақ сөздерді қарт жырау айтпаса да, жоғарыда біз көрсеткендей біреулер әдейі оның аузына салып отыр ма? Бұл арасын аша түсіп, қосалқы деректер арқылы дәлелдей білген дұрыс.

Алдын ала ескертетін бір нәрсе: зерттеу жұмысымызды түгелінен Бұқар жыраудың Мәшһүр Жүсіп Көпеев жианаған шығармаларына құруымыздың өзіндік бірнеше себептері бар. Ең әуелі, М.Ж.Көпеев Бұқарға тиісті деген өлең-толғауларды ел ішіндегі кәрі құлақ қариялардың аузынан жазып алып, ертеректе қағаз бетіне түсірген; екіншіден, ол өзінің шамасы келгенше Бұқар жыраудың мұрасын толығырақ жинауға және келіп жеткен қалпында сақтауға тырысқан; үшіншіден, өзі де атақты ақынның өмірі және творчествосымен жете таныс болғандықтан кейбір жыр-толғауларының қандай жағдайда туғанын арнайы түсіндірме берумен бірге, басқа да қызықты мәліметтер келтіріп отырған. Әрине, біз қажетті жерінде өзге де деректерді ретіне қарай пайдаланатын боламыз.

Ал енді Бұқар жырау Қалқаманұлының негізгі шығармаларына тоқтағанда, талдауымызды оның Абылай ханға арнаған белгілі толғауларынан бастаған жөн ғой дейміз. Өйткені, ақынның қазір бізге мәлім 30 шақты өлең-жырлары болса, солардың ішінен жарымына жуығының қалай да Абылай ханға ие тікелей немесе жанама қатынасы бар.

«Абылай ханның қасында», «Ал тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай» деп аталатын осы үш толғауды Мәшһүр Жүсіп Көпеев біріне-бірін жалғастыра беріп, ара-арасынан түсіндірме сөздер жазу арқылы байланыстырып отырған. Бұл толғаулардың қайсысында болсын

Репозиторий КарГУ

Абылай хан тыңдаушы ролінде жасап, ескерту жасап, ақыл айтушы – Бұқар жырау.

Бірінші сөзін қарт жырау кеңінен толғап, өзінің соғыс атаулыға қарсы екендігінен бастайды да, сонан соң негізгі ойларын санап өтеді. Түйіп келгендегі берер ақылы:

... Сырдарияның суынан
Көлденің кесіп өтіңіз.
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделібайсын жетіңіз –
Ксісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын-бала қамы үшін
Солай таман жетіңіз...

Бұл ескіден келе жатқан сарын, бір жағы, ел қамын жеу, оған жайлы қоныс іздеу болып көрінсе де, қалай да қалың қазақты жете қондырып, өз алдына шаңырақ көтеру арманы да жоқ емес. Бұл жерде ақын қазақ даласының көптеген жерлеріне орыс патшалығы қамал, бекіністер салғызып, меңгере бастағанын жасырмайды. Осыған орай, Көкшетау, Атбасар, Қарқаралы, Ұлытау, Созақ, Ақмола, Баянауыл, Қызылтау, тағы басқалар секілді талай жер-сулардан бұрынғы сән кетіп, олардың біріне қала салынса, екіншісіне тас қорған соғылғанын немесе үшіншісі қалың қолдың тұрағына айналғанын қарт жырау қамыға жырлайды. Сондағы Бұқардың сарқып айтары: «кәпір жеріңді түгелдей алуға қалды, төңірегің толық қоршалып бітті, бұрыларға шамаң жоқ, ендігі халің тіпті мүшкіл» алуандас ащы сөздер бола тұрса да, ақыр аяғында оның Абылайға еліңді бастап Жиделібайсынға көш деген жалпылама ақыл беруден басқа ұсынарлық ештемесі жоқ. Алайда, «халқыңның болашағын ойлап, қамын жейтін сен ғана, ендеше бар салмақ сенің арқаңда, бар міндет сенің мойныңда» дегендей үміт артып, Абылайға арнаған ұзақ толғауын былайша аяқтайды:

Найман жатыр өреңде,
Қырғыз жатыр шөліңде,
Атың жатыр белеңде
Түйең жатыр өлеңде.
Он сан алаш билігі
Хан Абылай төреңде.

Бұқар жырау бұл сөзінде жалпы жағдайға тоқтап, шолу жасайды да, өз тілегін долбарлап айтып, оның шет жағасын ғана көрсеткенде, бір есептен Абылай хан мен оның төңірегін барлағандай ыңғай білдіреді. Өйткені, қалың жұрттың қамын жеу әлпеттес өте жауапты мәселені қозғағанда, оған жеңіл-желпі, немқұрайды қарауға болмайды: алды-

Репозиторий КарГУ

артты бағдарлап, шын болмысты терең танып салмақтаған жөн. Қай толғауларын алсақ та, Бұқар жырау өзі көтермелеп, кейде ашық мадақтап отырған Абылай жөніндегі ойларын түгелінен ақтарып салмайды, қайта тартынып, әдетте өзінің одан басымырақ екендігін жасырмай, реті келген шақта ханды сынға да алудан тайынбайды. Тегі, қарт жырау, көп жағдайда Абылай ханға тәуелді болмаған көрінеді. Мысалы, халық жадында сақталған бір сөзге қарағанда, Бұқарекең бірде Абылайға: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, Еңсегей бойлы Ер Есім ханға да жолдас болдым, сен оның бір түстігіне де жарамайсың», депті. Кім білсін, бұл арада кесіп айту қиын, қалайда қарт жырау мен атышулы ханның өзара қарым-қатынасы, бір-біріне көзқарасы сан қилы болғаны анық.

Осы ұзақ толғаудың соңғы бөлегі біраз өзгертілген түрінде «абылай хан қалмаққа жора айт дегендегі сөйлегені» атымен жоғарыда тоқталған «Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина» кітабына енгізілген. Мұнда да жырау Абылай ханға , бір жағы, шүршіттер тарапынан төнген қауіпті үрейлендіре ескертсе, екіншіден, қазақтың сол кездегі халін қамыға толғайды:

«Шүршіт жатар арқада,
Барын көлдің басында,
Егін салып қасында.
Ақылы жоқ сол қазақ
Атын сатты кәпірге.
Ылау атын мінген соң
Күнін, түнін бір етіп
Бір күн жетер сол кәпір.
Жаушылыққа шығар ол,
Елшілікке барар ол...

Тексере келгенде, біз сөз етіп отырған екі тирада өз алдына жеке шығарма тәрізді. Себебі, мазмұны мен түрі жағынан алғанда «Абылай ханның қасында» атты ұзақ толғауға олар тіпті жанаспайды. Шамасы оған жанылыс тіркеліп кеткен болу керек.

«Ал, тілімді алмасаң» деп басталатын екінші толғауында Бұқар жырау жоғарыдав келтірілген ақыл сөздерінен кейін Абылайға ескерту жасап, «он сан алашты билегені» үшін асып-таспауын өтінеді де, оның кім екенін жақсы білдіретіндігін де жасырмайды.

Халық аңызында Абылайды жас күнінде жетім қалдырып, талай сыннан өткізгеннен кейін Ұлы жүз үйсін Төле бидің түйесін бақтырудың өзіндік мәні бар. Өйткені бұқара көпшілік қазіргі хан Абылай бір кезде өз ортамыздан шыққан, оның бізге жаттығы жоқ деп іш тартқандай болса, Бұқар жырау бұл жайды сол Абылайға мін санап,

Репозиторий КарГУ

сенің арғы түбінде төрелік жоқ, әншейін жүрген біреу едің, бұл күнде бағың жанып, қалың қазақты билегеніңе шалқисың деп шенейді. Алайда, Абылайға қыдыр дарып, бақ қонғанын, оның алыстан тоят тілейтін қас батыр екенін санап өтіп ақырында ақын:

Ақтан болды-ау күніңіз,
Арсы менен күрсіге,
Тайталасты үніңіз,
Өзің болған күнінде,
Бір көшеге сыймайды,
Азаткер де құлыңыз... –

деп бір түйеді. Өзі үміт артып отырған Абылайдың жақсы саналатын сипаттарын көрмеске тағы лажы жоқ.

Солай бола тұрса да, Абылайдың жас шағын көбірек еске түсіріп отыр, сондағы жыраудың айтпағы не? деген орынды сұрақ туады. Бұған біз сөз етіп отырған толғаудың ең соңғы жолдарында ашық жауап берілген:

...Ашуланба, Абылай
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Күнде мендей жырлайтын,
Тоқсан үште қария
Енді де саған табылмас.

Абылай сияқты қаһарлы ханға екінің бірі қарсы келіп сөз айта алмайтыны, оған ақыл ұсыну керек десеңіз оның мінін көрсету, реті келген жерде күш білдіру тек Бұқар жырау сынды көпті көрген дана қарияның қолынан келетіні түсінікті. Әйтсе де, қарт жырау тоқсаннан асқан жасын немесе аппақ шашын бұлдап отырған жоқ, өйткені оның өктем сөйлеуіне негізгі тірегі бар. Бұқар жырау қазақ халқының басы бірігіп, іргелі ел болғанын, тыныш өмір сүріп, кемеліне келгенін көксейді. Кейде Абылайға қарсы ашына сөйлеудің де түп себебі осыдан. Сондықтан хан мен жыраудың арасындағы қарым-қатынасты тереңірек түсінбек болсақ, осы жағдайды жадымызда сақтаған абзал.

Сөйтіп, бірінші толғауында қазақ елінің халі баяндалса, екіншіден, өзінің арманын ашып айтса, үшінші жырында Бұқар әлеуметтік зор мәні бар мәселелерді атай тұрып, ұзақ өміріндегі тәжірибесінен ұққан көрген-білгендерін Абылай ханға нақыл ретінде ұсынады. Осыған орай

Репозиторий КарГУ

Бұқар жыраудың өмір танудағы көзқарасымен қатар дінді де арқа тұтатыны айқын көрініп тұр:

...Сол заманың келгенде,
Ата-бабаң қол берген
Қожаларды қас көрер.
Ноғайларды ғалым деп,
Әулиедей көрерсің.
Ноғайлардың байлары болап сазандай,
Сәлдесі болар қазандай.
Ахиретке барғанда.
Ақ сүйекті қор тұтқан,
Қараны онан зор тұтқан,
Ноғайларды пір тұтқан,
Тартасың сонда жазаңды-ай!...

Әрине, бұл бір ұщығы ғана, Бұқар жыраудың философиялық толғаулары мен көбінше салт-сана мен моральді сөз ететін басқа жырларынан оның көзқарасын, дүниені тануын, замананы бағалауын сол кездегі қазақ өміріне ене бастаған жаңалықтарды қабылдау-қабылдамауын анық аңғарамыз.

Осы толғаудың үзіндісі «Абылай ханды жамандағаны» деген атпен Г.Н.Потанин жинағында (1972) жарияланды. Онда былайша бастайды:

Бастапқы Ақтабан болғанда,
Ата-анаңнан қалғанда,
Тұрымтайдай төре едің,
Түркістанда жүр едің.
Көк байтал мінген құл едің.
Әбілмәмбет, Сәмеке
Қызмет қылған ер едің.
Мұнда келіп хан болып,
Ақ сұңқардай түледің,
Тоятынды алыстан тіледің...

Абылай жөніндегі халық аңызы бұл жолы да қайталанып, жалпыға жария етілді. Мұның себептеріне ілікте тоқтап өттік.

«Күпшек санды күрең-ді» толғауы жоғарыда көрсетілген Г.Н.Потанин жинағында «Абылай ханның мүлкін мақтағаны» деп аталса, Ш.Ш.Уәлихановтың бірінші томында бұл өленді Бұқар жыраудың Абылай хан өліміне арнағандығы айтылады. Екі нұсқаның өзара ұқсастығы мол, кейбір шумақтарында аздаған айырмашылықтар кездескенімен жалпы негізі бір.

Репозиторий КарГУ

Г.Н.Потанин нұсқасы толығырақ болған соң (53 жол), талдауды соған отырып беруді мақұл таптық.

Расында, бұл шығармада Абылай өлімі сөз етілмейді, оның есімі аталмайды да. Күпшек санды жаратып мінген, қырық сан қара қалмаққа қаһарын тіккен сұсты әміршіні мадақтай отырып, оның сән-салтанатын сұқтана жырлайды:

...Айбалтасын алтынменен булатқан,
Еңсесі биік ақ орда,
Салтанатқа орнатқан.
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңырағын торлатқан.
Сәлем, соғым келтіріп,
Он табаққа толтырған.
Кебежесін қалле нарға теңдеткен.
Шынардан уық жондырып, оңдатқан
Қарыс қалым шығарып,
Қазы-қарта ілдірген.
Барлығын жұртқа білдірген.
Қыраған найза соқтырып,
Қайыңнан қақтап жаптырып,
Көрмеген көздер салды оған.
Өрнегін елден арттырған.
Босағасын борлатқан.
Табалдырығын табан тіреткен.
Сырықтарын сырлатқан,
Сап азамат қорлатқан,
Тоқпағын сом алтыннан соқтырған.
Қазығын ақ күмістен қақтырған.
Нықыра күміс шаптырып
Былғары саба пістірген,
Шыны аяқпен іштірген.
Орындығын оймыштап,
Ақ нақыш салдырған...

Мұның бәрі аз түскендей толғаудың соңында осынау бір ен байлық пен әсем салтанат иесінің әділдігін ақын аңыздағы Наушаруанға теңесе, оның жомарттығы ертегідегі Атымтайдай кем түспейтінін көтермелей отыра:

Бір құдайдың дидарын
Сен көрмесең кім көрер,
Табандасқан дұшпанға
Күнінде қылыш шауып өткерген, -

Репозиторий КарГУ

деп түйеді. Қысқасы, өлгеннің аруағын сыйласын, немесе тірінің мәртебесін мадақ-мақтаныш етсін, қалай да әйгілі жырау қалың қазақты түгелдей аузына қаратып, сырт жауына қаһарын төккен кесек тұлғаның бейнесін жасайды, соны үлгі ретінде ұсынады.

Абылай цикліне жататын шығармалардың ішінен екі өлеңге ерекше тоқтаған жөн. Оның бірі «Керей, қайда барасың» деп аталатын қысқаша толғауы, екіншісі «Қанжығалы қарт Бөгембай өлгенде сүйіндік Бұқар жыраудың Абылай ханға ескерткені» деген жоқтауы.

Бірінші толғаудың қай сәтте айтылғаны турасында Мәшһүр Жүсіп Көпеев мынадай мәлімет келтірді: «Абылай ханның тұсында керей мен арғын ішінде бір рудың жанжалы болып, арғын жағынан Ақмырза деген біреу соққыға жығылып өліпті. Бұл өлімнің артынан екі елдің арасын ашатын үлкен тартыс, дау болып, келісімге тоқтата алмай, арғын тізе қылыңқыраған соң, керей өкпелеп ауа көшкен. Сонда керейге Абылайдың сәлемін айтқалы Бұқар жырау қуа келіп, мына сөзді айтқан:

Керей, қайда барасың,
Сары суды көбелеп?
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын
Қар, жаңбырдай себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің,
Ақ сойылмен төбелеп.
Уа, сен танымай кетіп барамысың?
Мен арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен бұзау терісі шөніксің,
Мен өгіз терісі талыспын...»

Феодалдық қоғам тіршілігінде ру таласы бірде-бір бәсеңдеп көрген емес, керек десеңіз, Абылай ханның өзі де кейін сол рулар арасында үнемі тұтанып тұратын дау-жанжалды ел билеу саясатының негізгі тірегі еткені де мәлім. Керей мен арғын арасындағы жанжалдың түп себебі айтылмайды, кісі өліміне дейін баруына қарағанда жеңіл-желпі нәрсе болмау керек. Кім білсін, жер таласы ма, жесір дауы ма, әлде басқа бір соқтығыс па, қалай да қалың арғынның тегеурініне, дәлірек айтқанда, зорлығына шыдай алмаған керейлер түріле көшіп, қоныс аудармақ болады. Шамасы сол кезде Абылай үшін керей сияқты іргелі рудың үдере көшуі онша тиімді болмаса керек. Сондықтан да Абылай халық ортасында беделі зор Бұқар жырауды қуғыншы, хан сәлемін жеткізуші ретінде жібереді. Демек, қарт ақынды елші етуінің өзі бұл іске зор мән берілгенін дәлелдейді. Шағын толғау өте шебер

Репозиторий КарГУ

құрылған: кіріспесінде, бір жағы, өкпелескен ағайынның оп-оңай ажырасуына жол жоқ екенін ескертсе, оның үстіне кісімізді сойылға жыққан сендер едің ғой, ендеше кінә салмағы керей жағында емес пе, дегендей емеурін білдіреді. Бұдан әрі арғынның күшті екенін бетке ұстап, қорқытады да дау бітімін өзі шешіп береді:

...Абылай алдында сен бітіссең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітіспесең,
Атасын білмес алыспын...

Сөйтіп, үш жүздің бір шаңырақ көтеріп, күшті ел болуын көксеген Бұқар жырау қазақ халқының қазіргі тірегі Абылай деп, соның беделін арқа тұтқандай болады.

Ең соңында бітімге көнбей, елдіктен кеткен шағында керейлердің халі қандай болатынын, таластың аяғы немен тынатынын ащы сөздер арқылы бүкпесіз тура айтады:

Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа,
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қамалып,
Жарты лашық тігерсің,
Аузыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер.
Бұл қылығың қоймасаң,
Сонау кеудедегі дулығадай бас кетер!...

Бұл сөздерден кейін, халық аңызы бойынша, керейлер арғындармен табысып, қайта көшіп келген екен деседі.

Екінші ұзақ толғауы естірту түрінде «Батырың өтті Бөгембай» деген бір жолы рефрен ретінде алты мәртебе қайталанады. Осының өзі өлеңнің екпініне ерекше күш беріп отыр. Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға қарт жыраудың естірткен сөзінде қайғырудан гөрі мақтаныш сезімі басымырақ. Өйткені ол әншейін бір қарапайым адамның қаза тапқанын хабарлап отырған жоқ, ел панасы саналған, бар өмірі халық игілігіне арналған, ханның өзіне мықты тірек болған кесек тұлға турасында сөз қозғап отыр ғой. Ашып айтпаса да, Абылайдың дәуірін, сол заман туғызған Бөгембай батыр сияқты атақты адамды мадақтау арқылы ханға деген ризалығын астарлап білдіріп отырған жоқ па?!

Ал, кейінірек айтылған екі толғауында бүркемелеуді немесе жұмбақтаудлы қойып, қарт ақын Абылайды көтере мадақтап, жер-көкке сыйғызбай «Қалданменен ұрысып» деп басталатын ұзақ жырында

Репозиторий КарГУ

Абылайдың өз басымен қатар, оны қоршаған көптеген батыр жолдастарының аттарын атап, жоңғарлықтарға қарсы қанды шабуылда ұлы жеңіске жеткендерін мақтаныш ете тойлайды. Сонымен бірге Абылайдың бойынан елді билеген көсемнің, жауды қашырған қолбасшының, мейірімді, әділ, ақылды ханның қасиеттерін тапқандай болады. Демек, ақиқаттағы тарихи Абылайды ұмытып, оған өз қиялына ұялап, көптен көксеп келген қазақ халқының шын қамқоршы, шын жетекшісінің идеалық бейнесін береді. Бұл жерде Бұқар жырау шындықтан тым алшақтап кеткен.

Тағы бір шағын толғауында («Құбылып тұрған бәйшешек») жоғарыдағы жырға іштей үндестік бар. Бір кездегі тәкаппар, ақылгөй, дана қарт бұл жолы Абылай алдында өзін тым кішік ұстап, оған «Сөге көрме, Абылай, мен пақырда сән бар ма» деп жік-жапар бола қалады.

Бұқар жыраудың Абылайға байланысты бір топ шығармаларын талқылауды ханның өліміне арналған екі жырды келтірумен аяқтауды мақұл көрдік. Оның бірі ілікте біз атаған, Ш.Ш.Уәлиханов архивінен табылған жоқтау жыр. Ә.Х.Марғұланның қолындағы деректерге қарағанда бұл өлеңнің тарихы мынадай: Ш.Ш.Уәлиханов қағаздарының ішінен араб әрпімен жазылған қазақ және қырғыз тіліндегі текстер шыққан. Бұлардың бәрі өзінің саясаттары кезінде Шоқанның жинаған қазақ пен қырғыз халықтарының өлең-жыр, мақал-мәтел, аңыздарының үлгілері. Соның бірі қазақ тіліндегі «Для образца причитаний» деп аталатын қолжазба. Қағаз бетінің бір шеті жыртылып қалғандықтан, оның түгелдей аты сақталмаған. Жырдың авторы – қазақтың белгілі ақыны Бұқар жырау (XVIII ғ.); ол мұны Абылай ханның өліміне арнаған.

Осы өлең қолжазбасының бір нұсқасы Ленинградта И.Н.Березин архивінде (Ф. 5, № 1, № 7) сақтаулы. Бұл нұсқаны Г.Н.Потанин үшін 1880 жылы Имантай Сәтбаев Баянауылдың жыршысы, Бұқардың немересі Күрекенің айтуынан жазып алған.

Ал енді толғаудың өзіне келетін болсақ, қазақ фольклорында ежелден келе жатқан түрдің бірі жоқтау-мадақтау ретінде орындалған. Мұнда Абылайдың өз басының қасиетінен гөрі, оның байлығын, сән-салтанатын баса сөз етеді. Алайда, ара-тұра болсын Абылайдың батырлығын да еске түсіріп қояды. Тілі негізінде таза болғанмен бірен-саран көне сөздер де ұшырап отырады.

Абылай ханның өліміне байланысты тағы да бір бес жол өлең бар. Мәшһүр Жүсіптің куәлігі бойынша бұл сөзді хан ажал жастығына басын қойғанда Бұқарекең айтса керек:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай!

Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай!

Репозиторий КарГУ

Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай!
Үш жүзден үш кісіні құрмалдық қылсам,
Сонда да қалар ма екеен қайран жаның-ай!

Осындай жалынышты сөзіне Бұқар жырау өз бойына ұялаған Абылайдың барлық шарапаттарын сыйғызғандай. Бірақ ол бұл жолы да бұрынғы мадақтау сарынынан онша тана қоймаған. Ол тұрсын, кейде қарт ақын қазақ қоғамының сол кездегі болмысындағы шындықты тіпті ескермей, өз көңіліндегі елесті, яғни арман еткен идеалын қуалап кетеді. Демек, өзі сынап, ақылын айтып отырған Абылай ханның ешбір мінін көргісі келмейді, оны бірыңғай көтермелеп, бар жақсы қасиеттерді соның бойына жапсырады. Әрине, бұл құрғақ қиял емес, замана талабынан туған зәру тілек болатын-ды. Ал ақиқат шындық пен ақын арманының қабысуына сол кезде сәтті сағат әлі де соғып үлгермесе, ол үшін Бұқар жырауды кіналауға ешбір орын жоқ.

Сөйтіп, Бұқар жырау Қалқаманұлының Абылай ханға арнаған толғау-жырларының негізгілері міне, осындай. Ол – халқының қамын жеп, келешегін ойлап, толғана білген ақын. Ол Абылайдың өз басына зор үміт артқан да, сол қазақ елінің бағын жандандыратын көш басшы көсемі, жаудан қорғай алатын құдіретті панасы бола ма деп шамалаған.

Жоғарыда қойылған бір сұраққа кейінірек, Бұқар жыраудың Абылай ханға тікелей арнаған, ешбір күдік туғызбайтын шығармаларына тоқталып өткен соң, жауап бермек болған едік. Енді соған оралалық: Асан қайғы айтқан жұмбақ сөздің шешуін Абылай ханның өтініші бойынша Бұқар жырау беріпті деудің қисыны бар ма, оған қандай дәлелдер келтіруге болар еді?

Расында, «Ханға жауап айтпасам» деп басталатын ұзақ толғауды Бұқар жыраудікі емес деп, кесіп үкім шығаруға біздің сүйенерлік деректі дәлеліміз жоқ. Сонымен бірге түп нұсқаға заман озған сайын әрбір кезеңнің талабына сай өзгерістер енгізіліп, әдепкі текстегі күңгірт күйдегі сарынның бертін келе күшейе, айқындала түскенін аңғаруға әбден болады. Дер кезінде қағаз бетіне түспеген сөздер кейінірек қосылған өзгеріс-жаңалықтарды айырып алу оңай емес. Бұл жағдайға арнайы тоқтап отырғанымыз, сол жоғарыда аталмыш толғауды біз, көбінесе, Бұқар жыраудың шығармалары қатарына кіргізбеуге тырысып келдік. Мұнымыз дұрыс емес, жауапкершіліктен қашудың, ауырдың үсті, жеңілдің астымен өтуге ұмтылудың бір түрі. Әйтпесе бұл толғаудың ақын жинағына енгізілуі және сын көзімен қаралып зерттелуі шарт.

Бұқар жыраудың Абылайға арналған циклынан басқа 20-дан астам сан алуан жыр толғаулары бар. Солардың ішінен екі өлеңінде жастық шақ сөз етілсе, тағы екеуінде дін мәселесі қозғалады, ал бірнеше қысқа-

Репозиторий КарГУ

қысқа, шолақ шумақтар шешендік сөздер үлгісінде орындалған. Алайда, Бұқар шығармаларының басым көпшілігі әлем сипаты, дүниетану, адам тіршілігі, салт-сана, мораль, философиялық топшылау, замана жайын қамтитын шын мәніндегі көркем жырлар, терең толғаулар. Бұлардың өздерін ішінара жүйелеп барып қарауға болар еді, бірақ біз оларды топтап алып, әрқайсысының мән-мазмұнына, идеялық нысанасына, көркемдік ерекшеліктеріне қарай Бұқар бойындағы ақындық өнердің сыр-сипатын аша түсуге ұмтылдық.

Жастыққа арналған екі өлеңінде онша жаңалық жоқ. Мысалы, «Жиырма деген жасыңыз» өлеңі халық арасына көп тараған нұсқа. Мұның толығырақ түрі Шал ақын мен Дулат жырауда да кездеседі. Адамның балалық шағын, орта жасын, кәрілік кезін сөз ету ертеден келе жатқан дәстүр. Қай елдің поэзиясыда болсын үнемі ұшырасады. Тегі Бұқардың бұл жыры түгел сақталмаса керек, небары 14 жол. Әрбір жасты өмір көрінісіне, табиғат құбылысына теңеп, салыстырма түрінде бергені болмаса, философиялық тұрғыдан топшылау, терең қорытынды жасау жоқ.

«Арам болған жиырма бес» деп басталатын екінші өлеңінде де жырау жастық кезеңнің қызықты күндерін санап өтеді де, оларға біраз сұқтанғандай болып, ақыры өткінші өмірдің өкініші мен кәріліктің азабына көшеді. Сөйтіп, ақырғы жолдарын былайша аяқтайды:

Қатты тамақ шайнарға.
Мен пақырда тіс бар ма?
Арыстандай ақырған
Бөденеде күш бар ма?

Бұқар өлең-жырларының ішінен, ең алдымен, «Тілек» атты толғауынан бастауымыздың өзіндік қисыны бар. Өйткені, осы бір шығармасында Бұқар жырау сол кездегі болмысқа сай өзінің түсінік-тұжырымдарын түгелдей дерлік тізіп өтеді. Демек, ақын шығармаларының негізгі идеялық программасын жариялағандай болады. Әрине, ол, бір жағы, әріден келе жатқан ата-бабаның әдет-ғұрпына, салт-санасына сүйенсе, сонымен қатар ислам діні қағидаларын да өзіне арқа тұтады. Сондықтан да ақын: «Бірінші тілек тілеңіз, Бір аллаға жазбасқа» деп бастайды да, содан кейін ел тыныштығын, ошақ басының амандығын, ауру-сырқау мен бәле-жаладан ер-азаматың, әзіз ана мен асыл жардың қалыс болуларын тізбектеп сөз етіп барып аяқтайды.

Бұқар жырау қай толғауына болсыын арнап ат қойған тәрізді. Он бір тілеуін санап өтетін әйгілі жырына да айдар таққан зерттеуші ғалымдар екендігінде ешбір күмән жоқ. Потанин жинағына енгізілген «Тілектің» де әуел баста аты болмаған соң оны квадрат жақшаға

Репозиторий КарГУ

алыпты. Мұндағы бір ерекшелік «тілек» демей «тілеу» түрінде қолданылуы. Тегі осынысы дұрыс та болар, өйткені қазақ әдетте «тілеуіңді берсін, тілеуіңнен жарылқасын» десе, кісі есімдері де көбінесе «Тілеуқабыл», «Тілеуберді», «Тілеужан» болып келеді емес пе? Жалпы алғанда, бұл екі нұсқада бір-бірінен оншалық алшақтық байқалмайды.

«Айналасын жер тұтқан», «Ай не болар күннен соң», «Ақсаңнан биік тау болмас» деп аталатын толғауларында өзара байланыс, тақырып бірлігі бар. Олардың біріншісінде, дүниедегі көріністердің барлығы өзгеріп тұратындығы, алма-кезек ауысыпп жататындығы, фәни жалғанда тұрақты еш нәрсе жоқ екендігі айтылса, екінші өлеңінде де осы сарын басқа қырынан қайталанады, демек, күн мен айдың бататыны, гүлденген бәйшешектің солып, қамқа тонның тозатыны, адамның қартайып, тұғырдан түсетіні, тағысын тағылар. Ал үшінші толғауында да қарт жырау өз ортасының қоғамдық түсінігін, салт-санасының аумағын, көзқарасындағы қайшылықтарын ашық баяндап береді. Бұл ретте оның өз пайымдауындағы кертартпа ұғымдарды, теріс тұжырымдарды сынар жақ даттағаннан гөрі, солардың түп тірегі неде жатқанын аңғара білген абзал. Өйткені ертеде өмір сүрген аса дарынды қайраткерлердің ішінен де өз заманының деңгейінен жоғары көтеріле алмай, ескілік шырмауында қалып қойғандар аз болған жоқ.

Ауыз әдебиетінің көптеген нұсқаларында әлеуметтік сарындар біраз сезілгенмен, сондай-ақ есімдері бір кезде аңызға айналған Асан қайғы, Сыпыра жырау, Шалкиіздердің жыр-толғауларында қазақ халқының хал-жайы, тіршілігі, еркіндікке ұмтылуы, жер-су, қоныс-қопсы мәселелері бірсыдырғы әңгімеленіп келгенмен, солардың көпшілігі күңгірт қалпында бейнеленіп, арман ету, қиялдау дәрежесінен аспайтын, көбінше абстракт ұғым ретінде қалып қоятын еді. Керек десеңіз, Бұқар жырау да өзінің алғашқы толғауларнда ашық айтпай, жұмбақтап, болжамдап келеді. Бұған дәлел есебінде оның «Ай, заман-ай, заман-ай» деп аталатын бір жырын мысалға келтірелік.

Ай, заман-ай, заман-ай!
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай,.. –

деп екі ұшты, көмескі бастайды да, қалыптасқан, үйреншікті ұғымдарды теруге ауысады: құл-қотандар ел болды, арғымақтың орнына тай жүгіртіп жүрміз, жақсының орнын жаман басты, тағысын тағылар. Ақырында заманның азғындығын, фәни дүниеде өмір сүрудің қиынға айналғандығын айтып-жалбарынумен сөзін тоқтатады.

Репозиторий КарГУ

Замананы туралап айтпаса да сол кездегі ұғым-түсініктерді, тұжырым-нанымдарды қозғайтын тағы бір шағын толғауы «Ұрулының оғы қалса мен ынтымағын қуаттайды.

Шебер орындалған бір өлеңінде («Әлемді түгел көрсе де») Бұқар жырау адамның өмір қызығына тоймайтындығы, іздену, білім меңгеру, ләззат алу, опық жеу, ажал құрығына іліну секілді құбылыстардың бірде-біреуі оның сол өмірге деген махаббатын сөндіре алмайтынын өте қонымды берген. Жырдың құрлысы мен тілінде де мін жоқ, бас-аяғы жұп-жұмыр, үш шумақтың бойына адам тіршілігінің мән-мазмұны сыйып тұрғандай. Сөз өрнегінде де жаңалық бар, тың теңеулер де ұшырасады:

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат!

Ақын шеберлігін дәлелдей түсетін, оның еркін көсіле, шешен толғана алатынын көрсететін шығармалары ретінде тағы да екі өлеңді мысалға келтіруге болар еді. Мүмкін бұл толғаулардың сырт формасында яки ішкі мазмұнында оншама жаңалық табыла қоймас. Біріншісінде («Алыстан қызыл көрінсе») астарлап айтпай, жұмбақтап сөйлемей, көбінше салыстыру арқылы ойын ашық берсе, екіншісінде («Қара арғымақ арыса») халық арасына кең тараған нақыл сөздер мен қалыптасқан ұғымдарды пайдаланған. Бұл екі өлеңнің тақырыбы да күнделік тіршілік, қазақ қоғамында ұшырасатын қанығы болмыс. Бұқара ислам діні әсерінің қаншалық дәрежеде болғанын айту оңай емес. Өйткені қарт жыраудан бізге жеткен өлең-толғаулардың ішінде алланы, құранды, пайғамбарды, төрт жарды және басқа діни түсініктерді молырақ сөз ететін екі ғана шығармасы бар.

Оның біріншісінде («Ей, айтшы, алланы айт») түгелдей дерлік діни ұғымдар тізбектеліп, тек жырдың аяғында ғана дүнияуи түсінікке көшіп барып тынады. Бұларға қарағанда ақынның дін турасындағы мәліметтері едәуір терең екенін, бірақ ол құдай сөзі құранға көз жұма сенбей, оны тіршілік туғызған шындыққа жанастыра отырып қабылдайтынын аңғарамыз. Сондағы оның санап өтетіндері: алла, Мұстафа, төрт шадияр, тәңрі сөзі, құран, жан жолдасы иман, арсы мен күрсі, лаухил-махфуз, он сегіз мың ғалам, тағысын тағылар.

Екіншісінде («Алла деген ар болмас») дүнияуи жағы басымырақ. Ара-тұра алланы атап, Ибраһим Халелдің Қағбаны салдырғанын келтіргені болмаса, XVIII ғасырдағы қазақ тұрмысына арналған Бұқар жыраудың басқа толғауларынан бұл өлеңнің оншама айырмасы жоқ.

Репозиторий КарГУ

Сөз реті келген соң айта кетелік. Ертеректегі қазақ өміріне тоқталғанда қайсыбір авторлар қазақ даласына ислам дінінің әсері шамалы болды, қазақ халқы діннің уынан аман, шырмауынан тыс тіршілік етіп келді деген арзан пікірді көбірек қайталайтын тәрізді. Тегі олар көшпелі елдің тұрмыс ерекшеліктерінен туған кейбір өткінші көріністерді шатастырып, теріс түсінген болса керек. Әйтпесе, діннің әсерін көрмей, оның бұқара-көпшілікке тигізген зиянын елемеуге бола ма? Рас, көшерін жел, қонарын сай білетін халықтың діннің барлық шарттарын бұлжытпай орындауына мүмкіндігі үнемі бола бермей, кейде оларға (дін қағидаларына) жүрдім-бардым, жеңіл қараған шақтары ұшырасатын шығар, бірақ сан ғасыр бойы өзін мұсылман санап келген халықты бірден және оп-оңай дінсіз етіп, оның өзін үлкен қасиет қатарына қосудың қажеті қанша?

«Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» және «Кіші қара қалмақ бүлерде» деп аталатын екі ұзақ толғауды Абылайға арналған шығармалар қатарына қоспай, жалпы тізімге кіргізуімізге өзіндік себеп бар. Өйткені, бірінші өлеңнің алғашқы жолдарында Абылайдың есімі аталып, оның ертеректе Әбілмәмбет төренің түйесін баққаны, ол кезде, Сабалақ деген атпен жүргені айтылғаннан кейін Бұқар жырау 25, 30, 35, 40, 45, 50, 55-ке келгендегі Абылайдың хал-жайын, түр-сипатын қысқаша тізбектеп өтеді де, қалған жалпылама айтып барып аяқтайды. Бұл ретте осы өлеңді жоғарыда тоқталып өткен адам жасының әр кезеңіне арналған шағын толғаудың («Жиырма бес деген жасыңыз») толыққан түрі тәрізді көрінеді. Ал екіншісінде («Кіші қара қалмақ бүлерде») Абылайдың есімі мүлде аталмай, бір жерінде:

Жаулаған ханын қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас.
Ханын қалмақ жаулаған.
Сүйткен қалмақ оңбаған,
Сол қалмақтың жұты еді-ау,
Үш Қарқара, Көктөбе,
Иттей болып қамалған,... –

деп толғайды да, әрі қарай тіпті басқа жайды әңгімелеп кетеді. Шамасы Бұқар шығармаларын қағазға түсірген кезде біреу қателесіп, бір толғаудың бас жағын алып екінші жырға қоса салған ба деп қаласыз. Расында да:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз.
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз... –

Репозиторий КарГУ

деп жайбарақат басталатын жолдардың жоғарыда біз келтірген үзіндіге ешбір байланысы жоқ, оның үстіне өлеңнің мазмұнына ғана емес ритімінде де ерекшелік бар. Мұндағы тағы бір жәйт жырдың аяғындағы тирада да жоғарыда аталған екі бөлекке мүлде қосылмай, тіпті басқа тақырыпқа ауысып кетеді. Осындай қиыспаушылық Бұқардың басқа толғауларында да ара-тұра болсын кездесіп отырады. Қарт жыраудың басқа жазбалары келешекте табылғандай болса, текстология жұмысын арнайы жүргізген орынды ма дейсіз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбасына енген Бұқар жырау толғауларын түгендеп келсек те, әлі де сөз етерлік екеуі бар. Олардың біреуі «Сәлем – сөздің анасы» деп басталатын ұзақ жыр. Бір бөлігі дағдылы шешендік сөзді еске түсірсе, қалған үшеуі әрқайсы өз алдына айтылған жеке толғау тәрізденеді. Мысалы, алғашқы 16 жол «Сәлем – сөздің анасы» деп аталатын, тираданың аяғына дейін ұйқасы сақталады да, бір тыныспен орындалғанын көреміз. Сондағы ақынның тілейтіні: баяғы бір тілек – қазақ елінің тұтастығы, бірлік-ынтымағы, ал сынайтыны – ру арасындағы ала ауыздық, бір-біріне жала жабушылық, бітімсіздік. Ақыр аяғында ол бар қазақтың түбі бір еді ғой, береке іздесең, дұғаң қабыл болсын десең өзара қырғи қабақ болма, көңіліңе кір сақтама дегендей ақыл айтады. Екінші бөлігінде («Жарқ, жарқ еткен жайдар бар») тіпті басқа бір тақырып қозғалады. Бұл тұста да ақын ертеден келе жатқан ескі ұғымдарды тағы да бір рет қайталап өтеді. Ал «Көктен бұлт сөгілсе» жолымен басталатын соңғы бөлімінде жырау шешен толғауын «Не пайда» деген қайталанып отыратын сөзге құрып, табиғат құбылысын, адам өмірінің шолақтығын, қыз қылығы мен жігіт бақытын, дуалы сөз тірегін, байдың қайырымсыздығын тізбектей келе, оларға өзінше қорытынды жасайды.

«Айтар болсаң, алланы айт» деген көркем жырдың басталуына қарағанда онда діни ұғымдар көбірек сөз болатындай көрінсе де, ақиқатта олай емес. Бір-біріне тығыз байланысы бар екі бөлімде Бұқар жырау көкейіне қонған түпкі ойын көркем бейнелеу, өзара теңеу арқылы береді. Кіріспесінде құс әлемінде жиі ұшырасатын «Тауық жүнді» қораш тырнаны біраз сөз етеді де, ақыры:

Ақ сұңқар құстың баласы,
Аяда алтау тумас па.
Аяда алтау туғанмен,
Оның ішінде біреу-ақ алғыр болмас па... –

деп түйеді де, сол дара шыққан ақ сұңқардың басында болатын жайларды ескеріп өтеді:

Сөйтіп жүрген кезінде
Алғырынан айрылса,

Репозиторий КарГУ

Қанат түптен қайрылса,
Құс жаманы жапалақ,
Оған да қор болмас па...

Ақын топшалауынша осындай жағдай адамзат баласында да бар, өйткені:

Адамзаттың баласы
Атадан алтау тумас па.
Атадан алатау туғанмен,
Оның ішінде біреу арыстан боламас па...

Әдетте сол біреудің арқасында қалғандары жорға мінісіп, торқалы тон киісіп, толғамалы қамшы ұстасып қызық дәурен сүреді дейді ақын. Бірақ бұл жәйт мәңгілікке созыла бермейді, бір күні жоқ болады. Себібі:

Сөйтіп жүрген кезінде
Арыстаннан айрылса,
Қанаты түптеп қайрылса,
Ел шетіне жау келсе,
Өтініп оны ала алмай,
Алдына келген жақынның
Қадірін оның біле алмай,
Қадір құрмет қыла алмай,
Артында қалған жамандар
Бас-басына тозбас па...

Бұл арада қарт жырау өзінің негізгі ойынан танбай отыр. Оның түсінігінше: ел бірлігін көздесең, ынтымақ-берекені сақтасаң жақсы болғаның, әйтпесе азып-тозып, қаңғырып кеткенің. Мұндай қорытынды шығарғанда Бұқар жырау жалпы қазақтың қамын жедім, мүддесін көздедім, бәріне бірдей ақылымды айттым деп, өзін сол кездегі қоғам болмысынан жоғары қояды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинағына енбесе де Бұқар жырауға танылып келген тағы да екі шағын толғау бар («Асқар таудың өлгені», «Жал құйрығы қаба деп»). Біз бұл жолы оларға тоқталған жоқпыз.

Бұқар жырау Қалқаманұлының әдеби мұрасын тұтастай алып, баға бергенде қандай қорытындыға келуге болар еді?

Ең алдымен кесіп айтатын бір тұжырым: Бұқарды сарай ақыны немесе Абылай ханның уағызшысы деп тану мүлде дұрыс емес. Олай деуімізге бірнеше себеп бар. Егер ақын өз заманының шеңберінен шыға алмай, сол кездің өзінде аздап нышан бере бастаған кейбір жаңалықтардың түп төркінін түсінбесе, немесе қоғамдағы өзгерістердің бет-бағдарын дәлірек айыра алмаса, бұлар үшін көзқарасты, кертартпа идеяны қуаттау, солар жолында жан ұшыра күресу бар да, ескіліктен қол үзбесе де, өз шама-шарқынша алға ұмтылу, туған халқының қамын

Репозиторий КарГУ

жеп, мүддесін көздеу тағы да бар. Сондықтан қай ақынның мұрасын зерттесек те, оның творчествосындағы ара салмақтың барын барша, жоғын жоқша ала біліп, әділ бағасын берген жөн.

Біз тексеріп өткен Бұқар жыраудың ең ұтымды жағы неде деген тікелей сұраққа жауап бергенде алдын ала ескеретін бірер жағдайлар бар секілді.

Өйткені, Бұқар жырау өз заманындағы феодалдық-патриархалдық үстем таптың идеологиясына қарсы шыққан жоқ, бұл мүмкін де емес еді. Қайта, керісінше, ата-бабадан келе жатқан салт-сананы, әдет-ғұрыпты, түсінік-тұжырымды ол дұрыс деп таныды, өзіне негізгі тіректің бірі санады. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында бай, кедей бар екенін Бұқар жырау біле тұрса да, олардың арасындағы қайшылықтар мен бітіспес тартыстарға мән берген жоқ, киіз туырлықты барлық қазақтың басы қосылып, іргелі ел болуын арман етті де, тек үш жүз түгелдей Абылай туының астына жиналып, қазақ мемлекеті құдіретті күшке айналады екен деп алданды, сол кездегі тарихи шындықты жете түсінбеді.

Солай бола тұрса да, қазақ әдебиетінің қалыптасу жолында Бұқар жыраудың сіңірген еңбегі, қосқан үлесі өте зор. Ең алдымен, ол – толғаудың асқан шебері, өз дәуірінің шындығы жан-жақты және терең көрсете алған аса көрнекті ақын. Сонымен бірге фольклордың тіл байлығын шебер пайдалана отырып, қазақ өлеңінің тіл байлығын шебер пайдалана отырып, қазақ өлеңінің түрі мен мазмұнына жаңалықтар енгізді. Бұл ретте толғау формасын дамыта түсіп, кемеліне келтірген ақын Бұқар жырау деп айта аламыз.

Бұқардың тағы бір ерекшелігі, ол өмір құбылысы мен дүние заңдылығын, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігін өз толғауларына негізгі тақырып етіп, кең тыныста жырлай білді. Кей сәтте рушылдық-патриархалдық қоғамның тар шеңберінен шығып, жалпы қазақ қауымының талап-тірлігіне сай өте маңызды мәселелерді көтеріп отырады.

Қазақ әдебиетінің даму тарихында жаңа кезең саналатын жеке ақындар шыға бастаған шақта, зор талантымен ерекше көзге түскен ең көрнекті қайраткер де сол Бұқар жырау Қалқаманұлы болды. Кейінірек шыққан қазақ ақындарының көпшілігі дерлік қарт жыраудан өнеге алып, оны ұстаз тұтып, үйренгені бұған айқын дәлел.

Ақынның көркем де шешен тілі, айшықты сөз өрнегі өз алдына әңгіме боларлық келелі тақырып. Өлең-жырларында бірен-саран араб-парсы сөздері ұшырасқаны болмаса, Бұқардың тілі таза, өрнекті, ұғымды, шын мәнісінде халық лұғаты. Толғау дегеніміз көне форманың бірі болғанымен, оны қазіргі қалпына жеткізіп, поэтикалық жоғары

Репозиторий КарГУ

сатыға көтерген, мазмұнын кеңейте, тереңдете түскен, ең алдымен, Бұқар жырау.

Қорыта келе айтатынымыз: XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінде Бұқар жырау Қалқаманұлы ірі тұлға, аса көрнекті ақын, сол себепті оның қазақ поэзиясынан алатын орны да өте зор.

Ысқақ Дүйсенбаев
1976 ж.

* * *

Даланың дара данасы

Қазіргі кезде халқымыз өзінше бір ояну дәуірін бастан кешіріп отырғандай халде. Соңғы жылдарда көптен бері көзден ғайып, көңілден таса болған құндылықтарды еске түсіре бастадық. XX ғасырдың бас шенінде жасаған ақыл-ой алыптары Шәкәрімнің , Ахметтің, Міржақыптың, Мағжанның, Жүсіпбектің, Әлиханның мұрасы қайтып оралуы жұртшылығымыздың парасат кенересін биіктетті, мәңгүрттенген санаға сәуле түсірді.

Қазақ елінің тағдыры таразыға түсіп, «не өмір, не өлім» деген сұрақ күн тәртібіне қойылған шақта ел бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендердің, атақты жандар мен ардақты билрдің, кемеңгер қолбасылар мен айтулы ақындардың есімі мен еңбегін қадір тұтып, кәделі құрылтай, салтанатты тойлар өткізу,қанқұйлы жаулармен арпалыса шейіт болып кеткен ел боздақтарының аруақтарына ас беру рәсімдері өткізіліп келеді. 18 ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушы әрі жеңістерді ұйымдастырушы даңқты хан Абылайдың, XIX ғасырда тәуелсіздік үшін жүргізілген ең үлкен қозғалыстың қаһарманы Кенесарының теңдесі жоқ тарихи еңбегін бағалаудағы оң өзгерістер рухани өміріміздегі ірі бетбұрысты нышандайды.

Ел басына алмағайып, қатерлі кезең туғанда халықтың болашағына қажет бірліктің туын көтерген ұлы билер Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің дәстүрін жалғастыруды мұрат еткен Ордабасыдағы халық жиналысы да мәні терең оқиғалар қатарында аталуға лайық. Ұлан байтақ қазақ жерінің әр өңірінде батыр бабалар мен ақылгөй билерге, ақиқат жаршысы – ақындарға арналып өткізіліп жүрген астар мен орнатылған сағана-ескерткіштер әлсіреген ұлттық дәстүрге жаңа қуат дарытқандай...

Репозиторий КарГУ

Халық еркіндігі мен бақыты үшін ақыл, қайратын сарп еткен қайраткерлердің жалпы бағыты бір-біріне ұқсас болғанымен, олардың атқарған істерінің орны мен салмағы әртүрлі. Бұл реттен алған Бұқар тұлғасы ұлылар тізбегінде оқшау, биік шыңдай елестейді. Мұның себебі жыраудың өз заманында иеленген беделі мен қазақ кемеліне таратқан ойларының өміршеңдігіне байланысты.

«Жырау» деген сөздің толық сипаты бір басынан табылған Бұқардың шешен билер мен ақындарға ұқсайтын да, олардан өзгеленетін де қырлары бар.

Қазақ тарихының білгірі Ә.Марғұланның жалпы жырау атаулыға берген анықтамасын еске түсірсек, бұл «жұмбақтың» жауабы да табылғандай болады. «Патриарх, ақын әрі халық мүддесін білдіруші жырау топ алдында өте сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Халық қадір тұтқан ақсақал жыраудан жұрт толқыған, халық дағдарған, бүліншілік шыққаны немесе ел шетіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып оларға дем беріп, істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған» деп жазған еді ғұлама. Осы мінездемелердің Бұқар жырауға толық үйлесетіні күмән келтірмейді. «Жырау айтыпты» деген сөздерді жинап, жазып қалдырған ақын әрі шежіреші Мәшһүр Жүсіп Қаржас, Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен.

Заманындағы сыншылар ол кісіні «көмекей әулие» дейді екен. Көмекейі бүлкілдеп сөйлейді екен де отырады екен. Қарасөз жоқ , аузынан шыққан сөзінің бәрі жырланумен шығады екен» дейді. Абылай хан бір жаққа аттанарда жыраудан айдың , күннің сәтін сұрайтын, көрген түстерін жорытатын болған. Демек Бұқар өз кезінде халықтың әулие данышпан, ақылшы көсемі , дуагөй бітімшісі , көреген болжаушысы санатында көрстеілген. Елдің басындағы халді жетік білген Бұқардың сөздері де әрі кеңес, әрі әмір болып естілген. Оның көңілін алаң қылатын жеке даулардың шешімі немесе қатардағы істердің қамы емес, тұтас халықтың бүгіні мен болашағы. Жырау атаулының осыншама ірі міндет ауқымы кейінгі замандарда жоғала бастағаны белгілі. Бірақ Бұқар өмір сүрген дәуірде ел мүддесі мен жырау аңсары үйлестікке келген сәттілік туған еді. Сондықтан да бүкіл ел тарих көшінің бағдары шиеленген қиынның шешімін жыраудан сұрайтын болған. Бұқардың өз заманындағы осындай сәуегейлік даңқын мың жыл бұрынғы оғыз-түрік әулиесі Қорқытпен ертедегі қазақ-ноғайлы елінің «аузы дуалы» данышпаны Сыпыра жыраумен салыстыруға болады . Айырмашылығы сол – Бұқар өсиеттері бізге аңызбен әсіреленбеген, бүгінде маңызы еш кемімеген жанды қалпында

Репозиторий КарГУ

жетті». Бүгінгі тілмен айтқанда Бұқар жырау қазақ қөоғамының саяси,әлеуметтік бағдарламасын қалыптастырған идеолог болды...

Бұқар жырау толғауларындағы басты сарын – елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі. Ол өзінің терең философиялық мәні бар ғибраттарында да, Абылайға арнау өлеңдерінде де , елдің өткені мен уақыт алға тартқан міндеттерді сөз еткен кездерінде де ел бірлігі тақырыбын алтын қазықтай берік ұстайды. Өйткені ол қазақ қауымының ел болып ,ірге бекіту, жан-жақтан аңдыздаған жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлікте екенін терең түсінді және осыны ұрпақтың ұрпағына аманат етіп қалдырды. Осы пікір жырау толғауларында үзілмеген желі құрайды .

Бұл,бұл,үйрек,бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз.
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұлы шоралар,
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз.
Байсалды үйге түсіңіз,
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін.
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз...

Ел бірлігі бәсең тартып, ынтымақтың берекесі кеткендікті «қас тұрпайылық» деп айыптайды.

Жырау шығармаларындағы орталық идеялардың бірі – қазақ жерінің бүтіндігін сақтау, шүйгін қоныстарды жатқа алдырмау,дұшпанға тізгін бермеу, кездейсоқ кесірлер мен жауынгерлік әзірлікте тұру қажетті. Бұл пікірлер бұдан үш жүз жыл бұрын айтылғанымен халқымыздың дәл бүгінгі жағдайында да мысқалдай мәні кемімегенін түсіндіріп жату артық болар еді. Осы ойларын жырау жаны тыныштанған күні кешегісін ұмытып кететін бейқам жұртына әдейілеп ескертеді, мәңгілікке өсиет етеді. «Тілек» деген толғауында жырау «желкілдеген ту келіп , жер қайысқан қол келіп, сонан сасып тұрмасқа» шақырады. Мұндай қауіп қазақ қазақ болғалы бір арылмағанын тарихтың өзі куәлендіріп берген жоқ па? Қазақтың әулие көсемі Бұқар баба енді бірде сырттан келетін қорқыныштың түр-түсін анықтап көрсетеді.

Шүршіт келед деген сөз бар-ды.
Көктен түскен төрт кітап
Енжіл атты кәләмда,

Репозиторий КарГУ

Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қатпаса,
Алып бір кетер ақтарып,
Көмулі жатқан денеңді...
Шүршіт келсе жарамас,
Әй-түйіңе қарамас...

Тағы бір өлеңінде қазақтың Көкшетау, Атбасар, Қаркаралы, Ұлытау, Ақмола, Баянаула сынды шұрайлы жерлерін Ресей отаршылдары басып алғанын жергілікті жұртты қуаң далаға қуып тьастағанын баяндап, не істеу керек деген сұрақтың жауабын ашық қалдырады:

Кетпейін десе жері тар,
Кетейін десе алды-артын
Қоршап алған кәпір бар.
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы қазақ, қалды, ойла!...

Қазір заман басқа. Қазақ жеріне бір зорлықпен, екіншісі мұқтаждықпен, үшіншісі сұғанақтықпен келіп қалған ұлттың өкілдерін кетіру керек деп ешкім де мәселе қоймайды. Өзара түсінісіп, бірлікпен жасаса, қазақ жерінің ризығы қазақтан басқаларға да жетеді. Дегенмен сонау патшалық заманда суы тапшы, шөбі лайық шөлейтке ығыстырылған қазақ ауылдары мен аудандарына олардан тартып алынған құнарлы жерлерден қосып беру мәселесін шешсе, тарихи әділеттілікке бір табан жақындаған болар едік. Өйтпеген күнде «артта қалған» деп ресми танылған ондаған қазақ аудандарының келешекте көркейер мүмкіндігі кем екенін кез-келген экономист-маман дәлелдей алады. Өз елінде демократиялық мемлекет орнатуды ниет етіп отырған республика алдағы істерін жоспарлағанда өткен кезеңдерде орын алған қиянаттың зардабын қайтаруды да ойлағаны жөн ғой...

Өзге жұртқа бодан болудың қасіретін жырау «көріп келгендей» мөлдіретіп айтқан-ақ екен. «Жатқа тізгін бермеңіз, жаламенен бас кетер» дейді ол.

Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын жеген жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды.
Қағазға жазар малыңды,
Есепке алар барыңды,
Енді алар қолыңнан...

Репозиторий КарГУ

Бүгінгі қауым бұл айтылғанның бәрі соңғы екі-үш ғасыр ішінде басымызға түскен қайғылы халіміз екенін жақсы біледі. Сонда да болса қазіргі егемендік алған, тәуелсіздік жариялаған кезімізде Бұқар сөздерінің ескірмес мәні сақталады. Әсіресе оның өз жерін қорғау әр елдің өз парызы екенін ескертіп, ойсыздықтан, жауапсыздықтан сақтандыруы осы күнгі өмірдің қажетімен де үндесіп тұр. Егер қазақтың бас буыны тегіс ана тілінде кітап оқи алатындай болып, ұлы ақындардың, соның ішінде Бұқар жыраудың өшпес өнегелі сөздерімен таныс болса, қазіргідей әскери қызмет қашу секілді масқара әдеттен бойын аулақ салған болар еді. Ұлттық намыс ұмытылып, асыл дәстүрлер жоғалған жерде ғана ел қамынан мүлде бейхабар құзғын мінезділер көбеймек қой. Сол үшін қазақ жамағатшылын оятатын жүйелі, тегеурінді бағдарлама керектігі айқын.

Ұзақ жылдар бойы Бұқардың дінге қатысы туралы мәселе мүлде жабық қалдырылып келді. Шындығында қазақ қауымының бірлігі мен тұрақтылығын қалыптастыру үшін ислам дінінің қажет екендігін ұлы жырау қадап айтқанын көреміз. Мұны біз оның өситеттері қатарында қарауымыз керек. Күні кешеге дейін бұл тақырыпты сөз етпей, айналып өтіп кететін едік. Ал егер сөз ете қалсақ, «қазақта діндарлық аз» деп әлде кімдерден қымсынғандай, яки дінсіздікті мақтан көргендей болатынбыз.

Дінсіздікті жетіскендік секілді етіп көрсетудің өзі де ұзақ замандар бойында отаршылдар идеологтарының асыратын миссионерлік әрекетімен байланысты екені ойымызға да кіріп шықпайтын. Міне, дәл осы жағдайды пайдаланып билеуші империя әкімдері мен руханилары «шалажансар» дініміздің өзінен мүлде айыруды көздеген. Біз бүгін жоғалған немесе аяқ асты болған құндылықтарымызды іздеп, оны ұлттың болашақтағы мүддесіне жаратуды ойлағанда дін мәселесінелеусіз көріп өте алмаймыз. Бұқардың атақты өлеңдерінің көбінде адамға сенім, иман қажеттігі ашық айтылған.

Ей, айтушы, Алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт.
Төрт шадиар Мұстафа,
Кітап ашқан ғалымды айт.
Алла сөзі – Құранды айт.
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт...

Мұндай толғауларының сөздік құрамына қарағанда Бұқардың діни әдебиетті жақсы білгені, шығыс кітаптарымен таныс болғаны байқалады.

Ибраһим Халил жасады,

Репозиторий КарГУ

Тәңірім үйі мешіт-ті.
Құдайды білмес бинамаз,
Құдайынан кешіпті.
Құдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,
Құдай тағалам өзі берер несіпті...
Пұсырманның баласы,
Сірә бір кеңес құрыңыз.
Бір ауызды болыңыз,
Қалған елді тастаңыз,
Бөтен елмен үйір боп,
Іргеңізді қоспаңыз...
Абылайға мадақ өлеңдерінің бірінде:
Ғаділдігін Наушеруан ғаділге жеткерген,
Жомартлығын Атымтай жомарттан өткерген...
-деген жолдар кездеседі. Бұл мысал да Бұқардың шығыс әдебиетінің

Қазынасынан сусындағанын байқатса керек. Жас шағында Түркістан тәрізді медреселі мешітгі байтақ шаһарда болған жыраудың қаншалық дәріс алғаны - өз алдына жеке зерттеу тақырыбы.

Қазақ поэзиясында атақты ақындардың ез кезіндегі ел билеуші хан, сұлтандардың мінін бетіне басып айта алғандары туралы мысалдар жоқ емес. Бірақ, солардан Бұқар сыншылдығының үлкен айырмасы бар. Махамбет, Шернияз, Сүйінбай, Майлықожа сынды ақындар ірі шонжарларды пікір қарсыласы ретінде сынап-мінейді ғой. Ал Бұқар жырау Абылайға шын тілектесі, ақылшысы, қамқоры болып отырып, екінің бірінде-ақ "тәубасына келтірерлік сөздер айтады, "болдым толдым" деп шалқая берме, жас күнінде қандай күй кешкеніңді ұмытпа" дегенді жиі қайталайды. Қаһарлы ханға қарсы мұншама батыл, еркін сөйлеудің себебі не, Абылайдың ағат басқан жері болса, Бұқар жырау неге сыпайырақ, яки ишаратпен ескертпеген деп те сұрақ қоюға болады. Қазақ қоғамының құрылысын және сол замандағы алмағайып ақуалды еске алсақ, ханға Бұқар секілді "айыптаушының" керек болғанын түсінеміз. Абылай маңына топтасқан аса үлкен рудың өкілі ретінде Бұқар сияқты кеңесші, әрі ақиқатгы жарып айтатын кіршіксіз адал адам ханға да аса қажет. Қазақ елін сақтап қалу үшін жанталас күрес жүріп жатқан шақтарда қарауындағы жұрттың шын аңсарын білдіре алатын, хан екен деп өтірік жағымпазданбайтын турашыл жыраудың сөздері қастықтың емес, нағыз достықтың лебізіндей естілген.. Өз істеріне қалыс жұрттың, халықтың көзімен қарауға, өзіне қарата айтьшған ауыр сездерді "басынан асырып", сол сөздердің нәрі мен дәнін қабылдауға қабілеттілігі Абылайдың бейнесін төмендетпей, қайта асқақ биікке

Репозиторий КарГУ

көтереді. Абылай мен Бұқар жыраудың арасындағы қарым-қатынас дала демократиясының басқа ешбір елдегіге ұқсамайтын өзгеше бір көрінісі...

Бұқар поэзиясы - қазақ халқының зұлым жаулармен бетпе-бет келіп, ұзақ арпалысқан, ерлік пен ездіктің, парасаттылық пен азғындықтың таразыға түскен, жеңілістің ащы дәмін татқан жұрттың Абылай хан маңына шоғырланып, ақырында, хас дұшпанды қуып шыққан, қазақ мемлекеттігін қалыптастырудың сан сала сауалы ойландырған, бар болу мен жоқ болудың таразысы ауытқып тұрған аласапыран заманның шындығын терең өрнектеген мұра, Ол қазақтың азаттық, тәуелсіздік күресінің көркем шежіресі, жеңіске жеткізген батырлардың, билердің қолбасылардың мадағы. Абылай бастаған қаншама ерлердің керкем тұлғасын тарихи шындыққа сәйкес жасай алғанын Бұқар толғауларын айрықша мазмұнмен нұрландырады.

Ең ғажап жері сол - Бұқар жырлары өзінің замангөйлік сипатын, тәрбиелік, ғибраттық мәнін жоғалтпай, қазіргі қауымның да рухани қажетіне жарап келе жатыр. Өзінің тәуелсіздігін бекіту жолында тосын қиындықтарға душар болып отырған Қазақ Республикасына жыраудың кемел кеңестері мен орнықты ойлары зор медет береді деп сенеміз...

Болашақта Бұқар жырау мұрасын зерттеуді жаңа сапалық биікке көтеру қажет. Бұл кезге дейін жыраудың шығармаларын толық жинастырып, ғылыми жүйелеуге мүлде көңіл бөлінбегенінің себебі, руха- ни қазығына тек таптық тұрғыдан біржақты қараушылыққа байланысты болды десек, ендігі жерде ол қырсықтан арылғандаймыз.

Қазақ тәуелсіздігінің жаршысы Бұқарды мадақтасақ, бізді билеп-төстеп тұрған үлкен көршіміз Ресейдің шамына тиіп қаламыз ба деген үрей де санамызға сіңгендігі еркін көсіліп пікір айтуға мұрша бермей келеді. Зерттеушілік мәдениетіміздің жетілмегендігінен таза, “бейбіт” ізденістердің өзі жүйелі жүргізілмеді, жылдар бойында Бұқардың жекелеген шығармаларын жинақтар мен хрестоматияларда қайталап басумен ғана шектелдік. Ұлы жыраудың салтанатты тойы қарсаңында оның туындыларының жан жақты тексерілген, сенімді мәтіндерін (текстерін) барша ғылыми жабдығымен қоса ұсына алманымыздың өзі өткен ондаған жылдарда маңдымаған тексерулердің тікелей салдары. Бұқар жайында шағын көлемде болса да, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде нақтылы мағлұмат беретін түсіндірменің шығарылмауы да үлкеніміз болып, кішіміз болып данышпан тұлғаның шын орны мен мәнін зерделеп болмағанымызды көрсетеді, Ежелгі бейқам, жайбарақат әдетімізбен “өткенге салауат” десек те, алдағы кезде атқарылар кейбір аса қажетгі істер тізбегін айқын бағдарлауымыз ләзім...

Жыраудың өмірбаяндық мағлұматтарын толығырақ қарастырып,

Репозиторий КарГУ

оған қатысты күллі деректерді топтау, талдау жұмыстарын жасау - күрделі уәзипалардың бірі, Бұл мәселе Бұқардың туған жылы мен жерін анықтаудан басталып, оның ақындық, билік қызметінің шеңберін, өскен ортасын, заманындағы хан, сұлтандармен ру көсемдерімен қарым-қатынасын, көрші түрік халықтарының тарихы мен эдебиетінде қалған іздерін, шығыстың рухани байлығын меңгеру дәрежесін, мәмілегерлік (дипломатиялық) әрекетін неғұрлым кең әрі терең пайымдауға жалғасуы тиіс. Бұқар мұрасын шын мәнінде тану мен тексеру енді басталады дейтініміз осыдан, Жырау толғауларынан оның кітаби білімінің молдығы да аңғарылады. Демек, ол өзінің кемел ойларын ауызша ғана толғамай, хатқа да түсіруі мүмкін ғой. Қазақтың Ресей мен Қытай, ортаазиялық хандықтар, жоңғар жаулаушылары арасындағы қысылыңқы халін ойлап, «я еркіндігінің жолын ұдайы іздеп отырған дана жырау арғы-бергі тарихтан мол хабары бар білімдар адам болған деуге негіз бар. Ендеше жырауға жанасты мәнбелерді (источниктерді) Сібір қалаларының архивтерінен де, башқұрт, татар, орыс жазбалары мен фольклорынан да, Мәскеу, Санкт-Петербург, Пекин, Ташкент, Стамбұл кітапханаларынан да іздеу істері жаңа серпін алуы тиіс, Мәселен башқұрт фольклоршылары Бұқар мен башқұрттың Байық шешені айтысқан деген дерек келтіреді. «Бұқар айтыпты» деген сөздер ел аузынан түгел жиналып болды деп жайбырақаттыққа салынбай, әлі де болса іздестіруді тоқтатпаған жөн. Жыраудың түрлі себептермен өзгелерге таңылып жүрген сөздері болуы мүмкін екенін де естен шығаруға болмайды.

Бұқар шығармаларын мәтіндік (текстологиялық) жағынан тәртіпке келтіру, түрлі вариантарды өзара және тарихи жағдайлармен салыстыра отырып, ғылыми дәлелденген түпкілікті нұсқасын жасау басты нысана деп қаралса керек. Ал жыраудың бүгінге дейін жарияланып келген туындыларында анықтай түсуді қажет ететін нұқсандар мен айтушыдан не көшірушіден кеткен қателер жоқ емес. Бұқардың әрбір сөзі мен тіркесі қашан, қандай жағдайда туғанына қанықтыратын мағлұматтардынеғұрлым мол жинақтап шығу, оларды озық методологияға сүйеніп талдау шарт. Бұл тақырып бір емес, әлденеше зерттеулерге жүк болар еді. Ауызша тараған мұраның асыл нұсқасын анықтаудың ғылымда қалыптасқан тәсілдері мен жолдарын ұтымды пайдалана алып қарасақ қана, ақиқатқа жақындаймыз. Бұқардың әр кезде, түрлі жағдайда шығарған тарихи толғауларының тарихын болжауға ғылымның жетік тәсілдерін жұмсаған жөн. «Жырау айтыпты» дегендердің замандар өте келе белгілі жәрежеде өзгеріске түсуі мүмкіндігін де естен шығаруға болмайды. Мұраны зердесінде сақтаған жандардың бәрі бірдей әуел баста естігендерін түп-түгел

Репозиторий КарГУ

бұлжытпай жеткізеді деу де ұшқарлық болар еді. Сондықтан мұндай жағдайда Бұқар мұрасына қатысты құжаттарды тұтас қарастырып, солардың күмәнсіз анық желілерін іріктеу шарт. Жырау шығармаларын келешек буындарға жеткізуде баға жетпес еңбек сіңірген Мәшһүр Жүсіптің де, басқа зерттеушілердің де қалдырған куәліктеріне ризалық білдіре отырып, кей жағдайда соларға да сын көзімен қарауды үйренгеніміз артық болмайды.

Мұра сақталу ерекшеліктеріне жете мән бермегендік асығыс, жаңсақ тұжырымдар жасауға, тіпті шежіре бойынша қалыптасқан ұғымдарды белден басып, жетесіз, күмәнді сәуегейліктерайтуға жол ашатынын көреміз. Мұндай әдет өріс алып, тамыр тартып бара жатқандықтан, аранйы тоқталуға тура келеді. Бұқар жыраудың беделіне сүйенген болып, шежірені көлденең бұрып әкетуге тырысушылық қай жағынан алсаң да, зиянды құбылыс екенін ашып айтпасқа болмайды. Мәселен, кейбір қаламгерлер Бұқардың Абылайға қарата айтылған қатқыл, сын сөздерінің айналдырғысы келеді. Ең сорақысы сол – ғылымнан хабары жоқ кейбір адамдар өздерінің Абылай тегін бұрмалап көрсеткісі келетіндіктерін Бұқар сөздерімен дәлелдемек болады. Ол сөздер мынау:

Ей, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға
Қызметші болып тұр едің,
Сен қай жерде жүріп жетіктің?
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің...

Кез келген сауатты оқушы бұл сөздерден **АБЫ**лайдың бала кезінде жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болғанын ғана аңғарар еді. Бірақ “зерттеудің” оңай жолын тауып алғандар бұл тіркестерден тек өздерінің қисынына қолайлы мағыналар іздейді. Олар “үйсін Төле билердің, түйесін баққан құл едің” деген тіркестердің бейнелік қызметін елемей “мына сөздерге қарағанда Абылайдың ата-тегі төре емес, қара болуы керек” деп жаңалық ашқандай болады. Бұқар бабаның:

Момынға келіп бек болдың,
Атанды білмес құл едің.
Атаңның тегін сұрасаң
“Арқар” ұранды жат едің,
Қай жеріңде төре едің?
Бөз тоқыған сарт едің,

Репозиторий КарГУ

Шешеңді және сұрасаң,
Қай алтынның буы еді
Оны да мен білуші ем.
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүріп күнелткен күң еді...

- деген сөздері шежірені қайта жазғысы келетіндерге ізденгенге сұранған болып көрінеді. Қандай жағдайда айтылса да, Бұқардың бұл толғауларына қарап Абылайды "құл" деп дәлелдеуге болмайтыны бірден байқалып тұр ғой. Абылайдың ата-тегінің кім екенін сипаттауға жыраудың оған "Арқар" ұранды жат едің" дегенінің өзі-ақ жеткілікті. Ал қалған сөздердің неліктен, қалай шыққанын түсіну де қиынға соқпайды. Мұның бәрі бала кездегі көрген қиындықтарын бір сәт ұмытып, мансап пен атаққа елтіп, кейде асылыққа барғысы келген ханды сабасына түсіру үшін айтылғаны сөз астарын аңғаратын әркімге-ақ түсінікті. Тіпті, сол сөздердің әуел баста дәл осылай шыққанын немесе кейінгі замандарда айтушылар қиялымен "дамытылып" әкетілгенін де ойлап көруге болады ғой. Бұлай ойлауға Бұқар жыраудың әр елеңінде осы мәселенің әртүрлі айтылатындығы да жол ашады. Сол өзгешеліктерді де келтірейік:

Әй, Абылай, сен он бір жасыңда,
Әншейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің...

Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің
Жиырма жасқа келгенде,
Оны да көрген жерім бар
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің...

Бұл жолдарда Абылай жас кезінде үйсін Төленің емес, Арқадағы Әбілмәмбет төренің түйесін баққан делініп тұр. Ауызша сақталған әдеби мұраның қайшылығы деген осы. Келтірілген мысалда Абылай жаныс Қарабайдың үйінде түнде туған болып шығады... сөз болып отырған өзіндінің соңғы екі жолына бола кейбіреулер Абылайдың ата-тегі Жаныс руынан екен деген қорытынды шығарудан да қысылмаған. Бұқардың тағы бір өлеңінде «момынға келіп бек болдың, атаңды ұқпас ұл едің» деген де жолдар кездеседі.

Мәшһүр Жүсіп жазып алған әңгімелерде бұл қисын басқа деректермен толтырылған. Оқып көрелік: «Он екі жасар бала күнінде

Репозиторий КарГУ

қасында Оразаулық деген сарт бар екеуі Түркістан шәһәріна келіп, Әбілмәмбет патшаға қызметкерлік қылды. Ол жерде орныға алмай, ұлы жүз үйсін Төле бидің түйесін бағып жүрді. Онда да байырқалап тұра алмады. Сары-арқаға шығып, Атығай, Қарауыл деген елдің ішіне келіп, Дәулеткелді байдың жылқысын бақты. «Атың кім» деп сұрағанға атым «Сабалақ» депті...

Шәді Жәңгірұлының дастанында Абылайдың он бес жасында керуенге ілесіп келіп, Арқада паналаған кісінің аты Дәулет делінеді... Бұл аңыз-әңгімелердің өзара азды-көпті айырмалықтарына қарамастан бір мәселеге келегенде басы тоқайласады. Ол – Абылайдың бала кезінде Бұқар жақта өскені, әкесі өліп, көп қиындықтар көргені, ақырында ата-баба жұрты еді деп қазақ жеріне келгені, біраз уақытқа дейін өзінің шын аты-жөнін жасырып, басқа бір есімді иеленіп жүргені. Міне, осы желінің ауыз әдебиетінің, енді бірде Төле бидің түйесін баққан етіп баяндайды. Сабалақ атымен жүруі де осы екі әміршінің құзырында болған кезеңмен байланыстырылады.

Ал Абылайдың анасының «күң» өзінің «құл» делінуі бізді адастырмауға тиіс. Бұл арада осы сөздердің өз мағынасы емес, біреудің қарауында қызмет қылғандығы сездіріліп отырғаны белгілі. Абылайдың анасы жаулардың қысастығынан қашып, жасырынып жүріп, ай далада туды ма, әлде жаныс Қарабай дегеннің үйінде босанды ма, бұл мәліметтер мәселенің мәнін шешпейді. Жырдың да, толғаудың да, аңыздың да айтпағы Абылайдың жас кезінде жетімдік, таршылық көріп, әркімнің қызметінде елеусіз болып жүрсе де, кейіннен өзінің қайраты, парасаты арқасында шын қасиетін танытып, ел билеушісі дәрежесіне көтерілгендігі.

Бұқар жырау толғауларындағы және ел арасындағы аңыз-әңгімелердегі ала-құлалықтардың себебін текстологиялық салыстырмалы зерттеулер кезінде ғана анықтауға болады демекпіз. Жырау өлеңдерінің үзіп-жұлып алған жекелеген мысалдар негізінде елде жоқ «жаңалық» ашуға тырысушылық көтере алмайтын шоқпарды қолға ұстағанмен бірдей. Бұл көрсетілгендер ауыздан-ауызға тараған, көптеген айтушылардың «сүргісінен» өткен мұраның асыл нұсқасын анықтау ғалым үшін ең бірінші міндет екенін аңғартса керек. Текстерді саралап болмай тұрып тұжырым, талдау жасаушылық кім-кімді де адастыруы әбден ықтимал. Аіңыз бен ақиқаттың ара қатынасынан нағыз шындықты екшеп алу ғылымның кемелденгендігіне сын.

Соңғы жылдарда тарихи қайраткерлерді еске алу, олардың халық алдындағы еңбегін ардақ тұту дәстүрі қалыптасып келеді. Бұл ұлттың оянудың юбилейлік саналарын атап өту, олар туралы жаңа деректер жариялау, аттарын мәңгілікке қалдыру шараларын қолға алу жалпы

Репозиторий КарГУ

елдік тарихымыздың толығып, байсал табуына септессе құба-құп. Тек қанай әрбір ізденіс таза көңілден, қалайда тарихи бір құбылыстарды анықтай түсу тілегінен туғаны игі. Ертеде өмір кешкен хандар, батырлар, билер, жыраулар, шешендер тұлғасын асырмай да жасырмай таныстыру адалдықты да, әдептілікті де керек етеді. Белгілі бір тұлғаны дәріптеу үшін екінші бір қайраткерді әдейі төмендеткісі келу-ең жарамсыз тәсіл.

Мәселен, республикалық газеттерде Қабанбай мен Төле биге арналған мақалаларда бұл қайраткерлердің тарихи орнын көрсетумен қатар кейбір даңқты есімдерді көрінер көзге төмендеткісі келушілікте орын алғаны белгілі. Кейбір жас зерттеушілер, Бұқар жыраудың Бөгенбай батырды сынаған бірер сөзін қайта-кайта алға шығарып көрсеткісі келгенін де көрдік. Шындығында Бөгенбайды бір бағаласа, Бұқар бағалағаны тарихқа аян еді ғой. Мұны Бұқардың Бөгенбай өлімін Абылайға естіртуінен де аңғаруға болады. Бөгенбайды сипаттаған толғау керек болса, зерттеушінің қаламына алдымен:

Қазақтың ханы Абылай,
Ақиықты аспанда
Құлағанға ұқсайды,
Ұшпастай ғып торлады,
Қазақтың қамал қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгенбай!

Қырдан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған.
Қазақ деген халқынан,
Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған
Батырың өтті Бөгенбай!... –

секілді сездер еді ғой. Бөгенбай өлімін бір Бұқар емес, өзгн жыраулар да тебірене толғағанына мысал мол. Ғалым мақсаты біреулерді ептеп “көтеріп”, екіншілерді ретін тауып “құлдыратып” көрсету емес, шындықты толық қамтып айту екенін мойындамасақ, ақиқат емес, алдау жолына түскеніміз болмақ...

Бұқар жыраудың толғаулары үлкен ойлар мен жалпы адамзаттық мәңгілік құндылықтарды нақылдай тұжырымды, әсерлі етіп айтумен

Репозиторий КарГУ

ғана емес, тарихи оқиғалардың жалпы бағытын, жекелеген қайраткерлердің қазақтың азаттық күресіндегі орнын дәл бағалап, күмәнсіз куәлік беруімен де ерекшеленеді ғой. 18 ғасырдағы отандық соғыстың барлық кезеңінің білгірі, сол соғыстың қаһармандарын әйгілеп, тиісті орнын көрсетіп кеткен жырау толғауларының әрбір жолына ерекше ілтипат, құрметпен қарауымыз парыз.

Рахманқұл Бердібаев
1993 ж.

Бұқар жырау мұрасындағы көне ұғымдар

Бұқар жырау шығармашылығында көне сөздер көп. Осыған байланысты бабамыздың мұрасын қайта жариялау кезінде қателіктер, түпнұсқадағы түсініксіз сөздерді бұзып жазу орын алып отыр. Көне сөздер мен ұғымдарды талдау тек тілге ғана қатысты емес, тарихқа да көп жаңалық әкеледі. Осы себепті біз Бұқар жырау толғауларында кездесетін бірсыпыра сөздерге талдау жасау, оқырманға ұсынуды жөн көрдік.

1) Ашуланба Абылай,
   Ашулансаң Абылай,
   Көтерермін көрермін,
   Көтеріп қазға салармын.

Қазақ саяси ой пікірінің, этникалық санасы мен елдік қасиеттерінің қалыптасуында өлшеусіз еңбек атқарған Бұқар жырау бұл толғауды Абылай ханды қатерлі бір шаруадан тоқтатқысы келгенде айтқаны толғау контексінен анық сезіледі. «Қаз» дегеніміз бүкіл елдің маңдай алды азаматтары жиналатын кеңес, жалпы халықтық жиын. Жалпы халықтық жиындарда мемлекеттің сыртқы саясаты, хан тағына мұрагерлік, жер мен ел билігі, т.б. аса маңызды мәселелер талқыға түседі. «Қаз»- халықтық, демократиялық институт, ол ел басшыларын халық тілегімен санасуға мәжбүр қылатын, ел азаматтары сынға түсетін қасиетті жиын. Қай мәселені «қазға салу» халықтық жиындарда ірі мемелекет қайраткерлерінің, ру басы көсемдерінің қолдауымен шешіледі. Егер осы ұсыныстарды қаз қолдаса онда бүкіл ел қырылып жойылса да сол шешімді орындайды. Біздің ойымызша қазақ идеясының негізі болған «қаз» ұғымы Еуразия халықтарының көне тарихына бастайды. «Қаз» ұғымы ариан -түрік тайпаларына тән көнеріп кеткен ұғым.

Репозиторий КарГУ

Оның бір дәлелі Кавказ таулы өңірін мекендеген осетин, шеркес және кабардин халықтарының нарт аталатын эпикалық жырларында «қаз» атауы ер жауынгерлердің кеңесі дегенді білдіреді: «Тот на хасе быть достоин, Кто мечом разрушил горы, Кто познал просторы мира, Кто прошел моря и сушу, Закаляя душу в битвах». Нарт эпосы қазға тек әскери сыннан өткен, жаугершілікте шыңдалған азаматтар ғана қатыса алады дейді. Қазға көп адам жиналады, оның шешімдері де дауыстың басымдылығымен шешіледі. Дау болып ел екіге жарылса қай жақтың дауысы басым болса сол жақ жеңеді. Солтүстік Кавказ халықтарының зерттеушісі Г.В. Новицкий 1829 жылы қаздың маңызы туралы: «Уничтожив власть князей, натухайцы, шапсуги и абадзехи подчинили себя суду присяжных. Земли сих народов разделяются на округи; в каждом округе находится общество избранных старейшин, и суд, который они производят, называется хасэ. Все предприятия и намерения обсуждаются на собраниях, решения коего почитаются законом»,- дейді.

Қазіргі зерттеушілердің пікірінше «Хасэ, как и столетия назад, является представительным органом власти народа, полномочным парламентом суверенного государства. На Хасэ периодически принимались решения, очень важные для общества» (http://adygi.ru/index.php?newsid=11838).

Міне, осындай жерде билердің өнері сыналады, ол жерде шеберлік те керек, шешендік те керек, дауыстың да сынға түсетін жері осы. Бүкіл қазақ жиынын меңгеріп кету оңай емес. ХУІІІ ғасырдың атақты билерінің бірі Қазыбек Келдібекұлының «қаз дауысты» атанғаны қазақтың жауынгер азаматтары көптеп жиналатын жалпы халықтық жиындарға қатысты екені даусыз болса керек.

2) Хақтың үйі мешітті,
Ақты Құдай шешіпті.
Арамзада төкпенің
Уыз үйін кесіпті.

Уыз үй дегеніміз қазақ ұғымында кәдімгі шаңырағы, керегесі, уығы бар киіз (кигіз) үй. Уыз аталатын себебі қазіргі классикалық киіз үйдің жасалу тарихын қазақ шежіресі Уыз ханмен, яғни шығыстың жазба нұсқаларындағы Оғыз ханмен байланыстырады. Енді осыны түсіндіру үшін біз Мәшһүр шежіресіндегі Уыз (Оғыз) әңгімесіне ден қоялық: «Уыз хан жетпіс екі жыл мұнгол - татармен жауласып, жетпіс үш жылда бәрін өзіне бағындырып, Пұсырман қауымына кіргізді. Сонан соң жүріс қылып, Қытайды алды, Шүршітті алды, Таңғұтты алды. ...Уыз хан Итбарақ ханнан жеңіліп қашқандығын ар-намыс көріп, он жеті жыл арада өткеннен кейін, қайта қам қылып, аттанып барып,

Репозиторий КарГУ

ұрысып, Итбарақ ханды өлтіріп, елін жебір-жесір қылып шауып: «Пұсырман болдық»- дегеніне тимей, болмағанын қырып, қиратып, ордасына қайта келіп түсті. Сондағы «Орда» деп жүргендері- керегесіз ағаш шаншып, кигіз жапқан жолым үй.-...(бұл жерде шағын шаңырақ пен уықтан ғана тұратын алашық туралы айтылып отыр-Ж.А.). «Бала-шағаммен, қоңсы-қолаң, құл-құтаныммен, аймақ-отаныммен көп жұртты аралап, жаманын жазалап, жақсысын саралап, аман-есен келгеніме той беремін!»-деп, ұлық зор той-тамаша жасамақшы болды. Сонда сол тойда жұрт көзіне түсіру үшін, уық, шаңырақ, керегелі киіз үйді жасатты. Ағаш біткеннің басын алтынды қылып, аяғын күмістен жасатты. Лағыл, жақұт, зумурат, фируза, дүр. Бұл тастардан сол үйге қадалмай, орнатылмай қалғаны жоқ....Киіз үйді қолдан жасатып, жұртқа өрнек-өнеге қылған Уыз хан болғандықтан: «Киіз туырлықты, Уыз үйлі»- атанып қалды....Бір нәрсені біреу іздеп таба алмай келсе: «Осы уыз үйлі қалың елден таппағаның ба?» -дейді».

Енді Уыз хан қай заманда өмір сүрді деген мәселеге келсек, Шәкәрім қажы Әбілғазы шежіресіндегі Қара хан мен Уыз ханның әңгімесін баяндай келіп, Уыз ханның заманы туралы “мұның хан болғанын мұсылманша шежіре кітаптар біздің пайғамбарымыздан 3400 жыл бұрын дейді. Бұл Оғыз хан бек мықты хан болып, жер жүзінің талай жерін алған хан еді. Оғыз хан деген атақты хан болғанын барша шежіренің бәрі айтады”. Шәкәрім «мұсылманша шежіре” деп Әбілғазы баһадүр ханның «Шаджарай түрік» кітабын айтып отыр. Сонымен қазақтың киіз үйінің, қасиетті Уыз үйінің тарихы біздің жыл санауымыздан бұрыңғы 2800 жылдардан бастау алады. Бұл археологиялық кезеңдестіруде қола дәуірі аталатын, Ұлы далада бабаларымыз малды еселеп өсіп, металды игеріп, сауданы жүргізіп, әлемді билеген тамаша кезең.

3) Ежелгі дос жау болмас,
Шернеуіште хаты бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілде кір даты бар !

Бұқар жырау мұрасында небір көне және қызықты ұғымдар бар. Солардың ішінде шернеуіш (шірнеуіш) ерекше. Архив тарихына арналған Қарағанды қаласында шыққан еңбектердің бірінде «*Архивное дело занимает важное место в нашей жизни.*

Время течет неумолимо, одно поколение сменяет другое, летопись важных событий, достижений, воспоминаний хранятся в архивных документах. У народного жырау – Бухар жырау Калкаманулы есть такие строки: «Старый друг не станет врагом, В

Репозиторий КарГУ

ширнеуше есть письмо». У Бухар Жырау под словом «Ширнеуше» отмечен архив» деліпті. Несі бар, қисынды!

Мәшһүр Жүсіптің осы сөзге қатысты «Ілкі баста басына жазылған жазу бар дегені. Шернеуіш -басына жазылған тағдыр» деген түсініктемесі бар. Бұл түсініктеме шернеуіш ұғымының тым көне екеніне дәлелдің бірі, яғни ерте замандарда пайда болған сөз, қолданыстан шыққан соң тағдырдың бұйрығына айналған деген пікірдеміз.

Осы сөзді парсы тілінен енген деген болжамдар бар. Парсыда бұл сөз кездесетіні рас, бірақ ол біздің жақтан ариандармен бірге барған сөз. Сонымен дұрыс жауабы қалай болмақ ?

Біздің ойымызша «шернеуіш» расында да тым ерте заманның сөзі. Кейбір анықтамалықтардағы «тері басылым, яғни ақпаратты теріге (шірнеуіш, дифтер, пергамент) жазу арқылы жеткізу мақсатында пайда болған» дегенді қабыл көреміз. Оның нақты дәлелі үнді-еуропа тілдеріндегі баламалары, соның ішінде славян тілдеріндегі «чернила», «чернить», «чертить» сияқты «черн» түбірінен шыққан сөздер. Тағы бір қызығы орыс тілінде «шор» -тері, «шорник» -терімен жұмыс істейтін адам, «шорная мастерская»- теріден ат әбзелдерін дайындайтын жер деген бар. Ал енді іш/ыш жұрнағына (суффикс) келетін болсақ, ол қазақ тілінде әлі де белсенді. Мысалы: елеу-іш, тырнау-ыш т.б. Қарап отырсаңыз іш/ыш жалғанған уақытта етістік зат есімге айналып шығады. Қорыта айтсақ шернеуіш (шірнеуіш) – теріге жазылған хаттарды сақтайтын арнайы қобдиша!

4) Ағар дария су кешпес,
Қалмақтан алсаң маһи бір зайып,
Сүйегінді жоғалтпас !

Бұл шумақтағы түсініксіз сөз – маһи. Бір қарағанда парсы тілінен енгенге ұқсайды, бірақ Бұқардың маһиды батыл қолдануына қарап ертеде Ұлы далада қолданыста болуы әбден мүмкін деген пікірдеміз. Парсы тіліндегі нақты мағынасы көктегі ай дегенді білдіреді, осыдан келіп «Маһибану», «Маһикамал», «Маһинұр» сияқты атаулар шығады. Қазақтағы ауыспалы мағынасы- текті. Бұқар бұл шумақта қалмақтан текті бір қызды алсаң, сүйегің далада қалмас деп тұр. ХУІІІ ғасырдың ортасында Жоңғар (Қара қалмақ) мемлекеті құлады. Қытай әскерлері жүздеген мың қалмақты өлтірді, қырғыннан аман қалғаны қашып қазақ ортасына, Сібірге келді, бірталайы Еділдегі торғауыт қоныстарына да жетті. Міне, Бұқар жырау толғауының айтылған кезі осы болуға тиісті, яғни жүз мыңдаған қалмақты ассимиляция жасау керек болды. Қазақ өзінің бас идеологының нұсқауымен осы шаруаны абыройлы орындап шықты.

Репозиторий КарГУ

5) Сегіз қиыр шартарап,
Төрт құбылаңды түгел қып,
Төріңде жатып салмақтан !

Бізде «сегіз қиыр шартарап» ұғымын Батыстық, не Исламдық мәдениетпен байланыстыру үстем. Батыста оны октаграмма деп атайды және тәртіп пен тепе-теңдікті білдіретін символ деп есептейді. Ислам әлемінде Руб аль-хизб (араб. ربــع الحزب) ұғымы қолданылады. Бұл жерде «руб» -ширек деген мағынада, ал «хизб» топтама. Біздегі қолданыстағы «сегіз қиыр шартарап» - екі тік төрт бұрыштың бір-біріне 45 градустағы қосындысы да Батыс пен Шығыстан келді (https://ru.wikipedia.org/wiki/).
Егер тарихи тұрғыдан қарасақ онда біз ислам мен батыс өркениетінен де ертерек болған Уыз (Оғыз) хан заманына барамыз. Себебі сегіз қиыр шартарап «Оғыз жұлдызы» деп аталады. (https://ru.wikipedia.org/wiki/). «Оғыз хан Таластан өтіп Самарқанд пен Бұқараға келді, -дейді Әбілғазы шежіресі. Одан әрі Әмуді өтіп Хорасанға барды. Ол заманда Иран жұртында жақсы патша жоқ еді. Кеймарыстың қайтыс болып, Гешунгті әлі патша көтермеген кез. Түріктер мұндайда «ауыл сайын бір төре» деп айтады, мәнісі «бір үйде бір хан болар» деген. Иран жұрты сондай еді. Осылай бірде қан төгіс соғыспен, бірде бейбіт келісіммен Уыз хан «Хорасанды алған соң, Ирак-аджамды, Ирак-арабты, Әзірбайжан, Ермениями, Шамды алып, Мысырға шейін барды». «Оғыз жұлдызы» осы жаугершілік барысында қалыптасқан дүниетану моделі болуы тиісті.
Жалпы сегіз сөзіне қатысты құпиялар толып жатыр. Мысалы, саха елі сегізді «ағыс» дейді. Бұл арийлік нұсқадан қалған жұрнақ. Батыста осы ағыстан «август» пайда болады, яғни сегізінші ай. Қазақта «ағыс» рудың да аты, жердің де аты (мысалы- Ағыс Қу).

6) Арсы менен Күрсіге,
Дәу таласты үніңіз !

Бұқар жыраудың Абылайға айтқан мадақ сөздерінің бірі. Арсы мен Күрсі сөздерінің мағынасын анықтау үшін қазақтың ежелгі космогониялық ұғымдарына саяхат жасау керек. Сол ұғымдардың бірі – жеті қат көк, жеті қат жер. Жеті қат көктің ең жоғарғы қаттары (сфералары) Арсы мен Күрсі. Бұқар Абылайға айтқан сөзің, жарлығың жеті қат көктің ең арғы қабаттарына да жетеді деп тұр. Осылай мақтап-мақтап алады да, «өкпеңменен қабынба, өтіңменен жарылма» деп ұрсады. Адам баласының о дүниелік өмірі осы қаттарда өтеді деген де түсінік бар. Осыған байланысты қазақтың адам мінезін арсы-күрсі деп атайтыны қызықтырады.

7) Лауқы менен кәләмді айт,
Құдыретімен жаратқан,

Репозиторий КарГУ

Он сегіз мың ғаламды айт

Лауқы мен кәлем қазаққа ислами мәдениеттен келген күрделі ұғымдар. Кәләм сөзі түсінікті – қазақтағы қалам, яғни жазу құралы ұғымы содан шығады, негізгі арабтық мағынасы жазу. Бұқар жырау «лауқы» сөзін қысқартып, жыр жолына қолайлы етіліп, ықшамдаған. Бұл сөз ислами әдебиетте Ләуһу Махфуз аталады. Мағынасы бүкіл әлемде болған, болатын оқиғалар жазылған тағдыр тақтасы, кітап деген мағынада. Қазақта ертеректе «Лауқылмақпұздан қарайық» деген сөз болған, бірақ одан қарау үшін аса бір ғұламалық қасиет керек деп есептеледі.

Сонымен Бұқар бабамыздың «Лауқы менен кәләмді айт» дегені тағдыр тақтасындағы жазуды айт дегені болып шығады. Бір қызығы «лауқы мен кәләм» дәл осы мағынада Ахмет Йассауи хикметтерінде де қолданылады: «Шоқ қанатын хазрат Таба тоқиб учар, Ғарш уа курси лаух уа қалам тайран қылур», қазіргі мағынасы «Қос қанатын хазірет тоба қомдап ұшар, Ғаршы-күрсі, Лауқыл-қалам думан қылар». Бұл қанатты сөздер Бұқар жыраудың Ахмет Йассауи мұрасын жақсы игерген, талантты шәкірттерінің бірі екенін тапжылтпай дәлелдесе керек.

8) Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң ?!
Хандар киген қамқа тон,
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай,
Мортық болар бүлген соң !

Қазіргі халықтық этимологияда мортық сөзін көктем уақытында гүлдейтін өсімдік атауымен байланыстырады. Біздің ойымызша шөлейт аймақтарда көктемде гүлдеп, тез қурап қалатын өсімдік атауының мортық обаларға қатысы жоқ, керісінше мортық оба сөзінің осы өсімдік атауының пайда болуына әсері бар. «Мортық» көне заманнан, соның ішінде үндіеуропалық тілдердің сөздің қорынан сақталған өлімді білдіретін атау. Мортық сөзінің түбірі «mort» үндіеуропалық тайпалар ұлы даладан батысқа және оңтүстікке әлі көшпей тұрған уақытта, яғни III-II мыңжылдықтарда қолданылған. Оның түбірі праиндоеуралық mer- «өлу» (ср.: русск. мор, морг, лит. mirtis «смерть», латышск. meris, готск. maurþr «убийство», др.-в.-нем. mord «убийство», англ. murder «убийство», др.-ирл. marb «покойник», лат. mortuus «мёртвый», др.-греч. βροτός «смертный», армянск. մարդ (mard) «человек», авестийск. marəta- «смертный»). Сонымен бірге Еуропада «mortyk» өлімді, кесірді білдіретін символ есебінде белсенді қолданыста бар ұғым (https://www.google.com/search?q=mortyk&tbm).

Репозиторий КарГУ

Қазақ тіліндегі «мерт», «мерт болды» сөздерінің тарихы да сол ерте кезеңге барады, яғни біздің тамырымызда арийлік қан тамшыларымен бірге сөздік қор да сақталған. Осы мортықпен егіз қозыдай бірге жүретін шортық (shortyk), қортық (kortyk) т.б. сөздер де ежелгі ортақ тіл қорына барады.

Қазақ жерінде мортық атауы бірнеше жерде сақталған. Батыс Қазақстанда Жаңа қала ауданында, Солтүстік Қазақстан облысында Сілеті өзені бойында мортық обалар кездеседі. Сілеті бойындағы Мортық обалар туралы кезінде «Астана ақшамы» газетіне «Сілетінің оңтүстік жағасында, Петропавл-Қоянды сауда жолынан бір шақырым жерде «Мортық оба» аталатын обалар бар... осыдан қырық жылдай бұрын қазба кезінде бұл Мортық обадан шойын құмған табылған екен» жаздық. Мортық аталатын ауылдар Алматы, Ақтөбе және Ақмола облыстарында бар. Ақтөбедегі Мортықта студент кезімде Мир Қадырбаев ағамыздың жанында сармат қорғандарын қазып едік. Сармат өркениеті бүліншілікке ұшыраған, иесіз қалған дүние, біз әлі күнге дейін сармат мәселесінің қыр-сырын нақтылай алмай жүрміз.

Сонымен «мортық» атауы қандай мағына білдіреді? «Мортық» дегеніміз бүліншілікке ұшыраған ескі жұрт, мәйітхана.

9) Қарсы менен Құзарда,
Жалаң аяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің !

Бұқар жыраудың Абылайға айтқан осынау шумағында аталатын Қарсы менен Құзар туралы не білеміз ? Бұл таулар Жиделі Байсын аталатын, біздің аталарымыздың тамаша қыстау жерлері болған, шүйгін де, берекелі қоныс. Саржан төре «әй, сенің аузыңа сөз салып тұратын күшті перің бар ку екенсің» дейтін Сақау Мәукеұлының:

Әз Тәукенің тұсында
Қарлығаштай қайрылысқан
Қалың қазақ ел екен.
Байсынға барса, мал бөгіп,
Жататұғын кезі екен.
Құлыны жүні бөрте екен,
…….
Бөрте қозы өсірген,

Байсындай шүйгін бар ма екен?! - деп суреттейтін қазақтың сол кездегі қонысы!

Қазіргі уақытта Қарсы (Карши) мен Құзар (Гузар) таулары Өзбекстан мен Тәжікстанның шекаралық аймақтарында жатыр. Бұқар жырау «бөз тоқыған сарт» деп Орталық Азияның ежелгі отырықшы, саудагер тұрғындарын айтады.

Репозиторий КарГУ

10)Тәңірім сөзі Бұрқанды айт,
Кәлим Алла Құранды айт.

«Арабша- қазақша түсіндірме сөздікте»: «Фұрқан 1) жақсылық пен жамандықты, шындық пен өтірікті айырушылық; 2) әл-Фұрқан (Құранның жиырма бесінші сүресінің аты); 3) Құран» деген түсініктеме берілген. Шын мәнінде Бұқар жырау Бұрқан сөзін түркілік мағынасында, тәңіршілдіктің басты кітабы ретінде қолдануы мүмкін деген пікірдеміз, әйтпесе егер Бұрқан Құран мағынасында айтылса толғаудың келесі жолында «Кәлим Алла Құранды айт» деп оны қайталаудың қаншалықты қажеті бар?!

11)Өзің болған күніңде,
Бір көшке сыймайды,
Азаткерде құлыңыз!

Қазақ хадығы дәуірінде Наурыз, Құрбан айт сияқты ұлы мерекелердің құрметіне құлдарға бостандық беру дәстүрі болған. Басына бостандық алған құлдар -азаткер құл атанады да, не өзінің елінің қайтады, не қазақтың руларына сіңеді, не ханның төленгіттері арасында қалады.

12) Өзіңнен туған жас бала
Саудагердей сарт болар.
Өзіңмен бірге туысқан
Алаштан бетер жат болар !

Бұқар жыраудың болашақты болжап айтқан сәуегей толғауларының бірінен. «Сарт» деп бұл жерде жырау саудагер халықты айтып отыр. Ерте уақытта Сыр бойындағы қалалық өңірді мекендеген, негізгі кәсібі Ұлы жібек жолы бойындағы сауданы жүргізу болған қауымдарды сарт деп атаған. Олар диханшылықпен де, қолөнермен де айналысып, көшпелі руларыдың қажетін өтеп отырған. Әр түрлі жағдайларға байланысты (жаугершілік, жұт) көшпелі қазақ та отырышыға айналып сарт атанып кетеді.

Екіншіден, Бұқар жырау «Алаштан бетер жат болар» деп Алаш одағының құрамына әртүрлі елдердің енетінін де меңзейді. Қазақта бұрын болған «Алашсың ба, ағайынсың ба ?» деген сөздер де осының дәлелі, яғни қазақсың ба, әлде Алаш құрамындағы елдердің бірінесің бе деген сөз.

13) Ей, айташы, Алланы айт,
Аты жақсы Құдайды айт.
Төрт шадияр мұстафа,
Мұсқап ашқан ғаламды айт!

Бұл жерде Бұқардың «Төрт шадияр мұстафасы» Мұхамбет пайғамбардан кейін исламға басшылық жасаған Омар, Оспан, Әли мен

Репозиторий КарГУ

Әбубәкір. Ал «Мұсқап ашқан ғаламды айт» деген сөздерде қателік бар, дұрысы «Масқап ашқан ғалымды айт». Масқап (Мәсхаб) – үлкен ғұламалардың шәрғи дәлелдерге сүйеніп жасаған шешімдері мен үкімдері. Біз қазақ баласы Имам ағзам Ханафи сияқты ұлы ғалымның салған жолын, яғни мәсхабын мойындаймыз.

14)Шешеңді және сұрасаң,
Қай алтынның буы еді ?
Оны да мен білуші ем,
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүрып күнелткен күң еді!

Бұқар жыраудың Абылайға айтқан сөздерінің арасында кездеседі. Мәселе Абылайдың атасы Жолбарыс Абылай 1718 жылы орталық биліктің дағдарысына тікелей айыпты Қайып ханды өлтірген соң, отбасын алып Түркістаннан Үргенішке қашып барады. Жолбарыс Абылай аты ұмытылып енді Қанішер Абылай атанады. Үргенішке барған соң қала Мәскеу батыр бастаған түркімен шабуылына ұшырап Жолбарыс Абылай баласы Көркем Уәли ханымымен бірге тұтқынға түседі. Көркем Уәлидің ханымы Қайып ханның қызы болған. Бұл кезде Әбілмансұр Көркем Уәли баласы, Жолбарыс Абылай немересі 5 жаста. Бұқар жырау осы тұтқынға түскен оқиғаны меңзеп отыр. Көркем Уәлидің ханымы ханым екенімді білмесін деп тұтқында нашар киіммен жүрген.

15) Жабы деген қалмаққа,
Тырнағын қатты батырды

Бұқар мұрасындағы түсініксіз сөздердің бірі. Түпнұсқада «жәбірлеген» болып, көшірмеде «жабы» болып кетті ме екен деген жорамал бар.

16)Айбалтасын алтынменен булатқан,
Алафасын арттырып,
Арпамен атты қунатқан !

Алафа- әскердің шаруашылық жағын басқаратын қызмет, оның міндеттерінің бірі жорық кезінде жауынгерлердің аттарының жағдайын жасау, арпамен атты қунату.

17)Қырық сан қара қалмақты,
Жарлығына қаратты

Қырық сан- шамамен төрт жүз мың адам. Әр санда -10 мың адам деп есептеледі.

18)Лабашы деген бір еліні,
Антыменен улатқан.
Ераншы мен Серенді
Тозығындатып шулатқан.

Регозиторий КарГУ

«Лабашы деген бір еліні» - қате жазылып кеткен болуы керек, дұрысы «Лабашы деген бір ерді». Әңгіме қалмақтың соңғы қонтайшыларының бірі Даваци туралы. Черен Дондук тайшының немересі, Нәмжілдің немересі. Жоңғария тағына тура мұрагерлердің бірі. 1751 жылы қара қалмақ ханы Лама Доржымен билікке таласып Абылай қолына келеді. 1753 жылы Әмірсанамен бірге Лама Доржыны өлтіріп таққа отырды. 1755 жылы Шығыс Түркістанда Қытай қолына түсіп Бейжінде өлді.
Ераншы- қалмақша аты Эринцин. Әмірсананың қайын атасы. Күйеу баласымен бірге Абылай ханға қашып келіп, кейін қазақтың бір адамын өлтіріп алады да Жоңғарияға қайта барады. Серен – қалмақ деректерінде Шерен, Цэрэн түрінде кездеседі. 1756 жылы өзінің жақтастарымен бірге, шамамен он мың үйдей адам Серен бастап Оңтүстік Сібір арқылы Еділ бойындағы торғауыттарға келіп қосылды.

19) Шүршіт келем деген сөз бар-ды
Көктен түскен төрт кітап
Інжіл атты кәләмда

Бұқар жыраудың «төрт кітап»деп тұрғаны Таурат, Забур, Інжіл, Құран. Кәләм (калам)- арабша жаратушының сөзі, кітабы, жазуы деген мағынада. Шүршіт деп қазақ Қытайды 1640 жылдары бағындырып 1911 жылға дейін (Цинхай революциясы) билеген мәнжүрлерді айтады.

20) Ғаділдігін Наушеруан ғаділге жеткерген,
Жомартлығын Хатымтайдай жомарттардан өткерген !

Наушеруан (Ану ширван)- Қысрау (Хосров I) патшаның жанама, мәшһүр аты. Адал, әділ адам, шындықты айтушы, турашыл деген мағынада. Сасан әулетінің өкілі, Иранды 531 жылдан 579 жылға дейін биледі. Шеше жағынан Ақ ғұн (эфталит) патшаларынң жиені болып келеді, жас кезінде нағашыларының қолында болды. Оның әкесі Кей Қуат ақ ғұндардың қолына тұтқынға түскен болатын. Иранға 528 жылы келген Қысрау бірден Кей Қуаттың бас уәзірі Маздақты өлтіреді де, оның жақтастарының быт-шытын шығарады. Маздақ жақсы қоғам орнатамын деп байларды қырып-жойып, байлығын, қатындарын кедей-кепшекке бөліп берген болатын. Ел жаппай тонаушылыққа ұшырады. Қысрау Шығыс Рим империясымен көп соғысты. Кей Қуаттың бас уәзірі Маздақтың бүлдіріп кеткен Иран экономикасын жөнге қойды, жер мәселесін шешті.

Хатымтай (Атымтай) – шығыс әңгімелерінің сүйікті кейіпкері, жомарттықтың символы, қазақ ертегілерінде -Атымтай жомарт деген атпен белгілі. Ыбырай Алтынсарин жинағында: «Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен...» деген әңгіме бар.

21)Үшбу ердан бек (даруа),

Репозиторий КарГУ

Жасылкөлге маслихатқа келтірген

Түпнұсқада «Үшбу елдің бектерін» деп айтылған-ау деген пікірдемін. Жасылкөл – Жетісу Алатауы аймағындағы көл. Ол Лепсі ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 20 шақырым шамасында, Ағынықатты өзенінің бір тармағы Киікөзен өзенінің орта ағысында орналасқан. Көл теңіз деңгейінен 1630 метр биіктікте. Көлдің ұзындығы 2 шақырым, көлденеңі ең кеңейген тұсында 700 метрге жетеді. Тереңдігі 30-50 метр шамасында. Көлді жағалай өскен жапырақты тоғай күзде ерекше сұлуланып түрленеді.

Осы Жасылкөлде 1750 жылдардың ортасында болған маслихаттан қалған белгі.

22)Бағаналы орда-басты орда,
Байсал орда қонған жұрт !

Бұқар жырау мұрасының ішіндегі жұмбақ дүниенің бірі осы – Бағаналы орда! Бағана, тарихи-этнографиялық деректерге қарасақ, бірнеше мағынада қолданылған.

Біріншіден, бағана деп жірге тік орнатылған ағашты айтамыз. Қазақ ертеде ас бергенде жерге ұзын ағаш бағана қадап, оған қайтыс болған адамның жасына қарай -ақ, қара, қызыл ту байлап жатады.

Екіншіден, ертеде Уыз хан (Оғыз хан) заманында ұлы дүбір тойларда жерге алтын, күміс бағаналар орнатып, біріне ақ қой, біріне қара қой байлап жүргенін аңыздардан білеміз.

Үшіншіден, біздің түрік халықтарында, алыс туыстарымыз буряттарда қасиетті тауларында тау майлар мерекесін жасап, бағана орнатып, соған құрбандыққа соятын малдарын байлау дәстүрі болған. Б.Манжигеев деген бурят этнографы «Еще в начале 30-х гг. на горе Байтаг сохранялось 85 деревянных столбов, на которых когда-то, привязывалось столько же жертвенных животных, приносимых от каждого бурятского рода духу-хозяину горы» деп жазады. Байтақ – бай, қасиетті деген ұғымды білдіретін түрік сөзі дейді зерттеуші. Бұқар жыраудың да «Байтағың байып мал беріп, Байрақты жерде қыстатақан» деген сөзі осы Байтақ ұғымына байланысты емес пе ?!

Төртіншіден, бағана сөзі уақыт мөлшерін білдіретін ұғым екені анық. Қазақ осы күнге дейін бірталай уақыт өтті дегенді «бағана» дейді. Есік алдында отырған адаманан қашаннан бері отырсың деп сұрасаң-бағанадан бері отырмын деп екеуінің бірі айтады. Ерте заманда хан ордасының алдына бағана орнатып, соған басты оқиғаларды белгілеп, уақыт шамасын жасаған жоқ па екен деп те долбарлауға болады.

Бесіншіден, қазақта Бағаналы аталатын үлкен бір ата бар ! Орта жүз, оның ішінде Найман тайпасының құрамына кіреді, арғы түп-тегі Елтай батыр (Елата) арқылы Ғұн империялық қауымдастығына барады.

Репозиторий КарГУ

Міне, осы бес мысал басы қосыла келе Бағаналы орда ұғымының көне дүниеден келе жатқан мемлекеттігіміздің қасиетті белгілерінің бірі екенін көрсетсе керек.

Бұқар жырау мұрасында Абылай ханға айтқан-мыс делінетін:

Жаныс Қарабайдың қолында,
Түнде туған ұл едің,-

жұмбақ сөз бар екені белгілі. Осы сөз қаншалықты шынайы, дәлелді? Бұл сөз Бұқар мұрасының негізгі иесі болып табылатын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Имантай Сәтбайұлы (Потанин көшірмелері) жазбаларында жоқ. Алғаш рет 1931 жылы С.Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» кітабында жарияланды. Толық нұсқасы:

Әй, Абылай, Абылай!
Сен он бір жасында,
Тұрымтайдай ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің,
Жылқысын бағып жүр едің.
Абылай атың жоқ елі,
Сабалақ атпен жүр едің.
Жиырма жасқа келгенде,
Оны да көрген күнім бар.
Жаныс Қарабайдың қолында,
Түнде туған ұл едің
Жиырма беске келгенде,
Бақты берді басыңа,
Тақты берді астыңа.
Отыз жасқа келгенде,
Дүниедей кең едің.
Отыз бес жасқа келгенде,
Қара судың бетінде,
Сығылып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтынды тонның жеңі едің.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезеңге тіредің.
Елу бес жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың,

Репозиторий КарГУ

Жаман болсаң, маужырап барып соларсың.
Алпыс бес жасқа келгенде,
Әрбір атқа қонарсың.
Жұмсасаң бала тіл алмас,
Қатының қарсы шауьш ұялмас.
Әр нешік күнің сол болар,
Еңкейіп орақ орарға,
Тоңқайып масақ терерге.
Жетпіс жасқа келгенде,
Жетпіс деген жел екен,
Шала ауырып пір екен,
Жетпіс бес жасқа келгенде,
Жылуы болмас қойыңның,
Қаруы болмас сойылдың,
Өлмесең де жойылдың,
Әр атаққа қойылдың.
Сексен деген сор екен,
Шындап ұрған пері екен.
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзді алар,
Ауыздағы сөзді алар,
Бойыңдағы әлді алар,
Бетіндегі нұрды алар.
Қолыңдағы істі алар,
Бойындағы шырды алар,
Бетіңдегі түсті алар,
Қолыңдағы істі алар,
Өлмегенде нең қалар!
Тоқсан бес деген сор екен,
Дүйім жанның қоры екен,
Қарғиын десең екі жағы ор екен
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен.
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен.

Жырдың негізгі контексінен көрініп отырғандай бұл жерде арасына бес жыл салып адамның өмір белестерін түгендейтін толғауда Абылайды сынайтын, оның қай жерде, кімнің қолында туғанын түгендетін де себеп жоқ. Бұл толғау 1778-ші жылы Бұқар жырау тоқсан бес жасқа келіп, дүния ісінен безіп, Көкшедегі хан ордасымен қоштасқанда

Репозиторий КарГУ

шыққан. Иә, тойымсыз дүние - деп толғанған жырау, дүние ісінен қол үзетін сәтіне асық. Өмір өтті, көз ілеспес жылдамдықпен балалық бал дәурен, жігіттік жиырма бес, орда бұзған отыз бес, қылыштай қарымды қырық бес, ел ісін елекке салып елу бес, алысты аңдаған алпыс бес, жеті қазынаның есебіне кірген жетпіс бес, самұрықтай серпіліп сексен бес, - бәрі де тарихтың қойнына енді. Кәрі жыраудың канға арнап айтқан соңғы толғауларының бірі де өмір асулары туралы еді.

Бұл толғауда Жаныс Қарабай кіретіндей тіпті де орын жоқ. Осы жолдардың алды-артын қарасаңыз:

Жиырма жасқа келгенде,
Оны да көрген күнім бар.
Жаныс Қарабайдың қолында,
Түнде туған ұл едің,-

деген шумақтарды көресіз. Қарап отырсаңыз еш қисын жоқ ! Алған да жиырма жасқа Жаныс Қарабайды жапсыра салған. «Алтын тұғыр үстінде, Ақ сұңқар құстай түледің, Дәулет құсы қонды басыңа, Қыдыр келді қасыңа» -десе бір сәрі. «Жиырма жасқа келгенде Жаныс Қарабайдың қолында туып едің, оны да көрген күнім бар» деудің өзі абсурд. Осы себепті толғауды Бұқар жыраудың толғауы деп қабылдағанмен де, жоғарыда көрсетілген екі жолды толғауға кездейсоқ еніп кеткен қисынсыз дүние ретінде бағалаймыз.


Ж.О.Артықбаев
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, 2018 ж.



Репозиторий КарГУ

Төртінші бөлім

ТЕРЕНДЕР ТЕРЕҢГЕ ТЕРЕНДЕР



Репозиторий КарГУ

* * * * *

Бұқар Қалқаманұлының
шығармашылығын әдебиеттанушылық
тұрғыдан ең алғашқылардың бірі болып баға берген
Шоқан Уалиханов та, Мәшһүр Жүсіп Көпеев те
жырау толғауларындағы басты өзек –
хандар мен билердің образы
болғандығын баса айтады.

* * * * *

Репозиторий КарГУ

Әлемдік әдебиеттің тарихи даму жолында өзіндік орын алатын қазақ әдебиеті де рухани өркендеудің адам баласы жүріп өткен белестерін бағындыра отырып, көркемдік дамудың биік сатысына көтерілді. Барша әдебиеттерге тән ортақ заңдылықтар сырын игере алу мен өзіндік ұлттық ерекшелігін нығайту арқылы көркемдік-идеялық жаңа сапа танытудың жарқын мысалы – жыраулар жасаған әдебиет. Қазақ әдебиетінің тарихи даму барысындағы XV-XVIII ғасырларды қамтитын дәуірі - сөз өнерінің асқан құдіреттілікпен танылған, поэтикалық үрдістің биік межесін көрсеткен, көтеріңкі рухтың танылған дәуірі. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы жауһар ойлар мен поэтикалық қуаттың кемелдігі бірталайдан бергі зерттеулеріміздің нысанасы болып келген күрделі тағдырлы әдебиет.

Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Марқасқа, Ақтамберді, Бұхарлар ұлттық сөз өнерімізге қаһармандық поэзияның дәнін егіп қана қоймай, өлең сөздің халық өмірімен тұтастырып, әлеуметтік салмағын да арттырды. Қазақ көркем ой тарихындағы түркі ойшылдарының дәстүрлерін жетілдіре отырып, поэтикалық қуаттың жаңа мүмкіндіктерін көрсетіп берді. Олардың ел бірлігін арқау еткен толғауларындағы әлеуметтік-философиялық көзқарастар мен елшілдік концепциялар қазіргі тәуелсіздік дәуірінде де өз маңызын жойған жоқ. Жоймақ түгілі, бағасы артып, ұлттық діл сынға түскен жаһандану дәуірінің тасқынына тосқауыл қояр қуатты рухани күш сияқты.

Әлем әдебиетінің тарихына көз жүгіртсек, XYII-XIX ғасырлар аралығында Еуропа өнері мен әдебиетінде классицизм деген ірі бағыт болды. Әсіресе бұл бағытты XYII ғасырдағы Франция әдебиетіне қатысты көп айтатын. Өйткені бұл кезеңде Еуропада абсолютизм аса қуаттанып, мемлекеттік билік өз күшіне мықтап еніп, бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерге ие болған еді. Осыдан келіп елді бір ту астына біріктіріп, ұлттық идеяның қатты насихаттауға ынта ауды. Абсолюттік монархия өкілдерінің бейнесі де әдебиет пен өнердің орталық бейнесіне айналып кетті. Көркем туындылардағы асқақ азаматтық пафос, өмірді ел билігіндегі адамдар арқылы бейнелеу, тарихтың шешуші кезеңдерінде үлкен роль ойнайтын пассионарлық тұлғалар арқылы жырлау классицистердің басты ерекшеліктері еді. Уақыт, орын, әрекет сияқты «үш бірлікке» негізделген идеялық ұстаным тарих «таңдаулыларын» әр қырынан алып суреттеуге ықпал етті. Сарай төңірегіндегі оқиғалар мен билік өкілдерінің саяси ұстанымдарына баға беру де классицистерді бөлектеп тұратын сипаттардың бірі еді. Ел билігіне келген адамның азаматтық парызы мен жеке пенделік мүдденің қарама-қайшылығы арасындағы психологиялық күйлерді бейнелеу арқылы әдебиет мемлекеттік мүддені барлығынан жоғары қойды.

Репозиторий КарГУ

Мысалы, Корнель мен Расиннің кейіпкерлері өз мүддесін мемлекеттік мүдде жолына құрбан еткен, тағдыр-талайы өзгеше, батыр, ержүрек адамдар сойынан келетіні де сондықтан. Яғни жеке адам мен қоғамның, сезім мен сарабдал сананың арасына айрықша шекара қойған классицистер жеке аңсарларды термелеп кететін лирикадан гөрі «жоғары» жанрларды алдыңғы қатарға шығарып, әлеуметтік пафосқа ден қойды.

Сол тәрізді, әлемдік әдебиеттен көрініс берген классицизмге тән үрдіс қазақ әдебиетінде де айқұлақтана көрініс берді. Оған дәлел - қоғамдық-әлеуметтік сипаты аса күшті жырулар поэзиясы. Бұқар Қалқаманұлының шығармашылығын әдебиеттанушылық тұрғыдан ең алғашқылардың бірі болып баға берген Шоқан Уалиханов та, Мәшһүр Жүсіп Көпеев те жырау толғауларындағы басты өзек – хандар мен билердің образы болғандығын баса айтады. Баба мұрасын жинап-бастыру ісімен айналысқан Құрбанғали Халидтан бастап, Мұхтар Мағауинге дейінгі зерттеушілер өнерпаз туындыларындағы образ сомдау, типтендіру сынды мәселелерге келгенде әсіресе Абылайға арналған жырлардың айрықша реалистік қырына көңіл бөлді. Бұқарды «дала дипломатиясының» аса көрнекті өкілі ретінде бағалап, оның жыр-толғауларын насихаттауға аса ыждаһаттылық танытқан С.Сейфуллин «Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы-шешен ақылшысы болған» [1,83] деген байламы бұл тараптағы зерттеулердің әу бастағы бағдарын айқындап бергендей болғаны да рас. Алайда кеңестік жүйеде салтанат құрған маркстік-лининдік әдіснама Бұқардың хандар мен билерге берген бағасын біржақты түсіндіріп, идеологиялық мақсаттарына пайдаланған тұстар да аз емес. Әсіресе хан Абылайға қатысты толғауларды кезең талаптарына иіп әкелуге, социалистік реализмнің бастаулары ретінде көрсетуге талпынушылықтар да жетіп артылады. Е.Ысмайыловтың «Бұқар ақын ғана емес, Абылайдың қолшоқпар бітімші биі. Ол XYIII ғасырдағы қазақ елінің жоңғарға қарсы күресін дұрыс жырлағанмен, ішкі қоғамдық мәселеде Абылайдың жыршысы болды» [2,42] деуінде де дәуір салқыны сезілмей қалмайды. Зерттеушілер жырау шығармаларынан тепсініп тұрған эстетикалық қуатты дәл анықтай отырса да ондағы идеялық арқауды бәрібір кеңестік шеңберге әкеліп шегендеуге тырысты. Өйткені Алаш алыптары шығармаларының өзіне қатаң тиым салынып, қараңғы қапасқа қамалып жатқанда осы жыраулар шоғырынан да айырылып қалудың қаупі қатты еді. Мәселен, Ханғали Сүйінішәлиевтің «Асылы, Абылайдай тынымсыз жорық жасап, ел берекесін кетіріп жатқан ханға айтқан жырау ақылдарының ең тиімдісі қазақтың өзара бірлігін сақтауға, одан кейін көрші елдермен алыс-беріс жасап, жауласпай тату

Репозиторий КарГУ

өмір сүруге үндеу болса керек» [3, 219] деген байламында да хан бейнесіне деген заман салқыны сезілмей қалмайды. Тіпті ханның «тасыған көңіл басарлықтай қарсылығы» деп те баға берген кездер болды.

«Ай, Абылай, Абылай!
Сен мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға
Қызметші болып тұр едің.
Сен қай жерде жүріп жетіктің?!
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің!
Сен жиырма беске келген соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Дәулет құсы қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа.
Бақ үйіне түнедің,
Алыстан тоят тіледің,
Қылышыңды тасқа біледің...»

деп басталатын толғаудың осы бір бөлігі әдебиет оқулықтарында негізгі лейтмотив ретінде ұсынылып, ең көп әңгіме арқауы болған жолдар.

Жыраулар мұрасын аса табандылықпен зерттеп, осы кезеңнің бас зерттеушісіне айналған Мұхтар Мағауин «Бұқар Абылай саясатын жақтайды. Сондықтан да ол әміршісінің күшті болуын тілейді. Абылай хандығының нығаюы, хан үкіметінің берік болуы үшін күреседі»[4, 91] деген байламы бұл тұстағы әділ пікір. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дейтін заман орнап, ел басына күн туған нәубет кезеңде ханның тарихи ролін көтеру де халық рухын көтеру мақсаттарынан туындады. Ел арасыда Көмекей әулие атанып кеткен абыздың толғауларындағы Абылайға арналған цикл шығармалардың барлығын тек ханның жеке басына арналған деуге болмайды. Өйткені Абылай қазақ билігі доктринасын қалыптастырудағы жиынтық бейне. Жырау хан бейнесін орталық кейіпкерге айналдыра отырып сол арқылы замана ығытын, кезең ерекшеліктерін беруге тырысады. «Ханға жауап айтпасам» деп басталатын толғауда:

«Қарағай – судан қашықтап,
Шөлге біткен бір дарақ.
Шортан – шөлге шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ.

Репозиторий КарГУ

Ойлама шортан ұшпас деп.
Күнбатыстан бір дұшпан
Ақырда шығар сол тұстан.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Өзі сынды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір
Жаяулап келер жұртыңа!
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жебірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды.
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды,
Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан!
Бұл айтқаным, Абылай,
Болмай қоймас артыңнан...»

деп болашақты әулиелікпен болжай отырып, қапыда қалмауды ескертеді. Бұл туындыдағы айтылар ой сонау Асан қайғыдан тамыр тартанының да анық аңғарылып тұр. Асан қайғының Жәнібекке қарата айтатын

«... Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма?
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсің!?
Қош, аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің!»,

деген жолдар мен Бұқар толғауларының арасындағы үзілмеген сабақтастықты аңғарамыз. Тіпті болашақ заман келбетін болжаудағы келтірілген көркемдеу амалдарына дейін көп өзгермеген. Жыраудың өзі де «Асан сөзі осылай, Бүгін үшін ah ұрған» деп ескертіп те алады. Абылайдың ел бірлігі мен халық тәуелсіздігін сақтап қалудағы жеке ерліктері мен тұлғалық қасиеттерін де термелейді. Әрине Бұқар заманындағы сөз өнерінде жазба әдебиеттегідей адамның жеке аңсары

Репозиторий КарГУ

мен жеке психологиялық иірімдерін қазбаламайды. Жеке сүйініш-күйініштен гөрі ерекше тұлғаны оның қоғамымен тығыз байланыстыра жырлау алдыңғы кезекте тұрады.

«Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге,
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.
Арманың бар ма хан ием...
Ақылың бар хан едің,
Мұның түбін ойлағын».

Жыраудың өз арман-мүдделеріне сай қоғамды өзгертуге деген шексіз құштарлығын тудырған романтистік эстетикасы Абылай бейнесін тек реалистік тұрғыдан ғана емес романтикалық бейне ретінде де қалыптастырды. Романтизм лиро-эпикалық дастандардан, қиссалар мен аңыздардан ғана емес, жыраулар шығармашылығының басты жанры – толғаулардың да басты көркемдік әдісі ретінде танылды. Бұқар романтизмінің өрістеуінде бірнеше факторлары бар екені белгілі. Соның бастысы – тарихи-әлеуметтік фактор. Елдің іргесін шайқалтқан басқыншылықтарға сай өршіген саяси дағдарыстар XYIII ғасыр басында қазақ даласына зор сілкіністер әкелді. Тарихи ахуалдың күрт өзгеруіне орай либералды-демократиялық, ұлттық-азаттшылдық сана сезімдерге түрткі болды да, бөлекше әлеуметтік жағдай қалыптасты. Сахарада адамзат дамуының көшіне ілесу, ұлттың оянуы сияқты идеялар бас көтере бастады. Әлеуметтік саяси өзгерістер сөз жоқ, шығармашылық көңіл күйден де көрініс тапты. Мұндай ахуал романтизмнің өріс алуына қажетті әлеуметтік-идеологиялық алғышарттар жасап берді.

Тыңдарманға өзі жараспаған қоғамның қайшылықтарын жеткізу, керек десеңіз өз идеясын өткізу Бұқар толғаулары құрылымының субъективтік сипатын арттырып отырды. Субъективті баяндау әсіресе, хандар, батырлар бейнесін қалыптаудан айқын сезіледі. Жыраудың қоршаған орта қайшылықтарына деген ішкі қарсылығы Абылай образының романтикалық максимализміне еш нұқсан келтірмейді. Тұрмыстың күйбеңінен гөрі адамның асқақ рухын әйгілеуге тырысатын романтикалық мінездеу үлгісін басты бағдар еткен ұлы жырау дүниенің қайшылықтарын түбегейлі өзгертуге деген романтикалық құштарлықпен қанаттанды.

Репозиторий КарГУ

«Ай, айтамын, айтамын,
Мінген атың айтамын,
Ойнай басқан аяқтым,
От орнындай тұяқтым,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым,
Саурысын кере жараған,
Кекілін қыздай тараған,
Тостаған көзді торыны
Топ тарқамай мін-сана,
Еліңнің қамын же-сана,
Есіліп кеңес айт-сана,
Айта да айта кетсіни жұртына,
Мұздар да мұздар қатсын мұртына,
Һеш келмеді қыр тұта,
Кең Абылай, хан ием,
Шұбарағаш, құба жон,
Мекен еткен шөлде, ием,
Телі менен тентегің
Иіліп алдыңа, келді ием!»

Шығарма тінінде тағдырдың салғанына, жазмыштың дегеніне көну емес тұлғаның азаттық рухына бағышталған романтикалық түйсіну бар. Мұндағы адам тұлғасының шексіз мүкіндігі мен соның жолындағы күрескерлік идеяны аңдату қазақ сөз өнерінде реализмнің түпкілікті орнығуын дайындаған романтикалық бейнелеудің әдіс-тәсілдері екенін айтпауға болмайды. Өзі бейнелеген тұлғаны ортасынан әбден даралау үшін романтикалық пареллельдерге барады. Осы толғаудағы ханға ғана жарасымды тұлпардың бейнесі романтикалық образда даралаудың айшықты тәсілі.

Жыраулардың баршасына дерлік ортақ әлеуметтік мәселе, ортақ тақырып – ел бастаған хандар мен қол бастаған батырлар болғаны ақиқат. Ал осы мәселенің төркінін ауқымдырақ, тереңірек қараған болсақ, қазақ жырауларының түпкілікті идеясы тұлға бостандығы, жеке адамды қайталанбас рухани құндылық ретінде қастерлеуді бағамдаймыз. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінде өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтармен ымыраға келе алмайтын, рухани еркіндікті аңсаған Қабанбай, Бөгембай, Қаз дауысты Қазыбек сынды жаңа тұрпаттағы кейіпкерлер келді. «Романтизм бағытында жазылған шығармалардың кейіпкерлері әдетте болмыстың ырқымен келіспейтін, теңдік, бақыт, азаттық үшін талмай күресетін рухы күшті

Репозиторий КарГУ

жандар болып келеді. Адамның бас бостандығын, адами-қоғами мәні бар, құлшынысқа толы жағымды іс-әрекеттерге ұмтылыстарын мадақтау – романтизм туындыларына ортақ қасиет» дегенге келіссек, аталмыш образдар осы талаптың үдесінен шығады [5, 5].

Бұқар жоғарғы әлеуметтік қабаттың өкілдерін аса ірі тұлға – Абылай айналасына жинақтай отырып, өзінің субьективті көзқарасын танытуды бірінші кезекке қояды. қоғами қатынастарға деген абсолютті наразылық, сол шындыққа қарсы субъективті идеал туғызды. Жырау толғауларында максималистік мақсат, автор қиялын жүзеге асыру жолында ерлікке ұмтылу жеке тұлғаға, автордың субъективті көзқарасын арқалаған кейіпкерге жүктеледі. Қаламгердің назары да үнемі осы кейіпкерде болады десек қателеспейміз. Өйткені оқиғалық желілер, тартыс, түрлі көркемдік детальдар сияқты компоненттердің бәрі кейіпкерлер галереясында автор өзінің мақсат-мұратын «арқалатып жіберген» қаһарманының ерекше қасиеттерін ашу үшін керек. Бұқардың Бөгембай қазасын естірту жырындағы батыр бейнесі де Абылай образымен тығыз байланысты.

«Қазақтың ханы Абылай!
Ақиықты аспанға
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал қорғаны,
Қайғырманыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгембай!

Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған,
Қисапсыз қол көрінсе
Қорқып жаудан қайтпаған,
Қазақ деген халқынан
Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгембай!

Бұтақты мүйіз бұғысы
Саласында жайылған,
Мылтық атқан мергені
Киігін қойдай қайырған,

Репозиторий КарГУ

Құланы құлындай тулаған,
Түлкісі иттей шулаған,
Қыс қыстайтын жеріңді
Сол сықылды тау қылған,
Батырың өтті Бөгембай!»

Бұл жердегі Абылай – Бөгембай бейнесін даралауда ең үлкен жүк көтеретін, оның романтикаланған тұлғасына серпін беріп отыратын кейіпкер. Толғауда адамның ажал алдындағы шарасыздығы мен әлсіздігі көрсетілгенімен бірге, Бөгембайдың қаһармандық жорықтары романтикалық рухта бейнеленді. Бұл кейіпкер өз ортасының қоғамдық санасы мен ұғым-түсініктерінен жоғары тұрған тұлға. Олардың романтикалық ерлігі өз бостандықтары жолындағы ашық майданда, кескілескен күрес үстінде мерт болуы арқылы асқақталады. Туынды өзегіндегі Бөгенбай тұлғасы адамның жасампаздық рухының қандай да болсын әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттан биік тұратындығының дәлелі. Материалдық болмыстан идея мен адам рухын бірінші санайтын таным Бұқардың идеялық-көркемдік концепциясына айналды. Ең бастысы бұл туындыларда өзінің шексіз ерлікке ұмтылған адам тағдырлары мен рухани қуаттан туындайтын күрескерлік белсенділік бар. Сондықтан да XYIII ғасырдағы қазақ поэзиясында кейде статикалық тұрғыда көрінсе де өз ортасынын тым-тым биіктетілген, пендешіл пиғылдардан әсіре жоғары идеал қаһармандар дүниеге келді. «Қашан да романтик жазушылар ерекше кейіпкер таңдамақ, олар қарабайыр, қоңыр төбел, құр жаутаңдаған көген көздерге қарағанда еңсесі биік жандар. Романтикалық қаһарман – бір бұлқыныстың, бір шабыттың, бөлінбейтін, жарылмайтын бір-ақ ойдың адамы», – деп академик Р. Нұрғали айтқандай, қазақ жыраулары ерлік пен елдік концепциясын дамыта отырып, реалды өмір ағысынан тыс немесе онымен бітіспейтін кейіпкерлер жасауға ден қойды [6, 231-232 бб.]. Жеке адамды қайталанбас құндылық ретінде бағалау, оның абсолютті азаттыққа құштарлығын дәріптеудегі жырау белсенділігі ұлттық сөз өнеріндегі жаңғыруларға жол салды.

Абылайдың ішкі рухын айрықша жағдайларда сынап көру, оған асқан қасіретті хабарды жеткізе отырып, адамның азат рухының құдыреттілігіне сену және оның бойына күрескерлік қасиет дарыту – толғаудың басты темірқазығы. Жырау жеке адамның потенциалын таныта отырып, күрескерлік идеяны алға тартты. Толғаудағы дара қаһармандардың тағдыры трагедиямен аяқталып жатса да дәуір бағдарын мүлде өзгертпек болған төңкерісшілдік ұмтылыс шығарма

Репозиторий КарГУ

болмысынан анағұрлым айқынырақ сезіліп отырады. Бұл қоғамдық сана және жеке тұлғаның қоғамдағы рөлі мен маңызының артуы дер едік.

«Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.
Тұғыр болған сол еді
Сіздей төре сұңқарға.
Бәйгелі жерде бақ болған
Сіздей жүйрік тұлпарға.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Келмей тұр аузым айтарға,
Батырың өтті Бөгембай!
Еңбек қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін,
Қайырлы болсын халқына,
Сабыр қыл, ойлап келмесін,
Қарияң келіп жырлап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгембай!..»

Адам рухының құдыреттілігімен қатар, осалдығын да терең пайымдайтын жырау қай адамның болсын жан әлеміндегі моральдық-этикалық өзектің әлсіреуі, я болмаса жоғалуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Алайда суреткер романтикасында адамның жеңімпаздық мүмкіндіктеріне, рухының ұлылығына деген сенім күшті.

«Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлашбек,
Тігеден шыққан Естербек,
Шапырашты Наурызбай,

Репозиторий КарГУ

Құдаменді Жібекбай қасында,
Бақ, дәулеті басында
Секербай мен Шүйбекбай,
Таңсық қожа, Мамыт бар,
Қасқарауұлы Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,
Айнақұл Бәти ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты...»

Әлемдік әдебиет тарихынан романтикалық ерліктерді жырлаған қай ақынды алып қарасақ та, барлығы адамның шексіз деп танылған рухын үнемі сынап көруде болды. Ол үшін адам бойындағы табиғи құдыреттерді ашуға және паш етуге ерекше жағдайлар: сілкіністер, өмір азаптары, катастрофалар қажет. Жоғарыда келтірілген «Қалданменен ұрысып» деп басталатын толғауда жырау сюжетті шығарма жасауға ден қоя отырып, мұнда аталатын батырлардың ерлігін хан Абылай бейнесін ашуға қолданады. Осы арқылы үш жүздің басын құрап, ұлысты ұйыстырған ханның асқақ образы мүсінеледі. Осы аяусыз сынақтардан өткенде ғана тұлғаның басқадан мойны озық, күшті рухы салтанат құрады. Осындай үрдіс Бұқарға да тән.

Осыған орай, халық эпостарындағы романтикалық ерлік сарыны, сыртқы қажеттіліктерге қарсы бас көтерудегі жеке тұлғаның ролінің көтермеленуі сынды, өз қиялындағы әлемге ұмтылуы сияқты дәстүрлі танымдар сақталды. Жеке тұлғаның мүмкіндіктерін байқап көру, оны жеке әлем, жеке құндылық ретінде алып қарау сынды жазба әдебиетінің ілкі белгілері дәл осы Бұқар толғауларында анағұрлым айқын көрініс табады. Демек, адамзат дамуының жаңа дәуіріне дейін архаикалық тұрмыс-салты мен санасын сақтап келген халықтың көркемдік танымында өтпелі кезең байқалады. Бұл жерде көркем ойлаудың эпикалық дәстүрі айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Оқ-дәрі, мылтық дәуірімен бірге эпикалық қаһармандықтың әлсіреуіне, «батыр бір оқтық болуы мүмкін» түсінігінің күш ала бастағанына, жекелік санаға бірте-бірте ойысудың белгілері бар. Бұл жерде біздің назар аударайын дегеніміз, фольклорлық эпостардағы тұлға туралы ертегілік сюжеттер әлсіреп, жыраулар өз толғауларында орталық бейнелердің болмысына қарапайым пендеге тән мінездер мен іс-әрекеттерді телу арқылы жеке адамның күрделі табиғатына, жеке тілек-аңсарларына көңіл бөлінетін болашақ авторлық шығармашылыққа мықты тұғыр қаланды. Сөйтіп, фольклорлық эпикалық туындылардан уақыт ілгері жылжыған сайын жыраулық жырлардағы қуатты романтизмнен бірте-бірте алшақтай

Репозиторий КарГУ

отырып, өмірдің нақты жағдайларына негізделген реализм элементтерін мүмкіндігінше пайдаланып отырды.

«Уа, сен Қанжығалы Бөгембай,
Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қай жерже жауға тіредің?
Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің
Қай жеріңде төре едің?
Қарсы менен Құзарда
Жалаң аяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің.
Шешеңді және сұрасаң,
Қайда алтынның буы еді?
Оны да мен білуші ем,
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүріп күнелткен қара күң еді».

Ірі эпикалық әрекеттерден гөрі айналадағы нақты шындықтардың ортасындағы адамның жеке мұраттарының анағұрлым айқындала түсуі көшпенділердің дәстүрлі танымының үлкен өзгерістерге ұшырағанын байқатады.

Мұның бәрі қазақ сөз өнерінің әлемдік әдебиеттің ортағасырлық даму сатысына тән жанрлық конондардан тәуелсізденіп, ұжымдық шығармашылықтан авторлық шығармашылыққа қарай, адамзат көркем ойының Ең жаңа дәуірдегі үлкен белесі – реализмге қарай бағыт алған ілгерінді үрдісі болып табылды. Фольклорда авторлық сананың басы бүтін айқындалып, толық жеңіске жетуіне серпін берген – жыраулық поэзия, жыраулық шығармашылықтың негізгі жанры – толғаудың алдыңғы қатарға шығуы. Реалистік әдебиеттің қаһарманы – өзінің кеңістіктегі нақты орны бар, уақыты мен әлеуметтік ортасы анық, өз қоғамы мен халқының, өз уақытының «перзенттері». Яғни әрбір ұлттың өзіндік тарихи даму жолы, қоғамдық-әлеуметтік күштердің өзіндік ерекшелігі болғандықтан олармен адам тағдырын нақты тарихи байланыста суреттеу реализмнің ұлттық сипатын анықтаудың басты факторы. Жыраулар негіздеген төңкерісшілдік немесе өткенді идеалдандырудан туған консервативті рух, жеке адамның қаһармандық тұлғасының өмірді түбегейлі өзгертушілігіне деген сенім қоғам

Репозиторий КарГУ

дамуының реалды заңдылықтарының алдында қауқарсыздық танытуы оларды альтернативті идеяларға жүгінуге итермеледі. Енді батырлыар жырындағыдай тұлғаға деген шексіз сенім бірте бірте сыншылық ұстанымдарға ауыса бастады.

Хан мен батырлардың өткен өмірлеріне мысал айта отырып, оларды шырқау көктен бір «төмендетіп» алатын жырау толғаудың кей тұсында қайтадан романтиакалық бейнелеулерге, дәріптеу пафосына айналып соғып отырады. Мысалы,

«Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан алаш баласын
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып тағы өргізіп
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан.
Ақтан боллды-ау күніңіз,
Арсы менен күрсіге
Дау-таласты үніңіз.
Өзің болған күніңде
Бір көшке сыймайды
Азаткерде құлыңыз».

Романтикалық рух пен сыншыл реализмнің белгі сипаттарының аралас жүретініні Бұқар бабамыздың шығармашылық ерекшелігі дер едік.

Жырау тарихи ахуалға, әлеуметтік жағдайға деген сыншылдық көзқарас ын барынша байқатып, өзі әсрелеген әшкерелегіш қатынасты да бір сәт ұмытпайды. Былайша айтқанда, қоғамның ең зәру деген тақырыбына назарға ала отырып, әлеуметтік ділгірліктерді дер уағында күн тәртібіне көтере отырып, оны пассионар тұлғалармен тығыз сабақтастырады. Қазақ даласын шырмап алған кері құбылыстарды шеней отырып, сол әділетсіздіктерге деген субъективті қатыстарын да көрсетіп отырды.

«Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.

Репозиторий КарГУ

Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді де саған табылмас».

Ойлана қарасақ, қоғам құбылыстарына, жекелеген адамдарға деген сыншылдық қатынас, әшкерелегіш пафос тек қана сыншыл реализмнің ғана емес, романтикалық әдебиеттің де, ағартушылық реализмнің, тіпті натурализмнің де идеялық арқаулары еді. Дегенмен дүниедегі жырау қабылдай алмаған әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттарды сынау мен шенеу сыншыл реализмнің эстетикалық табиғатына сәйкес. Бұқардың кей толғауларындада әлеуметтік ортадағы әділетсіздіктерді, қоғам дертіне айналған ұсқынсыздықтарды жеріне жеткізе айыптау бар, шыншылдықпен айқын көрсету бар. Реалистік тұрғыда типтендірудің де алғашқы үлгілері осы туындыларда жасалады. Бірақ қаламгерлер өздерінің сын тезіне алып отырған құбылыстардың адамгершілікпен қабыспайтын өрескелдік екенін бейнелеп көрсете отырғанымен, ол құбылыстардың ішкі сырын, психологиялық аспектілерін қаузауды мақсат тұта бермеген.

«Ақсары атан еспелі
Ел жайлауға көшкен жұрт,
Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт,
Мамыр асып, бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт,
Ханға тізгін салмады,
Хан жарлығын алмады,
Баяғыдай баршындап
Бірауызды болмады
Қас тұрпайы болған жұрт».

Бұл XIX ғасырда ұлы Абайдың да қабырғасын қайыстырып, «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» дегізген сыншыл реализмнің басы еді. Әрине жырау шығармашылығына реализмнің ең биік талаптарынан қарау тым әбестік болып табылар еді. Бұл жырауға өз ықыласы толық ауған идеал-бейнені бөлектеу үшін қажет болды. Яғни бұл туындыларда сыншыл реалистік ұстанымдардан гөрі романтикалық принциптер мен ағартушылық пафостағы реализм элементтері басым түсіп жатты. Бұқар ұлттық әдебиеттегі романтизм мен ағартушылық бағыттағы реализм дәстүрлерін игере отырып еуропалық үлгідегі поэзия формаларын қалыптастыруымен-ақ қазақ әдебиетін жаңа белеске шығарып, реалистік өнердің өркендеуіне жол ашты. Мұхтар Мағауин айтпақшы,

Репозиторий КарГУ

«Көне қазақ әдебиеті өкілдерінің ешқайсысының творчесвосында өзі өмір сүрген заман келбеті дәл Бұқардағыдай бар бедерімен суретке түсірілмеген» [4, 81].
Атақты «Ай, заман-ай, заман-ай» толғауында жаңа орнығып жатқан құбылыстарға ашық наразылық бар.

«Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күман-ай.
Баспақтана жиылып,
Фана болған заман-ай.
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай.
Азаматың құлапты
Жұрт талық болған заман-ай...»

Қоғамдағы өзгерістерді, ел тіршілігінің басқа бағдары жырауды қанағаттандырмады. Өркениеттің өзгеше бағдарын сезінуі ностальгиялық көңіл-күйге берілуінің анық себептері болғанын атап өткен жөн. Бір дүрбелең бір дүрбелеңге жалғасқан, тарихи кезеңнің өзгерістері ұлт өмірін мүлде басқа арнаға салып жіберетінін терең саналаған жырау жаңа уақыттың талаптарымен мүлде келісе алмады.

Бұқар ел мен жердің тағдырын жырға қосуда өзіне дейінгі жыраулардың дәстүріне иек артады. Өйткені бұған дейін жасалған эстетикалық мұраны игеріп алмай жаңа ұмтылыстар жасау мүмкін еместігі де белгілі. Қазақ әдебиетінің төлбасыларының бірі, тегеурінді жырау – Қазтуғанның туған жерге деген шексіз махаббатының, ата жұртқа деген адам айтып жеткізгісіз сартап сағынышының ескертішіндей болған «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауындағы асыл арқау Бұқардан жалғасын табады.
Қазтуған:

«Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,

Репозиторий КарГУ

Кіндігімді кескен жұрт,
Кір қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт...»

Бұқар:

«Бағаналы орда басты орда
Байсал орда қонған жұрт,
Қара түлкі қармалжық
Қас сыпайы киген жұрт,
Ақсары атан аспалап,
Ел жайлауға шыққан жұрт,
Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты ұққан жұрт,
Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт.
Бай төбетің маңқылдап,
Байсал тауып үрген жұрт,
Туырлығың қара кіс,
Тура-тура болған жұрт,
Түтінге салса саспаған,
Шоралар сауықпен ішсе тауыспаған,
Ағар бұлақ сүтті жұрт,
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған құтты жұрт...»

Баба мекеніне деген ұлы махаббатты жеткізудегі қос жырдан да пішіндік ұқсастық қана емес, ішкі рухани толқыныстың ғажап сәйкестігін аңғарамыз. Аталмыш туындылар – ұлы жыраулардың ішкі бұлқыныстары мен буырқаныстарының жемісі. Дербес драма болуға лайық «Алаң да алаң, алаң жұрт» пен «Бағаналы орда басты орда» деп басталатын туындыларды тұтастырып тұрған – тақырыптық-эстетикалық құрылымдарының бірлігі. Бұл шығармаларда қыр өмірінде болып жататын өзіндік өмір ағыстары, дала заңдарымен өмір сүретін адамдардың жортуылды өмірінің эпизодтары суреттеледі. Көшпенділер тіршілігі, дала романтикасы – жыраулар шығармашылығының өне бойынан маңызды орын алып, үнемі қайырылып келіп отыратын тақырыбы. Сахара өмірінің өзіндік сәні, қайталанбас өмір салтын, кең өлкені еркін кезген дала қазақтарының аңғал да батыр мінезін, өршіл

Репозиторий КарГУ

рухын жыраулар ерекше құштарлықпен, көтеріңкі пафоспен бейнеледі. Өткен дәуірдің еркіндігіне іш тарту, тіпті идеалдандыру арқылы жыраулардың біршамасына тән ортақ жүлге пайда болды. Жыраулар кеңістікті уақыттық формалар арқылы игеруде белгілі бір реттілікті, тарихи-әлеуметтік белгілерге сай «уақыттар байланысын» негізге алып, өз идеалына сай кеңістікті әр түрлі уақыттық өлшемдер арқылы көрсете алған.

Қырдағы елдің қызығы басылмайтын қызу тірлігі, кең даланы еркін кезген ерке ұландардың жортуылға толы өмірі, аңшылық құрып, серілікпен күн кешкен өрендері, қыз алысып, қыз берісіп жататын ауыл арасындағы дырдулы думан, жасыл жайлау, салқар көш бәрі-бәрі қарт Бұқарға айрықша шығармашылық көңіл-күй қалыптастырды деп айта аламыз. Дала образы, қырдағы ел тұрмысына деген сағыныш жырау шығармашылығындағы романтизм желісін қалыптастырды.

Жыраудың халықтың өткен дәуреніне деген іш тартушылығы кейін «Зар заман» ағымын қалыптастыруға да серпін берді деп айта аламыз.

«Бағаналы орда, басты орда
Байсал орда қонған жұрт,
Мамырласып, ел болып,
Байсалды жайлау табылды,
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.
Ханым берген қамқа тон,
Жырау киіп кеткен жұрт,
Іңкәрілер алшаңдап,
Ас пен тойға келген жұрт,
Көріп туған көкше тай
Төре астында ат болған жұрт,
Көпке қоныс берген жұрт,
Көбең байлар семіріп,
Көк би наһан болған жұрт,
Көрпелдестер би болып,
Көпке кеңес айтқан жұрт».

Бұқар тоғанысында дала өмірінің өзіндік тыныс-тіршілігін идеалдандыру сарыны үнемі бой көрсетіп отырады. Адам мен қоғам, табиғат пен туған жер тәрізді күрделі философиялық мәселеге бара отырып, жазушы өзін дала тірлігінен, түз өмірінен бөле-жарып қараған жоқ. Өзінің кіндік кескен өлкесінің табиғаты – суы, нуы, тауы, қыраны, өркениет дүрлігісінен алыс дала болмысы, оның адамдары – қашан да

Репозиторий КарГУ

шығармашылық шабыт пен құштарлық туғызып отырды. Шығармаларына романтикалық әр үстеп отыратын осынау тақырып, адам мен жаратылыс гармониясы басқа да шығармаларында жалғасты. Ұлттық рух сынға түскен алмағайып кезеңде жазушының өткен күнді аңсауы ұлы далаға деген аңсардан туған жеке шығармашылық психологияға тікелей байланысты. Іштей елжіреу мен құмарту шығармадағы элегиялық мазмұнды, романтикалық сарынды тудырмай қойған жоқ. Көңілін мұң торлаған Қазтуған атамекенге салауат айтып, қош айтысса Бұқарда болашақ өмірге деген сенім бой көрсетеді. Оған әйгілі «Айналасын жер тұтқан» өлеңі мысал болады. Көңілі асыққан идеал өміріне бүгінгі шындықты қарсы қоя суреттейді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталып, ақпан төңкерісінің болуы қазақ зиялыларын, жалпы алғанда қырдағы қалың елдің болашаққа деген сенімін күшейтті де, бөлекше саяси атмосфера қалыптастырды. Келер күннің жарқын жаңалықтарына деген риясыз сенім, идеалды болашақ туралы ойлар жоңғарлардың беті қайтқан тарихи оқилардан кейінгі шығармаларының негізгі арқауы болды.

«Айналасын жер тұтқан
Айды батпас демеңіз,
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас демеңіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас демеңіз,
Жарлыны жарлы демеңіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес демеңіз.
Жалғызды жалғыз демеңіз,
Жалғыз көпке теңеліп,
Бір жапанда соғысып,
Кегін алмас демеңіз.
Құландар ойнар қу тақыр
Қурай бітпес демеңіз.
Қурай бітпес құба жон
Құлан жортпас демеңіз.
Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас демеңіз.
Қулық туған құдаша
Құрсақтанбас демеңіз.
Қу таяқты кедейге
Дәулет бітпес демеңіз».

Репозиторий КарГУ

Шығармада бүгінгі шындық пен келешектегі идеал-өмір бір-бірімен ымырасыздықта суреттеледі. Жазушының шығармадағы оқиғаларға қатынасы, ұстанымы осы бейнелі контрастардан айғақталып отырады. Бас қаһарманның әлі орнамаған, келешектен күтетін жарқын тұрмысы мен бостандығы жыраудың өзі идеяландырған уақытында, қиялында мүсінделеді. Оның сұлбасы нақты бейнеленбей, символдау арқылы меңзеледі. Өзінің субъективті идеалы тудырған уақытты ұсынып, оны үлгі ретінде қабылдауы, ақиқат өмірге қарсы қоюы жыраудың негізгі тәсілдері.

Жыраулар мұрасын жарыққа шығарып қана қоймай, олардың рухани мұраларын ғылыми айналымға енгізуде өлшеусіз еңбек сіңірген М.Мағауин Бұқардың бірқатар туындыларында Шалкиіз жасаған образдардың үлгісі алынатынын айтады. Мысалға мына өлеңдегі жолдарды келтіреді:

Шалкиіз:

«Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты,
Жаманға сырыңды қосып көп айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты...
Құсты жисаң – бүркіт жи,
Киген тоның түлкі етер...
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас-тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Жімлә ғаламға күлкі етер...».

Бұқар:

«Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер,
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер.
Жаманменен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер,
Жақсыменен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер.
Ит жүгіртіп құс салсаң,
Киген тоның түлкі етер».

Репозиторий КарГУ

Қарап отырғанымыздай кей өлең жолдардың өзгеріске ұшырамай қолданылған. Бұл тұста жыраудың алдыңғы буын жасаған өнер құндылықтарын тек қайталаушылық деп ұқпау қажет. Бұқар Шалкиізге жүгіне отырып, тұтас тармақтарды пайдалана отырып, оған деген құрметті айғақтайды, өзіне дейінгі көркем танымды шығармашылықпен әрі жалғастырады. Өйткені қандай да бір халықтың әдебиеті болмасын, өзінің тарихи даму жолында ұлттық өнердің табысы ретінде бағаланатын, адамзат қауымының аса салмақты көркем құндылығы деңгейіне көтерілген үлгілерін меже тұтады, оларды тудырушы тұлғаларға қарап бой түзейді. Ілгері уақытта дүниеге келген сол шығармалар бойындағы озық дәстүрлерді кейінгілер игере отырып, өз кезеңінің ерекшеліктеріне бағындыра әрі қарай өрістетеді. Әдебиет үрдісіндегі мұндай ізденіс белгілерді дәстүр және жаңашылдық категориясы тұрғысынан бағамдап жатамыз.

Дәстүр мен жаңашылдық өзінің кең философиялық түсінігінде даму деп аталатын процестің, жалпы қозғалыстың, өзгерістің негізгі тетігі екендігі шындық. Табиғат, қоғам, адам, барлық тіршілік атаулы үнемі өзгерісте болады десек, сол құбылыстардың барлығы да дәстүр мен жаңашылдық заңдылықтарының жемісі. Бір сөзбен айтқанда, бұл ұғымдар өзгеру мен диалектикалық дамудың гармониясын сақтайды. Әдебиет алға жылжу, даму кезінде өзінің бойында тұрақты элементтер қалыптастырады. Бұл сипат ұлттық шеңбердегі сөз өнерінде анық көрініс береді. Неге десек, сол ұлттың, халықтың тек өзіне тән дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, ғасырлар бойы жетіліп, белгілі бір ауқымда тұрақтап қалып отырады. Бұқар да өзіне дейінгі ауыз әдебиетінің мұраларынан нәр тартып, өзіне дейінгі алып өнерпаздардың шығармаларынан мол тәлім алған. Ілгерідегі көркем нұсқалардың болмысына жинақталған, уақыт тезінен әбден сұрыпталып жеткен табыстардың негізінде өнердің функциясын жаңаша парықтау, жаңаша мақсат пен міндеттер үдесінен шығу, сол арқылы шығарманың көркемдік-эстетикалық шарттарын байыту жырау жырларының негізгі қасиеті.

Бұқар жырау дәстүрлі танымдарды жетілдіре отырып өзінің айнымас тақырыбы ел тұтастығы мен халық бақытына қол жеткізуді шығармашылығының басты өзегі етеді. Бұл үрдіс оның туындылардағы әлеуметтік қуатты бір сәтке де солғындатқан жоқ. Бұқар жырау өлеңдеріндегі негізгі мәселердің сол замандағы қым-қуыт оқиғалармен бірге өрілді. Ел басына түскен қиын күндердің бірі, 1723-1755 жылдар аралығында қалмақтардың қазақ жеріне жасаған қанды жорықтарының тарихи салдары жыр арқауы, негізгі лейтмотивке айналды. Елдің ел болып қалуы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға» келіп тірелген

Репозиторий КарГУ

уақытта, Бұқар жыраудың ұлт болып ұйысу мәселесін көтермеуі мүмкін емес еді. «Бірінші тілек тілеңіз» атты өлеңі - Бұхар өлеңдерінің ішіндегі идеясы жағынан ең құндыларының бірі. Сол себепті де, ел көңіліндегі тілек-мүддені қамтыған өлең ретінде біздің дәуірімізге дейін сақталды. Өлеңде:

«Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске» - дейді.

Жырау мұрасы турасында ой сабақтаған Амангелді Құрметұлы: «Біріншісі, жыраудың бірінші тілегіндегі «жазбасқа» деген ұғымда жатыр. Негізі қазір де «не жаздым мен саған», «жазығым не?» деп келетін тіркестерді талай естіп жүрміз. Пенденің пендеге деген сүйіспеншілігінен басқа тақырып таппайтын талай ақындарымыз бен сазгерлеріміз бұл тіркестерге қатысты біраз ән шығарғанын да білеміз. Бір сөзбен айтқанда бұл ұғым қазақтың қазіргі тілінде әлі жүр. Бәріміз «жазу» ұғымының мәнін түсінетіндей көрінеміз. Сөйтсек, шын мәнінде «жазу» ұғымының бірінші мағынасы тікелей қалам мен қарындашқа қатысты болса, екінші мағынасы «күнәлі болу» дегенді білдіреді екен. Бұрынғы қазақтардың дінді жақсы түсінгендігі сонша, «жазу» ұғымына қатысты терең ойлар қалдырса керек. Қазақтың тілінде «жазмыштан озмыш жоқ», «Алланың жазғанын көреміз» дейтін ұғымдар әлі бар. Жазмыштың тағдыр екендігін қазақ жақсы біледі. Ал, осы «жазу», «жазмыш» ұғымдарының астарында Алла тағаланың «кәлам» сипаты бар» дейді Омар Жәлелұлы. Мұны Абай да айтыпты, 38 қара сөзінде Құнанбай қажының баласы «…Сіз «Әмәнту биллаһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи» дедіңіз. Ол есім Аллалар һәмма ол Алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, кәміл үйрен. Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе муслим ат қойып, тәслим болғаныңа раст боласың да. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін Алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, Тәкин. Бұл сегізінен Алла тағаладағыдай кәмәлат-ғазамат бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып

Репозиторий КарГУ

жаратыпты…» депті. Әрине, Абай Жаратушы иеміздің сегіз заттық, яғни, өзіне лайықты сипатын айтыпты. Хаят – өмір, тіршілік, Құдірет–күш, Басар–түсіну, білу, қабылдау, Сәмиғ – естуші, тыңдаушы, Ирада–тілек, мақсат, қалау, Кәлем–сөз, тіл, Тәкин – тудыру, жасау, бар қылу деген мағыналар беретінін зерттеушілер айтып жүр. Ал, Бұқар жырау солардың біреуіне ғана қатысты айтса керек. Жырау «адам баласы ең алдымен Алланың алдында күнәһар болып қалудан сақтансын» дегенді меңзейді. Япыр-ау дейміз, орыстар қазақтың өзіндік танымын да отарлаған екен ғой. «Қазақта дін болмаған» деп, «указной молда» атанған миссионер молдалар арқылы «қазақ мұсылман емес, өйткені мешіттерің жоқ» деп біздің сананы біраз өзгертіпті ғой. XYIII ғасырдың өзінде қазақтың жыраулары осындай терең ұғымды айтқан болса, Бұқардың бұл тілегін түсінген сол кездің қазағының иманы қандай болды екен дейміз. Жалаңаш барып жауға тиген, ата жауы қалмақты аттан түсірген қазақты батыр еткен бәлкім иманы шығар» [7], дегеніне де келісуге болатындай.

Аласапыран заманда «Ораза, намаз тоқтықта» ту етіп ұстанған халыққа діннің де керегі шамалы екенін түсіну қиын емес. Бұл кез, діннің мешеу тартатын тұсы. Діннің халық рухы үшін қаншалықты қажет екенін түсінген Бұқар жырау:

«Төртінші тілек тіленіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа»-

деп хақтың жолында пенделіктің көмескіленіп, рухани тазаруға жол ашылатынын, ал рухани тазалықтың төрінде тек жақсылыққа жол берілетінін жырлайды.

Жыраудың ислам дінінің жай-жапсарына қаншалықты қанық болғандығы анық көрінеді.Бұқар жыраудың ұрпаққа қалдырған асыл қазынасы - адамды игілікке, әділдікке, ізгілікке тәрбиелейтін адамгершілік мәселесін көтерген нақылға толы толғаулары болып табылады. Ата-анасын сыйлау, ризашылығын алу балалардың басты міндеті екенін баса айтады. Жырау:

«Тоғызыншы тілек тілеңіз
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа»,
- дейді. Сонымен қатар осы тұста:
«Оныншы тілек тілеңіз,

Репозиторий КарГУ

Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен
Анаң бір аңырап қалмасқа»

- деп өзіңді туған анаңның тілеуін тіле дейді. Түн ұйқысын төрт бөліп мәпелеп өсірген аналардың алдында кім болса да борышты.
Жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Төрінде жатып салмақтан» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым.
Ел ауызындағы аңыздардың бірінде, Абылай хан Бұқар жыраудың сөзінен кейін жорықты тоқтатқан деген деректер кездеседі.Осы деректерге қарағанда, Абылайдың тыныштықты көздеген саясаттарының тір тамыры Бұқар жырауда жатқанға ұқсайды:

«Ай, Абылай, Абылай!
Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан.
Қатын алсаң қарадан,
Алды кетпес баладан,
Арты кетпес жаладан.
Қатын алма төреден,
Қатын алсаң төреден,
Еркегі болар жау жанды,
Ұрғашысы ер жанды».

Бұқар жыраудың афоризмге толы мәтелдері,шешендік үлгісіндегі сөздері әрі шебер, әрі терең мағыналы,мәңгі өнер туындысы болып шыққан. Оған дәлел:

«Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жорадан.
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан»

- деген сөздері ақын шығармаларының реалистік бетін айқындай түседі.

Репозиторий КарГУ

Ханның көршілес елдермен қандай қарым-қатыстары болуы және тыныштық саясат қолдануы жөніндегі Бұхардың көзқарасын төмендегі сөздерінен де көруге болады:

«Отының болсын жантақтан.
Қатының болсын қалмақтан.
Қоңсың болсын қазақтан.
Сегіз қиыр шартарап,
Төріңде жатып салмақтан».

Алайда жырау ханның барлық іс-әрекет, ішкі-сыртқы саясатын түгелдей қостай бермеген. Үлкен мәні бар әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі келелі кеңеске көнбеген ұста ол ханды аяусыз сынап, ащы шындықты бетке айтып отырған, көрші орыс елімен соғысуды ойлаған Абылайға тоқтау айтқан:

«Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер.
Айтып-айтпай немене,
Дәуреніңіз аз келер.
Сондай заман жеткенде,
Шаңырағың тұл болар»

- деп, ел тағдырын таразыға салады.
Бұқар жыраудың үлкен ойшыл болғанының дәлелі – өмір тәжірибесіндегі көрген-білгенінен, аса мәнді қорытынды шығаратындығымен ерекшеленеді.
Бұқар ел-жұрттың татулығын аңсайды, «Ағайын тату болса,жат жаңынан түңілер» деген мәтелді ұстаным етіп, бірлікке шақырады:

«Ақсақалға жарасар
Тілеуқорлық айласы.
Бәйбішеге жарасар
Еміздіктің сабасы.
Келіншекке жарасар
Емшектегі баласы.
Қаз он беске келгенде
Шашынан көп жаласы.
Бұл жалғанда бір жаман –
Ағайынның аласы».

Репозиторий КарГУ

Бұхар жырау - қазақ жыраулар поэзиясының алыбы. Бұхар жырау туралы, оның шығармаларының негізгі сарындары, көркемдік сипаты жөнінде айту - сол дәуірдің поэзиясын тұтас қамтып айту. Бұхар жыраудың поэзиясы бүтін бір халықтың жан-дүние, таным-талғам иірімдеріне жалғасып жатқан құбылыс. Жырау шығармалары жеткізер дүние жеке адамның көріп-біліп, көкірекке түйгенінен әлдеқайда кең жатыр, оның шығармалары-тұтас халықтың сезім-күйі, ой-өрісі, тарихы мен тағдыры.

Бұқар шығармалары туралы сөз қозғағанда, жыраудың адам, оның тіршілігінің маңызы, ғұмырлық миссиясы туралы философиялық толғаныстарын айналып өту әсте мүмкін емес. Алып өнерпаздың шынай рухани болмысын түсіну үшін оның адам мен әлем, адам мен қоғам, адам мен табиғат сияқты күрделі қарым-қатынастары турасындағы толғаныстарына, дүниетанымдық қырларына үңілу аса маңызды. Сайып келгенде, әдебиеттің қоғамдық және эстетикалық маңызы адам, оның танымы мен тағдырынсыз ашылмайды. Әдебиеттің басқа өнер түрлерінен айырмашылығы мұндағы образдардың, яғни адамның көркем сөзбен сомдалатындығында. Көркем әдебиет адамды, оның төңірегіндегі сан-түрлі процестерді таным нысанасы ретінде ғана санамай, оны көркемдік биіктен зерделеп, игеру нәтижесінде сыртқы әлеммен сезімдік-рухани байланысқа түседі. Сондықтан да адам жанының диалектикасының ашылу дәрежесі сөз өнерінің интеллектуалдық және эстетикалық байлығының өлшемі болып қала береді.

Қазақ халқының рухани-келбет болмысы мен ұлттық табиғаты оның ғасырлар бойы қалыптастырған өнерінде, әдебиетінде, фольклорында, мифологиялық дүниетанымында, этнографиясында айшықталып келді. Бұқардағы адам мәселесі қойылысының ерекшеліктерін көрсетуіміз үшін оның адам туралы ойлардың рухани негізін, тарихи-мәдени алғышарттарын ашу аса маңызды. Өйткені әр халықтың рухани дамуы барысында адам мәселесінің өзгеріп, әлеуметтік-тарихи, өмірлік тәжірибелерімен байыпталып отыратындығы, өмір мен адам мұраттарының өзара байланысы түрленіп отыратындығы белгілі. Қазақ жырауының адам мәселесі шеңберіндегі әлеуметтік-философиялық көзқарастарын, оларды жеткізу амалдарын талдау үшін бұл күрделі мәселенің руани тамырларына үңілу қажеттілігі өзінен-өзі айқын.

Байырғы қазақ ауыз әдебиетіндегі халықтық дүниетаным табиғат пен адамды тұтастық күйде қарастырады. Мұнда адам табиғатқа қарсы қойылмайды, қайта адамды табиғаттың бөлінбес бір бөлшегі деп есептеу басым. Қазақ сөз өнеріндегі бұл ерекшелік әлемдік ауқымда алғанда антик дәуіріне, орта ғасырлық кезеңге де тән. Бұл түйінді

Репозиторий КарГУ

мәселенің айналасындағы тартысты тұжырымдардың шежіресіне қарап отырсақ, Ежелгі Грецияда өнерге ақиқат өмірге, табиғатқа еліктеу ретіндегі көзқарастың ұзақ уақыт сақталғанын көрер едік. Көне грек ойшылдарының эстетикалық принциптеріндегі негізгі түйіндердің бірі - өнердің болмысын адам мен табиғат қарым-қатынасынан, бірлігінен іздеу болып табылады. Бұл тұста сопылық философияның негізін қалаушы Протогордың «Адам дүниедегі бар және жоқ заттардың өлшемі» деген атышулы қағидасының адам туралы ілімінің гуманистік принциптерін қалыптастыруда орны айрықша.

Қазақ философ-ғалымдары Ә. Нысанбаев пен Т. Әбжановтар: «Шынында да адам барлық заттардың және соған қатысты процестердің өлшемі болуға тиіс. Мұндай идеяның негізінде адамның өзінің рөлі де және оның қызметінің маңызы да жан-жақты қамтылған. Міне, осы қағида ендігі жерде барлық әлемді, ғарышты, дүниені танумен қатар адамға да айрықша көңіл аудару керек екендігін баса көрсетті» [8, 63] - деген ғылыми байлам жасайды.

Қазақ халқы - көшпелі мәдениеттің ірі өкілдерінің бірі. Сондықтан да халықтың өмір сүруінде, тіршілік үшін күресуінде, іс-әрекетінде табиғаттың әкелер өзгерісі, тигізер ықпалы орасан еді. Адам мен табиғат арасындағы байланысқа келгенде басқа да шығыс халықтарынан қазақ өркениетін өзгешелейтін осы негізгі тіршілік көзі - мал шаруашылығы болатын. Осындай өндіріс түрінің арқасында біздің арғы бабаларымыз табиғат аясын емін-еркін кезді, онымен тілдесті, сырласты.

«Кей халықты «ақын халық», кей халықты «әнші халық», «биші халық», «суретші халық» деседі. Сонда осы халықтың осы өнерге деген ерекше бейімі, таланты туа пайда болған айрықша қасиет екен деуге болмайды. Бұл оның тарихи қалыптасқан өмір жағдайымен, тұрмыс күйімен, бастан кешкен қоғамдық құбылыстарымен сабақтас пайда болатын қасиет» [9, 63], - дейді М. Қаратаев. Сол сияқты халқымыздың адам, оның өмірі, белсенді әрекеті жайлы ой-пікірлері табиғат, оның құбылыстары мен заңдылықтарына орай өрбіп отырады. Осы құбылыстардың, осы заңдылықтардың дербес күйдегі процестер екенін түсіне отырып көшпелілер оларды тануға деген құлшынысын көрсетті.

Әлемдік жұмбақтарды, табиғат құпияларын шешуге алғашқы ұмтылыстар мифтік ойлауды дүниеге әкелді. Мифологиялық ойлаудың негізгі өзегінде адам мен табиғат тұрды. Көркем ойдың және философиялық пікірдің басты қозғаушы күші, мұрындығы болған мифологизм ең алдымен, фольклорлық мұраларда: ертегілерде, эпостарда, аңыздарда, хикаяларда және халық ырымдары мен тиымдарында көрініс берді.

Репозиторий КарГУ

Сол тәрізді жыраулар поэзиясы да адам концепциясына өзіндік ерекшеліктер әкелді. Мысалы, Асан Қайғы жайында айтылатын аңыздар - ноғайлы заманының қым-қуыт сүргінге толы, аласапыран оқиғаларға толы кезеңінен хабар береді. Әсіресе жыраудың тарихи-әлеуметтік жағдайларға қатысы төл шығармалары арқылы бедерленген. Ол туралы аңыздардағы басты сарын - елге тыныштық іздеу, жайлы қоныс қарау ойының да осы дүрмекке толы дүрбелең оқиғалардың, ел басындағы ауыр халдің әсері болды. Халыққа «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған», торқа топырақты, нуы да, суы да мол, бәрінен бұрын елдің басына қасірет әкелетін дүрлігіс-тартыстан іргесі алыс «жерұйықты» іздеу мен Қорқыт аңыздарындағы мәңгілік ғұмыр іздеу сарындары жалғас жатыр. Қорқыт жайлы аңыздарда адамның онтологиялық мәні жоғары қойылса, Асан қайғы жөніндегі аңыздардың мазмұны адамның ізгі миссиясын жүзеге асыру үшін аса қажетті «табиғи орта» жайына байланысты. Қарап отырсақ, бұл аңыздардан адамның белсенді әрекеті жайлы, тылсым күштерге тәуелділігі жайлы ойлар іздеу қисынсыздау. Өйткені мұнда адамның табиғат аясынан алшақтай бастауының алғашқы нышандары бар. Бұл жерде адам табиғатқа шексіз табынушы емес, оны бағалаушы. Асан қайғының Моғолстаннан да, Сыр мен Жайықтан да, Қаратау мен Сарыарқадан да, Байсын мен Сырдан да адам қауымының бақытты ғұмыр кешуіне лайық «киелі» мекеннің қасиеттерін таба алмауы - осының айғағы. Адам табиғат қойнауынан осылай алшақтай бастады. Табиғат құбылыстарының барлығын құдіретті күшке тели бермей, осы құбылыстардың адам тіршілігіне қатыстылығы, оның тұрмысы мен өміріне тигізетін әсері жайындағы сыншылдық көзқарас орын тебе бастайды. Бірақ аңыз сюжеттеріндегі гуманистік ой адам және табиғат арасындағы үйлесімдегі адамгершілік қарым-қатынастардың тұғыры бола білді.

Адам және табиғат қатынасын алып қарайық. XV ғасырға дейінгі уақытта адам табиғаттан алшақтап үлгерді. Яғни, адам табиғаттың сұрапыл құбылыстарына, түрлі құбылуларына шексіз бас иетін түсініктерден алыстап, оған деген жаңаша қарым-қатынас туғызды. Мұнда табиғат халық тіршілігінің көзі-қонысы ретінде ғана емес, оның атамекені, Отаны деген іргелі ұғымның төңірегінде қарастырылады. Осы қасиетті ұғымдардың аясында адамның бақыты, теңдігі, бостандығы, әділдігі сияқты мұраттар басты сарынға айналды. Халықтың жері мен жайлы қонысы адам тіршілігімен етене байланыста алынды. Жалғыз-ақ Қазтуғанның ақындық дарынын әйгілеген «Алаң да, алаң, алаң жұрт» сынды қоштасу жыры туған жерге деген мәңгі

Репозиторий КарГУ

сағынуштың, асыл махаббаттың ескерткішіндей қыруар ойға тамызық тастайды.

«Қазтуған творчествосы шырышы бұзылмаған табиғат аясындағы бала мінез көшпендінің ой-өрісін көрсетеді, оның өзін қоршаған орта жайлы түсінігін білдіреді. Көшпендінің қиялының байлығы, балаңдығы бізді таң қалдырады. Қазтуған жырларының қасиеті де осында» - деп жазады М. Мағауин.

Топырағы қастерлі туған жер Қазтуғанның арыны бөлек, сезімі сел жырында табиғаттың балғын шағымен астасып, орта ғасыр жырауының ғана емес, байырғы дүниетаным қырларын да аңдатады.

«Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер».

Бұл жолдар қазақ әдебиетінің биік өресін, ақын эстетикасының байлығын ғана емес, адамның туғаннан көңілі мен көзі алдындағы қалыпты ғұмыр кешкен, соның аясын жете меңгеріп-таныған белгілі бір аумақты қамтитын табиғи-географиялық орта - туған өлкеге деген көзқарасы жырмен сомдалып беріледі. Жыраулар поэзиясындағы атамекен тағдыры - халық тағдырымен, адам болмысымен үнемі бірге өріледі. Бұған дейінгі табиғат жайлы көзқарасқа жыраулардың әкелген үлкен жаңалығы осы мәселені туған жер, отан тұрғысынан жіктеп әкеткені болды.

Ежелгі түркі тайпалары даналарының шығармаларындағы ел басқарушы, билік, тақ иесінің бейнесі жыраулық поэзияның да көркемдік нысанасы болып, бөлекше арнада өрістеді. Демек, тұлға мен қоғам, тұлға мен адам қарым-қатынасында жаңашыл көзқарастар қанат жайды.

Қазақ ұлттық әдебиетінің көш басында тұрған қайраткерлерінің бірегейі - Асан қайғының Әз-Жәнібекке айтқан толғауларында сыншылдық пафос басым. Асан өз кезеңінің тарихи суретін көрсете отырып, ханға елдің мүддесін, тілегін, мұңын жеткізуші ғана емес, нақты практикалық ақыл-кеңес беруші.

Бүтіндей елдің басқару тізгінін қолына ұстаған хандарға, билерге деген сыншылдық көзқарас Шалкиіз, Марқасқа, Үмбетей, Бұқарларға да тән ерекшелік. Марқасқаның Тұрсын ханға айтқаны қандай өткір болса, Бұқардың «Ай, Абылай, Абылайындағы» сыншыл тегеурін ел мүддесіне

Репозиторий КарГУ

келгенде жыраулар өздерінің билеушілер өкілдеріне тигізетін ықпалы арқылы мемлекет істерін реттеуші, ел басқарушыға - ханға, биге тікелей ықпал етуді көздейді. Өздерінің шығармалары арқылы мүлдем оппозицияға кетпей, ақыл-кеңес беруге көңіл бөлуі, қоғам дамуындағы тұлғаның тарихи рөліне айрықша мән бергенін көрсетеді. Мінекей, адам мәселесінің тағы бір қыры - қоғам мен тұлға жыраулар өнерінде осылайша көрініс береді.

XV-XVIII-ғасырлардағы қазақ әдебиетінің даму процесін екшей келгенде осы кезде жасаған ақын-жыраулардың дүниетанымындағы өзекті бір мәселе - адам өмірінің қысқалығы, фәни тірліктің жалғандығы жөніндегі толғамдарына кезігеміз. Мұндай идеяның сілемдері халықтың қара өлеңдерінде, ән өлеңдерінде, сопылық-мистикалық әдебиетте көрініс берген болатын. Қазақтың рухани мұрасындағы өмірдің «қамшының сабындай» шолақтығы туралы ойлар адам ғұмырын кезең-кезеңге бөліп қарастыруынан көрінеді. Сол тәрізді, жыраулар да адам баласының сәбилік шағынан бастап кәрілікке дейінгі ғұмырға, адамның мүмкіндіктеріне баға береді. Мұнда үлкен философиялық мән жатыр. Өйткені адам жер басып жүрген, тіршілік кешіп жатқан әрбір сәтін қадірлеуі керек, уақытты бағалай білуі керек.

Адамның жас келе шау тартуы, кәрілік пен дәрменсіздік сияқты ұғымдар жырауларға да, кейінірек XIX ғасыр әдебиетінің біраз өкілдеріне де өмір туралы философиялық ой түйіндеуіне әкелді.
Ол жайлы Бұқар былай толғанады:

«...Алпыс бес жасқа келгенде,
Әрбір атқа қонарсың;
Жұсасаң бала тіл алмай,
Қатының қарсы шауып ұялмай,
Әр нешік күнің сол болар,
Еңкейіп орақ орарға,
Тоңқайып масақ терерге.
Жетпіс жасқа келгенде,
Шалал ауырып пір екен.
Жетпіс бес жасқа келгенде,
Жылуы болмай қойыңның,
Қаруы болмай сойылыңның,
Өлмесең де жойылдың,
Әр атаққа қойылдың.
Сексен деген сор екен,
Шындап ұрған пері екен;
Сексен бес жасқа келгенде,

Репозиторий КарГУ

Екі қара көзді алар,
Ауыздағы сөзді алар,
Бұтыңдағы безді алар,
Бетіңдегі нұрды алар,
Бойыңдағы шырды алар,
Аузыңдағы тісті алар,
Қолыңдағы істі алар,
Өлмегенде не қалар?!
Тоқсан бес деген тор екен,
Дәйім жаның қор екен,
Қарғиын десең екі жағы ор екен;
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен».

Бұқар жырау бозбалалық дәуреннің қызығы, одан кейінгі адамның өмір қиындықтарын қиналмай көтеріп алатын қара нардай толысқан шағын байыптай келіп тағы да:

«Алпыс деген жасыңыз,
Қайғылы, мұңлы күн екен.
Сексен деген жасыңыз,
Қараңғы тұман түн екен.
Тоқсан деген жасыңда,
Ажалдан басқа жоқ екен»

- десе, дүниенің өткінші екеніне тоқталатын Шалкиіз:

«Күлейік те, ойнайық,
Киелік те ішелік.
Мынау жалған дүние,
Кімдерден кейін қалмаған»

- дейді. Бұл келтірілген мысалдардағы адамның мәнді өмір сүру мәселесі қазақ дүниетанымындағы әлі күнге дейін әсерін жоймағаны байқалады. Дүниенің өткіншілігі, адам ғұмырының келтелігі қазақ халқының ойлау тарихындағы Мәңгілік сияқты категорияға көзқарасты өзгертті, оны мойындамады десек қателескен боламыз. Қайта ақын-жыраулар Яссауи идеясын дамыта отырып, осы мәңгілікті жасау үшін

Репозиторий КарГУ

Адам өз ғұмырын бағалау керектігін баса айтты. Қазақ өлең өнерінің өзегін құраған осы ойлар адамның Уақытқа деген қатынасын негіздеді.
З. Қабдолов әдебиеттің әлімсақтан келе жатқан міндеті жайлы «әдебиетте іргелі де күрделі екі-ақ сұрақ тұрған және тұра бермек.
Бірінші. Адам тіршілік ету үшін өмір неге жайсыз? Осыған кім жазықты?
Екінші. Адам жайлы өмірге қайткенде жетпек? Ол үшін не істеу керек?» [10, 107-108] - дейді.
Жыраудың әйгілі «Ай не болар күннен соң» деп аталатын өлеңі де адам өмірінің мәні турасында.

«Ай не болар күннен соң
Күн не болар айдан соң,
Құлпырып тұрған бәйшешек
Қурай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон
Шүберек болар тозған соң,
Төрде отырған қарт бабаң
Төресін жаңылар малдан соң
Доңғалақ арба жүре алмас,
Қос арысы сынған соң...»

Адам табиғатының трагедиялылығы, бұл өмірдегі таусылып бітпес «күйбең» қарекеті жайлы, әлемнің, болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы жайлы ойлар танылады. «Адам не істей алады? Ол не істеуі керек? Не үшін өмір сүреді?» деген адамзат алдындағы мәңгілік сауалдар жырауды да үнемі толғандырғаны хақ.
Сол тәрізді бүкіләлемдік гуманистік ойдың құрамдас бөлігі болған жыраулар поэзиясы өсиеттік желілерді жетілдіре отырып, адамның өзіндік дамуы қоғамдық дамумен деңгейлес болуы шарт екенін айта бастады. Яғни қоғамдық қатынастардың дамуы мен адамның рухани байлығының арасында теңсіздік тумауы тиіс. Асан, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқарлардың мұраларында осы жай ерекше ескеріліп адамның іс-әрекеті мен табиғи болмысын ар-ұждан тұрғысынан сөз еткенде сол кездің тарихи ерекшелігімен, қоғамдық қозғалыспен етене біріктіріп, тұтастырып отырды. Осыдан келіп елдік, бірлік идеялары дәріптеле бастады.

«Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күнде қырындап,

Репозиторий КарГУ

Қисынсыз күйге түссе де –
Өмірге тоймас адамзат!

Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңлі қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да –
Үмітін қоймас адамзат!»

Бұл жолдардың Бұқар үшін тұжырымдамалық маңызы бар. Оның философиясында адам тағдырындағы қарама-қайшылық өмір қарама-қайшылығынан туындап жатады. Адамның адамдығы оның қоғамдағы орнымен, әлеуметтік белсенділігімен емес, рухани дүниесімен ғана өлшенеді. Онсыз мынау өмір абсурдқа айналады. Ең бастысы, болашаққа деген сенім, адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі – оптимистік рухтың салтанат құруы. Адам болмысына қатысты терең философиялық толғаныстары осы абсолютті оптимизммен тығыз байланысты.

Бұқар шығармашылығының ең негізгі буыны публицизм мен дидактизмге, сыншылдық мазмұнға да баса назар аударған туындылары. Жыраудың ағартушылық бағыттағы өлеңдерінің басты ерекшелігі – әдебиетті гуманистік идеялармен байыта отырып, ой мен идеяны еш бұлтарыссыз, нақты түрде жеткізуге ұмтылыс жасау. Көркемдік жүйені құрайтын барлық элементтер белгілі бір идеялық-ұждандық мақсатқа жұмылдырылады. Сондықтын да мұндай эстетикаға суарылған шығармада қандай бір астарлы, философиялық ой болсын қатаң публицистикалық шешімге ұласып отырады.

«Қара құлам жүйрік деп,
Құланы жақтай бермеңіз,
Жебе тисе мерт болар,
Жаңғызға зорлық қылмаңыз,
Жағасынан алмаңыз,
Өзіңіздей жақсы сындарға,
Анау деген ат болар.
Қара құла арыса,
Майы қалың бесті артық,
Баласы жоқ қатыннан
Лақтаған ешкі артық,
Жалғыз туған жігіттен
Сырым тіке тал артық,

Репозиторий КарГУ

Жарлы болған жігіттен
Бесіктегі бала артық».

Бұл өлеңнен сонау халық шығармашылығанан бері үзілмей келе жатқан ортақ желі - өсиеттік сарынды байқаймыз. Адам жаратылғалы бері қоса жасасып келе жатқан жақсылық пен жамандық турасындағы жырау тұғырнамасы имани тірлік, ел бақыты, отбасы құндылығы төңірегінде тиянақталады. Сондықтан жырау шығармаларында авторлық позицияның мызғымастығы, тіпті біржақты тенденцияшылдығы да байқалып отырды.

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер.
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер.
Жаманмен жолдас болсаңыз
Көрінгенге күлкі етер,
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер.
Ит жүгіртіп, құс салсаң,
Киген тоның түлкі етер,
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бұл етер».

Өз қоғамының моральдық-этикалық жай-күйі жырауды ешқашан бей-жай қалдырған жоқ. Замандастар бойындағы адамгершілік сапа, ар-ұждан деңгейі жайлы толғану, қоғамның моральдық тұрпатын зерделеу Бұқар творчествосының басты ерекшелігі ретінде бой көрсетеді. Бұл тақырыпқа мейлінше адал. Қоғам бойындағы тоғышарлық элементтер, оның түрліше көрінісі Бұқардың ғана емес, жалпы жыраулық поэзияның ең ірі тақырыптардың бірі болды. Жыраулардың адамгершілік-гуманистік ізденістері көркем әдебиеттегі замандас проблемасына тереңдеп барудың, өз қоғамның рухани келбетін шамалаудағы талпыныстардан айқындалады.

Нобель сыйлығының иегері Габриель Гарсиа Маркес: «Меніңше, жазушы әрбір жаңа шығармасында концепция жағынан, жаңа қырынан көрінбесе ол оның ой әлеміндегі ізденістің тоқтағандығының айғағы. Атап айтқанда, өмірдегі жақсылық пен жамандыққа «сен тимесең, мен тименге» салып сүлесоқ, енжар қараған жерде жазушының азаматтық, адамгершілік болмысына ғана нұқсан келмей, оның ойы да рухани тоқырай бастайды» [11, 179] - деп айтады. Демек, адамгершілік,

Репозиторий КарГУ

арлылық мәселесі - суреткерді шығармашылыққа бағыттайтын ең басты қозғаушы күш, қаламгердің азаматтық кредосын айқындайтын ең маңызды категория.

Сол тәрізді Бұқар жырау да қоғам өміріндегі келеңсіздіктерді аяусыз әшкере ете отырып, сол қоғамды құрайтын адамдар бойындағы әр түрлі кесапатты мінездерді сынады, эстетикалық ерекше күшпен ізгілік ниетті насихаттады, биік парасаттылық пен рухани тазалықты дәріптеді. Адам бойындағы рухани құнарды, адамгершілік сезімнің асқақтығын көксеген ол өз уақытының реалистік бейнесін жасады. Ұлттық дамуына кері әсерін тигізетін мерездік белгілерді ашына жырлаған ақынның сыншылдық ойлары ұлтына деген өлшеусіз сүйіспеншілігінің айқын айғағы екені дау тудыра алмайтын ақиқат.

«Көкте бұлт сөгілсе,
Көкеп болмас не пайда;
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес не пайда;
Дін пұсырман болмаса,
Тіл пұсырман не пайда;
Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда;
Ерге дәулет бітпесе,
Шүлдіреген қызыл тілден не пайда;
Мал араға түспесе,
Құр айтқаннан не пайда;
Байдан қайыр кеткен соң,
Мал да кетер не пайда».

Бұқардың негіздеуінше әлеуметтік ортада қалыптасқан моральдық-этикалық нормалар, тәрбиелік дәстүрлер – адамның рухани жағынан қалыптасуының ең негізгі факторлары. Ортаның әу бастағы ізгілікке бағыттаушылық миссиясы болмаған жағдайда қиянатшылыққа орын беріледі.

Бұл дегеніміз, әлеуметтік ортаның адам мінезін тәрбиелеушілік сынды ағартушылық принциптің ойшыл-суреткер шығармашылығынан маңызды орын алуының көрсеткіші. Сананың шешуші ролі мен оны өзгертуге болатынына, адам мінез-құлқы тәрбиеге көнетіндігіне деген шексіз сенім, оның рухани деңгейі қоғамдық ортаның рухани күштеріне тәуелді екені жырау туындыларының басты идеялық бағдары екені мәлім.

Жыраулық дәстүр өкілдері қоғамның ең дертті тұстарын, ділгір мәселелерін көрсетіп қана қойған жоқ, оларды шешудің нақты

Репозиторий КарГУ

жолдарын көрсетуге тырысты. Бұл әдісті ұстанған суреткер ағартушылық ойды өткізуге, насихаттауда шығарманың эмоционалдық қуатын солғындатпауды ойлап, ең бір өткір тәсілдерге жүгінді.

«Қорғанды шаһар қаласын
Қазақ білмес сарт білер
Төс айылдың батқанын,
Иесі білмес ат білер.
Ер жігіттің кәдірін
Ағайын білмес жат білер.
Қойға қощқар құт болса,
Қозы құрттан өлмейді.
Қой бітерде қотаншы ит
Бөріге қой бермейді.
Ауылда адам бар болса,
Ауыл ала болмайды.
Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды...»

Қазақ қоғамын алға жылжытуға қолбайлау жасайтын, ел ішіндегі қызық пен қыздырмалыққа ғана масайрайтын, ғылым-білімнен құралақан, өмірдегі баянсыз, бағасыз нәрселердің соңында жүрген адамдардың жалпы контуры жасалып, типтік мінездер айқындалады. Ондай адамдардың тіршілік мұраттары, өмір сүру салты мейлінше әшкереленеді. Әсіресе ұлық, байлар мінездері ирониялық, сатиралық тұрғыда бейнеленуі де ағартушылық мүддеге сәйкес.

Тәрбиелік-өсиеттік сарын арқылы Бұқар қоғамның кереғар құбылыстарын, адам бойындағы жалқаулық, талапсыздық, талғамсыздық, көрсеқызарлық т.б. сияқты мінездерді әшкере етеді. Ең басты назар аударатын мәселе – адам мен оның әлеуметтік ортасының кемшіліктерінен арылуда ұлы ағартушы ашық күреске шақырмайды, төңкерісшілдік амалдарды ұсынбайды. Бұл – ағартушылардың барлығының дүниетанымдық қырларына қатысты жағдай. Жырау қалыптастырған идеялық бағдар –адамды тәрбиелеуге болатынына, оның ортасын тәрбиелеу арқылы адам бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастыруға болатынына, бір сөзбен айтқанда сана эволюциясына иек артты.

«Құм жиылып тас болмас,
Құл жиылып бас болмас.
Екі жақсы қас болмас,

Репозиторий КарГУ

Екі жаман дос болмас,
Дос болғанмен хош болмас,
Екі жақсы дос болмас,
Дос болса түбі бос болмас».

Бұқардың ең басты ерекшелігі моральдық дидактизмге негізделген идеялық бағдардың мызғымастығы. Тақырыптары мен кейіпкерлері әр алуан болып келіп отыратын шығармалардың өнегелік бағыты мен өсиеттік пафосы автордың дүниетанымдық қырларымен тікелей байланысты. Ол өмір шындықтарын эмпирикалық ыңғайда, схемашылдық жинақтау тұрғысында көрсетуге бейім тұрады. Өмірдің жекелеген құбылыстары жинақтаушылық мағынада бейнеленді. Нәтижесінде жинақталған әлеуметтік образ қоғамның рухани-адамгершілік ахуалын танытатын типтік жағдайлардың белгілі бір кесінділері түрінде алынады.

Өйткені көркемдік ойлаудың публицистік өткірлікпен ұштасуы, тәрбиелік және өсиеттік сарын мысал жанрының мүмкіндіктеріне толық сәйкес еді. Жыраулар жүгінген толғау жанры насихаттың ең өтімді құралы, авторлық ойдың ашық түрдегі көрінісі болып табылды. Толғау жанрында өмір шындығының тұрмыстық қырларын қамти отырып, адам өмірінің барлық саласына батыл араласты. Бірақ тұрмыстық элементтер эмпирикалық фактографияның шеңберінде қалып қоймай, моральдық-дидактикалық бағытты күшейтіп отырды. «Айтар болсаң, алланы айт», «Қара арғымақ арыса», «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Құбылып тұрған бәйшешек» т.б. шығармалар аллегориялық мазмұнымен, өнегелік сипатымен ерекшеленіп, көркем шығарманы өскелең буын ұғымына лайықтаудың көрнекті үлгісі болды.

Жыраулық поэзияны шыңына жеткізген, көне дәстүрлік негіздерді поэтикалық жаңаша қуатпен жетілдірген, әлі күнге дейін зәрулігін жоғалтпаған қыруар рухани мұраның иесі Бұқар жыраудың өнердегі негізгі лейтмотиві мына туындыда айқындалады деп ойлаймыз:

«Асқар таудың өлгені,
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені –
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені –

Репозиторий КарГУ

Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді».

Тұжыра айтсақ, Бұқар мұрасы көркемдік жағынан дамудың соны белгілерін көрсетті. Бұл кезеңдегі әдебиет өзінің негізгі нысанасы - адамды, оның қарама-қайшылыққа толы табиғатын шынайы көрсетуге, ел мүддесін, халық бақытын жеріне жеткізе жырлауға барынша күш салды. Өзіне дейінгі әдебиеттік дәстүрдің ең озық үлгілерін бойына сіңіре отырып, тың ізденістерге барды. Бұл ізденістер мен сапалық өзгерістердің тууына тарихи-саяси, әлеуметтік-психологиялық алғышарттар болды.



Репозиторий КарГУ

Бесінші бөлім

КӨРКЕМДІК КЕЛБЕТІ



Репозиторий КарГУ

* * * * *

Жалпы, Бұқар жырау толғауларында қуанып, шаттанған, не кектеніп ызаланған жан тебіренісі де, сол дәуірдегі әлеуметтік ірі оқиғаларға айтқан парасатты пайымдаулары да, яки дүние, өмір, адам, табиғат, заман сырын таразыға салып тебіренген философиялық-дидактикалық пікірі бой көрсетеді.

* * * * *

Репозиторий КарГУ

Жыраулар поэзиясы дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген қазақ хандығының әдеби мұрасы. XY-XYIII ғасырларда қазақ хандығы құрылып, тайпалар бірлестігінің, феодалдық мемлекеттің нығая бастаған дәуірі. Осы кезден бастап қазақ халқы мәдениетінің де өзіндік беті айқындала түсті. Ол әсіресе халықтың тілінен, әдебиетінен айқын сезілді. Жыраулық поэзия өзінің көркемдік ізденістері мен өмірдің шындық көріністерін бейнелеуде біршама жетістіктерге қол жеткізді. Жыраулар негізін қалаған толғау жанры жеке жанр ретінде қалыптасумен қатар, ең алдымен әлеуметтік-қоғамдық өмірді, сондағы әр алуан адамдар қатынастарын сараптап, ертеңгі болашақ туралы ой түйді. Мұның бәрі дерлік ақыл-нақыл, насихаттық сипаты арқылы көрініп, әдебиетіміздегі дидактикалық мазмұнды жырлардың сапасын арттырды. Халқымыздың тарихи тағдырын қамтыған, беймаза дүрбелең кезеңдерін тек басынан өткізіп қана қоймай, бүкіл адамзаттың дұшпаны - зұлымдықпен белдесуде шыныққан XY-XYIII ғғ. қазақ өлеңінің эстетикалық қуаты мәңгіліктің өзімен тіл табысқандай [12].

Жыраулар поэзиясы бірімен-бірі астасып жатқандықтан да құнды. Бұл кезең жайында ғалым Мұхтар Мағауин: «XY-XYIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұрасын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескірмес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды» деген ой тұжырымдаған. Сол себепті де жыраулар поэзиясы біртұтас сабақтастықта, енді осы жыраулар поэзиясын салыстыра қарайық. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетте турашылдық пен бұқарашылдықты үлкен саяси-әлеуметтік концепцияға айналдырған Қазтуған бастаған қазақ жырауларының тобы. Ал Махамбет осы поэтикалық концепцияны ұлт-азаттық күрестің қаруына айналдырды. XYI ғасыр түлегі Доспамбет те, XYIII ғасырдағы Ақтамберді, Бұқар жыраулар да, XIX ғасырдың қақ ортасында кемеліне жеткен Махамбет те «өлі» дүниемен «сұхбатқа» түсіп отырады.

Жыраулар әр дәуірлерде өмір сүрсе де жыраулар поэзиясында дыбыстардың қайталануы, аяққы немесе сөз басында бір сөздің қайталануы, афоризмдердің қолданылуы, ұйқас ұқсастықтары көптеп кездеседі. Бұл өлеңдердің бойында тек ұйқас ұқсастығы ғана емес, сонымен бірге дыбыс үндестігі (аллитерация мен ассонанс) де бар. Сондай-ақ, жыр жолдарындағы сөздер мен буындардың қайталанып келуі жыраулар мұрасынан өнеге алған. Мәселен, Доспамбет жырауда «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Сіреу, сіреу, сіреу қар», Шалкиізде «Асқар, асқар, асқар тау», Ақтамбердіде «Бұлан да бұлан, бұлан сан», «Жел, жел есер, жел есер», Бұқарда «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» т.б. Мұндай

Репозиторий КарГУ

қайталаулар көбінесе толғаудың, яки шумақтың басқы тармағында кездеседі. Қайталаулардың бірқатарында жыраулар бір нәрсеге, яки құбылысқа тыңдаушы назарын аударып, сосын барып ол туралы өз толғамын ағытады. Мысалы:

«Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз.
Судан суға шүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз...
Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұрылып ұшар жаз күні.
Боз мойынды сұр үйрек
Көлге қонар мәз күні»[2,39 б.].

Жыраулар поэзиясы сонымен қатар мағыналық жағынан да, ұйқас, буын саны, тармақ жағынан да ұқсас келеді. Мысалы Ақтамберді жыраудың «Ағайының көп болса» толғауы мағыналық жағынан Бұқар жыраудың «Шашырап шыққан қандар көп» толғауымен сәйкес келеді. Ақтамберді жырауда:

«Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең,
Білімді туған жақсылар,
Аз да болса көппен тең,
Жақсысы біткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртеніп кеткен жермен тең»,

- десе, Бұқар жырауда бұл толғау:

«... Үй артында төбешік
Ерттеулі тұрған ат болар.
Қариясы кімнің бар болса
Жазулы тұрған хат болар,
Өзіңнен туған жас бала
Саудагердей сарт болар,
Өзіңмен бірге туғаның
Алаштан бетер жат болар,
- деп келеді.
Сонымен қатар Ақтамбердінің:
Қайырлы болса баяжан
Дария шалқар көлмен тең,

Репозиторий КарГУ

Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең»,

- деген тармақтары Бұқар жыраудың:

Қайырсыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде
Саумал бермес ішерге,

- деген «Қара арғымақ арыса» атты толғауының тармақтарымен үндес келеді. Ақтамбердінің толғауы 7-8 буынды, 8 тармақты, кезекті ұйқаспен жазылған, ал Бұқар жыраудың толғауының біріншісі де солай, 7-8 буынды, 14 тармақты, кезекті ұйқаспен жазылса, екінші толғауы да 7-8 буынды, 17 тармақты, кезекті ұйқаспен жазылған толғау.

Жыраулар поэзиясында өзекті тақырыптың бірі жар таңдау, тәрбие беру, жақсы мінезді, жақсы қасиетті бойға жинау. Ақтамберді жырауда:

«Мінезді болса жолдасың
Күнде сонар қызбен тең,
Жаман болса жолдасың
Астыңнан өткен сызбен тең.
Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма,
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма?..»

Осы тектес жыр Бұқар жырауда да кездеседі:

«Жаман болса алғаның,
Һәммәтлі туған есіл ер,
Күнің қараң кешерде.
Киім тіксе ол қатын,
Жағасы кетер жалпиып,
Етегі кетер салпиып,
Үлгі болмас пішерге, - деп келеді.
Ал, Шал ақын:
Жақсы қатын алсаңыз,
Алланың жауған нұрмен тең,
Жаман қатын алсаңыз
Маңдайға біткен сормен тең»,

- деп толғайды.

Репозиторий КарГУ

Жыраулар поэзиясында дін мәселесіне ой жүгіртіп, оның адам көңілінің таза, ісінің түзу болуына тигізер мәнін аша айтқан толғаулар да бар. Он сегіз мың ғаламды жаратушы, әлемнің шексіз сұлулығын ұлық еткен, бірлігімен, ақиқаттылығымен тылсым дүниенің қыр-сырын таң қалдыра ұғынтқан рақымы күшті Алла тағаланың осынау ұлы жаратылысына табынбасқа хақымыздың жоқ екендігін, сондықтан да бойымызға жан таратқан аты жақсы тәңірімізге мүлткісіз құлшылық етуімізді қалайтын жырлар кездеседі. Мәселен Бұқар жыраудың «Күллі әлемді қаратқан», «Он сегіз мың ғаламды жаратқан», «Мұсылманның баласы» т.б. толғаулары, Шал ақынның «Құдая, құдыретіңмен сақтағайсың», «Құдай артық жаратқан», «Меке менен Мәдине жолдың ұшы», «Кез келсе сөйле деді шешендерім» т.б. жырлары сөзімізге айғақ. Бұқар жырау:

«Күллі әлемді қаратқан
Ең алдымен Алланы айт.
Бойыңа жан таратқан
Аты жақсы тәңірді айт...
Мұхаммедтің аяты
Алла сөзі – Құранды айт.
Пайғамбардың сүндеті
Бес уақытқы намазды айт.
Тәңірім салса аузыңа
Жан жолдасың иманды айт",

- деп толғайды.

Шал ақын:

Бір құдайдан тілеймін әуелі иман,
Иманымнан айрылсам көрге сыйма
Бес уақыт намазымды қаза қылма,
Қарынбайды жер жұтты дүние жиған.
Жігіттер ғибадат қыл маған нансаң,
Намаз оқы алланы ойыңа алсаң.
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі өлмей қалсаң.

Сонымен қатар өлімнің хақ екенін, күллі жаратылыс иесінің ажалдан қашып ешқайда құтыла алмайтынын екі жырау да еске салады. Бұқар жырауда:

Жарқ-жарқ еткен жайда бар,
Жарау семіз байда бар,
Құйрығы бітеу қойда бар.
Қос қанаты күймеген
Қанаты бүтін қуда бар,

Репозиторий КарГУ

Ат тұяғы тимеген
Ақ кірпіш тас суда бар.
Әзірейіл келгенде
Жан қалар жер қайда бар?!
Бұл тектес толғау Шал ақында:
Бұл өлім қайда жоқ?
Жарқыраған айда жоқ,
Күркіреген күнде жоқ,
Өтері өтіп кеткен соң
Мың теңгелік қайғыдан
Бір теңгелік пайда жоқ! –

деп өлімнің өлі табиғаттан өзгенің бәріне лайық екенін аңғартады.

Жалпы жыраулардың өлең құрылысы тәрізді, Бұқар өлеңдері де ылғи толғау болып келеді. Жыраулар қоғамдық мәні бар үлкен-үлкен тақырыпты алады да, аз сөзге көп мағына сыйғызып, кеңінен шоли айтады, оларда жарықшақ ой болмайды. Толғауда ой желісі үзілмей, пікірі тұтас, бір қазақтың айналасында оралып отырады, ой өрісінде шашыраңқылық жоқ, бір бүтін кесек, «дауын да, шешуін де» өзі айтқан пікір болып келеді [3,50 б.].

Бұқар жырау толғауларының шумақтарының тармақтары әр түрлі болып келеді. Мысалы:

Екі тармақты шумақ:

Алла жақтаған зар болмас,
Ақтың жолы тар болмас [2,23 б.].

Үш тармақты шумақ:

Ай, заман-ай, заман-ай,
Басты мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай [2,48 б.].

Төрт тармақты шумақ:

Қызықты күнде қыздырған,
Арандатқан жиырма бес.
Асау талқы бұздырған,
Борандатқан жиырма бес [2,51 б.].

Репозиторий КарГУ

Бес тармақты шумақ:

Аруды таңдап сүйсе де,
Алтынды үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Арманын қоймас адамзат! [2,46 б.].

Алты тармақты шумақ:

Қатын алма төреден,
Қатын алсаң төреден,
Еркегі болар жау жанды,
Ұрғашысы ер жанды,
Төре берер ұл туса,
Аузы кеппес парадан [2,36 б.].

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетірер.
Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірер.
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетірер [2,25 б.].

Жеті тармақты шумақ:

Кіші қара қалмақ бүлерде
Бозылардың билігі
Бұлт борқан болысты,
Уағдадан жалысты,
Буыршындай тіздесті,
Жамандықты іздесті,
Бірін бірі күндесті [2,38 б.].

Тоғыз тармақты шумақ:

Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған,
Қисапсыз жау көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған,
Қазақ деген халқынан,

Репозиторий КарГУ

Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгенбай! [2,44 б.]

Тоқсан жасқа келгенде
Екі қара көзді алар,
Ауыздағы сөзді алар,
Бұтыңдағы безді алар,
Бетіңдегі нұрды алар,
Бойыңдағы шырды алар,
Аузыңдағы тісті алар,
Қолыңдағы істі алар, -
Өлмегенде нең қалар?! [2,55 б.]

Сондай-ақ Бұқар толғауларында 11, 12, 15, 20 тармақты шумақтар да кездеседі.

Он бір буынды өлең. «Бұл – қазақ өлеңінің қашаннан келе жатқан көне түрі. Есте жоқ ерте замандағы ауыз әдебиетінің әсем үлгілерінен осы күнгі жазба поэзиямыздың аң соңғы туындыларына дейін, баяғы суырып салма сөз сайысынан қазіргі қолма-қол экспромтқа дейін, кешегі «Қаратаудың басынан көш келеді» бүгінгі «Ассалаумағалейкум Алатауыма» дейін он бір буынмен жазылмаған өлең жоқ» - дейді ғалым Зейнолла Қабдолов [4,273 б.]. Олай болса XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар толғауларының буын саны да 11 буынды болып келгенін толғауларынан жиі ұшыратып жатамыз. Мысалы:

Мырзалық қонаққа пайда, малға қас,
Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас.
Өтірік сөз дауға пайда, иманға қас,
Өткір пышақ қолға пайда, қынға қас [2,42 б.].

Жыраулар өлеңдері көбінесе 7-8 буынды болып келеді. Бұқар жырау толғаулары да негізінде 7-8 буыннан тұрады. Оны мына мысалдардан көруге болады:

Жеті буынды өлең.

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер.

Репозиторий КарГУ

Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер [2,26 б.].

Ай, Абылай, Абылай!
Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан.
Қатын алсаң қарадан,
Алды кетпес баладан,
Арты кетпес жаладан [2,36 б.].

Керей, қайда барасың?
Сырдың бойын көбелеп?
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағым жебелеп [2,40 б.].

Сегіз буынды өлең.

Аруды таңдап сүйсе де,
Алтынды үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Арманын қоймас адамзат!

Ілімді түгел білсе де,
Қызығын көзбен көрсе де,
Қапалы күні қабарып,
Қайғының түні төнсе де,
Үмітін жоймас адамзат! [2,46 б.]

Аралас буынды өлең. Яғни өлең жолдары кейде қабатынан 7 буын, кейде 8 буын болып араласып келіп отырады. Мысалы:

Қара арғымақ арыса,	8
Қарға адым жер мұң болар.	8
Қара көзден нұр тайса,	7
Бір көруге зар болар.	7
Батпақты сайға су түссе,	8
Атың арып келгенде	7
Өткел бермес өтерге.	7
Қайырсыз итке мал бітсе,	8
Аңқаң құрып келгенде	7

Репозиторий КарГУ

Саумал бермес ішерге. 7
Жаман болса алғаның, 7
Һәммәтлітуған есіл ер, 8
Күнің қараң кешерде. 7
Киім тіксе ол қатын, 7
Жағасы кетер жалпиып, 8
Етегі кетер салпиып, 8
Үлгі болмас пішерге [2,28 б.]. 7

Шашырап шыққан қандар көп, 8
Шашау жатқан малдар көп. 7
Қайсыбірін айтайын, 7
Айта берсем сөздер көп. 7
Үй артында төбешік, 7
Ерттеулі тұрған ат болар. 8
Қариясы кімнің бар болса, 8
Жазулы тұрған хат болар. 8
Өзіңнен туған жас бала 8
Саудагердей сарт болар. 7
Өзіңмен бірге туысқан 8
Алаштан бетер жат болар. 8
Сыйынған пірін саудалар, 8
Бір құдайға шет болар [2,31 б.]. 7

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазыға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма.
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба [2,36 б.].

Бұқар жырау толғауларының көпшілігі 7-8 буынды болып келеді. Алайда кейбір толғауларының кей тармақтары жоғарыдағы буын санынан асып кетіп жатады. Мысалы «Алла жақтаған зар болмас» деген толғаудың бірінші шумағы 7 тармақты болып келеді. Бірінші, алтыншы тармағы 8 буынды, екінші, үшінші, төртінші тармақтары 7 буынды, бесінші тармағы 10 буынды, ал жетінші тармағы 12 буынды. Буын санының асып кетуі тек Бұқар жырау өлеңдерінде ғана кездесетін жай емес, барлық жырауларда ұшырасады.

Репозиторий КарГУ

Бұқар жырау толғауларының ұйқастары да әртүрлі болып келеді. Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі өте көп. Ең негізгі көп қолданылатындарын академик Қ.Жұмалиев көрсетіп берген болатын. Олар: 1) қара өлең ұйқасы, 2) шұбыртпалы ұйқас, 3) ерікті ұйқас, 4) кезекті ұйқас, 5) шалыс ұйқас, 6) егіз ұйқас, 7) аралас ұйқас, 8) осы күнгі ерікті ұйқастар. Қазіргі поэзияны аталған ұйқастардың түріне бөліп талдап жүрміз. Бұқар жырау толғауларыныңда ішінен осы ұйқас түрлерін іздеп көрелік.

I. Қара өлең ұйқасы.

Сәлем – сөздің анасы, а
Ғалек алған данасы. а
Шығанақтан шырқайды б
О біреудің танасы [2,25 б.]. а

Он екі айда жаз келер, а
Құс алдында қаз келер. а
Айтып-айтпай немене, б
Дәуреніңіз аз келер [2,37 б.]. а

Шашырап шыққан қандар көп, а
Шашау жатқан малдар көп. а
Қайсыбірін айтайын, б
Айта берсем сөздер көп [2,31 б.]. а

II. Шұбыртпалы ұйқас.

Ай, Абылай, Абылай! а
Қатын алма қарадан, б
Қара тумас сарадан. б
Қатын алсаң қарадан, б
Алды кетпес баладан, б
Арты кетпес жаладан [2,36 б.]. б

Мырзалық қонаққа пайла, малға қас, а
Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас. а
Өтірік сөз дауға пайда, иманға қас, а
Өтірік пышақ қынға пайда, қанға қас [2,42 б.]. а

Репозиторий КарГУ

III. Ерікті ұйқас.

Рулының оғы қалса, табылар, а
Жалғыздың тартатұғын б
Жағы қалса, табылмас. в
Әкесіз бала сұм жүрек, г
Жиын болса, бара алмас, в
Барғанмен, орын ала алмас [2,32 б.]. в

IV. Кезекті ұйқас.

Абылай ханның қасында а
Бұқарекең жырлайды. б
Жырлағанда не дейді? в
Соғыспа деп жырлайды [2,33 б.]. б

Көкте бұлт сөгілсе, а
Көктеп болмас, не пайда? б
Көкіректен жан шықса, в
Қайтып келмес, не пайда? [2,26 б.]. б

Он сегіз мың ғаламды жаратқан, а
Айтар болсаң, алланы айт. б
Кемелді етіп санатпен в
Саулық берген тәңірді айт [2,28 б.]. б

Айналасын жер тұтқан а
Айды батпас демеңіз. б
Айнала ішсе таусылмас в
Көл суалмас демеңіз [2,21 б.]. б

V. Шалыс ұйқас.

Күллі әлемді қаратқан, а
Ең алдымен алланы айт. б
Бойыңа жан таратқан а
Аты жақсы тәңірді айт [2,22 б.]. б

Жақын жерден шөп жесе, а
Жердің сәнін кетірер. б
Ағайынның аразы а

Репозиторий КарГУ

Елдің сәнін кетірер. б
Абысынның аразы а
Ауыл сәнін кетірер [2,25 б.]. б

Жар басына қонбаңыз, а
Дауыл соқса үй кетер. б
Жатқа тізгін бермеңіз, а
Жаламенен бас кетер [2,26 б.]. б

VI. Егіз ұйқас.

Алла жақтаған зар болмас, а
Ақтың жолы тар болмас. а
Тар пейілді кеңімес, б
Кең пейілді кемімес [2,23 б.]. б

VII. Аралас ұйқас.

Кіші қара қалмақ бүлерде а
Бозылардың билігі б
Бұлт бұрқан болысты, в
Уағыдадан жалысты, в
Буыршындай тіздесті, г
Жамандықты іздесті, г
Бірін бірі күндесті [2,38 б.]. г

Бірі – етек, бірі жең болған, а
Ежелден саған ел болған а
Орта жүзден кісің жоқ. б
Найзасының ұшы алтын в
Кіші жүзден кісің жоқ. б
Енді бұған қарап тұрғаннан г
Басқа қылар ісің жоқ [2,43 б.]. б

VIII. Ерікті ұйқас.

Бұқарекең – біз келдік а
Ақан, Төбет байларға. б
Бесті берсең семіз бер, в
Жаздай мінер жайлауға. б
Бермеймін деп атама, г

Репозиторий КарГУ

Асауыңды матама, г
Шылбырынан бір тартсам, ғ
Шамырқанып, шамданып, д
Шалқасынан жата ма?! г
Алпыстағы Бұқардың е
Сілесі құрып қата ма?! г
Құлдарың мен күндерің е
Мерекеге бата ма?! г
Келіп едім өзіңе, ж
Түнеугі айтқан сөзіңе. ж
Тіпті разы болмаймын з
Керегенің басында к
Екі қарыс бөзіңе! [2,30 б.] ж

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу. [4,222 б.]. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Бұқар толғауларында да теңеулер молынан ұшырасады. Толғаулардағы теңеулерді келтірсек:

Өзіңнен туған жас бала,
Саудагердей сарт болар.
Өзіңмен бірге туысқан
Алаштан бетер жат болар [2,31 б.].

Сай **суындай** сарқырап,
Қалай көшіп барасың?
Найман жатыр өреңде,
Қырғыз жатыр шөлеңде,
Атың жатыр белеңде,
Түйең жатыр өлеңде!
Он сан алаш билігі
Хан Абылай төреңде [2,34 б.].

Ай, Абылай, Абылай!
Сені мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің
Түркістанда жүр едің [2,34 б.].

Репозиторий КарГУ

Сен жиырма беске келген соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар **құстай** түледің [2,34 б.].

Кіші қара қалмақ бүлерде
Бозылардың билігі
Бұлт борқан болысты,
Уағдадан жалысты,
Буыршындай тіздесті,
Жамандықты іздесті,
Бірін бірі күндесті [2,38 б.].

Алтысында **талдай** мойнын талдырған,
Жетісінде жетіп құлан шалдырған,
Сегізінде серке сан деп атанған,
Тоғызында тола семірген,
Онында оқ **жыландай** қарғыған,
Ойнай басқан аяқтым,
От орнындай тұяқтым,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым,
Сауырысын кере жараған,
Кекілін **қыздай** тараған,
Тостаған көзді торыны
Топ тарқамай мін-сана! [2,58 б.]

Төстен қашқан **түлкідей**
Сылаң қаққан жиырма бес.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес [2,52 б.].

Алтындай асыл сөзіңді
Қадіріне жетіп бағалап,
Тыңдайтын ер кез болмайды. [2,47 б.].

Киігін **қойдай** қайырған,
Құланы **құлындай** тулаған,
Түлкісі **иттей** шулаған,
Қыс қыстайтын жеріңді
Аң етімен тау қылған.

Репозиторий КарГУ

Батырың өтті Бөгенбай. [2,44 б.].

Балалық он жасыңыз,
Балғын өскен **құрақтай**.
Жиырма деген жасыңыз,
Жарға ойнаған **лақтай**.
Отыз деген жасыңыз,
Таудан аққан **бұлақтай**.
Қырық деген жасыңыз,
Ерттеулі тұрған **құр аттай** [2,43 б.].

Бір төбеге жиынды,
Құм **төбедей** үйілді.
«Бөліске олжа түссін!» - деп,
Хан Абылай бұйырды [2,51 б.].

Арыстандай айбатты,
Жас жолбарыс Наурызбай.
Сарымсақтай азулы,
Қаракерей Қабанбай [2,64 б.].

Дәулетбай өзі **дәулеттей**,
Бір өзі бір **сәулеттей** [2,65 б.].

Ырысқұл, Сақан, Доғалбай,
Жұдырығы **добалдай**.
Аттың басын жібердім,
Жырымды төктім доғармай [2,66 б.].

Алтайдан шыққан Олжабай,
Құдаменді **құлжадай**,
Естербек ерім **қылыштай**,
Дұшпаннан тұтар ығыспай [2,66 б.].

Түн қатқан ерлер түлеген,
Найзасын тасқа бөлеген,
Қылышын қия қайраған,
Жауын **қойдай** айдаған,
Сауырлы бұлт ат мінген,
Ерлерімсің сен мінкен! [2,67 б.].

Репозиторий КарГУ

Далада жүрген нарлы түйе келедей,
Ғақылы дария, суда жүзген **кемедей**,
Қайырын берсін артына,
Әкең өлді **Төледей**! [2,87 б.].

Сүзгендей судан жалбызды,
Жаным мұрным ұшында,
Алып бір келдім жалғызды [2,88 б.].

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл **үйректей** болыңыз.
Судан суға шүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз [2,80 б.].

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай!
Оларды қазақ көруші еді
Жер жібіткен **наурыздай** [2,63 б.].

Тауасар, Қара, Шоңайым,
Сеніменен шоңайдым.
Дәулетбай өзі **дәулеттей**,
Бір өзі бір **әулеттей** [2,65 б.].

Эпитет (грекше epitheton - қосымша) – заттың, құбылыстың айырықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз [4,219 б.]. Бұқар жырау толғауларындағы эпитеттерге бірнеше мысал келтіре кетейік:

Құрсағы жуан боз бие,
Құлын салмас демеңіз [2,22 б.].

Қырық сан қара қалмақты
Жарлығына қаратқан;
Айбалтасын алтынменен булатқан,
Алапасын арттырып,
Арпалап атты қуантқан [2,56 б.].

Сондай-ақ толғауларда эпитет пен бірге әсірелеуде жиі ұшырасып отырады. Әсірелеу (французша grotesque – оқыс, оқшау, оспадар) түрінде көрінеді. Әсірелеу де әдебиет пен өнердегі көркемдік тәсіл;

Репозиторий КарГУ

мұнда адам немесе адам өмір кешкен ортаның шындығы кейде кісі күлгендей, кейде жан шошығандай оқшау халде әдейі өсіріле, не өшіріле суреттеледі [4,235 б.]. Бұқар толғауларындағы әсірелеулерден мысалдар келтіре кетейік:

«Еңсесі биік боз орда
Салтанатқа орнатқан;
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңыраған торлатқан;
Үшбу жерден бектерін
Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп,
Зәмзәм суын мыс табаққа толтыртқан;
Қазығын қалайыдан қақтырып,
Тоқпағын сом алтыннан соқтырып,
Нықыра күмыс шаптырып,
Былғары саба пістірген,
Шыны аяқпен іштірген,
Орындығын оймыштап,
Ою-нақыш салдырған,
Сандығын сары алтынға малдырған» [2,56 б.].

Эпифора (грекше epiphora) - соңынан алып жүру дегенді мағынаны білдіреді. Мұнда өлеңнің әр жолыныңсоңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бірнеше мәрте қайталанып отырады [4,240 б.]. Эпифора Бұқар жырау толғауларын жиі кездеседі.

Мырзалық қонаққа пайла, малға қас,
Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас.
Өтірік сөз дауға пайда, иманға қас,
Өтірік пышақ қынға пайда, қанға қас. [2,42 б.].

Балалық он жасыңыз
Балғын өскен құрақтай.
Жиырма деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.
Отыз деген жасыңыз
Таудан аққан бұлақтай.
Қырық деген жасыңыз
Ерттеулі тұрған құр аттай.
Елу деген жасыңыз
О да бір үлкен ел екен.
Алпыс деген жасыңыз

Репозиторий КарГУ

Күзгі соққан жел екен.
Жетпіс деген жасыңыз
Жетім қалған күн екен.
Сексен деген жасыңыз
Қараңғы тұман түн екен.
Тоқсан деген жасыңда
Ажалдан басқа жоқ екен. [2,43 б.].
Асқар таудың өлгені
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені
Қар астында қалғаны. [2,42 б.].

Асан ата іспетті
Ен жайлауынан көшкен жұрт.
Зар илеп, баспай өксікті,
Ауыр күнді кешкен жұрт.
Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт.
Сабыр етпей, сандалып,
Сайда көшіп, жортқан жұрт.
Өз ағасын сыйламай,
Өзгенің соңынан ерген жұрт.
Ханына тізгін бермеген,
Орысқа ырғын болған жұрт.
Ханның ойын білмеген,
Жауына таланып қалған жұрт.
Қиюы кеткен сенделген,
Тоз-тоз болған біздің жұрт.
Ақтабан болып шұбырған,
Ата қонысынан ауған жұрт.
Бірауыздан болмаған,
Тозуды тосқан біздің жұрт.
Бұқарды мұнша жылатқан,
Сайғақтай саясыз біздің жұрт.
Сендер үшін толғатқам,

Репозиторий КарГУ

Өзіңнен өзің безбе, жұрт. [2,40 б.].

Алыстан қызыл көрінсе,
Манат емей немене?
Көтеріліп ұшқан соң,
Қанат емей немене?
Екі жақсы бас қосса,
Санат емей немене?
Қамшылатып жүгірген,
Шабан емей немене?
Айтқан сөзге түспеген,
Жаман емей немене?
Сұрағанды бермеген,
Сараң емей немене?
Кісі ақысын көп жеген,
Арам емей немене?
Ішке бүккен қулығың,
Амал емей немене?
Сусағанда ішкен су,
Шекер емей немене?
Еңбексіз (һәммәтсіз) ерге біткен мал,
Бекер емей немене? [2,27 б.].

Сондай-ақ эпифорамен қатар Бұқар жырау толғауларында анафорада көрініс табады. Анафора (грекше anaphora - биікке шығару) – мұнда өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады [4,240 б.].

Ежелгі дос жау болмас,
Шірнеуіште хаты бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінде кірдің таты бар.
Ежелгі дос жау болмас,
Айтысқан оның серті бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінің тұтқыр керті бар. [2,46 б.].

Аллитерация (латынша ad-littera – дыбыстар) – бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы [4,219 б.]. Дыбыстардың бірыңғай дауыссыздан басталуы да Бұқар толғауларының шумақтарында кездеседі.

Репозиторий КарГУ

Құбылып тұрған бәйшешек
Қурай болар солғанда.
Қыран бүркіт төмендер
Қос қанаты талғанда [2,52 б.].

Қыз қыдырар саз күні.
Қымыссыз жиын-той болса,
Қызығы жоқ-ты жаз күні.
Қызыл турам ет болса,
Қызғаныш болар аз күні [2, 39 б.].

Құландар ойнар қу тақыр
Қурай бітпес демеңіз.
Қурай бітпес құба жон
Құлан жортпас демеңіз.
Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас демеңіз.
Қулық туған құлаша
Құрсақтанбас демеңіз [2, 22 б.].

Төрде отырған қарт бабаң
Төресін жаңылар алған соң.
Төркіндеген бикешің
Тіркеусізо да қайтар малдан соң.

Қос, қос орда, қос орда,
Қосыла қонбас жаудан соң.
Қоспақ өркеш сары атан
Қом жасамас майдан соң [2, 20-21 б.].

Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа [2, 20 б.].

Бұқар жырларында аллитерация мен эпифорада бірге ұшырасады. Мысалы:

Көпке қоныс берген жұрт.
Көбең байлар семіріп,
Көк би наһан болған жұрт.

Репозиторий КарГУ

Керпелдестер би болып,
Көпке кеңес айтқан жұрт.

Бұқар жырау толғауларының көркемдігін айшықтайтын жырларында аллитерациямен бірге ассонанстарда жиі ұшыратамыз. Ассонанс (французша – assonance – үндес) – бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталануы [4, 219 б]. Мысалы:

Арту, арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп [2,32 б.].

Аруды таңдап сүйсе де,
Алтынды үйге кірседе,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Арманын қоймас адамзат! [2,46 б.]

Жалпы, Бұқар жырау толғауларында қуанып, шаттанған, не кектеніп ызаланған жан тебіренісі де, сол дәуірдегі әлеуметтік ірі оқиғаларға айтқан парасатты пайымдаулары да, яки дүние, өмір, адам, табиғат, заман сырын таразыға салып тебіренген философиялық-дидактикалық пікірі бой көрсетеді. Жыраулар поэзиясының арасындағы ұқсастық тек мазмұны, тақырыбы жағында ғана емес, түр жағынан да сабақтасып жатады. Өлеңнің сыртқы құрылыстарын қарастыратын болсақ, аралас, ерікті, кезекті, егіз, қара өлең ұйқастарын қолданған. Ұйқастың өзін ішкі ой мен мазмұнға бағындырған және шумаққа поэзиялық қасиет дарытып тұратын дыбыс үндестігі де жиі кездеседі.




Репозиторий КарГУ



Репозиторий КарГУ

Алтыншы бөлім

ТАРИХТАН ТАНЫМ



Репозиторий КарГУ

* * * * *

Қазақ елі өзінің сан ғасырларға созылған ұзақ тарихында қилы-қилы асулардан, тар жол тайғақтан өтіп, талай шерлі заманды басынан кешірген. Сондай өткелдерден өтерде, халқына адал қызмет еткен дана, батыр, көсем болған азаматтары тарихтың арқалатқан ауыр жүгін ғасырдың сары белдерінен асырып, елге де, өздеріне түскен салмақты қайыспай көтеріп, халықтың, ұлттың атын жоғалтпай, оны өмірдің кезекті сатысына көтеріп отырды.

* * * * *

Репозиторий КарГУ

Бұқар жырау: өмірі және шығармашылығы. Қазақ елі өзінің сан ғасырларға созылған ұзақ тарихында қилы-қилы асулардан, тар жол тайғақтан өтіп, талай шерлі заманды басынан кешірген. Сондай өткелдерден өтерде, халқына адал қызмет еткен дана, батыр, көсем болған азаматтары тарихтың арқалатқан ауыр жүгін ғасырдың сары белдерінен асырып, елге де, өздеріне түскен салмақты қайыспай көтеріп, халықтың, ұлттың атын жоғалтпай, оны өмірдің кезекті сатысына көтеріп отырды.

Сол сияқты XVIII ғасыр «ақындар поэзиясы ғасыры» деп аталған. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өте құнды мұралары – ақын-жыраулардың өлең-жырларында халықтың өмір тіршілігі, көңіл-күйі, салт-санасы, өндірісі мен тұрмысы, мінез-құлық өлшемі, сол дәуірдің рухы бейнеленді. Олар халық басына келген қайғыға да, жұрт кенелген мерейге де ортақ болды. Ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен саралаған М. Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», - дейді.

Қазақ тарихшылары XVIII және XIX ғасырлардағы тарихи оқиғаларды Әз Тәуке, Абылай, Бұқар жырау, Қазыбек би, Төле би, Әбілмәмбет хан, Әбілқайыр хан, Бөгенбай батыр, Қарасай батыр, Қабанбай батыр, Кенесары хан, Наурызбай сұлтан, Едіге, Шоң, Торайғыр, Жарылғап би, жоңғар қонтайшылары Галдан-Церен, Шона батыр (Шуна Дабо) және басқалар сияқты әйгілі жеке тұлғалар арқылы көрсетеді. Сол ғасырда танымал болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұқар, Шал, Көтеш секілді жыраулар өз өмірінде ұшан-теңіз жыр шығарды.

Қуанғанов Ш.Т. «Бұқар Жырау» еңбегінде Бұқар жырау XVII ғасырдың екінші жартысында Баянауыл өңіріндегі сулы, нулы табиғаты ерекше сұлу Сұңқараия деген жерде дүниеге келіп, келесі XVIII ғасырдың сексенінші жылдарында, жасы тоқсаннан асқан кезде қайтыс болғанын көрсетеді.

Бұқар жыраудың арғы атасы Қаржас екендігі Қазақ совет энциклопедиясының 2-томында (532 бет) айтылған. Қаржастың үшінші

Репозиторий КарГУ

баласы Алтынторыдан Артық, Жолымбет, Мәмбет, Келбет, Келімбет бес ұл бала, ал Жолымбеттен Қалқаман, Назар, Қойсары, Ырысымбет туады.

Жыраудың әкесі Қалқаман батыр Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған атақты қолбасшы Ақшаның (Бөгенбайдың әкесі) сарбазы ол жеке басының ерлігімен көзге түскен айтулы батыр. Сүйегі Павлодардан 90 км жерде, бүгінде батырдың атымен жергілікті халық атап кеткен поселкесінің жанында.

Бұқар жыраудың өз кіндігінен Ақдербіс Жарылғап, Жанта есімді балалары тарайды. Осы балалардан өрбіген ұрпақтардың көпшілігі бүгінде Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстарында тұрады [1, 7].

Бұқар жырау мұсылманша оқыған, көне түркідегі дәстүрлі сөз өнерінен тағылым алған. Төбе би болған. Қазақ билері – асыл ойды қисынды сөз үлгісіне айналдырып, оның тұрмысы, салт-санасы, мінез-құлқы, құнды рухани дүниесі мен өмір шындығын жинақы түрде бейнеленген халық өкілдері.

Бұқар жыраудың:

Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын, – дейтіні де мағыналы сөз айту ісі үлкен ой еңбегін қажет ететінін көрсетеді. Ата дәстүрге сүйенген қазақ қоғамында шешендік сөз мәдени-әлеуметтік тұрғыда маңызды болғаны анық. Қазақтағы шешендік үлгі – ұлт өнерінің, халық ауыз әдебиетінің алтын қазынасы. Ел ішінде абыз атанған жырау, ел аралап қазақ шаруашылығының күйзелісін, адам мінездерін түзетуді тілге тиек еткен. Жырау көзі тірісінде әрі би, әрі батыр, әрі данышпан болған, әулиелер санатына қосылған.

Атақты Үйсін Төле би: «Елге бай құт емес, би - құт» - деген екен. Өзі мыңғырған бай Төленің бұл сөздері Бұқар заманында – билердің қандай қоғамдық күш болғанын аңғартады. Бұқар заманының билері малымен емес, сөзімен кісілікті жандар. Олардың көбі-ақ кедей болған. Бұл ретте Бұқар жыраудың үйіне Абылай келіп қалып, қонақасыға не соярын білмей қысылғанда айтқан:

Хан Абылай келгенде, Тоқты сойсам жетпейді,
Деген сөздерін келтіре кетуге болады.

Бұл «ақтабан шұбырындыдан» соңғы аласапыранның тұсы, атадан – ұл, анадан – қыз айрылып, исі қазақ күйзелген дәуір. Осы қилы заман кезінде Бұқардың шаруашылығы шайқалып, дәулеті суалаған болуы да мүмкін [2, 33-76 бб.]. Бұқар жыраудың Тәуке хан өлгеннен кейінгі билік

Репозиторий КарГУ

құрған қазақ хандарымен ортақ тіл табыса алмай жүргені өз басының қамы емес, ел бірлігін ойлағандық еді. Кейінірек Абылай ханның ел бірлігін арттыруда Бұқар жыраудың үлесі мол [3].

Бұқар жырау хикмет сөз өнердің көне түркілік үлгісін жалғастырған халықтың тұлғалы өкілі. «Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие деседі екен. Қара сөз білмейді, сөйлесе тек көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен», - деп Мәшһүр Жүсіп жазады. Бұқар жыраудың аузында сақталған мұралары мен аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, зерттеуші Қ. Мұқаметқанов: «жырау Орта Азияның көрнекті қаласы – Бұхара маңында туған, аты да осыған байланысты қойылған» - дейді. М. Мағауин,

Бұл ұлы жыраудың Түркістан, Бұқар өңірінде болу тарихымен байланысты. Сонымен Бұқардың өскен ортасы мен өмірбаянында халық арасында тараған екі пікір бар. Біріншісі көненің көзін көрген, хат танып, сөз ұққан қарттардың айтуы бойынша, жоғарыда көрсетілгендей ұлы жырау Баянауыл өңіріндегі Сұңқария деген жерде туғандығы, балалық жастық шағы Ходжент, Бұхара, Түркістан маңында өткендігі байқалады. Мұны жыраудың жырларынан да көруге болады. Осы пікірді белгілі жазушы және жырауға жиен болып келетін Дихан Әбілевте қуаттайды. Екіншісі, ұлы жыраудың аты Бұқар болғандықтан ол Бұқарада туған шығар деген жорамал. Бұл да негізсіз емес, сондықтан ол да толығырақ зерттеуді талап етеді. Негізінде жас күнінен Бұхара, Самарқанд медреселерінде оқып, осы өмірде өскендіктен Бұқар аты тағылып, ел арасында осылай тарап кеткен деседі. Осындай ел аузындағы деректерге сүйенсек бұл пікірде дұрыс сияқты. Ол жайында “Елім-ай” дастанының авторы Қожаберген жырау былай дейді:

Шәкіртім Сүйіндікте Бұқар жыршы,
Бұл Бұқар өзі ақын, өзі сыншы.
Бұқаржан қарап жатпас аттан салар
Сөзіне оның халқым құлақ түрші !

Бұқаржан биылғы жыл отыз жаста,
Атағы ақын болып, шықта алашқа.
Қарағым қатты налып жүрген шығар,
Түскен соң ауыр бейнет қайтсын басқа.

Осы сөздерден екі жыраудың арасында ұстаздық шәкірттенде басқа тілегі бір достық, ізгі ниет байқалады [1, 9].

Бұқар жыраудың өмірін, жырауға қатысты бар тарихи оқиғаларды, ел аузынан алғаш жинаған ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеев болған. Ол «... үш жыл бойы Бұқар жыраудың өмірін, жырауға қатысты бар тарихи оқиғаларды, ел ауызында сақталған сөздерін жинаған. ... «Бұқарекең өз

Репозиторий КарГУ

уақытында сөйлеген сөзі мұнан жүз мың есе көп шығар, бізге келіп жеткені тек тамтығы ғана. Біреуден бірек ауызша айтумен ұғынып, жаттап алып, есте қалғаны ғана...» деп жазады Мәшһүр Жүсіп.

«Тәуке хан тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болғандағын білеміз», - деп жазады «Бес ғасыр жырлайды» кітабында. Сөз өнерінің өрен жүйрігі атанған Бұқар ханның ел басқару ісінде сенімдің адамды болған. Ол туралы өзі тұстас сырласы Үмбетей жырау былай дейді:

Бұлбұл құстай сайрадың.
Тоты көрсең жайнадың,
Көріктей басқан күпілдеп
Көмекейің бүлкілдеп
Сөйлер сөзден таймадың
Тәукенің болып жаршысы.
Халқыңның болып заршысы
Белді бекем байладың...

Тәуке ханының тұсында өзінене жасы біраз үлкен Қаз дауысты Қазыбекпен, Төле, Әйтеке сияқты саңылақтармен жолығысады. Олармен бірге қазақтың тұңғыш праволық мөлшерінің жиынтығы саналатын немесе орыс тарихында «Тәуке хан заңдары» деп аталатын еңбекті жасауға қатысады. Бұл тұс қазақ елінің кемелденіп, босағасының беки бастаған кезі болатын. А.И. Левшин осы Тәуке заманын «При имени семь сердце всякого киргиз-казака (казаха) несколько вызывающегося духом над толпами буйных соотечественников своих, наполняется благоговением и признательностью. Это Ликург, это дракон орд казачьих», – деп жазады. Немесе «Он успокоил их после гибельных междоусобий, он остановил кровопролития, продолжавшиеся несколько лет от распрей одних племен с другими, он убедил всех умом и справедливостью повиноваться себе, он соединил слабые роды вместе для сопротивления сильным, а сильные усмирил, и дал всем вообще законы, по которым судил их, и которые доныне живут в памяти благоразумнейших киргизов, но, к сожалению, не исполняются.

При всех сих заслугах и при всем влиянии своем на орды киргизские, Тявка (Тәуке Ө.К.), как говорят, не имел полной власти над народом своим и действовал более благоразумием, опытностью, связями и искусством, нежели силою. Повелевая всеми вообще киргиз-казаками, сам он жил, подобно отцу и деду, в Туркестане. Для надзора же и управления каждою ордою в особенности были избраны и подчинены ему три частных начальника: в Большой орде Тюля, в средней Казбек, и в Меньшей Айтяк» - деп жалғастырады [4, 163-165].

Репозиторий КарГУ

Қожаберген жыраудың «Жеті жарғы» атты көлемді дастанында былай деген жолдар бар:

Шығайдан соң орнында Тәуке қалды.
Кезінде Әз Тәуке деп атақ алды.
Қазыбек, Төле, Әйтеке ақылшы боп,
Дейтұғын «Жеті жарғы» заң шығарды.

Бұл даланың философияға толы, еленіп – екшеліп, халқының сүзгісінен өткен ереже – қағидалар, дәстүр – ғұрыптар жиынтығы «Тәуке заңы» деген атпен әлемге белгілі болды. Сол Тәукені жырау даусы жеткен жерге дейін дүние – әлемге паш еткен.

Алайда Тәуке ханнан кейінгі билік құрған қазақ хандарымен Бұқар жырау ортақ тіл табыса алмай, өмірден мұқтаждық көріп те жүреді. Осындай бір таршылық көріп жүргенде өзінің тұстасы Үмбетей жырау сәлем беруге жолдасымен келе қалады. Қонағын сыйлайтын дәм таба алмай қиналып отырған Бұқардың бәйбішесіне бұрылып, Сөзін жыраудың өзіне арнап ойын – шынын араластырып былай деген екен:

Жылға сай батпақ болса өте алмассың,
Жастан шыққан жүйрікке, жете алмассың.
Дүниенің жүзінде осы қиын,
Жаман деп өз үйіңнен кете алмассың... [1, 13].

Бұқар жырау Тәуке ханнан бастап, онан кейінгі қазақ хандары: Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік, Әбілқайыр, Барақ, Абылайды көргені, оларды тек көріп қана қоймай, олардың ордасында болған ірі – ірі шешуші кеңестерге қатысты. Бұқар жыраудың сол кездегі өткен өмірі жайлы өзінің замандасы Үмбетей жыраудың Бұқардың асында зиратының басына барып былай дегені бар:

Өткіздің тоғыз ханды толғауменен,
Шештің талай түйінді болжауменен.
Іс болса қиын –қыстау сен сайыстың,
Қылыш қып қызыл тілді қорғауменен.

Осының өзі Бұқар жыраудың қазақ тарихындағы сол тұстағы барлық оқиғаға араласып қоғамдық шеңбердегі парасатты ойдың иесі болғандығын көрсетеді.

Сөйтіп ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, Бұқар жырау Әз Тәуке ханның тұсында да Ордадағы беделді билердің бірі ретінде, ел басқару ісіне араласқан. Оны Үмбетей жыраудың: «Көріктей басқан күпілдеп, көмекейің бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәукенің болып жаршысы, халқыңның болып заршысы, белді бекем байладың» деген сөздері де айғақтағандай.

Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам»,

Репозиторий КарГУ

«Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған.

Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекең біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым.

Бұл империялық басқыншылық соғыстар дүниеге аждаһадай ақырып келіп, әлі қабырғасы бекімеген ұсақ елдерді жайындай жалмап, өртеп, күлін құйындай көкке ұшырып тұрған кез еді. Осы уақытта екі ұлы империя Ресей мен Қытай айлалы саясат құрып, ұлан байтақ қазақтың кең даласына, таусылмас байлығына ие болуға екі бүйірден найзадай қадалып тұрған кезі болатын. Бұл әрекет Қытай елі Жоңғар мемлекетін мұздай қаруландырып қазақ еліне жойқын шапқыншылыққа жұмсаудан бастаса, Ресей батыстан казак, қалмақ, башқұрт шапқыншылығын ұйымдастырумен болды.

Міне, осындай аумалы-төкпелі қиын заманда, аты шулы, жыры ұрпаққа рухани қазынаға айналған, даналық сөздерімен кейінге өшпес із қалдырған қазақ халқының ардақты ұлы Бұқар жыраудың өмірі өткен. Ұлы бабамыздың асыл мұралары бізге оңайлықпен жеткен жоқ. Бұқар Жырау халықтар арасында қанды жорықтар мен қиян-кескі шайқастар болып жатқан, бір мемлекеттің басқа елдерді құлдыққа салу қатерін төндіріп тұрған кезде өмір сүрді. Халық есінде сақталған Бұқар жырлары ұмытылмай атадан балаға беріліп, саналы ой өрнегін құрағаны, әр ошақтың мазмұнды тіршілігінің ережесі болғаны оған арналған ел ілтипатының белгісі деп білеміз. Сол өткен «Ақтабан шұбырынды» заманы жайында жазатын жазушы, ақын, тарихшы Бұқар мұрасына соқпай, соған жүгінбей өте алмайды. Өйткені, олар Бұқар жырларындағы тарихи тұздықты деректерді өз шығармаларына, ғылыми эерттеулеріне өзек етеді. Себебі әулие жырау сол замандарда халық басынан кешірген зұлмат заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, ерекшеліктерін, қабілетін мұқият түрде сипаттап кейінгі ұрпаққа мұра етіп жырмен жеткізген еді. Егер әулие жырау сол кездегі саяси әлеуметтік жағдайды ата-бабамыздың ерлік әрекеттерін, жер-су аттарын атап, өсиет етіп айтып кетпесе болған оқиғалар, белгілі қоғам қайраткерлерінің іс-әрекеттері мезгілімен көмескіленіп атаусыз қала беруі ықтимал еді. Сондықтан да Бұқар жырлары қоғам өмірінің айнасы, сол Бұқар заманындағы

Репозиторий КарГУ

халықтың басынан кешкен өмірінің бірден-бір тарихи кезі болып есептеледі.

Абылай тұсы оның алдындағы Тәуке хан заманынан мүлде өзгеше еді. Үш жүздің жігі ыдырап, ескі бірлік жойылды, хан-сұлтандар бас-басына би болып кетті, ру аралық тартыс, өзара қырқыс күшейді. Қазақ даласында болып жатқан өзгерістердің басты мәселесі – оның Ресейге қосылуына байланысты еді. Сондықтан Бұқар өзі өмір сүріп отырған заманға оншама ризашылық білдіре қоймады және де Бұқарды қатты ойландырған ол сыртқы жаудың қазақ жеріне қалайда кірсем екен дегені.

Бұқар жыраудың данышпандығын көрсететін жыр толғаулары, оның қоғамдық, саяси-әлеуметтік жағдайларға биік тұрғыдан қарап, көзін қырандай алысқа жіберіп, өз дәуірін ғана емес, болашақта да кең шалып толғай, болжай білгендігін байқаймыз. Жырау хандықтың әлсіз, осал жақтарын байқап, бағдарлап отырған. Сондықтан оның ханға арнаған жырлары ел жағдайын ойлауға ханды өз айтқанына көндіруге бағытталады. Сондай-ақ Бұқардың Абылай хандығын нығайту жолындағы идеясы көрші елдерге қауіп төндіру емес, елдің қорғаныс қабілетін күшейту мақсатынан туған еді.

Ресей мен Қытай шекарасында болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлардан толық мағлұматы бар Бұқар Жырау сол аласапыран заманның аспанына үңіліп, оқиғаның мәнісіне терең бойлап отырды. Көкірегіне талғамды тұжырым түйіп, хан мен орда ақыншыларының алдында саналы ой пікірін сарапқа салып, болашақты болжап, алдағы құрылған қыл дұзақты, оның ойлы-ұшқырлы өлеңдерін жырында атап айтып отырды. Жырау сол замандағы ірі мемлекеттердің қол астында қалған ұсақ елдердің тағдырына шүкшие үңіліп, бағдарлай байқап, еліне тиімді зерделі ой пікірлер айтып, ақыл, кеңес беріп отырды. Ұлы мемлекеттердің шен-шекпен арқылы бүтін елді айрандай ашытып, сүттей іріту саясатын әшкерлеп, ел басқарушыларына ескерте: «Жемқорларға жем беріп, ел қамын айтқан жақсыны, сөйлетпей ұрар ұлтына», - деп өсиет нақыл сөздерін айтып та, жазып та кеткен [5, 49].

Бұқар жырау, Абылай хан орыстарды қазақ даласына қайткен күнде де жуытпау жағын ойлайды, ал Бөгенбай батыр әскерін сапқа түзеп, қылышын қайрап, келгендерін қырып тастаймын деп кісінеді. Міне, осындай сәттерде хан мен батыр жер үшін жан құрбан дегенге салды. Бұл жағдайда қазақ хандығында Ресей сияқты империяға қарулы күшпен қарсы тұрарлық мұршаның жоқ екенін Бұқар Жырау дұрыс түсінеді.

Бұқар қиын өткелден өтер кезде елді басқаратын терең ойлы, саясаткер, білімді адам керек екенін ұққан. Ол халықты бүтіндікке,

Репозиторий КарГУ

бірлікке шақырып, сыртқы дұшпанға мемлекет айбарын көрсетумен бірге ақылды саясат жүргізіп, халықтың бостандығын сақтауды көздеген. Абылайдың осындай тар заманда халық алдында абыройының мейлінше биік болуын қалаған. Өзі ханның беделін көтеріп, оның мәртебесі саяси қайраткер ретіндегі бейнесін, тұлғасын жасап отырған. Бұқар Жырау халық басына күн туған ауыр заманда Абылайдың бойынан оның ел басқарушылық алып қасиетін бұлжытпай таныса, Абылай да Бұқардың бойынан болашақты болжақты болжағысы, айтқанын бүкіл елі екі етпейтін, халқы әулие деп санайтын дарынын көрген. Қазақ халқының тарихындағы шоқтығы биік осы екі тұлға өмірлерінің соңына дейін татулықта болған, араларын суытпаған.

Бұқар жыраудың мемлекет қайраткері ретінде шыңына жетіп шыңдалған би, жалынды жыр мен екпінді ұран тастай алатын халықтың хан алдындағы ардагер өкілі екендігі осы Абылай тұсында айрықша айшықтана түскен. Бұқар жыраудың кесек тұлғасы қазақ халқының шешуші өткелінен өтер кездерінде сомдана және биіктей түскен. Қазақтың қолын басқарған Бөгенбай батыр, Ер Олжабай, Малайсары, Қабанбай, Баян сияқты жаужүрек қолбасшылары қай-қайсысы болмасын жырауды пір тұтқан. Жорықта бірге болуын жеңістің ырымы деп жорыған. Қанды жорықтардың ауыр тұсында жырау қолбасшының ерлігін айтып ұран тастап, сарбаздарды рухтандырып отырған.

Сондай бір қысылтаяң, аумалы-төкпелі заман асқан ерлермен бірге, Қалқаманұлы Бұқар жырау сынды терең ойшыл-ақындарды да туғызды. Туған халқының тарихына, көрген азабы мен ауыр халіне, арманы мен үмітіне көрегендікпен көз қадаған ол үлкен жүректі жырау болды. XVII-XVIII ғасырдағы замана оқиғаларды ұлы ойшылдың жан дүниесіне, жүрегіне жай таптырмады, жігерлі көрегендігі мен болжау кемелдігін лаулатты. Бұқар соғыстың халық басына төнген қасірет екенін жан-жүрегімен сезді. Оның ойынша басты міндет – Отанды жан аямай қорғау керек. Сондықтан ол:

«Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан көл келіп,
Сонан сасып тұрмасқа» - дейді [5, 51].

Осылайша Бұқар өткен заман тарихы жоғарыда айтылып өткендей оңайлықпен болмады. Сол қиын-қыстау кезінде Бұқар Жырау елмен бірге бола білді, ел қамын ойлай білді, елді бірлікке шақыра білді. Шешендікті батылдықпен, батылдықты байыптылықпен ұйымдастыра білген Бұқар Жырау елін, жерін шын жүректен сүйген батыр деуге тұрады.

Бұқар жырау өзінің жырында бұл екі дара шыққан тұлғаға ерекше баға беріп, кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Олар да бірімен – бірі қабақ

Репозиторий КарГУ

шытыспаған, бірі үлкен, бірі кіші бола білген. Ол өз шығармаларында сол кездегі атауға тұрарлық ел азаматының біреуін де қалдырмағанға ұқсайды. Жыраудың кесек тұлғасы қазақ халқының шешуші өткелінен өтер кездерінде сомдана және биіктей түскен. Қазақтың қолын басқарған Бөгенбай батыр, Ер Олжабай, Малайсары, Қабанбай, Баян сияқты жаужүрек қолбасшылардың қай – қайсысы болмасын жырауды пір тұтқан. Жорықта бірге болуын жеңістің ырымы деп жорыған. Қанды жорықтардың ауыр тұсында жырау қолбасшының ерлігін айтып ұран тастап, сарбаздарды рухтандырып отырған.

Бұқар Жырау халқан бірлікке шақырды, елдің бостандығының қамын ойлады. Халықты ұлттың біртұтастыққа бағындыратын ортақ мемлекет қалыптастыра бірлесе қызмет етті. Сондықтан жырау халыққа да, ханға да өзінің әділ бағасын беріп отыру:

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қалады.
Қандыра жауап айтқанмен,
Халық не деп ойлады.

Ол отанына қызмет етті, осы бағыттан ауытқымады. Тар заманда Абылайдың халық алдындағы беделінің жоғары болуын қалаған. Сол мақсатпен Абылайдың, ханның маңайына көзсіз батыр, би-шешен, халық жанашырларының жинауына себепті болды. Хан жырауға, жырау ханға қайреткерлерін танытты, бірін-бірі қолдай отырып, халықтың тәуелсіздігін қолдады.

Қиюы қашқан қилы-қилы замандарда бір орталыққа бағынбай, сан ғасырлар бойы үнемі көшіп-қонумен жүрген және ру-руға бөлініп, тарыдай шашылып, бірікпей жүрген елдің ішкі дүниесі мен қайшылықтарын жақсы білетін, сондай-ақ Иран, Бұқара, Араб, Орыс, Қытай елдерінің мемлекеттік құрылыстарынан хабары бар көзі ашық әулие жырау сол өз заманындағы болып жатқан оқиғалардың бүгінгісі мен ертеңгісін бұлжытпай айыра білген. Бұқар көзге түскеннен бері жиындарға шақырылып, сындардан өткеннен кейін халық оны алақанына көтеріп, Бұқар елдің белсенді де беделді би-шешендерінің қатарына қосылды. Хан сарайына жақындағаннан кейін ел қамын ойлап, ел істеріне араласа бастады.

XVIII ғасырда болған жоңғар шапқыншылығы қазақ хандығының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру – бар ғұмырын халқының бірлік бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері осы кезде еліне есті кеңес, еліне әмір болып естіледі. Хан да, қара да тарих көшінің бағдарын, шиеленген қиынның шешімін Бұқардан күтеді.

Репозиторий КарГУ

Халқының әулие данасын, дуагөй бітімшісі, көреген болжаушысы, санатына көтерілген Бұқар жыраудың осы тұстағы даңқын орта ғасырдағы оғыз жұртының әулиесі Қорқытпен, XIV ғасырдағы ноғайлы елдің данасы Сыпыра жыраумен салыстыра болардай [6, 19].

Абылай оны қоршаған әйгілі би, жырау, қолбасшы батыр адамдар заман ағымына қарай дұрыс саясат құрып халықтың құрметіне ие болған. Олар өздерінің жеке басының қамын ойламаған, соңына ерген қалың елін іргесі бекіген мемлекет етуді армандаған. Дәулетке, баққа қызықпа, арынды ақсатпа, малға сатпа, ол мәңгілік нәрсе емес. «Өзгереді, өзгергенді көз көреді» - дейді Бұқар жырау. Ол арамзылық алысқа шаппайды. «Арамазың құйрығы бәр-ақ тұтам» ұзаққа баса алмайсын, халықтың шындық атты қақпаны бар, адалдық атты тұзағы бар, соған түспей өттейсің,- деп ескеркеті. «Жаманмен жолдас болсаң, көрінгенге күлкі етер, жақсымен жолдас болсаң айрылмасқа серт етер» деп бірліктің басталатын қайнар көзін ашып береді. Бұқар жырлары қазақ тіршілігінің жорға бесігі, зарыққанды жебеген, тарыққанды демеген – өмір арнасы.

Айналасын жер тұтқан,
Айды батпас демеңіз.
Айнала ішсе таусылмас,
Көл суалмас демеңіз.
Құрсағы құшақ байлардан,
Дәулет таймас демеңіз.
Жарлыны жарлы демеңіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес демеңіз.
Жалғызды жалғыз демеңіз
Жалғыз көпке тең келіп
Бір жапанда соғысып,
Кегін алмас демеңіз,
Құландар ойнар қу тақыр,
Қурай бітпес демеңіз.
Қурай бітпес құба жон,
Құлан жортпас демеңіз.
Құрсағы жуан боз бие,
Құлан салмас демеңіз.
Қулық туған құлаша,
Құрсақтанбас демеңіз.
Қу таяқты кедейге,
Дәулет бітпес демеңіз [1, 15].

Репозиторий КарГУ

Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап калатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған.

Бұқар жыраудың айтқан өсиеті бойынша ол өлгеннен кейін, сүйегін Арқа жұртшылығы үлкен қошаметпен оның өзі қалаған көне Далба тауының бір сілемінде жерленген екен. Ұрпақтары құрмет тұтып, қастерлеп келген бұл зират дәлірек айтқанда қазіргі Қарағанды облысы Ульянов ауданы «Озерный» совхозының территориясына орналасқан.

Жыраудың 325 жылдық мерейтойы өткенде Далба тауының етегінде қалың қорым ішінде халқымыз әулие деп танитын ұлы абыздың кесенесі салынып, ол 1993 жылы 21 тамыз күні салтанатты түрде ашылды. Табаны үш таған болып келетін, биіктігі 12 метрге жететін бұл ғимарат қазақтың ұлттық бас киіміне ұқсас келеді де, кезінде ұлы бабамыз аңсап кеткен үш жүздің, бүкіл елдің бірлігін бейнелейді. Кесененің ашылу салтанаты көне Далба тауы етегіндегі үлкен тойға ұласты.

Аумағын Бұқар жырау ауданы алып жатқан Семізбұғы, Далба, Ботақара-Нұра өңірі – Сарыарқанын жон-ортасында орналасқан өлкелердің бірі. Осы оңірде орналасқан әкімшілік-аумақтық аудан Бұқар жырау баба есімін бекерге иеленіп отырған жоқ. «Көмекей әулие» лақабына ие болған жыраудың ауылы жаз мезгілінде жайлауы Сұнқарқияда, қыс мезгілінде Далбадағы қыстақта, қазір жыраудың мазары бой көтерген тұста отыратын болған.

Бұқар жыраудың қабірін кейінгі ұрпақтары ұмытпай басына әр кезде белгі қойып отырған. Соның бірі Әтшәр Зейнешев деген кісі ертеректе бабасының қабірінің басына оның туған және қайтыс болған жылдарын (1698-1793) көрсетіп тастан белгі қойса, бертін келе Алматының тұрғаны, соғыс және еңбек ардагері Нағи Ахметов деген

Репозиторий КарГУ

кісі тотықпайтын ақ темірге 1695-1787 жыл деп ізгі ниетпен белгі соғып кетіпті [1, 7].

Бұқар жырау өз заманының үгітшісі. Ол үгіттегенде әділдікке, адалдыққа, адамгершілікке, ата-ана мен бала арасындағы мейірбандыққа, ерлікке, еркін елдікке, азып-тозбауға, бірлікке, айнымас шын достыққа үгіттеген.

Дүние танымын, қоғамды санасымен арттырып қалың Бұқараның сол замандағы рухани талабына қызмет еткен ол өз заманында қалыптасқан дәстүр бойынша күнделікті өтіп жатқан тіршіліктің мерейлі ережесін уағыздайды. Сертке беріктік, уағдаға адалдық, мейрімділік, бауырмалдылық сияқты ізгі мінездері басқаларға үлгі ету Бұқар жырларында кең орын алған.

Сонымен, хан Абылай билік құрып тұрған кезде Бұқар жырау ерекше құрмет пен беделге ие болды. Замандастарының айтуынша, Абылай қатал мінезді, әрі аямай жазаға кесетін адам болған. Ханның бас идеологы болған Бұқар үш жүзді басқару ісінде және түрлі дау-шарада шешу кезінде Абылайға елеулі ықпал жасап, көмек беріп отырды. Абылайдың өмірі мен қызметі жөнінде жүргізілген зерттеу бұл тұлғаның көшпенділер қоғамының тарихында зор роль атқарған. 1771 жылы Орта жүз бен Ұлы жүзге хан болған Абылай қазақ хандығының халық-аралық беделін нығайтып, барлық көршілес жұрттармен және мемлекеттермен дипломатиялық, сауда қатынастарын қолдап отырды. Абылай билік құрған жылдарда алауыздық тыйылып, елдің экономикалық жағдайы оңала бастады. Қазақ халқының материалдық әл-ауқаты көтеріле түсті. Сондықтан Бұқар жырау өзінің шығармаларында Абылайды жат елдіктерге қарсы күресте асқан ерлік көрсеткен бағыр, халық игілігіне қамқоршы кемеңгер көсем ретінде бейнелейді.

Тарихнамасы. Бұқар Қалқаманұлы – дара данышпан, ойшыл, әдебиет тарихынан елеулі орын алған, артына өшпес мұра қалдырған қазақтың аса көрнекті жырауы, мемлекет және қоғам қайраткері. Ұзақ ғұмыр сүрген ол көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болды. Халықтың тарихта қалу-қалмауы екіталай алмағайып-аласапыран кезеңінде тұрмыс кешкен жырау өз толғауларында сол тұстағы көкейтесті, күрделі мәселелерге жауап іздеп, соның бірден-бір жоқшы-жыршысы бола білді. Оның жыр-толғауларының үнемі әлеуметтік өткір мазмұнға құрылып отыруының басты себебін осыдан іздеу керек.

Өкінішке орай, ұзақ жасаған Бұқар жыраудың өмірлік деректері көп сақталмаған. Әсіресе, данышпан жырау қай жылы туған, өскен ортасы және балалық шағы қандай болған, қай жылы өмірден озған деген сұрақтар жиі қойылады.

Репозиторий КарГУ

Қазіргі заманда әр мемлекетттің барлық ғылым саласынан ғылыми жүйемен жасалып, өте қысқа анық деректер беретін ең басты кітабы – ұлттық энциклопедия. Көпшіліктің ұғымында: энциклопедия мүлдем қатесі болмайтын шындыққа негізделіп жазылатын беделді кітап. Осындай алғашқы басты кітабымыз – 1972-1978 жылдары кеңес дәуірінде 12 том болып жарық көрген «Қазақ совет әнциклопедиясы». Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 10 томдық (1998-2008) «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» басылып шықты [7, 69].

1. Енді осы энциклопедияларда көрсетілген Бұқар жыраудың өмір сүрген жылдарын көрсетелік. Бұқар бабамыздың өмір сүрген жылдары алғашқы энциклопедиямыздың 1973 жылғы 2-томында 1668-1781, ал бұл жылдар ұлттық энциклопедиямыздың 1999 жылғы 2-томында түбегейлі өзгеріп, 1693-1787 деп жазылған. Демек, бірінші дерек бойынша ол 113 жыл ғұмыр сүрсе, ал екінші деректен оның 94 жасында өмірден өткені аңдалады. Сонда екі түрлі дерек бізді «дұрысы қайсысы?» деген сұраққа жауап іздеуге мәжбүр етеді. Бұл сұраққа анық жауап беру үшін бізге енді осы мәселе жөнінде беделді ғалымдарымыздың айтқан пікірлеріне көңіл аударуға тура келеді. Жалпы, осы тұста қазақ әдебиеттану ғылымымен бұрынғы-соңғы айналысқан әдебиетшілердің еңбектерінде Бұқар жыраудың туған, өлген жылдары хақында әртүрлі жылдар көрсетіліп жүргенін айту лазым: [7, 70].

2. Ш.Ш. Уалиханов «Көмекей әулие атанған Бұқар жыраудың шығармашылық өмірбаянына қатысты ой-пікірлері де тарихилығымен құнды. Алдымен, Бұқар жырау ұзақ ғұмыр кешкен, тоғыз ханның заманында өмір сүргені, көпті көргені мәлім. Бұл орайда Шоқан Уалиханов Бұқар жырау 1668 жылы дүние есігін ашып, 1781 жылы көз жұмған деп келтіреді» [8, 47].

3. Көрнекті ғалым, профессор Ханғали Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты оқулығында XVIII ғасыр әдебиеті көрнекті өкілінің бірі Бұқар жырау 1684-1782 жылдары өмір сүрген деп көрсеткен [9].

4. «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» екінші томында: «Бұқар жырау шамамен 1693 жылдары Қалқаман батырдың отбасында туып, мұсылманша білім алған... Ол өзі құрмет тұтқан Абылайдан ұзақ өмір сүріп, зерттеушілердің санап жүргеніндей, 1787 жылдарда өлген» - деген деректер келтірілген [7, 70].

5. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Әлемдік саясаттану антологиясы» деп аталатын 10 томдық жинақтың 9-ыншы томында Бұқар жыраудың 1668-1781 жылдар аралығында өмір сүргенін

Репозиторий КарГУ

көрсеткен және «Тәуке ханның тұсында хан айналасындағылардың ішінде ең беделді билердің бірі болды»- деп көрсетеді [10, 62].

6. 2013 жылы жарық көрген жырауға арналған энциклопедиялық жинаққа енген С.Мұқановтың «Қазақтың дара ақыны» деп аталатын еңбегінде автор «Бұқар жыраудың нақ қай жылы туып, қай жылы өлгенін тарих әлі білмейді, бірақ жасаған ғасыры белгілі. XVIII ғасыр, Абылай ханның тұсы»-деп көрсетеді. Автор өзінің бұл ойын мына оқиғалармен байланыстырған: тарихи мәліметтер бойынша Абылай хан 1781 жылы 68 жасында өледі, сонда Абылай 1713 жылы туған болады. Бұқар жыраудың сөздеріне қарағанда. ол Абылайдан үлкен, оған Бұқардың мына сөзі куә:

Мен көргенде Абылай,
Түркістанда жүр едің.
Тұрымтайдай үл едің,
Әбілмәмбет ханға сен
Қызметші боп түр едің.

Абылай ханға айтқан бір жырында Бұқар жырау:

Менің жасым тоқсан үш,
Бұдан былай сөйлеуім,
Мағандағы болар күш, - дейді.

Автор Бұқардың бұл жырында Абылай ханның Ресей әскерімен соғысуға даярланын жатқан кезі сипатталғанын айтады және тарихи мәліметтер бойынша Абылайдың Ресейге бағынам деп бірінші уәле беруі-осы 1738 жылы болғандығын көрсетеді. «Жоғарғы аталған жырында Бұқар Абылайдың Ресеймен бағынбай тұрып соғыспақ болғанын айта ма немесе 1745 жылдан кейін Абылай Ресеймен соғыспақ болып қол жинаған, әлде осы жиналуын айта ма? -бірақ, қайсысын айтса да осы кезде Бұқарды 93 жасқа келді деуге ертерек сияқты, өйткені, 1781 жылы Абылай өлгенде Бұқар жырау тірі, өлген Абылайды ол: «Қайырусыз мал бақтырған ханым-ай, Қалыңсыз катын құштырған ханым-ай» - деп жоқтайды. Сонда Бұқар жырау 130-140 жастар шамасына шейін жасаған боп шығады»-деп автор тұжырымдайды [11, 7].

Абылай ханға бір айтқан жырында Бұқар жырау: «Есімханды көргемін» - дейді. Тарихи мәліметтер бойынша, «Қасым ханның қасқа билігі, Есімханның ескі билігі» деп қазақ елі аңыз қылатын Есім хан 1643 жылдары өледі. Егер ол айтуы рас болса, Бұқардың 140 жастарға келіп өлгені болады. 140-150 жасаған адамдарды тарих біледі.

Әрине бұл арада біз Бұқар жыраудың туған және өмірден озған жылдарының күрделі мәселе екендігін көреміз, бірақ оның өлеңдеріне

Репозиторий КарГУ

қарағанда, көп жасап, Абылайдан бұрын туып, содан кейін өлгенін көруге болады [11, 7].

7. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3-том) атты кітапта: «Қ. Мұқаметқанов («Қазақ әдебиеті» газеті. №31, 32, 1982 ж.). Бұқардың замандасы Үмбетей жыраудың «Бұқар асында, зиратының басында отырып Үмбетей жыраудың жырлағаны» деген жаңадан табылған толғауы бойынша ой қорытып, Бұқар жырауды 92 жасында қайтыс болды деген пікірді ұсынады. Сонда жырау, бұл кісінің айтуынша, 1685 жылы туып, Абылай өлімінен (1781 ж.) 4 жыл бұрын, яғни 1777 жылы қайтыс болған деп тұжырымдалады. Сол Үмбетей айтты деген бір жырдың алғаш 7-8, кейін 11 буынды өлең өлшемімен жазылғанына күдіктенбесек, негізінен, осы ойдың көңілге қонатынын, дәйектілігін айтқан жөн. Бұқар жыраудың Абылайға айтқан бір жырында:

«Менің жасым тоқсан үш,
Мұнан да былай сөйлеуім
Маған да болар ауыр күш», - десе, тағы бірде:
«Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен», - дейді [7, 70].

Бұған қарасақ, жырау 95 жасқа да келіп, әбден қалжырап, қор болып отырған кезін жырға қосқан сияқты. Қалай дегенде де, Бұқар жыраудың 92-95 жас аралығында қайтыс болғаны шындыққа сай келетін тәрізді. Сондықтан осы айтылған жылдардың біріне үзілді-кесілді тоқтап, бір жүйеге келтіру қажет» - делінген. Бұл мәліметтерді зерттеуші Р. Каренов 2009 жылғы жарияланған мақаласында атап көрсеткен болса, автор М. Жармұхамедұлы да нақтылап өз зерттеуінде тілге тиек етеді [12, 27].

8. Ш.Т. Қуанғановтың «Бұқар жырау және оның заманы» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде: «Бұқар жырау XVII ғасырдың екінші жартысында Баянауыл өңіріндегі сулы, нулы, табиғаты ерекше сұлу Сұңқарқия деген жерде дүниеге келіп, келесі XVIII ғасырдың сексенінші жылдарында, жасы тоқсаннан асқан кезде қайтыс болғаны байқалады» - деген болжам айтылған [1].

9. Қабирахманова А. «Алты алаштаң ақылшысы - Бұқар баба» деп аталатын 2008 жылы жарық көрген мақаласында: «Бұқар жырау Қалқаманұлы 1668 жылы ел аңызында айтыла беретін Жиделібайсын жерінде, қазіргі Өзбекстанның Бұқар шаһары маңындағы Елібай аулында дүниеге келіп, 92-ге қараған жасында Далба тауының баурайында дүниеден қайтқан» - деп жазылған [13, 4].

10. Белгілі жазушы және әдебиет зерттеушісі М. Мағауин жыраудың Тәуке хан тұсында жасап, Абылайдан кейін өлген деген

Репозиторий КарГУ

тұжырымдарға қарай Бұқарды 1668 жылы туып, 1781 жылы 113 жасында өлген дейді. Абылайға арнаған толғауларының бірінде Бұқар:

«Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді де саған табылмас», - дейді.

Бұл сөздер Абылай өлген 1781 жылы айтылған десек, онда 1688 жылы туған болып қалады.

1781 жылы Абылай өлгенде Бұқар әлі тірі. Жырау ханды азалап, өзінің ең көркем туындыларыыың бірі – «Күпшек санды күренді - Тәбияға жаратқан» деп басталатын жоқтау жырын шығарады. Бұқардың Абылайдан соңғы өмірі жайында ешқандай дерек жоқ. 113 жасқа келіп отырған қарт жыраудың өзі де көп ұзамай ажал жастығына бас қойса керек.

Жоғарыда келтірілген кейбір фактілердің негізінде біз Бұқар жырау Қалқаманұлы 1668 жылдар шамасында туып, бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылдың шамасында өлген деп есептейміз», - деген пікір айтылған [7, 71].

11. Кейінгі жылдарда шыққан бірнеше еңбектерде Бұқар жырау 1668 жылы туып, ұзақ ғұмыр жасап 1781 жылы қайтыс болғандығы көрсетілген. Мысалы тарих ғылымдарының докторы М. Алпысбестің пайымдауынша «Қазақ халқы әулие деп таныған ұлы абыз 1668 жылдар шамасында туған, ерте кезден көзге түсіп, үлкен беделге ие болған. Бұқар жырау Тәуке, Болат, Әбілмәмбет, Абылай сияқты қазақ хандарының тұсында қабырғалы би, аса ықпалды адамның бірі ретінде мемлекет ісіне араласқан, ханға да, батырға да жөн айтқан. Бұқар жырау Абылай ханға: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, кеше Еңсегей бойлы Ер Есімге де жолдас болдым, сен оның бір түстігіне де жарамайсың деген екен» – деп көрсетеді [14, 9].

12. Бұқар Жыраудың қабірін кейінгі ұрпақтары ұмытпай басына әр кезде белгі қойып отырған. Соның бірі Әтшар Зейнешев деген ағамыз ертеректе бабасының қабірінің басына оның туған және қайтыс болған жылдарын (1698-1793 жж.) көрсетіп тастан белгі қойса, бертін келе Алматының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Наги Ахметов деген кісі тотықпайтын ақ темірге 1695-1787 жыл деп ізгі ниетпен белгі соғып кеткен [1, 7].

13. Бұқар жырау жайында жазған тарихшы ғалымдардың зерттеулері көп емес. Кейбірі Бұқар Жыраудың заманынан бастап, өмірі өткен күніне дейін жазса, ал кейбірі қысқаша мағлұмат ретінде көрсетіп өткен. Көлемді жазылған еңбектің бірі тарихшы-этнограф Ж.О. Артықбаевтың Бұқар жырауға арналған еңбегі. Автордың бұл еңбегі 1994 жылы Қарағандыда басылып шыққан, 333 беттен тұрады. Автор

Репозиторий КарГУ

еңбегінде Бұқар жыраудың туған жері, жастық шағы, өскен ортасы жайында мәліметтер берліп өткен. Бұқардың өмірге келуі жөніндегі мәліметтер автордың еңбегінде бұрын-соңды жарық көрген еңбектердегі деректерден біршама, айрықша берілген яғни, қалмаққа баратын елшіліктің абыр-сабыр кезімен байланыстырылады. Ол еңбегінде Бұқардың туған жылын нақты көрсетпейді, бірақ Жоңғар қалмағы мен қазақ арасындағы жанжалдың, соғыстың ушыққан кезі, яғни, 1680-1683 жылдар деп көрсетеді. Еңбегінде былай деп жазған: «қалмаққа баратын еңсейліктің абыр-сабыр кезінде Тортуыл Қаржас елінің басты адамы қатарына саналатын Қалқаман батырдың бәйбішесі босанып ұл туды. Ел ақсақалдары, дуалы аңыз қариялар елшіліктің жолы болады екен иншалла, мынадай торсық шеке қошқардай ұлдар көбейе берсе, жауға есемізді жібермейміз десті. Ұл туғанын жақсы ырым деп Әз Тәуке өзі Қалқаманның шаңырағына кейін жөргекте жатқан нәрестенің маңдайынан иіскейді, бата береді. Бұл бала сол ардагердің айтуынан Бұқар атанды. Ел бұқара қамын ойлар азамат болсын десті. Бұқара қаласында туды – ләйім-ғұламалардың қаласы, кеудесіне ой қонған бала болсын депті біреуі» [15, 5].

14. Екібастұз қаласындағы Инновациялық Еуразиялық университетінің профессоры С.Жақсыбаев «Шындық шірімейді (Бұқар жырау Қалқаманұлының нақты туған жылы туралы)» атты мақаласында: «...Осы жолдардың авторының зерттеп анықтауынша Бұқар жырау 1787 жылы Абылайдан алты жылдан соң, қысқа салым фәниден өткен» - деп көрсетеді [7, 71].

15. Бұқар жырауды Абылайдан бұрын дүние салды дегенде кейбір зерттеушілер ел аузындағы мына бір әңгімеге жүгінетін сияқты. «Бұқар нашар жатыр, о дүниелік болуға айналды» деген хабар Абылайға жетеді. Мұны естіген соң ол дереу Далба тауындағы Бұқардың қыстауына жетеді. Абылай келгенде жағы түсіп, қалжырап отырған жырау біреуге орамалмен жағын таңғызып, Абылайға қаратқызыпты. Сонда ол:

«Бас ауырды, жан қорықты, түсті иікір,
Хан иемді көрсеткен бұған шүкір.
Ауыздыға сөз бермен деген басым,
Тісім түсіп қалыпты, тілім бүкір», - деп өлеңмен амандасқан екен. Бұл деректің қисынсыз екендігін мынадан-ақ көруге болады. Бұқар жырау толғауларының жыр жолдары негізінен 7 буыннан үйлеседі. Жалпы, оның өлеңдерінде 11 буынды толғау жоқ деуге болады. Сондықтан халқының ортасында «көмекей әулие» атанған бабамыздың 7 буынды жыр толғауы – сол замандағы басқа ақын, жырауларға қарағандағы ерекшелігі. Ал, көңілін сұрай келген

Репозиторий КарГУ

Абылаймен ол 11 буынды өлеңмен тілдеседі. Өзі өмір бойы 7 буынды жыр толғаған адам, хал үстінде жатып, машық қылмаған 11 буынды өлең айтты деу шындыққа жатпайтыны анық. Ендеше Абылайдың Далбаға келуі де, сонда оған Бұқар айтты деген өлең де біреудің өз жанынаи шығарып, «Иә, солай болып еді» деп жұртқа тарап кетіп, шынға айналған өтірік [7, 72].

16. Енді Бұқар жыраудың 102 жыл өмір сүргені жайында айтарымыз: осы жолдардың авторы өткен ғасырдың 60-жылдары Бұқар жыраудың тікелей алтыншы ұрпақтары Қабыкен Қазиев (1902-1966), Бақый Бектеміров (1919-1971), академик Қ. Сәтбаевтың қол астында 20 жыл Қазақ КСР Ғылым академиясында қызмет жасаған Бөпежан Аяпбергенов (1917-2005) және Екібастұз қаласының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Рақым Қамбаловтармен (1922) әңгімелескенімде олардың бәрі тегіс: «Бабамыз 102 жыл жасаған» деген еді. Бұл шындықты толық құптап, қаперге алған жөн. Себебі, Бұқар жыраудың 102 жыл жасағандығы - ұрпақтан-ұрпаққа жаза баспай ауызша жалғасып келген тарихи дерек.

17. Екінші шындық жолы туралы айтар болсақ, Баһадүр Қанжығалы Бөгенбайдың алтыншы ұрпағы, жастайынан аталы сөз қуған этнограф, шежіреші, Қазақстанның халық ағарту ісінің озық қызметкері, соғыс және еңбек ардагері Қазыбек Нұралин (1920-1994) әркез маған: «Сенің бабаң *(Бұқар жырау)* менің бабамнан *(Бөгенбайдай)* бес жас кіші екенін газетке неге жазбайсың», – дейтұғын. Осы деректің нақтылығына оқырмандардың сенімін арттыру мақсатымен айтар болсақ, Қазыбек ақсақалдың қолында Бөгенбай батыр және оның қазақ халқына белгілі ұрпақтары Банан би, Саққұлақ шешен, қазақтың тарихы мен ауыз әдебиетін жинаушы Ералы шешен, 1929 жылы 602 жолдық «Сабалақ – Абылай хан» атты дастан жазған өз әкесі Олжабай ақын туралы қағаз бетіне түскен қолжазбалар көп болатынды.

«Сонымен, әңгімемізді қорыта айтқанда, Бөгенбай батыр 1680 жылы туса, Бұқар жыраудың өмір сүрген жылдарын «1685-1787» деп бір жөнге келтіретін уақыт жеткен сияқты» - деп зерттеуші Р. Каренов өзінің дәйекті тұжырымын береді [7, 72].

Бұқар жырау жайында жазған ғалым-жазушылардың еңбектері, зерттеулері көп емес. Олардың, кейбірі Бұқар жыраудың заманынан бастап өмірін өткен күніне дейін жазса, ал кейбірі қысқаша мағлұмат ретінде көрсеткен. Бір кемшілігі жазылған еңбектердің көпшілік бөлігі негізінен бір ғана деректің мазмұны арқылы әртүрлі талдауларға алынып жазылғанға ұқсайды.

Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген ол Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр

Репозиторий КарГУ

Жүсіп «Бұқардың сөйлеген уақытында сөзі мұнан жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана» - дейді. Бұқар жыраудың өмірін, жырауға қатысы бар тарихи оқиғаларды, ел аузынан алғаш жинаған ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көбеев мұнымен қоса Бұқар жыраудың балалық шағын, орта жасқа дейінгі көрген өмір мектебі туралы, жыраудың шежіредей сөздерін, тілге шешендігін, парасаттылығын, ел арасындағы дау-жанжалға араласып, әділдік қазылық етіп сол Бұқара өмірінің өзінде-ақ ерте көзге түскендігін баса айтады. «Біз оның тым ерте көтеріліп, Тәуке хан тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билермен бірге болғандығын білеміз» - деп жазады. Бұл да Бұқар Жыраудың ертеден, яғни, жастайынан ел ісіне араласқандығы жөнінде бір дәлел. Сөз өнерінің өрен жүйрігі атанған Бұқар ханның ел басқару ісінде сенімді адам болғанын көрсетеді [16, 24].

Әдебиетшілердің ішінде Бұқар жөнінде Мағжан Жұмабаевтың Батыр Баян шығармасында, М. Мағауиннің құрастыруымен шыққан 2 томдық «Бес ғасыр жырлайды» шығармалар жинағында тұлғаның шығармасы біршама, топтастырылып берілген. Ал, төл тарихшыларымыздың ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ел аузынан жиған әдебиет үлгілері» атты 2 томдық еңбегінің 2-ші томында Бұқардың XVIII ғасырда Абылай және оның заманында алған орны мен қызметі жөнінде талдауға тұрарлық мәліметтер берілген[3].

Бұқар жөнінде азда болса жазып кеткен авторлардың бірі XIX ғасырдың I-ші жартысында өмір сүрген Қ.Халид, оның «Тауарих-и хамса-йи шарқи» /Шығыстың бес елінің тарихы/ еңбегінің «Орда мағынасы» бөлімінде жыраудың қоғамдық қызметі баяндалған [17].

Келесі тарихқа дерек бола алатын еңбектердің бірі М.Мағауиның «Ғасырлар бедері» атты зерттеуі. Шығармада Бұқар жырау жайында біраз мәліметтер берілген. Онда Бұқардың туған жылы жөнінде кейбір тарихи зерттеулерге қарама-қайшы келетін деректер көзі кездеседі. Осы сияқты әдеби жанрда берілген Бұқар жырау жөніндегі яғни, оның туған жылы немесе қоғамдық істеріне байланысты әртүрлі деректер үзінді-кесінді, кездесіп қалап отырады. Нақты мәлімет тарих айналымына салыстырмалы дерек бола алатыны сөзсіз. Бірақ, бір ерекшелігі жоғарыда айтылып кеткендей мәліметтер бір-бірін жиі қайталайды [18].

«Ана тілі» газетінің 1990 жылғы шілденің он екісі күні шыққан санында белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбеков Бұқар жыраудың бірнеше толғауларының көрші Қытай елінің астанасы Пекиннен табылғанын жазған болатын. Байырғы Манжың патшалығының қоймасы аталатын Хуаңшишың сарайынан бояуын жоғалтпаған бұл жырдың жалпы көлемі 940 жолдық 36 толғаудан тұрады екен. Бұл жөнінде сол кездің «Шың хандығы Жаузың естелігі» атты шежіресінің

Репозиторий КарГУ

790 томының 40-бетінен деректі одан әрі орнықтыра түсетін мынандай сөздер табылған: «Бұқар қазақтардың данышпан ақыны, кезінде Абылай атты ел басшысына ақылшы болған, аздап оқыма жазбасы болғандығынан қазақ рулары арасынан заң-жарлықтарды шығаруға да қатысқан. Көп өлеңдер жазып қалдырған».

Бұл деректерді іздеп тапқан Қытай елінде тұратын қазақ азаматы Мұхтархан Оразбайұлы және басқа да зерттеушілер қолжазбалардың Бұқар жыраудікі екеніне ешбер шүбә келтірмейді. Мұхтархан Оразбайұлы Шығыс Түркістанның Тарбағатай күнгейіндегі Дөрбілжің ауданының Көкжайдақ деген жерінде 1956 жылы дүниеге келген. 1976 жылы толық орта мектепті тауысқан Мұхтархан қытай классиктерін аударудағы шеберлігімен көзге түсіп, 1980 жылы Пекин Ұлттар баспасына жауапты редакторлық қызметке шақырылады. Бұл қызметте өнімді еңбек еткендіктен, кешікпей-ақ Пекин Жазушылар одағына және Қытай Мемлекеттік жазушылар одағына мүше болып қабылданады. Мұхтархан қазақ, қытай және түрік тілдерін бірдей жетік игерген азамат. Сонымен бірге ол Европаның жетекші тілдерін және орыс тілін біледі. Мұхтарханның аударуында қытай классиктерінің көптеген шығармалары қазақ тіліне аударылған, ал «Құтты білік» сияқты классикалық мұраларымыз оның аударуымен қытай оқырмандарына жетті. Сондай-ақ «Абайдың қара сөздері», «Оғызнама» сияқты кітаптардың қытай тіліндегі басылымдарына жауапты шығарушы болды.

Бұқар жыраудың отыз алты толғауын Мұхтархан Оразбайұлы Пекин қаласындағы Хуаңшының сарайындағы өлке деректерінің арасынан тапқан екен. Осы қорлар сақталған бөлімге ол 1982 жылы маман ретінде шақырылады. Оған дейін парсы тілінің мамандары жазуды оқыған, бірақ мағынасын түсінбей қиналса керек. Мұхтархан Оразбайұлы «Қазақ сөздері» деген жазуы бар дәптерге тап болып, оның Шоқан, Ыбырай заманында жиі қолданған араб жазуымен жазылған Бұқар жыраудың мұрасы екеніне көзі жеткенде, ол қытайлық мамандармен келісе отырып оны толық көшіріп алуға рұқсат алады. Мұхтархан Оразбайұлы тапқан бұл Бұқар толғаулары деректері қазақ халқының рухани тарихы үшін бірнеше қасиеттерімен құнды.

Біріншіден, Бұқар жыраудың бізге жеткен мұрасы ең әрі қойғанда өткен XIX ғасырдың соғында (Г.Н. Потанин), ең бері қойғанда XX ғасырдың басында (Мәшһүр Жүсіп Көпеев) хатқа түскен. Бұл ретте Бұқар жыраудың толғауларының Пекин нұсқасы бір ғасырдай көнелілігімен құнды.

Екіншіден, Қытай шежірелері Бұқардың хат танығаны, өз толғауларын өзі жазып қалдырғаны жөнінде нақты дерек келтіргендей...

Репозиторий КарГУ

Үшіншіден, Бұқар жырау толғауларының Пекин нұсқасы XVIII ғасырда қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың қыр-сырын анықтай түсуге септігі тиетін дерек көзі ретінде де назар аударады... .

Қазір Мұхтархан Оразбайұлының қолжазбасы М.О. Әуезов және өнер институтының қолжазба бөлімінде сақталуда» [19].

Біз осы кітапты жазу барысында дерек ретінде осы қолжазбаны кең түрде пайдалануға ұмтылдық және кейбір құжаттарды қосымшада бердік. Бұл да оқырман үшін.

Олар төмендегідей тізімнен тұрады:

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: Қ547-папка: Бұқар жыраудың жыры, айтушы Толыбаев Мұхамбетәлі, 1936 ж. Тапсырылған (33-46 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 848-папка: Бұқар жыраудың сөздері, тапсырған Х.Баисов, жылы белгісіз. (14-28 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 849-папка: Бұқар жырау тапсырушы, жылы белгісіз (61-63 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: Қ517-папка: Абылайхан Сарыарқаға келіп, орыс ордасына соғыс қылуға халқымен ақылдасқанда Бұқар жыраудың айтқаны, тапсырушы белгісіз, 1949жыл, (27-29 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: Қ1823-папка: Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары, тапсырушы М. Бөжеев, 1957жыл, (9-41 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 334-папка: Бұқар сөздері, тапсырушы белгісіз, 1954 жыл, (16-19 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 714-папка: Бұқар мен Үмбетай, тапсырушы белгісіз, 1959жыл, (30-31 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 716-папка: Бұқар мен Жәнібек, ... , 1959 жыл, (58-59 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 632-папка: Бұқар өлеңдері, апсырушы Масғұт Сегізбаев, 1934 жыл, (3018-3024 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 506-папка: Бұқар жыраудың толғаулары, тапсырушы Қазан қаласының тұрғыны Махмуд Гадеевич Будайли, 1964 жыл, (13-14 бб.)

ҚР БҒМ ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), қолжазба қоры: 214-папка: Бұқар толғаулары, тапсырушы белгісіз, 1947жыл, (40-45 бб.)

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, сирек кездесетін қолжазбалар қоры: Бұқар толғаулары, 1579, папка: 8-дәптер, 1-18 беттер, тапсырушы белгісіз, 1911 жыл.

Репозиторий КарГУ

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, сирек кездесетін қолжазбалар қоры: 117-папка, 39-41 беттер. Бұқар жыраудан бір сөз, тапсырушысы, жылы белгісіз.

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, сирек кездесетін қолжазбалар қоры: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, филология факультеті, фольклорлық практика жинағы, 14-папка, 67-69 беттер, Бұқар шығармалары, жинаушы М.І.Әбдуов, айтушы Павлодар облысы, Май ауданы тұрғыны Әбекең ақсақал, 1989 жыл.

XVIII ғ. қазақ қоғамы және Бұқар жырау. Қазақ халқы XVIII ғасырдың бірінші ширегінде үш жүзге бөлініп бүгінгі алып жатқан жерінің оңтүстік, орталық, солтүстік-шығыс, шығыс және батыс аймақтарында біршама тығыз орналасты. Ұлы жүз қазақтарының қысқы жайылымы Балқаштың Оңтүстігі, Іле, Шу, Талас өзендерінің бойы болса, ал жазғы жайылымдары Алатау мен Қаратаудың биік шалғынды жерлері болған. Ұлы жүз қазақтары оңтүстігінде Шыршық пен Арыс өзендерінен Ферғанаға дейін Ташкент қаласы аймағындағы жерлерде де көшіп-қонып жүрген. Ал Орта жүздің қазақтары Солтүстік-Шығыс, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның біраз жерін алды. Сарысу өзені мен Шу, Сырдария өзендерінің төменгі ағысынан Ырғыз, Торғай өзендеріне дейінгі аралықты қысқы жайылым ретінде пайдаланған. Кіші жүз қазақтары қазіргі Батыс Қазақстан жерін алып, Шығысында Орта жүзбен, оңтүстігінде Қарақұм мен Сырдарияның төменгі ағысына дейін, қарақалпақтарға шекаралас болды. Қазақ хандығының астанасы Түркістан аймағында Ұлы және Орта жүз қазақтарымен іргелес болды. Сөйтіп, Қазақ хандығы шығысында Ертістен батысында Еділге дейін, солтүстігінде Орал тауының далалы аудандарынан, оңтүстікте Бұқар, Самарқан жерлеріне дейінгі кең-байтақ жерді алып жатты.

Бұл кезеңде қазақ жерінде біртұтас иелікке бағынған, басқару жүйесі орталықтанған ірі мемлекеттің жоқтығы сезіліп тұрды. Мұны қазақ жеріне ертеден көз алартып келе жатқан Қазақстанмен жапсарлас, жерлері шектесетін елдердің билеушілері пайдаланып қалуға тырысты. Оңтүстік-батыстан Жайық казактарының қолдап-қолпаштауымен Еділ өзенінің бойындағы башқұрттар, қалмақтар Кіші жүздің халқына тынымсыз шабуыл жасады. Қазақ жеріне солтүстіктен сібір казактары килікті. Орта Азиядағы Қоқан, Бұқар мен Хиуа хандықтары да қазақ жерінен дәмелі болды. Оларға қазақ жасақтары табандылықпен тойтарыс беріп отырды. Осылардың бәрінен де асып түскен, қазақ халқының мәңгі жойылып, құрып кету қаупін төндірген жау – жоңғарлар болды.

Репозиторий КарГУ

XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі оның тарихындағы аса маңызды оқиғалар болып табылады. Өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған бұл күресте қазақ халқы елін, жерін жоңғар қалмақтарының тепкісі мен езгісінен сақтап қалды. Тәуке хан (1680-1715/18 жж.) басқарған кезде қазақ қоғамында хандық басқару жүйесінің күшейген кезі болды. Оның кезінде Қазақ хандығының іргесі бекіп, жоңғар шапқыншылығына тойтарыс берілді. Тәуке хан ел ішіндегі басты талас-тартыс, жанжалдың себебі жер мен су болып отырғанын біліп, бұл мәселені шешу үшін билер мен ақсақалдар кеңесін құрып, барлық мәселелерді шешуді осы кеңеске берді. Алайда Тәуке хан қаза болып, оның бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құру мақсаты іске аспай қалды. Жошы ұрпақтарының бірі, белгілі сұлтан Қайыпты (1716-1717 жж.) Кіші және Орта жүздің билеушілері хан сайлаған. Алайда ол 1717 ж. қаза болды. Кіші жүз қазақтары өздерінің ханы етіп әскери қолбасшылық қасиетімен көзге түскен Әбілқайырды (1718-1748 жж.) сайлайды. Бұл кезде Ұлы жүзде де бірнеше хан болған, соның біреуі Абдолланың (1719 ж. өлген) баласы Жолбарыс (1690/1720-1740 жж.). Орта жүзде Қайыппен қатар Тәуке ханның баласы Болат хан (1715/18-1724 жж.) билік жүргізген. Болатпен қатар оның бауыры Сәмеке де хан болған (1724-1738 жж.). Шыңғысхан ұрпақтарының хан тағынан үміткерлік құқығы сақталды. Қазақ қоғамын басқаруды хан сұлтандар мен ру басылары арқылы жүзеге асырды. Жыл сайын бір рет үш жүздің өкілдерінің бас қосқан жиналысы шақырылып, онда ең басты мәселелер қаралған. Мәселен, көші-қон, қысқы, жазғы жайылым мәселесі, жауға қарсы күш біріктіру.

XVIII ғасырда Қазақ хандығы Абылайдың белсенді сыртқы және ішкі саяси қызметінің арқасында біршама мықты әрі біртұтас мемлекетке айналды. Абылайдың хандығы тұсында қазақ елінің әлеуметтік-саяси бейнесін Бұқар жырау шығармашылығынан табамыз. Абылай хан мен Бұқар жыраудың саяси көзқарасының негізгі түп-тамыры бір орталықтан басқарылатын тәуелсіз, заңға негізделген мемлекет қалыптастыру болды. Ресей, Қытай сияқты ірі мемлекеттермен құқықты деңгейде тең қарым-қатынас жүргізіп, қазақ мемлекетінің ішкі саясатына араласпауды мойындатты. Сыртқы шапқыншылықтан шаршаған қазақ халқының тұтапстығын сақтап қалу Абылай ханның басты мақсаты болды. Ханның осы саясатын Бұқар жырлады.

Абылай хан мен Бұқар жырау ұлттың біртұтастығын бекітіп, бір орталыққа бағынатын мемлекет қалыптастыруға барын салды. Хандық билік жүйесі мен ақыл-ойдың күші осылай бірін-бірі толықтырып

Репозиторий КарГУ

отырды. Бұқар жырау халықты бірлікке, бүтіндікке шақырды, елдің бостандығының қамын ойлады. Оның пікірінің ханға да, халыққа қажеттілігін мына толғаудан көреміз:

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап айтпасам,
Халқым не деп айтады.

Сонымен, Бұқар жөніндегі нақтылы тарихи дерек – XVIII ғасырдың екінші жартысында хандық құрған Абылайдың кезінде өмір сүруі және толғауларының басым бөлігінің осы кезеңге арналуы. Бұқар сыртқы қауіп ушығып тұрған заманда халықты басқаруға терең ойлы саясаткердің қажеттілігін түсінді. Ол халықты бірлікке шақырып, сыртқы дұшпанға мемлекет айбарын көрсетумен бірге ақылды саясат жүргізіп, халықтың бостандығын сақтауды көздеген. Абылайдың осындай тар заманда халық алдында абыройының биік болуын қалаған. Өзі ханның беделін көтеріп, оның мәртебелі саяси қайраткер ретіндегі бейнесін, тұлғасын жасап отырған. Абылай да Бұқар жыраудың бойынан болашақты болжағыш, айтқанын бүкіл ел екі етпейтін, оны әулие санайтын дарынды көрді.

Бүкілхалықтық мойындауға және үш жүздің ханы атағына қарамастан, Абылайдың билігі шексіз болған жоқ. Сұлтандардың едәуір бөлігі, әсіресе Барақ сұлтан мен Әбілмәмбет ханның ұрпақтары Абылайды тақты заңсыз иеленді деп санады. Мысалы, Дайыр сұлтан 1781 жылы Орынбор губернаторына Абылай «ханның қадір-қасиетін мүлде әділетсіз иеленгенін, өзінің бала кезінде бауырларымен Түркістанда болғанын, хандықтың барлық әділеттілік бойынша өзіне тиесілі» екенін жазады. Наймандардың билеушісі Әбілпейіз, иеліктері Обаған мен Есілдің арасында орналасқан Құдайменде сұлтан тәуелсіз еді деуге болады. Түркістан мен Сырдариянның ортаңғы ағысында билікті бөліскен Сәмекенің баласы Есім мен Әбілмәмбеттің баласы Болат өздерін хан деп атай берді. Дағдылы құқықпен шектеулі Абылай, Ш. Уәлихановтың айтуынша, сұлтандар мен рубасылардың бетімен кетуін ауыздықтауға ұмтылды. Абылай XVIII ғасырда өзгерген сыртық саяси жағдайда аман қалу үшін Қазақ хандығының саяси жүйесін көбірек орталықтану жағдайына қарай өзгерту қажет екендігін өте жақсы түсінді. Оны бұл саясатына Бұқар жырау барынша қолдау білдірді.

Абылай ханның Ресей және Қытай сияқты елдермен шарт жасасуы, қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін сақтауға ықпал етті. Жырау аса қиын да жауапты кезеңде елдің басын біріктіретін, өз ісіне халық алдында жауап бере алатын, жауына тойтарыс бере алатын алғыр қолбасшы

Репозиторий КарГУ

Абылай тұлғасын көрді. Ханның саясатының әлеуметтік бейнесін өз жырларында көрсетуге тырысты:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүздің басын қосқан Абылай!
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай?!

Бұқар өлеңдерінің мазмұны арқылы, оның қазақ қоғамының қамқоршы қариясы, қадір тұтқан жырауы екендігі аңғарылады. Сонымен қатар, оның толғаулары шынайы төл тарихи дерек болып табылады. Ондағы ақпараттар ең алдымен қазақ қоғамының ішкі жағдайынан мол хабар береді. Ерекше қарастыратын мәселе – көшпелі қоғамдағы басқару жүйесінің өзіндік ерекшелігі. Оны Бұқар жыраудың Абылайға арнаған әр бір өлеңінен көруге болады. Бір жағынан, ол Абылайды жақтап, оны басқалар алдында бедел етіп дәріптесе, екінші жағынан, оның кемшіліктерін айтып, сынайды. Осыдан көшпелі қоғамда ханның жеке-дара билігінің жоқтығы, оның билігінің маңайындағы халыққа қадірлі ақсақалдар, рубасы және би-батырлардың қолдауымен ғана тұрақты, беделді бола алатындығына көз жеткіземіз. Қазақ қоғамының басқару жүйесіндегі ерекшеліктеріне, оның отырықшы қоғамнан өзгеше екендігіне патша әкімшілігінің қызметшілері де назар аударды. А. Тевкелев Кіші жүз қазақтарының арасында біраз уақытын өткізген тәжірибесінің негізінде орыс патшайымына былай деп жазған: «Абулхаир хан, который без согласия протчих ханов и салтанов и киргис-кайсацкой орды ничего один собой делать не может». Ол қазақтардың басқару жүйесіне бақылау жасай отырып, хандардың, сұлтандардың арасынан, рубасылардың дауыс беруі арқылы сайланатынын байқаған. Сонымен қатар, мемлекеттік істерді жалғыз ханның өзі емес, рубасы, сұлтандарының бірігіп кеңесуінің нәтижесінде талқылып, шешімге келетіндіктеріне тоқталады.

Ел мен ханның арасында қандай қарым-қатыс болуы керек, бұл мәселе жөнінде Бұқар жырау өз пікірін ашық айтқан:

Ханның жақсы болмағы,
Қарашаның елдігі.
Қараша халқы сыйласа,
Алтыннан соққан белдігі, - дейді.

Қазақ қоғамындағы талай тартыс, талай ахуалды өз көзімен көріп, өз басынан кешірген қарт жырау бұл жерде де бір шындықтың бетін ашады: хан қызметінің ел тағдырын шешудегі рөлі жоғары болғанымен, күш халықта екендігі. «Бәрін айт та бірін айт, халық қозғалса, тұра

Репозиторий КарГУ

алмайды хан тағында» деген сөздің негізінде тарихи шындық жатқандығын аңғартады. Бұл қоғамның шынайы демократиялық элементтерінің болғандығын көрсетеді. Оны XVIII ғасырда отырықшы қоғамның өкілі ретінде П. Рычков та мойындаған: «Бұл жүздердегі үкімет көбінесе демократиялық үкіметке ұқсайды, өйткені қай ру неғұрлым атақты және бай болса, сол ру құрметтеледі. Әйтсе де, тек олжаға аттанғанда немесе өз жауларынан қорғанғанда хандары мен рубасыларына бағынып, олардың бұйрығы бойынша жиналып, әмірлерін орындайтыны болмаса, рубасылардың ғана емес, әміршілерінің де тиісінше билігі жоқ деуге болады».

Сонымен қатар, көшпелі қоғамда отырықшы елдердегідей билеушінің өз жарлықтарын орындататын құралы – әскери күштері жоқ. А.И. Левшин осы тұрғыда былай деп жазған: «что предпримет самый строгий, справедливый и благоразумный правитель, когда он не имеет ни войска, ни иждивения для содержания какой-нибудь полиции, которая надзирала бы за подвластными ему и приводила в исполнение его распоряжения или, по крайней мере, защищала бы его самого от насилий за соблюдение им правосудия?» [4]. Осы жерде Абылай ханның соғыстағы ерлігін, бейбіт кездегі ақыл-парасатын жан-жақты жырлаған Бұқар жырау оның қасындағы батырларын да барынша марапаттап, әрқайсысының өзіндік қасиетін жырға қосқан:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Абылайдың қасында
Бастарын бай тігісіп,
Сондай ауыр жорықта.
Қанды жаумен соғыста
Бірге болған батырлар
Мыналар еді егесіп:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Беті қайтпас арыстар
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатай, Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәулет, Жәпек батыр қасында,
Бақ-дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсыққожа, Мамыт бар.

Репозиторий КарГУ

Қасқараудан Молдабай,
Қатарда жақсы қалдырмай,
Есенқұл (Айнақұл) батыр ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.

Хан ел басқарудағы мәселелерді шешуде қарулы күшке емес, ел арасында көрегендігімен, тапқырлығымен, сонымен қатар әділдігімен ерекшеленген адамдардың қызметіне сүйенді. Соның бір мысалы – Абылай ханның Бұқар жырауды өз ақылшысы ретінде тануы. Осының өзі өркениетті деп саналған отырықшы елдер мен жабайы деп танылған көшпелі халықтардың деңгейінің ара-салмағын көрсетеді. Басқа елдерде күшпен орындалған бұйрықтар, көшпелілерде ақылмен таразыланып отырған.

Бұқар жырау хандықтың әлсіз, осал жақтарын байқап, бағдарлап отырған. Сондықтан оның ханға арнаған жырлары ел жағдайын ойлауға ханды өз айтқанына көндіруге бағытталды. Сондай-ақ Бұқардың Абылай хандығын нығайту жолындағы идеясы көрші елдерге қауіп төндіру емес, елдің қорғаныс қабілетін күшейту мақсатынан туған еді. Бұл жолда ол тіпті, ханға тұрақты әскер құру туралы ойлары, соған сәйкес қазақтың ықпалды батырларын үнемі өзіне жақын ұстау жайында айтқан ақыл-кеңесі. Орта Азия хандықтарымен болған бір сәтті шайқастан кейін олармен тиімді бітімге келіп, Абылай соңына ерген батырларды елдеріне қайтарып жібереді. Мұны бақылап отырған Қоқан хандығы бас көтеріп қауіп төндіре бастайды. Ханның бейқамдығына ыза болған жырау:

... Бірі етек, бірі жең болған,

Ежелден салған ел болған, – деп бірі етек, бірі жең болған қазақ батырларынан басқа сенер кісің жоқ, «енді бұған қарап тұрғаннан басқа қылар ісің жоқ» деп налыйды. Орданың маңында тұрақты бір әскер күшінің болғанын қалайды.

Жырау халықтың да өз міндетін анықтап отырған. Бөлінудің қазақ қоғамына теріс әсерін насихаттауы «Керей, қайда барасың?» (немесе «Садыр, қайда барасың?») деген толғауынан анық көрінеді:

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп?!
Сен қашсаң да, мен қойман,
Арғымағым жебелеп...

Бұл жөнінде Бұқар кісісін өлтіртіп, қаралы болып, теңдік алуға күші келмей, қаша көшкен аз руға әрі ру атынан сөйлеп, бай ру, көп рудың өкілі ретінде тізе көрсетіп, әрі хан қасындағы қараша, ханға сөзі өтетін, дегенін істететін адам болып сөйлейді. Абылайды өзінің белі

Репозиторий КарГУ

ғана емес және беделі етіп ұстайды; Керей ырқына көнсе көнді, көнбесе, күшпен де тоқтатуға құдіреті келетіндігін білдіреді.

Өйткені қалмақтың қазақ елін жаулап алмақ болып кезеніп тұрған кезінде, қазақтың тәуелсіздігін сақтау үшін бірлік ең керекті, ең негізгі мәселенің бірі болатын. Сондықтан өз іштеріндегі ру тартысының нәтижесінде Керейдің бөліне көшуі – жалпы ел қорғау тілегіне қайшы келетін, бірлікті, қалмаққа қарсы құрылған күшті әлсіретететін еді. Міне, осы жағынан алып қарағанда, жырау халықты бірлікке шақырып, түрлі тәсіл саясатпен ел бостандығының қамын көздеген.

Бұқар қазақ руларының бір-бірімен тату тұруын, өзара ұрыс елді жақсылыққа әкелмейтінін насихаттады. Алауыздықтың ел ішіндегі күрес-тартыстың, бір ымыраға келмеушіліктің ел жағдайын неге апарып соқтыратынын Жоңғар мемлекетінің тарих сахнасынан қалай жойылып кеткенін мысал ретінде келтірді:

... Кіші қара қалмақ бүлерде,
Бозылардың билігі
Бұлт бұрқан болысты,
Уағдадан жылысты,
Буыршындай тіздесті,
Бірін-бірі күндесті.
Жаулаған ханын қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас.
Ханын қалмақ жаулаған
Сүйткен қалмақ оңбаған, - деп халықты тыныштыққа, ханды қолдауға, сыйлауға шақырды. Бұл жырдың туындауына Абылай ханның ішкі саясаттағы бірқатар іс-әрекеттері себеп болды деп тұжырымдауға негіз бар. Себебі, орталық билікті күшейту мақсатында Абылай хан дәстүрлі басқару жүйесінің түсініктеріне қарамастан, қылмыскерлерді өлім жазасына кесуге үкім шығару құқығын өзі алды. Мысалы, осындай себептерге байланысты тарихтан белгілі Абылай хан мен Қазыбек бидің баласы Бекболаттың арасында орын алған шиеленісті жағдай. Сонымен қатар, Абылай дәуірінде билер кеңесі мен рубасы-ақсақалдар құрылтайының құқықтары едәуір шектелді. Дегенмен, көшпелі құқықтың дәстүрлі болуы Абылайға хандықтың саяси жүйесіне реформаны ақырына дейін жүргізуге мүмкіндік бермеді.

Елдің бірлігін жырлау – Бұқар өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі. Бұл, әсіресе «Бірінші тілек тілеңіз» деген өлеңінде мол жырланады. Мұның тарихи негізінде 1723-1755 жылдардың ішіндегі қалмақтардың қазақ еліне жасаған қанды жорықтары болды. Көп соғыстардың нәтижесінде ел басына қиын күндер туды. Елдің ел болып қалу,

Репозиторий КарГУ

қалмауы оның бірлігіне тірелді. Демек, бұл жағдайларда Бұқар сықылды әрі ойлы, әрі көпті көрген көне жыраудың бірлік мәселесін көтермеуі мүмкін емес еді. Шындығында да ол елдің бірлігі мәселесіне үлкен мән берді.

Бірінші тілек тілеңіз,
Пиғылы жаман залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Ардақтаған аяулың
Өзіңнен басқа бір жанға
Тегін олжа болмасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан да сасып тұрмасқа.
Төртінші тілек тілеңіз,
Омыртқасы үзіліп,
Аязды күнде айналған,
Тар құрсағын кеңіткен
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.

Бұл өлең – Бұқар өлеңдерінің ішіндегі идеясы жағынан ең құндыларының бірі. «Бірлік болмай, тірлік жоқ» дегендей, қазақ елінің жоңғар қалмақтарына қарсы күресі кезінде ел бірлігі ең өзекті мәселе болды. Сондықтан да жыраудың бұл өлеңі сол кездегі ел көңіліндегі тілек-мүддені қамтыған өлеңдердің қатарында біздің дәуірімізге шейін сақталды.

Ал, сыртқы мемлекеттердің басқыншылық саясаттарының қазақ даласының құнды этникалық қасиеттеріне нұсқан келтіріп, көшпелі қоғамның шаңырағын шайқалтатынын Бұқар жырау күні бұрын болжай білді. Оны әсіресе орыс мемлекетімен байланыстырды:

...Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты поп.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды...
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды.

Репозиторий КарГУ

Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан.

XYIII ғасырда, әсіресе оның екінші жартысынан бастап, қазақ даласында көші-қон жүйесі бұзылды. Бұл үрдіс патшалық орыс мемлекетінің XVIII ғасырдың ортасынан бастап жоспарлаған қазақ жерін отарлаудың кезекті бір әдістерінің нәтижесі болып табылды.

1744 жылы Орынбор губерниясының басшысы И. Неплюев отарлау саясатының жоспарларын жүзеге асыра бастады. Ол жоспар бойынша Жайықтағы қалашықтан бастап, Орынбор, Ор, Жаңа Үй шебі, Сібір шебі арқылы қазақ даласын қарулы әскермен қоршап алып, ұстап отыруды көздеді. Соған байланысты тек 1755-1772 жылдарды ғана Кіші жүз бен Орта жүз жерінде, яғни Жайықтан Өскеменге дейін үш жарым мың шақырым бойына бекіністер салынады. Бұл бекіністерге казактарды орналастырды. Осы кезеңді зерттеген М. Вяткин былай деп жазды: «орыстың негізгі деректерінде «шекара барымтасы» дейтін шабуыл бүкіл бекініс желісінің бойында үнемі қолданылып тұрды... Мұның ұйымдастырушылары – Жайықтағы казак-орыс әскерлерінің старшиналары. Бұл шабуылдардың көп болатын себебі, оған қатысқандар олжа түсіріп, ауқаттанып қалып отырды. Оны Орынбор әкімшілігінің өзі де мойындайды. Шекара барымтасы қазақ халқының қарсыласуын басудың негізгі әдісі деп қаралған». Сонымен қатар, 1756 жылы патша жарлығымен қазақтардың Жайық жағалауына мал жаюларына тыйым салынады. Аталған отарлау саясатының шаралары қазақ халқының көшіп-қонып жүрген ең құнарлы, мал бағуға өте қолайлы жерлерін басып алып, үлкен қолайсыздықтар тудырды.

Осындай жағдайларға байланысты, көшпелі қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қон жолдарының жүйесі бұзылды. В. Шахматовтың зерттеуінде Ресейдің казак-орыс әскери линияларының орналауы үшін үлкен аумақты жерлердің қамтылғандығы айтылады. Сонымен қатар, солтүстіктегі алғашқы орыс қоныстарына ең қолайлы, жақсы жерлер алынды. Бұл жерлердегі жайылымдықтардың тартып алынуы, көшпелі жүйе мен оның меридиональдылығын бұзды. Осылайша, қазақ руларының арасында шаруашылық дағдарыстар басталды.

Бұқар жырау өзінің шығармаларында халықтың еңсесін көтеріп елге-ерге дем беріп, жұрттың көңілінде жүрген асыл арманы – «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» тыныш заманның салтанатын жыр етеді. «Маң-маң басып жүріңіз, байсалды үйге түсіңіз» деп тынымсыз жаугершіліктен қажи бастаған елге қуатты сөздермен қайрат беріп, бейбітшіліктің мазмұнды тіршілігін жыр етеді. Олар мына өлең шумақтарда анық байқалады.

Репозиторий КарГУ

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз.
Судан суға жүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғылы шоғалар,
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз –дейді [3,17].

Бұқар жырау мен Абылай ханға байланысты Міржақып Дулатовтың жазбаларындағы ақпарат ерекше назар аудартады. Онда Абылай ханның көрген түсін Бұқар жыраудың жоруы баяндалады. Абылай хан жасы ұлғайып келе жатқан шағында Бұқараны аламын деп, үш жүздің атақты батырларын жинап аттанады.

Содан Самарқанд маңындағы Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңінде оны жорытады: «Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таң қалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю бола кетті. Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таң қалып жатқанымда, оянып кеттім», - дейді. Сонда Бұқар жырау: «Жолбарыс көрсең, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағында «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелеріңнің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны – шөбереңнің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны – онан кейінгі заманда қорқып өтер» деген екен.

Қарияның сөзіне құлақ қойып, Абылай хан Самарқанд шаһарына елші жібереді: «Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын» - деп. Бұл хабарға Самарқанд халқы да қуанып, Абылай ханды қарсы алады. Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқандтың көк тасынан тас қаздыртқанда, шыққан тасты халық «бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ» деп сүйінші сұраған екен. М. Дулатовтың айтуынша, «сол тасқа «Абылай хан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылыпты»[20, 221].

Репозиторий КарГУ

Сонымен, Бұқар жырау шығармашылығы XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының, әсіресе Абылай ханның ел басқару кезеңіндегі әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайынан мол ақпарат береді. Жырау сол заманның ойшылы, болашақты дұрыс та, анық болжай білген белді де, беделді кеңесшісі болды.

Бұқар жырау толғауларындағы қазақ-жоңғар қатынастары. Белгілі қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаевтің осы дәуірді суреттейтін «Үркер» романында жоңғар мемлекеті былай сипатталады: «Өзінің ұмыр сүрген тоқсан алты жыл үрдісінде бүкіл Азияда «жоңғарлар» деген сөз үреймен жиі қайталанатын. Бұл хандық қызғылт бүйі секілді Қытай, Түркістан халықтарын дамыл-дамыл шақты. Жоңғарлардың төртбақ аттары жосылып өткен жерде өліктер тау-тау боп, жетім-жесірлер қалатын шырқырап... Олардың найзалары қадалған жерлердегі тақтар шайқалмай қалған емес. Әйтпесе күні кеше ғана барша Шығыста дүрілдеген Тұрфан қайда? Оны жойған жоңғарлар. Немесе Ақсақ Темірдің алып империясымен иық қағыстырған Моғолстанға не болды? Оны да жоңғар талқандады. Алтай мен Сібірдің ну ормандарында билік құрған Алтын ханның да елін жұтып қойған солар... Дәрежесі қазақ хандығынан бір кем емес, тіпті, қай тұста жоңғар қонтайшысын елемеген Қалқа мен Көкенұр ше? Сөйткен олар да жоңғарларға тағзым етуге мәжбүр болды. Осыдан жүз-ақ жыл бұрын елбасылары орыс патшасына да илікпей қойған ноғай ордалары тарыдай шашылып, жоңғарлардың бір тармағы торғауыттардың табанында қалды. Жоңғарлардан керек десеңіз Шығыстағы шекаралары беки қоймаған Ресей де қаймығатын»[21].

Ең басты қауіп әрине, шығыстан, яғни Жоңғар хандығынан төнді. Қазақтар мен жоңғарлар арасындағы байланыстардың тарихы тереңде жатыр. Екі ел де көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан олардың арасында қақтығыстар да жиі болып тұрды. Соның ішінде қалмақтардың Қазақ хандығына бағынған кездері де болған. Өйткені Тәуекел хан «қазақ және қалмақ ханы» ретінде мойындалғаны белгілі. Дегенмен Қазақ хандығы мен жоңғарлар арасындағы күштің арасалмағы тең болғандықтан кішігірім қақтығыстардан ары аса қоймаған еді. Алғашқы кездерде қақтығыстар бейбіт жолмен шешіліп отырды.

XVII ғасырдың 80-жылдары Қалдан Бошакты (1670-1697 жж.) қонтайшы қазақ жеріне бірнеше рет шабуыл жасады. Солардың бірінде Сайрам қаласын басып алып, қиратып кетті. Бай аудандар жоқ болды. Қалданның мұрагері Цеван Рабтан (1697-1729 жж.) XVIII ғасырдың басында сансыз көп әскермен шабуылдап, Сарысу өзеніне дейін келіп жетті. Әскерлердің бір бөлігі Орта жүздің солтүстік аудандарына басып

Репозиторий КарГУ

кірді. Тәуке хан тұсында жоңғарлармен соғыс бір тынған жоқ. 1710 жылы Тәуке ханның ордасында жауға қалай төтеп беру мәселесін талқылау үшін қазақ жүздерінің өкілдері бас қосты. Халық жасақтары құрылды. Олар жоңғарларды шығысқа қарай ығыстырды. Бірақ бұл жеңістер уақытша ғана сипат алды. Қарулы қақтығыстар 1716, 1717 жылдары, әсіресе Тәуке хан өліп, билік оның баласы Болат ханға өткен тұста қалмақтардың қазақ жерлеріне жорығы күшейді. 1723-1735 жылдары қазақтар мен қалмақтардың шекарасы Ертіс өзені, Балқаш көлі, Шу, Талас өзендерінің аралығымен өтетін болды.

Сөйтіп, қазақ хандығының жері Жоңғар билеушілерін үнемі қатты қызықтыратын. Оның себептері, *біріншіден,* Жетісумен Сырдария өңірлері арқылы Ресей, Сібір, Орта Азия хандықтарымен байланыстыратын аса маңызды сауда жолдарының торабын өз бақылауында ұстауды, одан әрі Ауғанстанға, Иран мен Закавказьеге жол ашуға үміттенді. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы сауда-қолөнер орталықтары қызықтырды. *Екіншіден,* Қазақстанды жаулап алып, өз хандығының солтүстіктегі шекарасын нығайтуды, бағынған халықтан қосымша алым-салық алып тұруды ойлады. *Үшіншіден,* Олар мал жаятын жерді кеңейте түсуді ойлады. Өйткені Қытай империясы ығыстыра бастаған жоңғарлар жерден тапшылық көрді. *Төртіншіден,* Қазақстан аумағын жаулап алу жоңғарлардың Еділ мен Жайық, аралығында көшіп-қонып жүрген қандас тайпалары еділ қалмақтарымен кедергісіз тікелей байланыс орнатып, қарым-қатынас жасауына жағдай туғызатын еді. *Бесіншіден,* Жоңғар мемлекетінің қазақтарды құл етіп ұстаудың мол мүмкіндігіне ие боламыз деп дәмеленді. *Алтыншыдан,* академик Манаш Қозыбаев айтқандай, Жоңғар мемлекетін қазақ еліне қарсы отаршылдық мақсаттар көздеген Ресей мен Қытай мемлекеттері айдап салып отырған.

Жаппай босу, аштық, елді, жерді сағыну қазақтардың қайрат-жігерін ұштады, оларды ортақ жауға ұйымдасып қарсы шығуға жұмылдырды. 1723 жылы қазақ-жоңғар қатынасында қазақтар үшін аса қиын кезең басталды. Өйткені 1722 жылы Қытай императоры Кансидің қайтыс болуын пайдаланып, жоңғарлар олармен бітім келісімін жасайды. Осылайша жоңғарлар өздеріне Қытай тарапынан жасалып отырған қысым мен қауіпті тоқтатып, бытыраңқы қазақтарға қарсы 70 мыңдық әскермен шабуылдауға мүмкіндік алды. Жоңғар билеушілері Еділ бойындағы қалмақтардың ханы Аюкеге елші жіберіп, қазақтарға қарсы бірлескен соғыс қимылдарын жүргізу мақсатын көздеді. Ертіс бойында жақында ғана бой көтерген әскери бекініс желісін нығайтумен әуре болып жатқан Ресей Жоңғар мемлекетіне бәлендей қауіп төндіре алмайтын

Репозиторий КарГУ

еді. Оның үстіне, Ресей көрші жатқан екі көшпелі мемлекеттің өзара қарым-қатынасына байланысты бейтарап саясат ұстауға тырысты. Қазақ мемлекетінің де, Жоңғар хандығының да өзара шайқаста әбден әлсірегенін күтті. Өйткені оған осылай болғаны тиімді еді.

1723 жылы қазақ хандары өзара қырқысып жатқан кезде жоңғардың қалың қолы Қазақ жеріне тұтқиылдан баса көктеп кірді. Жетісуды, Қаратауды басып өтіп, Талас алқабында көшіп жүрген қазақ ауылдарына ойран салды. Бұл қазақ халқының тағдырындағы ең қасіретті кезеңінің – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» (1723-1727) басы еді. Мыңдаған адам қырылды немесе тұтқын ретінде айдалып кетті, ауылдар қатты күйзеліске ұшырады, мал-мүлік талан-таражға түсті, бір кезде гүлденіп тұрған қалалар жау қолында қалып, аяусыз қиратылды.

Қазақ жұртының басына түскен нәубет жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлы былай дейді: « ...1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Қазақтар аш жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болсын» дейді, мағынасы «табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» дегені. Шапқыншылығының зардабы бейқам жатқан қазақ ауылдары үшін тіпті ауыр болды. Мал-мүлкін, тігулі үйін тастап, бас сауғалауға мәжбүр болған қайғылы жағдай қазақ жерінде моңғол шапқыншылығынан бері қайталанбаған еді. Ел басынан кешкен осынау қайғы-қасірет әйгілі «Елім-ай» әнінің мұңлы-зарлы шумақтарынан анық байқалады:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынанан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.
Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен қар борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Қазақтардың «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» душар болуының бірнеше себебі болды. *Біріншіден,* қазақ жүздері ыдырап, Қазақ хандығының басшылығында ауызбірлік жетіспеді. *Екіншіден,* жоңғарлар бұл шабуылға өте тыңғылықты әрі мұқият әзірленді. Оның үстіне, шабуылдың басталатын уақыты қазақ ауылдарының бір-бірінен алыс, қыстаудан көктеуге көшіп шығар абыр-сабыр кез болатын. *Үшіншіден,*

Репозиторий КарГУ

1723 жылы қазақтар қатты жұтқа ұшырағанды. Жорыққа мінетін ат жетіспеді. *Төртіншіден,* қалмақтар саяси жағдайды ескеріп Қытаймен бейбіт келісім жасасты. Таяуда ғана аяқталған орыс-швед соғысынан кейін әлі ес жиып үлгере алмаған Ресейдің күрделі жағдайы да жоңғарлар үшін қолайлы болды. *Бесіншіден,* шабуылдың күтпеген жерден, тұтқиылдан жасалу факторы да қазақтарға қолайсыз әсер етті. *Алтыншыдан,* жоңғарлар жақсы қаруланған, тіпті зеңбіректері де бар болатын, әрі соғыс қимылдарын қалай жүргізудің мол тәжірибесіне де қанық еді.

Жоңғар шабуылының өрт-жалыны өзбектерді де, қырғыздарды да, қарақалпақтарды да шарпығанымен *ең ауыр соққы қазақтарға* берілді. Қазақтардың едәуір бөлігі Орта Азия мемлекетінің аумағына қарай ойысса, енді бір бөлігі Тобыл губерниясының шекарасына жақындады. Қазақтар қырғыннан аман қалу үшін елдің батыс аймақтарына қарай жылжып, Жайық бойына дейін де жетті.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» қазақ қоғамына тигізген зардабы орасан зор болды. Қазақтардың көші-қон бағыттарының заңдылықтарын бұзды. Қазақтар шұрайлы мал жайылымдарынан айырылды. Жетісудағы және Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы бір кезде гүлденіп тұратын жасыл жазиралар енді қараусыз қаңырап бос жатты. Көршілес мемлекеттермен сауда-саттық байланысы да уақытша үзіліп қалды.

Енді, осы мәселелерге байланысты тарихшылар берген тұжырымдар мен деректерге тоқталайық:

1723-жылы қазақтардың ойсырай жеңілуінің бірқатар объективтік және субъективтік себептері бар. Олар мыналар:

Жоңғар мемлекетінің құрылуы сан жағынан көп болмаса да, тәртіпті әскер құруына, арнаулы қару-жарақ жасап шығару /зеңбірек, мылтықтар/ мүмкіншілігіне ие болды.

Жоңғар әскерлері жақсы қаруланып қана қоймай, мемлекеттік басқару жұмысын да дұрыс жолға қоя білді. Жоңғар әскерлерінің басшылары қай батырдың қыстауы қай жерде, хандардың тұрақты сарбаздары қанша, қол бастар қазақ батырлары кімдер, олардың халық арасындағы беделі қандай? Оларда, тіпті, кейбір атақты батырлардың малдарының өрісінің бағыты туралы да мәліметтер болды. [22, 521].

XVII – ғасырдың басында біраз жоңғар әскерінің Ресейдің Тобыл мен Омбы казак-орыс әскерлерінің құрамында әскери қызметте болуы, жоңғарлар үшін өте тиімді болып шықты. Жоңғарлар отты қаруды сөйтіп, ерте меңгерді. Сондай-ақ, бірде орыстармен, бірде қытайлармен қақтығыстар, жоңғар әскерін ширата, шыңдай түсті. Әскер ісіне бай тәжірибе жасақтады. Жоңғарлардың әскери тәртібін мықтылығының

Репозиторий КарГУ

дәлелі – 1723-жылдың көктемінде 70 мың әскерді тез арада жинау мүмкіншілігіне ие болуы [23, 324].

Халықаралық жағдай да жоңғарлар ойлағандай болды [24, 155-183]. Егер қазақтар ресейліктермен қарым-қатынасын дамытуы XVIII-ғасырда басталса, ал жоңғарлар Ресеймен XVII-ғасырдың басында араласты. Дәл осы жылдары Қытай мен қазақтар арасындағы байланыс өте нашар болды. Себебі, жоңғар мемлекеті бұларды бөліп тұратын. Ал, қазақтардың бірлігі ойдағыдай болмады. Әрине, Ресей мен Қытай мемлекетін ұлан-ғайыр жерге қазақтардың ие болуы да ұнамады.

Қазақтың кең даласының әр жеріне шашырамай мал жайылымы ыңғаймен көшіп жүрген қазақтар жоңғарлардың тосын шабуылына жауап беру үшін тез арада бастарын қосуға да үлгермеді.

Енді, субъективтік себептерге тоқталайық:

Әз Тәуке хан қайтыс болған соң, үш хандықтың пайда болуының салдарынын ел бірлігінің болмауы, хандар арасында аға хандық үшін таластың өрістеуі.

Жоңғар мемлекеті тарапынан қауіпті сезе отырып, қазақтар оған жете мән бермеді. Бір орталыққа бағынған қазақ әскері болмады. Іргесіндегі мемлекет 70 мың әскер жинап, шабуылды бастағанға дейін қазақтар ештеңе сезбеді. Сондықтан да, қатты соққан жаудан қашып үлгере алмаған, тоқсандағы қартына қарай алмай, жұртқа тастап тұра қашқан ауылдар қаншама [25].

Жоңғарлар шабуыл жасағанға дейін қазақтар ешқандай сақтық шараларын қолданбады. Жоңғарлар зеңбірек, басқа да отты мылтықтармен қазақ жеріне шапқыншылық жасағанда, қазақтар садақ пен найзамен ғана қарсы шықты [26, 76-283]. Қазақ халқының ішінен қару-жарағын жетілдіру, әскери ғылымын дамыту, қорғаныс қабілетін күшейту, әскери ісін жетілдіру үшін ешкім ұмтылмады да.

Қазақтарда жоңғарлардың әскери күші, қару-жарағы жоңғар әскерінің саны туралы нақтылы деректер болмады. Қазақ билеушілерінің ойынша, егер жоңғарлармен соғыс болса, Әз Тәуке хан тұсындағы бірде жеңіс, бірде жеңіліс сияқты болардай қараған. Сондықтан, 1723 жылғы жоңғарлардың шабуылын, оның опат әкелерін ешкім болжап білген жоқ.

Қазақтардың жоңғар басқыншылығына қарсы күресі негізгі үш кезеңге бөлінеді.

Біріншісі – Жоңғар мемлекетінің құрылуы, 1643 жылы Жәңгір салқымның Ор шайқасындағы тарихи жеңісі, осы кезеңге – 1680 жылдарға дейінгі қазақтардың жоңғарларға қарсы күресінің шайқасы мен шегіну жылдары жатады.

РеПозиторий КарГУ

Екінші кезең – Әз Тәукенің (1680-1715) қазақтар үшін «алтын ғасыр» 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» - дәуірі. Қазақтардың бірігуі мен 1740 жылдарға дейінгі ірі шайқастар тарихы енеді.

Үшінші кезең – 1740 жылдардан бастап, 1757 жылға дейінгі уақыт аралығы. Бұл кезеңге Абылай хан басқарған қазақ елінің саяси билігінің күшейіп, жоңғарларға қарсы күрестің өрістей түскен кезеңі. Жоңғар мемлекетінің тарих сахнасынан жоғалу жылдары кіреді.

Қазақ-жоңғар соғысындағы қазақтардың аса зардап шеккен жылдары – 1723 жыл. Жоңғарлар шабуыл мерзімін дәл таңдады. Көктемдегі төл алу кезеңі мен бойдақ малдардың піштіру мерзімі – қазақтар үшін шаруаның бір қарбалас шағы еді.

Қазақ-жоңғар соғысының басты себебі – Ресей мен Қытай империясының қысымына шыдай алмаған жоңғарлар бірте-бірте оңтүстікке ығысты. Жоңғар нояндары мен шонжарларына мал жайылымы тарлық етті [27]. Екі ірі мемлекеттен ығысқан жоңғарлар қару-жарағы әлсіз, бірлігі жоқ, оның есесіне ұлан ғайыр жері бар қазақтарға соғыс жариялауды жөн көргені тарихи шындық. Бұл соғыста жоңғар мемлекетінің алға қойған мақсаты – қазақ елінің жартысын қырып, ал қалғаны Орта Азияға ығыстыру екенін, олардың 1723 жылғы соғыс қимылдары дәлел бола алады.

Өзінің қасиетті жері мен бостандығы үшін, елінің болашағы үшін күреске шыққан қазақтарды, сірә, ешкім де қанқұмар, соғысқұмар деп айта алмас. Қолына найза, садақ ұстай алар ер-азаматпен бірге, қару алып ерлермен бірдей ата жауы – жоңғарларға қарсы шыққан аналар ісі, қайраты қайтса да қатардан қалмай ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қарттадарың қамын, халін, күресін бейнелегендей. Сол жылдары қазақ халқы өзінің үштен екісінен айрылған [25; 28, 50-51, 117].

Жау әскерлерінің сан жағынан тым басым болғанына қарамай, қазақ жауынгерлері кескілескен ұрыс салып, қатты қарсылық көрсетті. Жау қолына ешкімнің де берілгісі келмеді. Әр қазақ өзімнің туған жерімді, туған-туыстарым мен жақындарымды жауыз дұшпаннан қорғауға міндеттімін деп ұқты. Қазақ жауынгерлері шегіне түсіп, қорғаныс соғыстарын жүргізді. Олар әйелдерді, балаларды, қарттарды жаудың өкшелеп қууынан құтқару үшін қырғын соғыс салды. Ташкент қаласының тұрғындары казақ әскери жасақтарының басшылығымен қаланы жаудан бір ай бойы дерлік қорғады. Жоңғарлар Ташкенттен кейін Сайрам, Түркістан сияқты басқа да қалаларды басып алды. Жаудың жойқын соғыс қимылдарын жүргізуі нәтижесінде Қазақстанның шөлді және таулы аймақтарынан өзге бүкіл аумағы іс жүзінде жоңғарлардың қолына

Репозиторий КарГУ

қарады. Салыстырмалы түрде алғанда Қазақстанның батысындағы алыс аймақтар ғана аман қалды.

Ел билеушілері мен батырлар азаттық күреске жұмыла бастады. Қазақ халқының бірлігін нығайтуда *Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар, Умбетай, Ақтамберді* сияқты әйгілі билердің, жыраулардың алатын орны ерекше. Олар бір орталықтан басқарылатын қазақ хандығын қалыптастыру жолында табанды күрес жүргізген мемлекет қайраткерлері болатын. Олардың ең басты мүддесі қазақ халқы мен жерінің тәуелсіздігін сақтау еді. Олар сұлтандармен қатар саяси билік атқарып, ру басылары ретінде жалпы мемлекеттік істерді шешуге қатысып отырды. Билер қауымындағы ықпалдылары мен беделділері хан жанындағы билер кеңесіне енді.

Ресей мен Қытай империясында болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлардан толық мағлұматы бар Бұқар жырау сол аласапыран заманға үңіліп, оқиғаның мәнісіне терең бойлап отырды.

Жырау сол замандағы ірі мемлекеттердің қол астында қалған ұсақ елдердің тағдырына шұқшия үңіліп, бағдарлай байқап, бастарына түскен алапат өмірдің ауқымынан еліне тиімді зерделі ой пікірді айтып, ақыл, кеңес беріп отырды. Ұлы мемлекеттердің шен-шекпен арқылы бүтін елді айрандай ашытып, сүттей іріту саясатын әшкерелеп, ел басқарушыларына ескерте: «Жемқорларға жем беріп, ел қамын айтқан жақсыны, сөйлетпей ұрар ұртына», деп өсиет нақыл сөздерін айтып та кеткен. Ал Абылай хан болса өзінің құрған мемлекеттік саясатында әулие жыраудың айтқан ақыл-кеңесіне құлақ асып, оны өз ісіне арқау етіп отырды [1, 15].

XVIII ғасырда болған Жоңғар шапқыншылығы қазақ хақының мүлде жойылып кету қатерін төндірді. Өлке аямастан талқандалды. Қазақ жасақтарының табанды қарсылығының тек кейбір жетістері болмаса, Жетісу өңірінің құнарлы жайылымдары жау қолында қалды, көші-қоныс реті бұзылды. Сауда-саттық пен қолөнері құлдырап кетті. Мал басы азайды. Мыңдаған адам қырғынға ұшырады. Жан сауғалап, құлдыраған даланы кезген адамдар далада қалды. Амалсыздан соғыс-жаугершілікке олар да араласып нағыз адам түсініп болмайтын XVIII ғасырдың қанды қисабы басталды. Бүкіл ел болып қазақ халқын замана тылсымынан аман алып шығатын азамат іздеді.

Әй, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай
Істің бәрі күмән-ай.
Баспақ-тана жиылып,
Фәни болған заман-ай,
Құл-құтандар жиылып,

Репозиторий КарГУ

Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгіркен заман-ай, - деп жоқшылық күн кешіп, дүшпаннан көрген қорлық көргенін жырлаған жалғыз Бұқар еместін.

Бұқар Жырау Ордабасындағы жиынға да, Бұланты соғысына да қатысты, алғашқысында ақылгөй билер қатарында отырса, соңғысында жауға шапқан батырлардың кеуде ортасында жүрді. Қазақ ордасы болса-болмаса екі оттың ортасында қалғандай еді. Бір жағынан қалмақ бүйірінен тіреп тұрса, екінші жағы жақындап қалған Ресей. Ресейдің жақындағаның белгісі шекарадағы башқұрттар жан тәсілім қыла бастады, мұның бір ұшы ылғи да қазаққа тіреліп отырған, орыстарға қарсы қаншама рет көтерілген башқұр елі қашанда пананы қазақ арасынан іздеген.

1728 жылы халықтың қаһарлы қарсылығының алғы шебінде болып, қалмақ әскерлерімен үш жылдай ұрыс жүргізген Әбілқайыр бастаған Кіші жүз жасақтары, ондағы айтулы батырлардың бірі Тайлақ және оның жиені Ұлы жүздің Ошақты руынан шыққан Саурық батыр Торғай өңірі, Ырғыз елді-мекенінің оңтүстік-шығыс бетіндегі Бұлтанты өзенінің жағасында «Қарасиыр» деген жерде қалмақтарға күшті соққы берді. Қалмақ әскерлері қиян-кескі соғыста ондаған мың адамынан айырылды. Қазақтар жағы өздерінің талайдан қаны қайнап, ыза мен кекке суарылған қайрат-жігерінің жемісін көріп қуанды. Жеңіс туралы хабар қазақ даласына лезде тарап кетті. Алты алаштың рухын көтеріп оларды күреске шабыттандырған бұл жеңіске қол жеткен жер кейін «Қалмақ қырылған» деп аталды.

1730 жылы көктемде (кейбір деректерде 1729 жыл [29]) Балқаш көлінің солтүстік-батыс шеті жағында жатқан Алакөл маңында [29, 144] қазақ пен қалмақтардың арасында тағы бір қатты қырғын шайқас болып өтті. Аңырақай шайқасында жеке ерлігін және ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткендер арасында көптеген батырлар, билер, сұлтандар, рубасылары – барлық үш жүздің өкілдері болды [30]. Сөйтіп осы жолы Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Бөкенбай, Малайсары сияқты атақты батырлар бастаған қазақ қолдары мен жасақтары қалмақ әскерлеріне екінші рет күйрете соққы берді. Әйгілі Бұқар жырау 28 толғау жырында сол жылдарды Отан соғысы дей отырып сол батырлар есімдерін көрсеткен[31]. Олардың бәрі қазақ жасақтарының жүздіктері мен мыңдықтарын басқарған. Кейбір батырлар үшін бұл соғыс соңғы соғыс болса, басқалары үшін соғыстағы жеңістің басы болды. Мысалы, Олжабай, Наурызбай батырлар үшін. Майдан даласында мыңдаған

Репозиторий КарГУ

қалмақ әскерлері қаза тапты. Көбі қырылып, жаралы болып жаны шықпай жатқан жау әскерлерінің аңыраған даусы бірнеше күн даланы басына көтерді. Бұл жер кейін «Аңырақай» деп аталып кетті. Сол жылы қазақтар Кіші жүз бен Орта жүз жерлерінің көп бөлігін азат етті. Бұл екі жеңіс Цеван Рабтанның мұрагері, оның ішкі және сыртқы саясатын мықтап ұстанған Қалден Серенді (1729-1745 жж.) қатты алаңдатқаны белгілі. Бір өкініштісі, қазақтың хан – сұлтандары өзара кикілжіңнің кесірінен, өз жеңісінің жемісін көре алмады. Әрбір хан-сұлтанның сол кезде іштей көздегені – бүкіл халықтың мүддесінен жоғары болуы, ақыры қазақ елі үшін тағы үлкен қасіреттер әкелді. Сөйтіп XVIII ғасырдың 30-40 жылдары жоңғарлар мен қазақтардың арасындағы қақтығыстар ешбір тынған жоқ. 1745 жылға дейін Қалден Серен өлгенше осылай болды. Тек сол ғасырдың 40-50 жылдарында жоңғарлардың ішкі саяси жағдайындағы өзгерістерді көре білген Абылай сұлтан Жоңғар хандарына өз талаптарын еркін қоя біліп, оның әлсіреуі мен құлдырауын тездетті. 1758 жылы Жоңғар мемлекеті Цин империясының тегеуріне күш көрсете алмай тарих сахнасынан кетіп, халқының оннан төрт бөлігі аурудан, қайыршылықтан қырылса, оннан екі бөлігі Ресейге қашып тығылса, қалғандары қытай әскерлерінің қолынан қаза тапты. Дербес ел ретінде тарих сахнасынан кеткен бұрынғы жоңғар жерінде кейіннен 1761 жылы қытай империялық әкімшілік бірлестігі – Шыңжан (жаңа шекара) құрылды. Шекаралық өңірде жаңа өзгерістердің қалыптасуы қазақ-орыс, қазақ-қытай байланыстарына ықпалын тигізбей қоймады.

Бұқар жырау есікте жүрген Сабалақты (Абылайды) жүріс-тұрысынан, мінезінен абайлап елден бұрын қалтықсыз танығаны. Аумалы, төкпелі заманда одан көз жазбаған. Белгілі жазушы Ілияс Есенберлин өзінің «Көшпенділер» атты кітабында бұл туралы қызықты көрініс берген [32, 29-54].

Жоңғарлармен болған сұрапыл соғыстың алғашқы кезеңіндегі қатыгез қырғындардағы жеңіліс қазақ халқының беделі мен берекесін түсіре алмады. Қайта олар жеңіске жетеміз деген рухы мен ерік-жігерін сақтай білді. Халықтың жаппай ерлік көрсетіп, қаһармандық танытуы, өздерін ар-намыс жолында құрбан етуге дейін баруы арқасында қазақтар қатыгез жаудың ойранды әрекеттеріне төзе және төтеп бере алды.

Кейінде Жоңғардың таққа таласқан бектері қазақ даласын паналап Абылай ханның саяси құралына айналғаны да белгілі. Осы тұста көрші отырған ұлы және кіші мемлекеттер өздерінің құрған саясаттарында қазақ елімен есептесіп отыруға мәжбүр болды. Елшілер жіберіп, пікір алмасып, еларалық экономикалық қарым-қатынастар орнай бастады.

Репозиторий КарГУ

Тіпті патшалық Ресейдің өзі Қазақ даласына басып-жаншып кіруден бастартып, біртіндеп айламен қақпан құру саясатына көшеді.

Осы тұста Ресейдің сыртқы істер коллегиясының №1014 жарлығында: «излишних требований их не исполнять, но и грубыми отказами их не раздражать, а стараться содержать их в некотором довольствии» делінеді.

Сол аумалы – төкпелі заманның оқиғаларын Қытай тарихшылары қағаз бетіне бұлтартпай түсіріп отырыпты. Тіпті Цинь патшасының өзі Гао Зон Чун қазақтар жөнінде естеліктер жинағын жазып қалдырған екен. Кейіннен патшаның кеңесшісі болған тарихшы генерал Сун Юнь сол естелікке сүйене отырып жазған еңбегінде: «1757 жылы біздің қолымыз бүлікші Әмірсананы қуалап қазақ жеріне кіріп барқанда, қазақтар Әмірсананы тұтқындап, орта жүздің ханы Абылайға тапсырған» деген деректер бар.

Абылай Әмірсананы Қытай жендеттеріне бермеген. Әр түрлі амал жасап, Қытай императорына хат жолдап, тарту – таралғымен елшілерін қайтарып, Әмірсананы ешқашанда өзінің құрығынан босатпаған. Бұл жөнінде жоғарыда айтылған естелікте: «Цинь патшалығының (Ежен хандығын) жоңғарлар жағынан қазақ халқына төнген қауіпті біржолата жою жолында жасаған қимылын қызу қолдаған қазақ ханы Абылай Ежен ханға Жанжығары (Қанжығалы деген сөзден, Бөгенбай болса керек) бастаған бір елші жіберіп, Цинь патшалығына бағынып, ел болуды қалайтындығын баяндап хат жолдады» деген сөздер бар.

Әмірсана жоңғар ханы Қалдан Серен өлгеннен кейін таққа таласушы адамның бірі болған. Абылай хан қарама-қарсы топтарды алмастыра қолдап, бірін бірне айдап салып, оларды үнемі қараулы қатығысқа ұрындырып отырған. Сөйтіп, қазақ елінің қас жауы Жоңғар мемлекетін әлсірету мақсатын іске асырған. Осы тұста дана жыраудың сұмғыла саясаткер, адам танығыш қасиеті тағы байқалады. Лама Доржимен таққа таласып, қазақ арасын паналап, бір шайқаста оны өлтіріп Абылайдың көмегімен Лабашы (Давачи) хан болады.

Осы Лабашы хан өзінің Жоңғарияны билеуін қазақ жеріне шабуылдан бастайды. Өзі бастап келген 10 мың қолы жолдағы елді шауып Сарысуға жетеді. Сарысу бойында Орта жүз қолыннан күйрей соққы алған Лабашы хан Абылай мен қазақ батырларына тату – таралғы беріп ант жасап, бітімге келеді. Бұқар жыраудың:

Лабашы деген бір ерді
Антыменен улатқан
Еренжі мен Серенді
Тозғындатып шулатқан – деп кейін сертінде тұрмаған Лабашының тұрақсыз кейпін «антымен улатқан» деп жеркене атап өтеді.

Репозиторий КарГУ

Енді осы арада ұзаққа созылған қазақтар мен жоңғарлардың арасындағы ұзаққа созылған ымырасыз жаугерліктің себебі неде? - деген сұрақ өзінен-өзі туындайды. Кейбір зерттеушілер жоңғар мемлекетінің басшылық саясатын Шыңғысханның көрші елдер мен халықтарды қанға бөктіріп, ұлан-ғайыр империя құру жөніндегі пиғылымен түсіндіргілері келеді. Мұндай пайымдаумен келісе отырып, жоңғарлардың Цин (Қытай) империясымен соғыстарда айрылған аймақтарын Орта Азия мен Қазақстанға шапқыншылық жасау арқылы осы елдердің «есебінен» қайырып алуға ұмтылған саясатын да атап өткен жөн. Өйткені, жоңғарлар Цин империясымен болған үздіксіз соғыстарда талай жеңіліс тауып, қатты күйзеліске ұшырап, Алтайдың шығыс бөктеріндегі кең жайылымдардан, сондай-ақ елдің басты байлығы – малдан айырылған кездері болған.

Оларға Шығыстан қытайлар көз алартса, солтүстіктен бел алып келе жатқан Ресей империясы да зор қысым көрсетті. XVIII ғасырдың басында орыстардың отарлау толқыны Енесайдың, Тобыл мен Ертістің бойымен жоғары өрлей бастағаны белгілі. Олардың Сібір қойнауына қарай жылжуы ондағы ойрат көшпенділерін төмен қарай ығыстырды. Сөйтіп, жоңғар хандығы XVIII ғасырдың алғашқы жартысында мал жайылымдарынан қатты тарлық көрді. 1721 жылдың жазында Цеван-Рабданның тапсырмасымен Петерборға барған Жоңғарияның өкілі қонтайшының өтінішін патшаға төмендегідей баяндап жеткізген: «Бұрын оның елі Ертіс өзенінің жоғары сағасына дейін көшіп барып жүретін, әрі оларға ешкім қысым көрсетпейтін, Қазір осы жерлерге қалашықтар тұрғызды. Қақтығыстан қашқақтаған қонтайшы әлгі өңірден өз жұртын алып кетіп еді, осыдан барып көш-қоныс аймағы өте тарылғаны байқалды. Қонтайшы патшадан оның халқына Ертістің екі жағалауын өрлей көшіп-қонып жүруіне рұқсат сұрайды» [32].

Жалпы, Бұқар жырау соғыстың халық басына төнген қасірет екенін жан жүрегімен сезді. Оның ойынша басты міндет – Отанды жан аямай қорғау. Сондықтан ол:

Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа, – дейді.

Біз жырауды ғұлама, көреген қарт ретінде пір тұтамыз. Біріңмен – бірің жауласпа, татулық пен ынтымақта болыңдар дейді ол. Бұл-Бұқардың бізге қалдырған өсиеті.

XVIII ғ. қазақ – орыс, қазақ-қытай және қазақ-қоқан қатынастарының Бұқар жырау шығармашылығында бейнеленуі. Ресей мен қазақ елінің жақындасуына I Петр (1682-1725 жж.) патша ерекше

Репозиторий КарГУ

көңіл аударды. Ол Еуропаға шығу үшін Балтық теңізіне қалай назар аударса, шығысқа шығу үшін Қазақстанға да сол саясатты ұстанды. Патша Шығысқа шығатын «кілт пен қақпа» қазақ жері деп есептеп, ол Ресейдің қол астында болуы қажет деп тапқан еді. Сыртқы жаулардан қорғану мақсатында әскери одақ құруды көздеген қазақ хандары Әбілқайыр мен Қайып 1715-1718 жж. Ресейге бірнеше рет елшіліктерін жіберді. Алайда, дәл сол уақытта бұл елшіліктер өз нәтижелерін бермеген еді.

Еділ бойындағы қалмақтар Ресейдің қол астында еді. Олар патша өкіметіне арқа сүйеп Кіші жүз жеріне шабуылдар ұйымдастырып отырды. 1697 ж. I Петр Еуропаға аттанып бара жатып, қалмақ ханы Аюкеге Ресейдің оңтүстік-шығыс шекарасын қорғауды тапсырады. Міне, осыдан кейін қалмақ ханы патша өкіметінің қол астына кірмеген Кубань, Қазақ, Хиуа жерлеріне жиі-жиі шабуыл жасап тұрды.

Сондықтан да патша өкіметі Қазақ хандығының осал жерлерін тауып, өзінің айтқанына көндіріп, айдауына жүргізуді ойластырды. Әскери жасақтар жіберіп, шекараға жағалай бекіністер салып, ықпалын нығайтуға тырысты. Ресей бұл мақсатына жетті де. Қазақ-орыс қатынастарының жақсаруы нәтижесінде патша өкіметі қазақ жері арқылы Орта Азия хандықтарымен, Закавказьемен, Солтүстік Кавказбен, Түркиямен, Иранмен, Ауғанстанмен, Үндістанмен және басқа да елдермен қарым-қатынас жасады

Ресеймен қарым-қатынасты жақсартуға қазақ жүздері де мүдделі болды. Өйткені қазақ жері шығысында Жоңғар хандығының, батысында Еділ бойындағы қалмақтардың, оңтүстіктен Орта Азия хандықтарының, солтүстігінде казактар мен башқұрттардың шабуылынан жапа шегіп отырды. Сонымен қатар қазақтардың Ресеймен жақындасуындағы және бір басты қажеттілік – Жайық пен Ертістің оң жағалауындағы жайылымды пайдалануға әрекет жасап отырды. Қазақтар, орыс өкіметімен сауданы өрістетуге тырысты. Бұл екі елдің ертеден келе жатқан өзара дамыған айырбас саудасы болды.

XVIII ғ. басында патша өкіметінің башқұрттарды отарлауының күшеюі, олардың жерінде аграрлық өнеркәсіптер, әскери бекіністер салу жергілікті халықты оңтүстік-шығысқа қарай жыл сайын ығыстыра түсіп отырған. Оның үстіне салықтың мөлшері көбейе түскен. Міне, осыған қарсы 1704-1711 жж. арасында башқұрттар көтеріліске шыққан. Бұл көтерілісті оларға көрші жатқан Кіші жүздің қазақтары мен қарақалпақтар қолдап, көмектесіп отырды. Башқұрттарға көмектесуге қазақ ордасынан 1000 адам, қарақалпақтардан 100 адам аттанған. Ал Ноғай, Сібір жолы бойындағы қазақтар мен қарақалпақтар көтеріліске

Репозиторий КарГУ

шыққан башқұрт халқымен бір жыл бойы бірге күрес жүргізген. Бұл туыстас түркі тілдес халықтардың патша өкіметінің отарлауына қарсы күресте бірге болғандығын байқатады. Сонымен бірге осы туыстас халықтардың жайылым жер үшін бір-біріне алма-кезек шабуыл жасап, ұзақ жылдар бойы келісімге келе алмауын патша өкіметі өзінің пайдасына шешіп, «бөліп ал да, билей бер» саясатын жүргізген кездері де болды. Мысалы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр 1715, 1717 жылдары башқұрттар жеріне екі рет шабуыл жасаған. Бұған жауап ретінде башқұрттар да Кіші жүздің жеріне бірнеше рет жорықтар ұйымдастырған болатын.

Серт бұзғыш, тұрақсыз Лабашы ханның да ғұмыры ұзақ болмайды, 1754 жылы оған қарсы Амурсана бастаған көтеріліс бұрық ете түседі. Абылай Амурсананы қолдайды. Осындай қанды жорықтын бірінде Лабашы 1755 жылы қаза табады. Осы дағдарысты пайдаланып Маньчжур-Қытай империясы 1757 жылы Жоңғарияға шабылуын бастағанда Амурсана халық бұқарасының басқыншыларға қарсы көтерілісін басқарады. Болған оқиғаларды салыстырып қарасақ, қазақ хандығы өзінің ата жауы Жоңғар елінің бір жола жер бетінен жағалып кетуін қаламаған сияқты. Бірақ, бұлардың өзара қайшылығын пайдаланып және жоңғарлар ар жағында жатқан Қытай елімен екі арада тосқауыл болатынын ешуақытта жадынан шығармаған Абылай мен Орда билері оның ішінде Бұқар жырау осы болып жатқан оқиғаларға тиісті әсер еткені байқалады.

А. Левшин бұл жөнінде былай дейді: «Ақылды әрі амал тапқыш Абылай сұлтан жоңғар билеп – төстеушілерінің алаусыздығын құр жібермей, пайдалана білді және олардың өзара қырқыса түсуіне әр кезде ықпал етті. Мұның өзі ел тыныштығын сақтау үшін, барлық қазақ жүзінің сыртқы қауіпсіздігі үшін, ежелгі жауын ыдыратып, күшін әлсірету үшін соншалықты қажет екендігін түсінді», деп жазады. Мысал келтірсек: «Умный и предприимчивый султан Аблай не упустил воспользоваться ссорами владельцев зюнгарских и всячески содействовал продолжении их междоусобий, понимая совершенно, сколь необходимо для его собственного спокойствия и для внешней безопасности всех орд казачьих раздробление и обессиление древних врагов их. С этой целью не только дал он Амурсане и Лобаче (зюнгарскому же владельцу) убежище в своем ауле, но даже ходил за них сражаться и помогал им истреблять своих соплеменников, когда же дела приняли другой оборот, и войско китайское начало одерживать верх над зюнгарами, то Аблай присоединился к победителям. Переменив союзников, он не переменил цели своей и продолжал вместе

Репозиторий КарГУ

с китайцами истреблять ненавистных соседов своих так же, как истреблял их вместе с приверженцами Амурсаны, а когда Джунгария совсем была покорена, и войско китайское, заняв ее, приблизилось к кочевьям Аблая, тогда он вышел на встречу победителям и признал себя подданным богдохана [4, 230 б.].

Напротив того, султан Аблай в то же самое время становился день ото дня сильнее. Превосходя всех современных владельцев киргизских летами, хитростью и опытностью, известный умом, сильный числом подвластного ему народа и славный в ордах сношениями своими с императрицей российской и китайским богдыханом, Аблай соединял в себе все права на сан повелителя Средней орды. Уверенный в своих достоинствах, он искусно привлекал к себе приверженцев важностью своей и осторожным поведением, грозил врагам своей силой и признавал себя, смотря по нужде, то подданным русским, то китайским, а на самом деле был властитель совершенно независимый. Это сделалось особенно приметным после 1771 года, когда он стал менее заботиться о сохранении наружной покорности своей России, менее лицемерить и начал явно называться ханом [4, 254].

В 1781 году Аблай возвращался к границам России, но в дороге не 70 году от рождения умер и похоронен в Туркестане. По получении известия о том в Пекине, китайское правительство прислало в орду почетного чиновника, который отыскав семейство умершего хана, совершил в присутствии его торжественное поминовение по усопшему [25, 20; 25; 230; 254; 256].

Цинь империясы қанша асырап, баулап, бастан-аяқ қаруландырса да Жоңғар әскері қазақ хандығына енді қайтып келместей соққы алып, тіпті сол қазақ мемлекетінің қол шоқпарына айналып бара жатқанын Қытай саясатшылары аңғарған. Сондықтан Жоңғар хандығы бұдан былай Қытай боғдыхандарының жүргізіп отырған саясатынан шығып қалып еді. Енді Цинь империясы Жоңғар мемлекетін жойып, шекараны қазақ жеріне тіреп жақындатуды көздеген. Осы мақсатпен Қытай императоры Чжао Хой мен Фу Де деген генералдар басқарған 90 мың қол жиып соғысқа аттандырған. Қытай әскері Жоңғария мен Қашғарияны қырғынға ұшыратып қазақ жерін ене бастаған. «Қара қытай қозғалса ақырзаман болады» деп түсінетін қазақ баласы үш жүзге ұран тастап, қол жиып, қытай әскеріне тосқауыл құрған. Міне, осы кезде Бұқар жырау қара құрттай қаптаған шүршіттен қалай да елді аман алып қалуды көздеп, үш жүздің ауылдарын аралап өзінің дұғалы жырларымен халықты бірлікке жұмылдырған [3, 26].

Репозиторий КарГУ

Араны ашылған Қытай генералдары басқыншылық әрекетін тоқтатпайды. Абылай хан Бөгенбай батырды бас етіп қазақ қолын қытай әскеріне қарсы шығарады. Бөгенбай батыр қытай қолын талқандап, өздерін Турфанға дейін қуады. Бір шайқасқа қарт жыраудың өзі де араласып, жараланып қайтады [1, 27; 26]. Бөгенбай батырдың ерлігін жырау Абылай ханға:

Сүйеуге арқа жарайды,
Мынау көрші орысың.
Сәтсіздеу, боп тынып тұр,
Боғды ханмен соғысың.
Турфанды шапты Бөгенбай,
Жаратамын сол ісін.
Батыр аңғырт десек те,
Көрсеткендей ел күшін, - деп жеңіске масаттанбай «сәтсіздеу болып тұр» деп ишан, ғұламаларды ертіп «Қара қытай көтерілсе, ақыр заман болады» деген ұғымды алға тартып Абылайдың Қытаймен соғысын тоқтатады.

Екі ұлы империя арасында Абылайдың жүргізген айлалы саясатын Бұқар жырау құптап қана қоймай, соның ұйытқысы болған. «Сүйеуге арқа жарайды, мынау көрші орысың» деп ханға кеңес береді. Бұл кезде Абылай орыс мемлекеті мен Қытай арасында алма-кезек дипломатия жүргізеді. Екі бірдей күшті жауға қарсы күресте Абылай Ресейге арқа сүйеп, онымен одақтас болады, ал одан ызғар көргенде Қытайға қарай ойысып отырады. Кейінгі тарихшылар «Двойственная внешняя политика Абылая» создавала весьма сложную напряженную обстановку в местах соприкосновения Российской империи с Циньской» десе, патшаның жіберген уәкілі И.Якоби «Он горд, взмерчив и непостоянен» деп патшаға хабарлайды [1, 28; 34].

Жоңғар мемлекетінің құлауына байланысты орыс–қытай қатынастары қайшылыққа тірелді, олардың әрқайсысы қазақ жерін аумақтық тұрғыдан иеленуге мүдделі еді. Ентелей ену саясатын Қытай жағы Жоңғария талқандалғаннан кейін–ақ тікелей бастап кетті. Қазақ шежірелерінде Орталық Қазақстанда «Шүршіт қырылған» (яғни маньчжур-қытайлар қырылған) деген топонимикалық жер атауы кездеседі, оны ғылыми-этнографиялық дала зерттеулерінің материалдары да растайды. Бұл жер атауы 1756 жылғы оқиғаларды тікелей растап береді, ол кезде Қытай үкіметінің Дардана бастаған батысқа жорығы нәтижесінде оның әскерлері Есіл өзеніне дейін жетіп, Қабанбайдың, Қожабергеннің, Әмірсананың қазақ жауынгерлерімен қақтығысуына әкеп соққан еді [34].

Репозиторий КарГУ

Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі – жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттелген. Әсіресе, оның толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленген. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар:

... Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырында шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты боп
Күншығысқа қарайды.
Шашын алмай, тарайды,
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Затсыз, тексіз бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды.
Есен алар пұлыңмен,
Солдат алар ұлыңнан,
Күндердің күні, Абылай,
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа,

Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан – деп табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді. Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған.

Сол Абылай – Бұқар заманында болған Е.И. Пугачев көтерілісінің дүбірі қазақ даласына соқпай өтпейді. Көтеріліс басталғаннан кейін 1774 жылының көкек айында Е. Пугачев башқұрт Итқұл Ораев арқылы

Репозиторий КарГУ

Абылайға хат жолдап, көмек сұрайды және сол көмегі үшін бүкіл Сібір дворяндарын қарамағына беретінін айтады. Бұған бұрылмаған ханға Магнитный қорғанында тұрған Е. Пугачев, ағайынды Опақ, Шүкір Оразовтарды екі рет хат жазып жұмсайды. Осыдан кейін барып Абылай мен Бөгенбай қол жіберіп, Ново- Ишим линиясы деп аталатын жердегі бірнеше бекіністі жойып жіберді. Қолға түскен қару – жарақты, мүлікті, тұтқын адамдарды өзіне қалдыруы сұрап , Е. Пугачевқа елші жібереді. Бұл өтінішін Е. Пугачев қабыл алады. Е. Пугачевтың дарынды адамдарының бірі А. Овчинниковтың басқаруымен қазақ әскері Голицын басқарған патша әскерімен қиян-кескі шайқас жүгізгені мәлім. Болған шайқастарда шамамен алты мыңдай қазақ сарбаздары қатысты деседі. Осы қанды оқиғаларды генерал Деколонг 1775 жылдың ақпанында граф П.И. Панинға жазған баяндамасында көресетеді.

Сол бір ауыр кезеңде Бұқар жырау Абылайға ақыл – кеңес беріп, оған зор ықпал жасап отырған беделді қоғам қайраткері болғаны белгілі. Ресейдің қазақ даласын отарландыру саясатының басында Абылай хан орыстарды қазақ даласына қайткен күнде де жуытпау жайын ойлайды, ал Бөгенбай батыр әскерін сапқа түзетіп, қылышын қайрап келгендерін қырып тастаймын деп кіжінеді. Міне, осындай сәттерде хан мен батыр жер үшін жан құрбан дегенге саяды. Бұл жағдайда қазақ хандығында Ресей сияқты империяға қарулы күшпен қарсы тұрарлық мұршаның жоқ екенін Бұқар жырау дұрыс түсінеді. Мұндай жойқын, сұрапыл шайқастада елдің қырғынға ұшырайтынын, тіпті тарих бетінен жоғалып кету қаупін қатты ескертеді. Осы жерде Бұқар жыраудың Абылай мен Бөгенбайға қарсы ерегісі басталады. Бұл Бұқар жырларында мынадай көрініс берген:

Ал тілімді алмасаң
Ай Абылай, Абылай,
Сен мен көргенде,
Тұрымтайда ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға,
Қызметкер болып тұр едің,
Қалтақтап жүріп күнелтіп
Үйсін Төле билердің,
Түйесін баққан құл едің.
Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай,
Тақымы кеппес ұры едің.
Түн қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды,

Репозиторий КарГУ

Қай жерде жауға тіредің?
Абылай – ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің
Атаңның тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің – дей келіп,
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басыңа мұнша көтерген,
Жұртыңа жаулық сағынба, – деп өзінің ұзақ жырында соғыстың болу, иә, болмау тағдырын шешіп тұрған осы екі адамды қазбалай, кеміте, жұрт алдында ақиланған ашумен, істен алғысыз ащы тілмен арбайды.

Шебер қолбасшы, айлакер дипломат Ресей мен Қытай секілді екі жағындағы екі алып империядан қайтсек құтыламыз деп біріне арқа сүйей отырып, екіншісі қарулы күрес ұйымдастырмақшы болады. Елімізді қайтіп сақтап қаламыз деп Абылай хан мен оның бас сардары Бөгенбай батырдың аласұрғандары осы еді [1,18].

Мұндай жойқын, сұрапыл шайқастарда елдің қырғынға ұшырайтынын, тіпті тарих бетінен жоғалып кету қаупін қатты ескертеді. Осы жерде Бұқар жыраудың Абылай мен Бөгенбайға қарсы ерегесі басталады. Осы жайында Бұқар жырау өз жырында бірінші Абылайды, одан кейін Бөгенбай батырдың өткен өмірлері, қайдан шыққандары жөнінде толғайды да,

Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген,
Жұртына жаулық сағынба, - деп өзінің ұзақ жырында соғыстың болу, иә, болмау тағдырын шешіп тұрған осы екі адамды қазбалай, жұрт алдында ақиланған ашумен, істен алғысыз ащы тілмен арбайды.

Бұқар жыраудың ел ісіне араласқанын тағы бір оқиғадан, қоқан-қазақ арасындағы жанжалдан көреміз. Ол былай болып еді: Тіршілік қашан да тіршілік. Сен молла болсаң да, сопы болсаң да, мейлі хан болсаң да ол айтқанына көндіреді, айдағанына жүргізеді. Абылай фәни тіршіліктің ісіне Ахмет Иассауи жарықтықтың мешітіне шыға сала араласып кетті. Әуелгі арызды жасаған Ұлы жүздің ханы, айтуларына қарағанда көретіні қорлық, Қоқанның тепкісі. Базарға сатылған мал ол

Репозиторий КарГУ

да пұлсыз, зекет есебінде кетіп жатқан дүние... Сонымен Абылай Арысқа келді.

Ұлы жүзден жиналды деген әскер Абылайға қанат бітірген жоқ, астындағы аты, қару-жарағы сайлы әскерді көрген жоқ, оның орнына сойыл - құрығын сүйретіп келген тұтқиыл жинаған шаруа адамдары. Әйтеуір осы әскермен Тәшкенді қайтарып, Қоқанды бағындырам деу қиын. Ондаған жылдар Жоңғарияның қол астында болған, жақсы жауынгер аты, айтулы қаруы болса, оған өзі билік ете алмаса не күтуге болады. Қоқан – оңай жау емес, сондықтан, Абылай Түркістан маңындағы Қоңыраттарға да жаушы жіберді: Батырлары әскерін бастап келсін, Тәшкен үшін болатын ұрысқа енсін. Қоңыраттар болса әне-міне деген сөз бұйдамен бұл іске асыққан жоқ. Абылай амалсыз осы әскермен Қоқан қарамағына қарай аттанды, бір жағынан осыдан аттай бес жыл бұрын Қоқанды бір үрейлендіргені бар еді. Соның қызуы кеткен жоқ па, әйтеуір соғысқа кірісіп кетті. Атағы алты алашқа белгілі Абылай келді деп сасқан жоқ, сарт, қыпшақ, қырғыздан жинаған қалың әскермен ереуілдеп алдынан шыға келді.

Бұқар жырау әскердің арасында еді, қазақтың жорықшыл жырауы ғой. Қанша жерден фәни тіршілігіне араласпайын дегенмен алыстан қиқу шықса қызып кететін көшпелі қазақтың табиғаты-ай. 1760-шы жылы осы екі елді соғыстан сақтап қалып еді. Абылай қайтсем де шабамын, Бөрінің кегін қайтарамын деп, қайта-қайта қылышын жанып тұрады. Ел ақсақалдары түгел жалынып, алдына жығылып, содан сұлтанның кешірімін ала алмай, бәрі жабылып Бұқарды араға салып еді. Сонда Бұқар бірінші Абылайды өз толғауымен (Абылай – ау, Абылай) тоқтатып,

Алатаудан асыңыз,
Ашуыңызды басыңыз.
Ашуыңызды бассаңыз,
Сексен түйеге тең артып,
Айбын аттай арқалап,
Алдыңызға келмей ме.
Ердене деген құлыңыз,
Ала шапан киінген –

деп, екі елді бейбіт жолға бастап жіберді. Ақыры бітім болып, шат-шадымен той-мерекемен аяқтаған.

Қытайлардың күшейіп, Жоңғарияның тарих саханасынан мәңгілік жоғалып кету жағдайында Абылай мен Бұқар оларға көмектесуде біраз тырысқан еді. Осылайша Жоңғария Қоңтәжісі деп сайлаған Әмірсана бірнеше рет қазақ жеріне қашып келіп, паналады. Қытаймен тағы бір

Репозиторий КарГУ

шайқаста Әмірсана қолы жеңіліп, ол тағы да қазақ жеріне келгені. Сонда Бұқарға қарап айтқаны:

- «Бұқар жырау аға, сізге «сұңқар мен шөже торғай» ертегісін айтайын ба?»-деді. Солай деді де толқып отырса керек, құптауды күтпей әңгімесін бастап кетті.

Бұқар жыраудың бұл әңгімеден жүрегі ауырып кетті. Қалмақтың тағдыры шөже торғайдан да ауыр, Қытайда сұңқар құрлы мәрттік жоқ қой. Қазақ қолынан не келер, азар болса осы жолы тағы да жауға бермей қолғаштар, бірақ онымен Әмірсана жанын сақтап қалмас. Бұқар жырау Әмірсанаға қарап, «мен саған бір ертегі айтып берейін. Ол да торғай туралы» – деді. «Торғай мен адам туралы», дұрысы «Ақылгөй торғай мен қария». Әмірсанаға қарап еді ол тұңжырыңқырап, төмен қарап қалыпты. Бұқар жырау осы әңгімені бекер бастадым-ай деді де, басқа жұрт түгел құлақ түріп отырған соң амалсыз баянға көшті. Ең соңында өзінің қорытынды ойын қысқаша қорытындылаған:

«Тіршілік бір ақ рет беріледі – деп жалғастырды әңгімесін Бұқар жырау, мүмкіндігің келсе өкінбестей өмір сүр, өз тағдырыңды тәуекелге салсаңда, өзгеге би болма. Пәлен жерде алтын деген сөзі, барсаң бақыр да жоқ. Көзіңе көрінбеген асылға қол созба, өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады. Басыңа біткен бақталасыңды саудаға салма, тәңірім бұйыртып тұрса мансап қолыңнан кетпейді, атақ басыңнан ұшып өтпейді. Бағың асқан шағында қырғи салсаң қаз ілер, бағың тайған шағында қаршыға салсаң аз ілер – деген жырау қазақтың ұзын сонар нақыл-сара сөзіне түсті».

1759 жылға қарай түркі тілдес ұлттар мен ұлыстар мекендеген Шығыс Түркістанды жаулап үлгірген Цин өкіметі, өздері «Синьцзян», яғни «жаңа шекара» деп атаған аймақтан ары қарай қанша жылжығысы келсе де бұл кезде біршама күшейіп, қуат алып алған қазақ иеліктері мен Орта Азия хандықтарының белсенді қарсылығына ұшырады да, соңғыларға қатысты, айналып келгенде «жоу юань», яғни «жұмсақтап бопсалау саясатын» ұстауға мәжбүр болды [35, 6]. Шынында да, бірді-екілі ірілі-уақты әскери қақтығыстарды есепке алмағанда, XVIII-ғ екінші жартысындағы қазақ-қытай қарым-қатынастары «екі мемлекет арасындағы әдеттегідей байланыстар» [36, 82]. Ендеше әдеттегідей дипломатиялық қарым-қатынастар шеңберінен шыққан жоқ-ты. Ал мұндай дипломатиялық өкілеттілік, жоғарыда айтып өткеніміздей, көп аса билер институтының өкілдеріне тиесілі болғандығы тіпті де кездейсоқ емес. Мәселен, 1755-1799 жж. аралығында қазақтар Қытайға жиырма алты елшілік аттандырған болса, оның тоғызына белгілі билер бас болған: Өміртай би, Досай би, Құттыбай би, Байтұрған би, Отаршы

Репозиторий КарГУ

би, Бұқар жыраудың баласы Жарылғап би, Қаратоқа би және т.б. [37, 141-196]. Қазақ елшіліктерін басқарған билерге әрқашан ілтипатпен қарап, қайта-қайта әрі молынан сый-сыйапат көрсетуіне қарағанда, Цин өкіметі билердің ел іші, халық арасындағы саяси-әлеуметтік үлес-салмағын жақсы түсінген ұқсайды. Мұның кезекті дәлелі сол, Қытай боғдыханы бұрынғы жоңғар иеліктерінен жер беремін деп хан тұқымы Абылаймен қатар қарадан шыққан Қазыбек биге де сөз салатыны бар. [23, 650]. Ал кейбір деректер, қытай императорының билер бастаған қазақ елшілерін бірде өзімен бірге аң аулауға шақырса, бірде жібек шапан жауып, тағы басқа сый-сыйапат жасап қайтарғанынан хабар береді. [37, 264.; 38, 136, 141-142].

Сонымен, Бұхар жыраудың өмірі мен творчествосы туралы ел арасында ауызша деректер біршама жеткілікті болғанымен әлі де зерттелмей, ашылмай жатқан тұстары көп. Сондықтан да біздер Бұхар жыраудың тікелей қалдырған мұраларын бірде өзінің, бірде екінші адамның атымен бізге жеткенін айтқымыз келеді. Біз сонымен бірге Бұхар жыраудың өмірі мен қызметіне байланысты деректердің қайдан алынғанын да көрсеттік. Дегенмен солардың барлығының да күмән тудыратын жерлері әлі де аз емес.

Сөзіміздің соңын еліміздің белгілі ғалым-тарихшысы, марқұм, тарих ғылымдарының докторы, академик Манаш Қозыбаев ағамыздың 2013 жылы шыққан «Бұқар жырау» энциклопедиясындағы «Даланың дархан данасы» атты мақаласындағы мына бір сөздерімен аяқтасақ дейміз: « -... Барша әлемдегі зиялы қауым ғасырлар бойы: «Тарихта жеке тұлғаның алар орны қандай?» деген сауалды қойып, сан саққа жүгіртіп, жауап іздеп келеді.

Шынында да, бұл фәни жалғанға кімдер келмейді, кімдер кетпейді? Өмірдің аз күнгі қонағы болған адамдардың көбі неше түрлі қаракет жасап, бұл өмірде не үшін өмір сүргенін білмейді. Енді біреулері маздап жана алмай, өмірдегі қармысын ала алмай, бықсып, ащы көк түтінге барша жанды қақалтып келеді. Тек қана бірде болса бірегейлері аққан құйрықты жұлдыздай аспан әлемін қақ жарып, «мен мұндамын» - деп жар салып өтеді. Мұндай жандар жаратылыс философияның сырын ұғып, өмір тұтқасына дер кезінде жармасады, озбырлармен арбасады, тарихпен сырласады, өз халқымен мұңдасады. Тек қана осылай олар өз есімін мәңгілік кітабына қаттады, болашақ ұрпаққа үлгілі ісін, даналық сөзін, ғибратты өсиетін жаттатады. Тарихи тұлға болуға ғашық пысық жандар ел ордасының шаңырағын күйретеді, өз халқын өлексе қылып, көрінгенге сүйретеді. Тарих сілкімесіне түскен сілемтік Горбачевтар тірісінде өледі, кейбірі Нерондай кейінгі ұрпаққа мәңгі сенеді. Егер

Репозиторий КарГУ

тарихта Аристотель мен Әл-Фараби, Македонский мен Шыңғыс хан, Әз-Жәнібек мен Мұстафа Кемал Ата түрік, Абылай мен Петр I, Әз-Тәуке хан мен Қалдан Серен, Қаныш пен Ломоносов, Абай мен Пушкин, Шоқан мен Лермонтов, Мағжан мен Гете, Мұхтар мен Шекспир сияқты тұлғалар болмаса бұл жалған тарихта не сән, не мән болар еді?! Егер әлем тарихында алып Гомерді, дала данасы Бұқарды өмір сүрмеді деп бір сәт ойлай қалсақ, өмір дариясы кемерінен түсіп, Хан Тәңірі бір құлаш төккендей болар еді-ау!».



Репозиторий КарГУ

Түйін

Қазақ халқының тарихында XV-XVIII ғасыр жыраулар поэзиясының дамыған, өркендеген кезеңі болып табылады. Бұған бірден-бір себеп болған тарихи құбылыс қазақ-жоңғар шапқыншылығы. Өйткені, XVI-XVIII ғасырлардағы осындай алапат дауылға төтеп бере алатын халық батырларын тәрбиелеп шығару міндеті көпшіліктің алдында тұрды. Ал, орынды да дәлелді, өткір айтылған сөзге тоқтап, тіл шеберлігін ерекше құрмет тұтқан, поэзияны сөз патшасы деп білген қазақ елі мұндай маңызды істі жүзеге асыру үшін міндеттемені жыраулarға жүктеді. Ақиқатында, мақамға салып айтылу барысында он бір буынды қара өлеңнен тұратын шумақтарға қарағанда, жеті, сегіз буынды жыр жолдары, өзінің тежеусіз, екпінмен, желдірте айтылатын ерекшелігіне орай тыңдаушыны жігерлендіріп, қайраткерлік сезімін оятады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда сонау Асан қайғы, Қазтуғандардың кезінен, Базар жырауға дейінгі аралықта өмір сүрген өнерпаздардың басым бөлігі шығармаларын жыр үлгісінде өмірге әкеліп, жыраулар мектебін қалыптастырды. Солардың бел ортасында, жыраулар поэзиясының биік шыңы ретінде көрінетін ұлы тұлға – Бұқар жырау Қалқаманұлы.

Бұқар жыраудың бізге жеткен мұраларында сол замандағы дәуір келбеті, халықтың тыныс-тіршілігі, тарихи мәні бар оқиғалар жан-жақты бейнеленген. Әсіресе, көрнекті тұлға Абылайханның жастық шағынан бастап, өмірінің соңғы сәтіне дейінгі кезі айқын суреттелген. Мұндай маңызды мәліметтер бүгінгі таңдағы әдеби, тарихи зерттеушілер мен ізденушілер үшін аса құнды дүние болып табылары хақ.

Жырау туралы зерттеу еңбектердің айтарлықтай деңгейде жарық көргендігі ақиқат. Десек те, осымен шектеліп қалуға болмайды. Әлі де болса зеттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қолжазбалар қорында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек кездесетін қолжазбалар қорында, ел ішінде тың туындылары (әлі жарық көрмеген) болуы әбден мүмкін. Біз іздеу барысында кең көлемде жарыққа шыға қоймаған біршама шығармаларын аталған қорлардан таптық. Және оларды осы жинаққа енгізуді өзімізге міндет санадық. Жырау толғаулары жазылған кейбір қолжазбаларды жазып алу көмескіленіп, өшіріле бастағандықтан мүмкін болмады.

Репозиторий КарГУ

Түйіндей келе айтарымыз, Бұқар жырау Қалқаманұлының сіздерге ұсынылып отырған бұл кітабы, тек қана зерттеушілерге емес, жалпы ұлттық руханиятты қастерлей білетін қалың көпшілікке арналған.

Әбдуов Мұхаммадғали Ілиясұлы,
филология ғылымдарының докторы,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың профессоры



Репозиторий КарГУ

Пайдаланылған әдебиеттер (V тарау):

1. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары.Алматы, 1931, 83 б.
2. Ысмайылов Е. Ақындар, Алматы,1966.
3. Сүйіншәлиев Х. YIII-XYIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Мектеп, 1989. -217 б.
4. Мағауин М. Ғасыр бедері
5. Әшімханова С. XIX ғасырдағы Батыс Еуропа әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 198 б.
6. Нұрғалиев Р. Күретамыр. Қазақ драматургиясының поэтикасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 236 б.
7. Құрметұлы А. Бұқар жырау тағылымы. - http://www.namys.kz
8. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т.Адамға қарай бет бұрсақ. - Алматы: Қазақ унив-ті, 1992. - 160 б.
9. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. Әдеби-сын зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1969. - 444 б.
10. Қабдолов З. Көзқарас. - Алматы: Рауан, 1996. -256 б.
11. Шетел жазушыларының ой-таразысынан. Габриель Гарсиа Маркес. //Сөзстан: Әдеби мақалалар. 3-кітап. - Алматы: Жалын, 1981. - Б. 176-183.
12. Барбосынова К.Т., Кадирова А.Б. Қазіргі қазақ лирикасындағы жыраулық дәстүр. КАСУ Хабаршы №2. – 2006.
13. Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993.-96 б.
14. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1967. – 434 б.
15. Қабдолов Зейнолла. Екі томдық таңдамалы шығармалар. - Т.2. Сөз өнері: Монография. – Алматы: Жазушы, – 1983. – 456 б.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер (VI тарау):

1. Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау және оның заманы. – Алматы: Республикалық «Мұрагер» қоғамы, «Ғылым» баспасы, 1992. 48 бет.
2. Левшин А. И. Қырғыз-қайсақ ордасы мен даласының сипаттамасы. //Ақмола, 1993, -№3, 55-64-беттер.
3. Бес ғасыр жырлайды. –Алматы: Қазақстан, 1984, 1985 жж.
4. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, «Санат», 1996. 656 стр.
5. Қозыбаев М. Жауға шаптым ту байлап. -Алматы: Қазақстан, 1994.- 192 б.

Репозиторий КарГУ

6. Елешова З.Е. XV-XVII ғғ. қазақ тарихы (фольклорлық нұсқасы): монография. -Астана: «Тұран-Астана», 2007.-145 б.

7. Каренов Р. Бұқар жыраудың тегі мен өмір сүрген жылдарына қатысты мәліметтер. // Алаш тарихи-этнологиялық ғылыми журналы. - №6 (27), 2009.

8. Негимов С. Бұқар жырау және оның заманы // Бұқар жырау. Энциклопедия. -Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013.-600 б.

9. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. - Алматы: Санат, 1997.-341-б.

10. Әлемдік саясаттану антологиясы. 10 томдық. «Мәдени мұра» бағдарламасы. -Алматы: -ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2008. –Т.9.400 б.

11. Мұқанов С. Қазақтың дара ақыны. //Бұқар жырау. Энциклопедия. - Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013.-600 б.

12. Жармұхамедұлы М. Алты Алаштың ақылманы// Бұқар жырау. Энциклопедия.-Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013.-600 б.

13. Қабирахманова А. Алты Алаштың ақылшысы-Бұқар баба // Сарыарқа. 20 тамыз. 2008 ж.

14. Алпысбес М. Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман ерлігімен аты шыққан батыр болған. // Аңыз адам №21 (81) 2013 ж.

15. Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих. - Қарағанды, 1994. – 333 б.

16. Серікбай Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан басқа Бұқар жырау туындыларын түгендеп жинаған адам кемде-кем // Аңыз адам №21 (81) 2013 ж.

17. Халид Қ. Тауарих хамса. Алматы, 1993.-304 б.

18. Мағауин М. «Ғасырлар бедері» Алматы, «Жазушы» 1991 ж. - 431 б.

19. Сейдімбеков А. Алыстан келген асыл мұра. // Ана тілі. 1990, 12 шілде.

20. Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991. 221-222-бб.

21. Кекілбаев Ә. «Үркер». -Алматы: Жазушы, 1981. -582 б.

22. ООММ – Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты I, 366-қорларының құжаттары 1 қор, 1-тізбе, 10-іс, 521-бет.

23. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. –Алматы: Мектеп, 1961, - с. 13, 24, 115, 147, 215, 231, 324-беттер.

24. Қожаберген жырау. Елім-ай.// Үш пайғамбар. Алматы: Білім, 1992, 155-183-беттер.

25. Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, орд и степей. -Спб, 1832, -3, 4, 50, 71, 152, 183, 264 - беттер.

Репозиторий КарГУ

26. Семенюк Г. И. Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVII-XIX вв. // вопросы военной истории России. XVIII и первая половина XIX века. – М: Наука, 1989, -С. 76-283.
27. Златкин Н. Я. История Джунгарского ханства. – М: Наука, 1983, -С. 21-42, 129-193, 139-156.
28. Құдайбердіұлы Ш. Родословная тюрков, киргизов и казахов и ханской династии. –Алматы: Казахстан, 1930, с. 50-51, 117-беттер.
29. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи. XVII-XVIII вв. А., 1991; Сонькі. Россия и Джунгарское ханство в XVIII в. – Барнаул, 1998.
30. Қозыбаев М. Актуальные проблемы изучения отечественной истории // Отечественная история, 1998, №3.
31. Конрад Н.И. Избранные труды. – М., 1974, -С. 182.
32. Есенберлин І. Көшпенділер. –Алматы, 1976. 2 т.
33. Якоби И. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. (1771-1867 годы). -Алма-Ата. Наука. 1964, -С. 106.
34. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. –Алматы: «Атамұра», 2002. -768 бет.
35. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV–XIX вв. - Алматы, 1995. 6-бет.
36. Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века. (О внешней и внутренней политике Аблая). - Алма-Ата, 1998.
37. Артықбаев Ж. Қазақ этнографиясы: этнос және қоғам. XVIII ғ. - Қарағанды, 1995.
38. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII-первая треть XIXв. -Алма-Ата, 1989. Часть I. 136, 141-142-бб.

Репозиторий КарГУ

Мазмұны

Құрметті оқырман **3**
Абыз жырау — аңыз жырау мұрасы **8**
Бірінші бөлім. Бірінші тілек тілеңіз **13**
Екінші бөлім. Ойхой дүние ойлансам **81**
Үшінші бөлім. Ғалымдар жырау хақында **119**
Төртінші бөлім. Тереңдер тереңге тереңдер **185**
Бесінші бөлім. Көркемдік келбеті **223**
Алтыншы бөлім. Тарихтан таным **247**
Түйін **302**
Пайдаланылған әдебиеттер (IV-V бөлім) **304**
Пайдаланған деректер мен әдебиеттер (VI бөлім) **304**

Репозиторий КарГУ

Ғылыми басылым

ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Ғылыми жинақ

Авторлардың түпнұсқадан басылды

Басуға 15.06.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 70×100 1/16. Қағазы офсеттік.
Көлемі 25,6 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 63.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының баспаханасында басылып шықты
100012, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38. Тел. (7212) 51-38-20

Репозиторий КарГУ